

Е.Б.Саурықов, А.Т.Кембаева

ШЕРХАНТАНУ

Оқу құралы



САУРЫҚОВ Ерболат Байұзақұлы
КЕМБАЕВА Айнұр Тұрарқызы

ШЕРХАНТАНУ

Оқу құралы

Тараз – 2018
ТИГУ баспасы

ӘОЖ 821.512
КБЖ 83.3
С31

**ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
«ШЕРХАНТАНУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ**

*Баспаға Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті Ғылыми кеңесі
шешімімен ұсынылған (24 мамыр, 2018 жыл, № 10 хаттама)*

Пікір жазғандар: М.Дуллати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы М.Көпбаева;
Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Р.Елубаева.

**Саурықов Е.Б., Кембаева А.Т.
С31 Шерхантану. Оқу құралы. Тараз: ТИГУ баспасы, 2018 – 245 б.**

Оқу құралында Халық жазушысы, қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ш.Мұртазаның өмірі мен шығармашылығы, сан қырлы өнер иесі ретіндегі қайраткерлік болмысы зерттеліп, жинақталып беріледі. Жазушының шығармашылық ізденістері желісіндегі әдебиеттің даму ерекшелігі, қаламгердің шығармашылығындағы ізденістерді саралау арқылы оның табиғатын талдап-танудың жолдары көрсетіледі.

Курста жазушының өмір жолы мен азаматтық қалыптасуы, қоғам қайраткері ретіндегі ұлтқа қызмет жасауы, шығармашылығы, оның әр алуан салалары мен көркемдік ізденістері жан-жақты қарастырылады. Осыған орай, пәнді жүргізу мақсатында арнайы оқу құралы даярланып, ұсынылып отыр.

Ұсынылып отырған оқу құралы жоғары оқу орындары, колледж студенттері мен магистранттарға, ғылыми ізденістегі жас оқытушыларға арналған.

ISBN 978-601-7329-55-01

© Саурықов Е.Б., Кембаева А.Т.
© ТИГУ, 2018

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, Қазақстан Республикасының Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлығының иегері, қоғам қайраткері - Шерхан Мұртаза. Ғибратты ғұмыр кешіп, толағай туындыларды өмірге әкелген, қарабайыр халықтың мұңы мен мұқтажына жауап бере білген, қасқайып тұрып шындықты айтқан, «қазақ орманының жолбарысы» атанған Шерхан Мұртазаның қазақ әдебиетіндегі орны айырықша. Расында да, «Жолбарысы бар орманды өрт шалмайды» деп қазақ бекерден бекер айтпаса керек. Қаламгер туындыларының өзінде қазақ халқының ұлттық болмысы, дара тұлғасы, рухани дүниесі айнытпай беріліп отырады. Оның әсіресе әйгілі мемлекет және қоғам қайраткері, біртуар тұлға Тұрар Рысқұловқа арналған эпопеясы - тарихи көркем шығармасы қазақ әдебиетінің үлкен табыстарының қатарына жатады. Жазушының бүгінгі күн тақырыбына арналған хикаяттары мен әңгімелері де өзіндік дүниетаным ерекшелігімен, бүгінгі замандастар бейнесін шынайы да көркем суреттеуімен, қаламгерлік өзіндік қолтаңбасымен айшықталады. Ш. Мұртазаның драматургиясы мен публицистикасы да өз алдына үлкен сала. Тарихи тақырыпқа арналып, сталиндік кезеңнің қасіретті шындығын үлкен тартыс арнасында бейнелеген драмалық шығармалары кезінде республика театрларында кеңінен қойылып, өткен заман шындығын бүгінгі ұрпақтың тануында, қайта таразылауында үлкен серпіліс әкелді. Оның публицистикалық шығармалары қазіргі кезеңнің шындығын ұлттық мүдде тұрғысынан өткір қозғауымен, батылдығымен, халық көңіліндегі алаңдаушылықты айқын жеткізуімен сипатталады. Тәуелсіздік кезеңнің алғашқы жылдарында жазушы қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Мәжіліс депутаты ретінде Тәуелсіздіктің тұғырын нығайтуда үлкен еңбек сіңірді.

Жазушы-драматург, публицист, қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза Жамбыл облысы, Жуалы ауданының перзенті, туған жер мақтанышы. Жазушы шығармашылығын зерттеу, насихаттау мақсатында 2009 жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті жанынан «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы құрылды. Орталықтың басты міндеттерінің бірі жазушы шығармашылығын студент-жастардың, магистранттардың оқуы

мен зерттеуіне, көркемдік-эстетикалық тұрғыдан танып-бағалауына ықпал жасау болып табылады.

«Өзіңнің көзіңнің тірісінде жинастырып, басын біріктіріп қоймасаң, кейін кім оны мұрағаттан іздеп жүрер дейсің. Не десе де еңбек қой. Кейінгілер: «осындай да заман өткен екен ғой» деп кітаптың бетін парақтаса болғаны», - деген екен Ш.Мұртаза «Ақындар мен әкімдер» атты 2002 жылы «Елорда» баспасынан шыққан кітабының алғы сөзінде.

«Мұрағаттан кім іздеп жүрер дейсің?» деген Ш.Мұртазаның дүниелерін «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері үлкен ыждаһаттылықпен тиянақтап, саралап, жинақтап, жарыққа шығарып жатқандығын, әлі де том-том дүниелердің шығуы алдағы күннің еншісінде екендігін атап өткіміз келеді.

Көрсетілген міндеттерді жүзеге асырудың бір жолы ретінде «Шерхантану» курсы ұйымдастырылып отыр. Ұсынылып отырған курста жазушының өмір жолы мен азаматтық қалыптасуы, қоғам қайраткері ретіндегі ұлтқа қызмет жасауы, шығармашылығы, оның әр алуан салалары мен көркемдік ізденістері жан-жақты қарастырылып оқытылады. Осыған орай, пәнді жүргізу мақсатында арнайы оқулық даярланып, ұсынылып отыр.

ШЕРХАН МҰРТАЗА – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ

Қазақ әдебиетінің өзіндік даму тарихы бар. Сонау ауыз әдебиетінен нәр алып сусындаған әдебиетіміз уақыт өткен сайын өзіндік жаңалықтарымен, ізденістерімен дараланып тұратын қаламгерлер шығармаларымен толығып отырды. Соның нәтижесінде әр кезеңдегі қазақ қаламгерлері қалыптасқан дәстүрлі арнаны жаңашылдық сипатта жан-жақты дамыта отырып, қазақ әдебиетіне мол жаңалық әкелді. Қазақ әдебиетінің төріне жаңа кейіпкерлер келді, олардың мінез-құлқы күрделенді, әр түрлі жанрда жазылған жаңа мазмұнды шығармалар қатары кеңейді. Кейіпкер бейнесін сомдауда, өмір шындығын көркем өрнектеуде соны көркем бейнелеу құралдары жасалды. Яғни әдебиеттегі дәстүрлі арна жаңа сипат алды.

Әдебиеттегі жаңашылдық – әрқашан асқан шеберлік пен зор таланттың нәтижесі, ол әдебиет пен өнердің өрісін кеңейте түседі. Тұрмыстың, қоғамдық тіршіліктің өзгеруіне, адамның өмір танудағы жаңа ұғым-түсініктеріне байланысты әдебиетте мазмұн мен түр жағынан жаңашыл шығармалар туады. Бұл тұрғыда кейбір дәстүрлік әдіс-тәсілдер сақталумен қатар жаңаша суреттеу, бейнелеу, сөз қолдану амалдары пайда болады. Әсіресе жаңа өзгерістер мен құбылыстарды аңғаратын соны бейнелеу құралдары жасалады. Бұл – әдебиеттегі жаңашылдықтың белгісі. Дәстүр мен жаңашылдық тек түрді, сыртқы өзгерістерді білдірумен қатар, ішкі мазмұнды бірдей қамтып, шығарманың идеялық-көркемдік немесе ұлттық сипатын жаңа сатыда елестетеді. Енген жаңалық әдебиетке сіңіп, дәстүрге айналып кетуі мүмкін. «Көркем творчество үнемі қозғалыс, даму үстіндегі күрделі әрі жанды процесс. Бұл процесте әр шынайы жаңашылдық өзінің сонылық қасиетін берік сақтай отырып, кейінгі дамуға да үлкен ықпалын тигізеді. Бұл ретте белгілі творчестволық озық жетістіктердің жаңашылдық өмірі мен дәстүрлік қызметі қатар басталады деуге болады. Нағыз дәстүрлік сипат алған көркемдік құбылыс әдеби дамуда бүтіндей жаңа серпіліс, жаңа белес дайындайды».

XX ғасыр әлем әдебиеті адамның ішкі субъективтік әлеміне терең үңіле отырып, өмірді жаңа қырынан таныды. Әлем әдебиетінде туындап жатқан жаңаша көзқарастардың әсері қазақ прозасына да өз ықпалын тигізіп, қазақ көркем сөз өнері өсіп, дами

түсті. «Әдебиет – өмір айнасы ғана емес, өз тарапынан жаңа әлемнің жасаушысы да». Әдебиеттегі осындай ерекшеліктердің бірі лирикалық прозаның дамуына қатысты болды. Кез келген нәрсенің жоқтан пайда болмайтындығы сияқты бұл құбылыс та әдебиетімізге өзіне дейінгі дәстүрді жалғастыра отырып келді.

Ш.Мұртаза - қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар дара тұлға. Жазушылық пен журналистік тізгінді қатар алып келе жатқан тұлғаларды жан-жақты зерттеп, қаламынан туған дүниелерді жанрларға бөліп талдау, оның ішіндегі очеркистік қырын арнайы саралау үлкен парыз. Шерхан Мұртазаның шығармашылық пен қайраткерлік жолы қазақ журналистикасы арқылы қалыптасып, сол арқылы оқырманға танылған. Қырық жылдан астам уақыт қаламын қолынан түсірмеген майталман жазушы ел өмірі, ұлт тағдыры, тұрмыс-тіршілігі, жақсысы мен жасығы туралы кестелі ойларын ортаға салып, қазақ әдебиетіндегі публицистика жанрының қанат жаюына сүбелі үлес қосқан бірегейлердің бірі.

Адам өзінің туған, жаратылған топырағына тартып туады, содан нәр алып өседі. Шерхан Мұртаза дүниеге келген Жуалы өңірі, Мыңбұлақ мекені өзінің тамылжыған табиғатымен қатар, ұлтының мақтанышына айналған көптеген жайсаң азаматтарды дүниеге әкелген. Арғы замандар перзенттерін айтпағанда, кешегі өткен Бауыржан Момышұлын айтса та жетерлік. Қаршадай кезінен бастап ел басына түскен қиындықтарды солармен бірге көріп өскен Шерхан Мұртаза сол халқының бар жақсы қасиеттерін пір тұтты. Заман қанша қытымыр болса да ол кезде халықтық асыл қасиеттер қалыбын әлі бұзбаған болатын. Ал, мұндай рухани қуат болашақ жазушы үшін өмірлік нәр беріп отыратын қайнар бұлақ болған. Киелі жердің ұрпағы саналатын Шерхан Мұртаза нешеме еңбектерден соң халқының сеніміне ие болып, жоқтаушысына, үмітіне, айбарына айналған ірі тұлға.

Шерхан Мұртазаұлы 1932 жылғы 28 қыркүйекте Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Талапты ауылында дүниеге келіп, 2008 жылдың 9 қазанында дүниеден өтті.

Таратып айтатын болсақ, Тараздан ары қарай Бурный деген ауыл бар, одан әрідегі Мыңбұлақ деген ауылда дүниеге келген. Тянь-Шань тауының аты қытайшадан аударғанда «Небесные горы», яғни «Тәңіртау» деген мағынаны білдіреді. Оны Талас Алатауы деп те атайды екен. Белгілі батыр Б.Момышұлының да туған жері – Мыңбұлақ. Ал аудан орталығы Бурный деп аталған,

Боранды, қазіргі кезде ол Бауыржан Момышұлы ауылы деп аталады.

Шерханның шыққан руы турасында айтатын болсақ, Дулат. Дулаттың төрт баласы бар. Ең үлкені – Сиқым, одан соң Жаныс, Ботбай, Шымыр. Солардың ең кенжесі – Шымыр екен. Атақты Бауыржан батыр да, Т.Рысқұлов та, Шерхан Мұртаза да – Шымырлар. Оның ішінде – Шілмембет.

Өзінің отбасы турасында Ш.Мұртазаның естеліктерінде былай делінеді: «Орта шаруа отбасында дүниеге келдім. Орта шаруа деп отырғаным, артық малдың барлығын алып қойған кезі. Әйтпесе әкем Мұртаза бұрын Бердімбет байдың баласы болған. Бірақ әкесі ертерек қайтыс болып кетіпті. Ол кісінің бәйбішесі – Күнікей – Төле би елінің қызы екен. Сол кісі күйеуі қайтыс болғаннан кейін бүкіл шаруаны өз қолына алып, бай бәйбіше атанған. Елдің көбісі сол кісінің малын бағып, басқа да жұмысын істеп, қызметінде болған. Ол кезде қалыңмал төлей алмағандықтан, сүрбойдақ болып қалатын жігіттер көп болатын. Қазақта «Шаңырақ болмас, шарана да болмайды» деген сөз бар. Күнікей әжем үйі жоққа үй салып беріп, үйленбегендерді үйлендіріп, елді шашыратып жібермей, жетім-жесірді асырап жеткізіп, көп адамның сауабын алған дейді». Демек, «ата-ененің топырағынан» дегендей, Айша ананың да қайсарлығы мен өжеттігі осы Күнікей әженің киесі болар.

Ш.Мұртазаның әкесі қатардағы колхозшы болған. Алайда малының бәрін сыпырып алса да, «байдың баласы» деген аты қалып қоя берген. Осыған орай 1937 жылы желтоқсан айында «халық жауы» деген айып тағылып, ұсталып кете барады.

Әкесінің айдауға кеткендігі турасында Ш.Мұртазаның естелігі мынадай: «Әкемді қыстыгүні, қақаған аязда алып кетті. Мен ол кезде бес жасар баламын. Төсекте әкемнің қасында жатамын. Менен кіші қарындасым және бір жасар кіші інім шешемнің қасында жататын. Түн ішінде терезені, есікті қағып бір кісілер келді. Барлығымыз оянып кеттік. Балалардың ішінде – ес білетіні менмін. Біздің үй сол елдегі тәп-тәуір үйдің бірі болатын. Бір қызыл әскер, қасында куәгер ретінде бастықтың баласы бар. Оны «понятой» дейтін. Әкем күндегі киіп жүрген етігін, тонын киді. Келгендер үйдің ішін тінтіді. Сайдың жағасында әдемі мешіт бар еді, біздің аталарымыз салдырған, оны қиратып тастапты. Сол мешітте байғыз шақырып отыратын. Мешіт қирағанымен, әкемнің үйде намаз оқитын гүлді жайнамазы болатын. Жайнамазы

қабырғада ілулі тұратын. Біреуі мылтығының ұшымен іліп алып, шылғау жасауға жақсы екен деді. Екеуі мылтықпен үйдің ішінде, үшіншісі қашып кетпесін деп сыртта аңдып тұрды...» Сол әкесі кеткен күннен бастап Ш.Мұртаза жетімдіктің ащы дәмін сезініп, өмірдің тауқыметтерін көреді. Әкесі Мұртазаның 1940 жылы қайтыс болғандығы туралы хат келіп, себебі жазылады. Қиыр Шығыста Хабаровский крайда Зее деген өзеннің бойында, орманның ішінде намаз оқып отырған жерінде үстіне ағаш құлап өлген делінген ол хатта. Ол ағаштың расында құлағанын, немесе біреулердің әдейі құлатқандығы осы күнге дейін жұмбақ болып қала береді.

Негізінен әкесі Мұртаза екі әйел алған екен. Алғашқы әйелі Байзақ датқаның тұқымынан болған. Алайда, туа алмай дүниеден озып кеткен екен.

«Халық жауының баласы» деген аты бар Ш.Мұртазаның мектепке қабылдануы да үлкен қиындықтармен келеді. 1941 жылы ауылындағы бір комсомол көсемі болған бір ағасының арқасында ғана мектеп табалдырығын аттайды.

Бесінші сыныпты бітірген Ш.Мұртаза нағашылары тұратын Жамбылға көшеді. Оған екі түрлі себеп болады. Бірі – көмектесетін тірі жан болмады. Заманның нағыз тоқырап, аштықтың белең алған кезі. Екіншіден, «халық жауының баласы» деген атақ жабысып, ол жерде тұру мүмкін болмай қалды. Анау да, мынау да түрткілейтін жағдайға душар болды. Айша ананың нағашысы Сәли деген кісі Алшын руынан шыққан. Сол есек арбамен көшіріп Жамбыл қаласына тұрақтандырады. Сол Жамбылдағы интернатқа орналасқан Шерханның тәп-тәуір көзі ашылып, нағыз білім нәрімен сусындай бастайды.

Болашақ жазушы 1955 жылы Мәскеудегі М.В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетін бітірген. Жоғары оқу орынын тәмамдаған соң оның қызмет жолы басталып кетеді. 1955-1956 жылы Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында, 1956-1960 жылы «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), 1960-1963 жылы «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінде тілші, әдеби қызметкер, редактор, 1970-1972 жылы «Жазушы» баспасы жанындағы Балалар мен жастар әдебиеті бас редакциясының және «Жалын» альманахының бас редакторы, 1972-1975 жылы «Жұлдыз» журналының бас редакторы, 1975-1980 жылы Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының II хатшысы,

1980-1989 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, 1989 жылдан - «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің редакторы, «Қазақстан» мемлекеттік телерадиокомпаниясының төрағасы. 1990 жылдан - Ұлттық саясат, мәдениет және тілді дамыту жөніндегі комитет мүшесі. 1994 жылдан - Мәдениет, баспа, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық бірлестіктер жөніндегі комитет мүшесі, Мәдениет, баспа, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық бірлестіктер жөніндегі комитеттің мәдениет, әдебиет және өнер бөлімдік комитетінің төрағасы. 1990-1993 ҚазКСР Халық депутаты. 1994-1995 жылдары ҚР Жоғарғы Кеңесінің, 1999-2004 жылдары ҚР Парламенті Мәжілісінің 2-ші шақырылым депутаты. 1992—1994 жылы «Қазақстан» мемлекеттік телерадио компаниясының төрағасы қызметтерін атқарды. 12, 13-шақырылған ҚР Жоғарғы Кеңесінің, 2-шақырылған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болды. Сондай-ақ ол ҚР Президенті жанындағы Ұлттық кеңестің мүшесі. 1995 жылдан - шығармашылық жұмыспен айналысты. 1996 жылдан - «Егемен Қазақстан» газетінің қызметкері болған.

«Құрмет белгісі», «Отан» ордендерімен марапатталған (1999). «Қара маржан» романы үшін ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының (1978); Қазақстандық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы, Жалпыодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы, «Тарлан» тәуелсіз сыйлықтарының лауреаты (2000). ҚазКСР мәдениетіне Еңбек сіңірген қызметкері. Қазақстанның Халық жазушысы (1992). Қырғыз Республикасының Халық ақыны. Өзінің жазушылық шеберлігі мен отансүйгіштік қасиеттерінің нәтижесінде халқының қалаулысына айналған дара тұлға.

Хоббиі - төс белгілер және асықтар жинау.

Тұңғыш кітабы — «Құрылысшы Дәку» очерктер жинағы 1958 жылы жарық көрді. Қазіргі замандас бейнесі, соғыс жылдарындағы тылдағы адамдардың қажырлы еңбегін баяндаған «Табылған теңіз» (1963), «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965), «Белгісіз солдаттың баласы» (1967), «Мылтықсыз майдан» (1969), «41-жылғы келіншек» (1972), «Ахметжанның анты» (1973), т.б. повестер мен «Интернат наны» (1974) атты әңгімелер жинақтары жарияланды. Өндірістің дамуы жөнінде, адам мен қоршаған ортаға қамқорлық туралы маңызды мәселелер көтерген, ғылыми-техникалық төңкеріс жайын сипаттаған «Қара маржан» (1976; ҚР Мемлекет сыйлығы, 1978) романы, мемлекет қайраткері Т.Рысқұловтың өміріне арналған («Қызыл жебе», 1, 2-кітабы. 1980; «Жұлдыз көпір», 3

кітабы, 1984) роман-трилогиясы басылды. Драматургия саласында жазушының «Қызыл жебе» (1987, Қ.Ысқақовпен бірге), «Сталинге хат» (1988), сондай-ақ «Бесеудің хаты» (1989) атты пьесалары қойылды. «41-ші жылғы келіншек», «Интернат наны», «Жүрек қартаймайды» әңгімелер жинақтарының; «Қара алқа», «Қызыл садақ» романдарының; «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Бесінші бұрыш» пьесаларының авторы.

Жалпы Шераға болмысын біліп-тану оңай емес. Ол болмысы биік тұлғалардың санатынан. Жалпы, тұлғаға айналу дегеніміз не және ол кім? Қазіргі қоғамымызда осы бір «тұлға» деген сөзді барынша байыптап, байсалды қорытынды жасап, елеп-екшеп қолданған дұрыс сияқты. Бұл сөздің өте салмақты, екінің біріне қолданыла бермейтін қасиеті бар. Ал кейбір сөз қадіріне жете бермейтін «танушылар» көбейіп, әдебиет пен тарихтың өзі тұрмақ иісі мұрнына бармайтын, қоғамы үшін, елі үшін қасқайып бірде бір ақиқат айтпақ түгілі сөзін жеткізе алмаған, басшылықты өзінің ой-санасымен иіріп әкете алмаған, халық оны қайсар ұл ретінде мойындамаған адамдарды «тұлға» деп, оларды танытуға барынша жан салып, қарекет қылып отырғандығы қынжылтады.

Қазақ халқында тарихта есімі алтын әріптермен жазылып қалып жатқан тұлғаларды жарық жұлдызға теңейтіндігі белгілі. Бұл жарық жұлдыздар күндіз әлемге нұрын шашатын болса, қараңғы түнде бағдаршам тәрізді адасқанға жол көрсетіп, жөн сілтейді. Осы жақсылардың арқасында қоғам мен өмір нұрланып, дүние көріктене түседі. Мұндай ұлық туған тұлғалардың жеткен жетістіктерінің арқасында халықтың да беделі үстем болып, өсіп-өркендейді. Халқының қолын жақсылықтарға жеткізіп, туған еліне шынайы қызмет жасап, мемлекетіміздің идеологиясының қалыптасуына елеулі үлес қосқан жарық жұлдыз – жанынан жалынын аямай жұмсаған азаматтардың бірі – Шерхан Мұртаза. Тәуелсіз Қазақстан жұртшылығы үшін үлкен ұғымға айналған, елінің сүйіспеншілігіне бөленген айбарлы есім.

Орыс халқының ұлы жазушысы М.Горький айтқандай: «Жазушылық – өзгеше өмірбаяннан басталады». Шыр етіп жарық дүние есігін ашқан сәттен-ақ Ш.Мұртазаның сол өзгеше өмірбаяны басталған еді. Әкесінен ерте айырылған ол жетімдіктің тауқыметін көре бастады. «Жетімдік - жұрттың қабағын оқитын ілім» деген бар. Ылғи да жетімдігін, әкесіздігін айтып, «менде балалық шақ болған жоқ», - деп шағына беретін Шерханның жетімдігі -

жауаңкөз жетімдік емес. Оның жетімдігі - өз аты күстаналанған әкеге деген сартап сағыныш, бір өзі бірнеше ер азаматтың батпан-батпан міндетін көтеріп алған талайсыз шешеге аяныш, таршылықтың тырнағында шырылдап кете барған балалыққа жоқтау, аласапыран дәуірдің астында аяусыз жаншылған аяулы тағдырларға нала. Қаршадай жасынан ел басына түскен қиындықтарды көріп, сезініп өскен Ш.Мұртаза халқының бар игі қасиеттерін – салт-дәстүрін, сенім-нанымын бойына сіңіріп, ділін ұғынып, тілін қасиет тұтты.

Қолына қалам ұстап, аумалы-төкпелі замандағы ел тағдырын, азамат жайын қалың-қалың кітап етіп жазған, сонда да шаршамаған, қайта ұлт, қайсар тұлға алдындағы перзенттік парызы жігерлендіріп, талай «сарсаңға» қасқайып төтеп берген де - Ш.Мұртаза.

Жалпы, Ш.Мұртазаның болмысында сан түрлі қасиеттер бар. Сонымен қатар, ол әдебиеттің бірнеше жанрында еңбек етіп, қалам тартты.

Ең әуелі Шерхан – заңғар жазушы. Жігерін жоқшылық жаныған, таршылыққа қайралып жетілген Шерхан тумасынан күйреуік жан емес-ті. Жазушының қолтаңбасы - мінезінен. Ол жазуға келгенде де тастай берік, шектен шыққан реалист. Жүректерді қозғау үшін күйреуік, жылауық сезімдерге бой алдырмақ болды ма - сәтсіздікке ұрынады. Онда қайғылы сәттер мен әсерлі эпизодтарды берудің өзіндік тәсілі, мінезі бар. Өзі сомдаған Рысқұл сияқты ар жағын көріп, біліп тұрса да, соны сыртқа шығаруға, шексіз махаббатын, көл-көсір сезімін сөзге салуға соншалық сараң. Авторлық баяндаулары тас-түйін тұратын Шерханның кейіпкерлері кейде тым елти сөйлеп кетіп жатады. Кейіпкерінің жан-дүниесіндегі толқынысты автор ретінде өзі айтпайды, өздеріне айтқызады. Кейде өз ойын кейіпкерлеріне зорлап айтқызғандай болатын жазушы ондағы қарапайым адамдардың бойына шақ келмейтін. Оның қаламынан күрескерлік, азаматтық рухқа толы дүниелер өмірге келді. Егемендігімізге қол жеткізіп, тәуелсіздікке ие болған халқымыздың ұлы көшінің болашаққа жетуі, өзіндік мемлекеттік идеологиясының қалыптасуы Шерхан Мұртаза сияқты көшбастар азаматтарға байланысты болды.

Шерхан Мұртаза – жалынды публицист. «Күндіз журналист, түнде жазушы болған» атақты редактордың қолы тиіп кеткен

басылымның жанданып жүре беретіні де тегін болмаса керек. Қазақстанда бес республикалық басылымды басқарған бас редактор, бес романнан тұратын эпопея жазған жазушы жоқ. Шерхан Мұртазаның публицистикалық жолының өзінде де ол замана зәрулігін, уақыт проблемасын, қоғам сұранысын, заман қиындығын тайсалмай жазып, батыл жеткізген публицист.

Шерхан Мұртаза – бесаспап журналист, қазақ баспасөзіндегі жаңа тұрпаттағы жаңа буынның төлбасы, редакторы. «...Менің жұмысым - жалғыздың жұмысы. Қаруым – қалам. Өрісім - қағаз» дейтін жазушының қазіргі тәуелсіздік заманындағы жердің, елдің иесіміз деген қазақтың шешілмеген мәселесі шаш етектен келіп, оның кедергісі өзгеден емес, өз қағынан жерігендерден шығып отырғанда, оның бір күні ойсыз, ұйқысы тыныш өтуі мүмкін бе? Жалпы, ой іште өлмеуі керек. Әсіресе, халқымен біте қайнасқан, халқының басына түскен қайғы, ауыр күн арқасына аяздай батып, айтар сөзін аянбай айтқан шын жазушы үшін.

Шерхан Мұртаза – қоғам қайраткері. Үлкен ұғымға айналған ірі тұлғаларды заманның белгілі бір кезеңдері дүниеге әкелетіндігі белгілі. Кез келген адамды өз уақытының перзенті деп қарасақ, ұлы тұлғаларды сол өздері өмір сүрген дәуірдің тарихи-әлеуметтік қажеттілігі заңдылығынан сырт алып қарауға да болмайды. Қазақ халқының басынан да нешеме киліккен қасірет, бірінен бірі өткен тауқыметтер өтті. Дегенмен, мұның бәріне тапалып қалмай, тістене шыдап баққан тәкаппар қасиетке ие ерен тұлғалар болды. Қиналған кездерде өз қорғаушысын, өз жоқтаушысын туғызып отырды.

Шерхан Мұртаза да осындай өз заманы туғызған ерен тұлға. Бүгінде қазақ әдебиетінің нарқасқасына, халық ақсақалына айналып, кемеліне келіп, керторы атқа мініп өмірден өткен ағамыздың заманы да оңай болған жоқ. Қанды кеңес империясының бүкіл ғұмырын көз алдында өткізіп, қазақ халқының адам айтқысыз қасірет шеккенін өз көзімен көрді. Осы нәубеттерден кейінгі «кемелденген» социализм тұсының да куәгері болды. Куәсі болып қана қойған жоқ, заманның тыныш, тұрмыстың қалыпты бола тұра жоғалтқанымыздың көп екенін де көреген көзі көре білді. Көре біліп қойған жоқ, тоқырау деп аталатын меңіреу заманда қазақтың атпал азаматы ретінде жарғақ құлағы жастыққа тимей, халықты оятып, серпілтуге бар жанын салды. Осылайша, бағзы замандардағы халқының қамын жеген ұлы тұлғалардың үнін осы заманға лайық жалғастыра білді.

Шерхан Мұртаза – тамаша ұстаз. Ұстаз болғанда да жай ұстаз емес – рухани ұстаз. Рухтандыратын ұстаз. «Жас адамның тағдыры көбіне қолдаушысына байланысты», - деп, көк өрім талапты жастарға жол ашқан, жарыққа шығуына көп ықпал еткен Шерхан Мұртаза қазақ руханиятында «Шерханның шекпені» деген ұғым қалыптастырды. «Ол жылдары «Лениншіл жаста», «Жалында», «Жұлдызда», «Қазақ әдебиетінде» Шерхан Мұртаза емес, басқа редактор отырса, қазіргі Шерағаңның шекпенінен шықтық деп, шалғайына жармасып жүргендер болар ма еді, болмас па еді, кім біліпті?!» - деген Әбіш Кекілбаев.

Шерхан – шебер аудармашы. 1956 жылы-ақ оның «Ихсан ханым» атты аудармасы «Лениншіл жаста» жарияланған болатын. Содан соң Л.Лагиннің «Хоттабыч қарт», М.Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» шығармаларын қазақ тіліне аударумен бастады. Ол Г.Х.Андерсеннің әңгімелерін, венгр халық ертегілерін аударған. Шераға Ш.Айтматовтың «Ботагөз», «Қош, Гүлсары!», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» повестері мен «Боранды бекет», «Жан пида» романдарын қазақша сөйлеткен, Шыңғыс сияқты кемеңгер суреткердің шығармаларының рухын дәл жеткізген шебер аудармашы, ал аудармашы дегеніңіз өнер екенін әдебиет сүйер қауымға мойындатқызады.

Шерхан Мұртаза – драматург. Тәуелсіздік кезіндегі қайта құру мен жариялылық әкелген соны лептің тұрлаулы нышанын біз Ш.Мұртазаның драматургиясынан көре аламыз. Прозашы Ш.Мұртазаның алғашқы кездерде драматургиядағы қадамы мүлде тосын көрінгені, күдік тудырып, күмән келтіргені, кездейсоқтыққа баланғаны рас еді. Алайда, прозада кемеліне келген суреткердің ат басын кенеттен драматургияға бұруына себеп болған тек жаңа жанрда өз күшін байқап көру емес қана сияқты, сонымен қатар, тамаша драматизм мен трагедиясы мол өмірлік материалдардың сахнаға сұранып тұрғандығында болар. Оның алғашқы қалам тартқан «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», Қ.Ысқақовпен бірлесіп жазған «Қызыл жебе» («Революция сарбазы») пьесалары Жастар театрында қойылып, зор табысқа ие болғандығы ешкімді де бейтарап қалдырған жоқ. Бұл екі туындысы арқылы Ш.Мұртаза театр мен драматургия атты жұмбақ та сиқыр әлемнің енді ертеден өз адамындай болып кетті. Осындай екі драманың сахналық зор табыстары суреткерді драматург ретінде одан сайын қанаттандырып, шабытына шабыт қосқан еді.

Драматургия жанрының өз ерекшелігі, қиындығы бар, бір жағынан, талант таразысы тәрізді дүние. Осы дүниелер арқылы қазақ драматургиясының Шерхан Мұртаза стиліндегі даму сипаты, бағдары, проблематикасы бой көтереді.

Шерхан Мұртаза – философ. Оған дәлел – «Бір кем дүние». Автор ой-толғауларының әуенін бұзбай оқырманына жеткізудің жанрын сәтті тауыпты. Қысқа да нұсқа түйіп айту, әлдебір пәлсапашылардың сөзіндей жалпылыққа бармай, нақтылы жайларды мысалдап келтіру, ара-арасында өз көзқарасы мен көңіл-күйін сездіріп отыру – тақырып-тақырыппен берілген ықшам дүниелердің тартымды оқылуына кәдімгідей сеп болған. Иә, арман да көп, өкініш те басым екен, онсыз өмір бола ма, бірақ оның бәрі жеке бастың, үй арасының сыпсыңы емес, халықтың, елдің, ұлттың басындағы алаңдаушылықтармен ұласып жатады. Олай етпесе, сірә Шерхан бола ма!? Кітаптың жазылу табиғаты жөнінде Ш.Мұртаза жақсы көретін жазушы інісі Несіпбек Дәутайұлына таратып айтып береді:

« - Сен кеше «Бір таң дүние» дегенді айтып қалдың. Ойланатын-ақ нәрсе. Менің «Бір кем дүнием» жалпы философиялық толғамдар ғой. Сөйтсе де мен философ емеспін. Бірақ, философ халықтың ұлымын. Біздің бір пәлеміз өз қадірімізге өзіміз жетпейміз. Бірдеңе жазсақ шетелден шыққан ғұламалармен екі ұрттарымыз толып шыға келеді. Мысалы, керемет философ та солар. Сонау Аяз би, Жиренше, Асанқайғы, Мөңке би, Шалкиізден тартып бүгінгі Әбіш Кекілбаев, Ғарифолла Есімовке дейінгі жүз, мың ғұлама философтарымыз сол шетелдіктеріңнің қайсысынан кем. Тіпті, кейбір жағдайда артық. Абай мен Шәкәрім ше!.. Бауыржан көкең ше!.. Пайымдап қарасаң қазақ халқы кім дегенде: «Философ!» - деу керек. Философия біздің ұлттық болмысымыз...» дейді Ш.Мұртаза.

«Осы менде әке болғаны рас па?» - деп Рысқұловшина деген жаламен Сібір айдалып, сол жақта майып болған Мұртаза бейнесін «миының түкпір-түкпірінен іздеп» отырып қалатын, шала құрсақ, жарым көңіл жүріп жетілген, «Бөлтірігін қорғаған құртқа - қасқырдай» арпалысып өткен Айша-Анадан туған ұл - Шерхан болмаса, ешкім болмас еді. Ажалдың тырнағында ысынып-суынып жатып, Айшаның құдайға жалбарынған көз жасын жұтып ем қонған, «Байытпасаң байытпа, тілентпеші, жаратқан!» - деген ананың бір ауыз улы тілегінің тербеуімен өскен перзент шешемді

жылаттың деп бригадир Тасбетке айыр ала жүгіргенде Айша-Ана: «Менен туған ұл бар екен, тәубе», - деп көз жасын сап тыйды дейді. Бәлкім, Алып ананың «Менен туған ұл бар екен, тәубе», - деген қасиетті сөзін ақтау үшін де Шерхан - Шерхан болған шығар...

Қорыта айтқанда, қай жерде де – әдебиетте де, баспасөзде де, қиын да жауапты қайраткерлік, қоғамдық жұмыстарда да Шерағаның өз орны бар, қайталанбас, қайсар да өжет үні бар. Қазіргі таңда біздер Ш.Мұртазаның бейнесінен қазақ халқының аяулы перзенті, халқы үшін қайраткерлік, күрескерліктің ұлы үлгісін көрсеткен Тұрар Рысқұлов тұлғасын танығандай боламыз. Қазақ елінің ел болып, ұлттық идеологиясының қалыптасып, дамыған мемлекетке айналуы жолында аянбай қызмет жасай білген, бір емес бірнеше сала мен қызметті игеріп, тарихи құндылықтарды дәріптеп, әдебиетті дамытқан, баспасөзді қарыштатып, драматургияны кемелдендірген, публицистиканы қару қылып, газетті өрісі ете білген, қазақы философияны нықтап, ұлттық болмыстың қалыптасуына ықпал жасаған Шерхан Мұртаза тұлғасы – әмбебап екендігі ешқандай да дау тудырмайтыны сөзсіз ақиқат.

«Шерағаң жөнінде желіп өтіп, желпініп кетіп сөз айту - әбестік.

Тұрар көкесінің кемелдігі мен кемеңгерлігіне, Бауыржан ағасының батырлығы мен даналығына қанығып өскен Шерағаң халқына дәл сол арыстарша қызмет етудің үлгісін көрсетті.

Шерхан – қайраткер, Шерхан – қаламгерге есті қазақ бас исе керек. Солай болып та жүр, аузы дуалы ағаларымыздың Шерханды қазақтың төлқұжатына балағаны әмбеге аян. Халқы оны қатты қадірлейді. Оның бағындырған ең биік шыңы – осы».

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ ПРОЗАСЫ

Жалпы әр жазушы әдебиетке әр түрлі жолмен, әр түрлі деңгейде келетіндігі белгілі. Қазақ әдебиетіне Шерхан Мұртаза жазушы ретінде жалғыз өлеңімен немесе алғашқы шағын әңгімесімен жарқырап келген жоқ. Мәселен, қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы Әбіш Кекілбаев жиырма үш жасында жазған «Шыңырау» шығармасымен қазақ прозасына ерекше құбылыс болып келді. Ал Шерхан Мұртаза «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттеріндегі, очерк, мақалалары арқылы елге аты таныс бола бастап, «Белгісіз солдаттың баласы» повесі, «Қыз бен бота» әңгімесі арқылы елеусіз ғана, ептеп басып, әдеби прозаға сіңісе бастаған еді. Мәселенің барлығы жазушының қай шығарманы қай жаста жазғанына байланысты емес. Тарих ұрпақтары жазушының жасын талғамайды, шығармасын таңдайды. Ал, Шерхан Мұртазаны жазушы ретінде танытқан оның «Қырық бірінші жылғы келіншек» әңгімесі мен «Мылтықсыз майдан» повесі. Ш.Мұртазаның үлкен қыры десе де болады – кішкентай ойдан үлкен романға бой ұрмай, көпірме сөздермен оқырмандарын қоректендірмей, жинақы сөйлемдер мен сырбаз сөздер арқылы өмір суреттерін сала білуі.

Ш. Мұртаза – көркем әңгіме шебері. Әңгімелерінің тақырыптары да сан алуан. Жазушы әңгімелеріндегі өмір шындығы және көркемдік шешім шебер өрілген. Әңгімелерінің көркемдік қырлары: сыршылдық, өмірдің шағын көрінісімен адамдар арасындағы күрделі қарым-қатынас белгілерін аңғарту, табиғат көріністерінің образ жасаудағы орны, диалог құру шеберлігі қаламгер қаламының айырықша қырларын танытады.

Ш.Мұртазаның алғашқы шығармаларының, әңгіме-повестерінің ең басты ерекшеліктері:

1) Адам баласының жан күйзелісін, ыза мен кектен тығырыққа тірелер шарасыз күйін аса шебер суреттеуі.

2) Қазақы мінез-құлық пен табиғат көріністерінің адам жан-дүниесімен астасып, біте қайнасып тура сол қалпында сөзбен бейнеленуі.

3) Шығармаларында философиялық тұжырымдар жасамайды немесе ұнамсыз құлықтарды шымшылап әзіл-оспақтың астына алмайды, кейіпкерлерін көркем сурет галереясындағы көріністей көз алдыңнан тізбектейді.

4) Шығармалары өмір деп аталатын полотноның қан-сөлімен жұлып алынған қиындысындай шынайы.

5) Ш.Мұртаза шығармалары ылғи өсу, бір кезеңнен екінші кезеңі биік тартып, асып түсіп отырады.

6) Таңдап алынған тақырыптары өтімді, заман шындығын дөп басып тұрады.

Шерағанның әрбір әңгімесі – жөні бөлек, жосығы ерек дүние. «Қазақ әңгімесінің бір кемшілігі – әрбір ситуацияның ішкі сырын ашпай, сыртқы қаңқасын баяндауға саяды. Теңеу, салыстыру, меңзеу дегендер аз», - деген еді Тәкен Әлімқұлов. Ситуацияның сырын ішке түсіргендердің бірегейі – осы Шерхан Мұртаза.

Жазушы Мархабат Байғұт айтқандай: «Шераған шығармашылығының шәрбаты – көркем әңгіме. Ш.Мұртаза – роман, повесть жанрларында да, керек десеңіз публицистика табиғатының өзіне де көркем әңгіменің нәрі мен әрін дарытқан дарын. Әңгімедей әулие жанрыңыздың әуен-әуезін, уыт-уызын ендірген ерен. Әдебиетіңізді әңгімемен әдіптеген әбзелші».

Ш.Мұртаза әңгімелерінің бір ерекшелігі - үлкен прозалық туындыларымен іштей сабақтасып жатуы. Роман-повестеріне сыймай қалған өмір жолының кей мәнді эпизодтары кейін әңгіме жанрына айналып, оқырманын тауып жататыны байқалады. Автордың шығармашылығына талдау жасаған жазушы-драматург Елен Әлімжан бұл ретте дұрыс қорытынды жасайды. Ш.Мұртазаның әңгіме жанрына жақындығы, ыңғайлылығы соншалық кейде оның көлемді туындыларының өзі басы бүтін аяқталған әңгімелер желісінен тұратындығы аңғарылады. «Ай мен Айша» роман-дилогиясы - осының көрінісі. Әрине, мұндай дәстүр әлемдік, ұлттық әдебиетте де бұрыннан бар. Әріге бармай-ақ, Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас» шығармасын ойға алсақ та жеткілікті.

Мұның себебі, жазушының өзіне қояр қатал талабы - жинақылықпен ұштасып жататын тәрізді. Жалпы, Ш.Мұртазаның прозасында, оның ішінде әңгімелерінде артық сөзге титімдей де орын жоқ. Автор не жайды жазса да, дәл, шымыр, қысқа қайырып жазуға ұмтылады. Тіпті оның туындыларындағы портретте де, пейзажда да жалпылық деген ұғым кездеспейді. Әсіресе, жазушының қоршаған ортаны нақты суреттеуіне, екінің бірі біле бермейтін терең дүниетанымына қайран қаласың. Өзге қаламгерлерде көк шөп, биік ағаштан аса алмай жататын шөптің,

ағаш атаулының небір алуан түрлері Ш.Мұртаза туындыларында сюжеттік арнаға сай халықтық ат-атауларымен ғана емес, ерекше сипат-белгілерімен, сол сәттегі автордың қабылдаған көркем бейнесімен, қатысымен жанды ұштастырыла суреттеледі. Қоршаған ортаға, табиғат, жер-суға байланысты қазақ ұғымының соншалықты байлығына, кеңдігіне, соны орнымен қолдана білген жазушы дүниетаныма сүйсінесің. Сөйтіп автор табиғатты жалаң әспеттеп қана қоймай, оқырманның қабылдауына да тың жол ашады. Бір жақсысы, жазушы мұны ұзақ сонар баяндауға, білгенін тықпалауға айналдырып жібермейді. Сол сәттегі кейіпкер ортасының жанды да көркем бейнесін ашатын деталь ретінде ұтымды қолданады. Міне, осындай нақтылық пен ықшамдылық, жинақылық жазушының әңгімелеріне ғана емес, үлкен прозасына да әсерін тигізетінін, оқиғаны бас-аяғын жинақтап, жұмырландырып отыруға тырысатынын, мұның өзі айналып келгенде автор қаламының даралық сипаты екенін байқаймыз.

Жазушының әңгімелерінде шығармашылығына тән ортақ сипаттар мол болғанмен, оның суреткерлік қырын толықтыра, дараландыра түсетін өзіндік ерекшеліктері де жеткілікті. Қаламгер інісінің жазушылық жолын кезінде терең зерделеген аға жазушы Тахауи Ахтанов ол жөнінде былай деп тамаша ой түйеді: «Әдебиеттегі жолын ірілеу шығармадан бастаған кейбір жазушылар ұсақ жанрға үйір бола бермейді және оған епсіздеу де болады. Шерхан әңгіме жанрында да жап-жақсы шеберлік танытты. Бүгінде әңгіме жанрының да керегесі кеңейген заман.

Бұрынғыдай бас аяғы жинақы, аз да болса толық бір оқиғаны баяндап, адам образын жасайтын әңгімелерден гөрі, бас-аяғы жоқ бір көріністі, немесе алған әсерді беретін суреттемелер басым боп барады... Шерханның өзім ұнататын бір қасиеті ол әңгіменің классикалық үлгілеріне бейім. Шағын әңгімеге тән шымырлық, оқиғаның қою һәм жинақылығы, ішкі мән, астар, новеллаға тән тосын шешімдер біздің осы оймызға дәлел болса керек. Бізді қатты сүйсіндірген, ішімізді жылытқан нұрлы әңгімесі «Бір нәзік сәуле» болса, «Қырық бірінші жылғы келіншек», «Шешек шырылдайды», «Сол бір күз», «Жаңбырлы той», «Шақалақ», «Сусамыр» атты әңгімелері де бүгінгі әдебиетіміздің көркемдік дәрежесіне көтерілген құнды дүниелер».

Тұтастай алғанда, біздің де тұжырымымыз осыған саяды: сөз жоқ, Ш.Мұртаза – көркем әңгіменің шебері. Бұл әсіре қызыл сөз де,

автордың өзге туындыларының бәсін төмендету де емес. Автордың қаламгерлік дарын-қуатының мейлінше кеңдігінің белгісі. Жұп-жұмыр, шағын әңгімелерінде мінез де, уақыт шындығы да, ширыққан драматизм де бар. Автор әңгімеге арқау етіп алар сюжетті ойдан шығарып, қиыннан қиыстырып жатпайды. Автор үшін әңгіме - өмірдің мәнді сәті. Көкейінде әбден орнығып қалған, айтылмаса болмайтын көңілдің шырылдаған шындығы. Бірақ сол ақиқатты жазушы жалаң күйінде бермей, қиял дүниесінде пісіріп, көркемдік шындыққа шебер айналдырып әрлеп бере біледі. Негізінен жазушы әңгімелерінің дені кейіпкер өмірінің бір сәті, не өмір шындығына құрылған эпизодтық байланыстар болып келеді. Бірақ осы шағын дүниеде аға жазушы Т.Ахтанов айтқандай, кейіпкердің ішкі жан дүниесі мен сырлары, мінез қырлары, орта шындығы мен уақыт белгісі, уақыт пен адамның байланысы, адам мен адамның қарым-қатысы, жамандық пен жақсылықтың сипаттары, оның адам бойынан орын алуы мен күресі орайымен ашылып жатады.

Ш. Мұртаза хикаяттарының тақырыптық-идеялық ерекшеліктері, бүгін заман шындығын адам тағдырымен бірлікте суреттеу сипаты, образдар жүйесі, образ жасаудағы жазушы шеберліктерінің қырлары, қоғам шындығының өзекті жайлары және көркемдік таным, жазушы хикаяттарының қазақ прозасының дамуындағы орны әдебиетті зерттеуші ғалымдарға үлкен қызығушылықтар тудыруда. «Қара маржан», «Мылтықсыз майдан», «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай» шығармаларының бүгінгі заман тақырыбын қозғаудағы өзіндік ерекшелігі, замандас бейнесінің суреттелуі, көркемдік жетістігі мол болып табылады.

«Прозаның бағын ашатын басты қасиеттер – дәлдік және қысқалық. Олар ойды, және тағы да ойды талап етеді. Әйтпесе әдемі жазу түк те емес», - деп А.С.Пушкин жазғандай, прозаик болу, шымыр дүниелерді өмірге әкелу оңай емес.

Шерхан Мұртаза – әңгіме жанрының шебері. Оймақтай ой көрінісін шып-шымыр, қысқа да нақты айтып жеткізу жазушының шеберлік, шеберлікті ұстарту жолындағы тынымсыз ізденісінің нәтижесі.

Ш.Мұртаза әңгімелері алуан түрлі тақырыптарды қамтиды. Соғыс жылдарындағы ауыл өмірі, бейбіт өмірдегі бейқұт тіршілік, жақсалық пен жамандық, адамдар арасындағы әрқилы қарым-

қатынас, бір-бірлеріне тигізген шапағаты мен кесапаты, бәрі-бәрі әңгіме арқауына айналып жатады.

Әңгіме жанрында Ш.Мұртаза – Гималай, Эверест шыңы. Қатпары қалың, ұлттық адамзаттық өзекті мәселелерді қайтпай көтерген, қайсар, өршіл рух пен намыс иелері болып табылатын мінездер сомдаған романдарын және повестерін, өмір тауқыметін сапыратын публицистикасын жазбағанның, ғажайып аудармаларын жасамағанның өзінде, тек қана көркем әңгімелерінің тұла бойынан Ш.Мұртаза – сыршыл суреткер, қарымды қаламгер, мөлтек әңгімелердің шынайы шебері ретінде ерекше орын алады. Ол көркем әңгіменің табиғатын терең дарытқан ерен жазушы. Әдебиетті әңгімеменген әсерлеген әбзелші. Жалпы, Ш.Мұртаза шығармашылығының қаймағы да – көркем әңгіме.

Жазушы әңгімелері көпшіліктің көкейіндегі өмірлік шындықтарды тап басып бейнелеуімен есте қалады.

«41 жылғы келіншек» әңгімесі – жазушыны әңгімелерінің ең шоқтығы биіктерінің қатарында. Туындыда өмірдің бір сәті мен адам ғұмырының бүкіл мәні бір эпизод арқылы таразыға салынады. Соғысқа кеткен жарын сарыла күткен, бірақ сол күні «ерніне күйдіргі шыққыр» Ақшайдан жанына тиер ауыр сөз естіген Хадиша үйіне күйіне келген. Әңгімедегі психологиялық тартыстың байланысы да бір қарағанда көпшілік соншалықты мән бере қоятын нәрсе емес сияқты. Күйеуге шыққан Шалабайдың қызы Күләй мен күйеу бала әкелген қоржынның аузын өзім ашамын деп дәмеленіп отырған Хадиша. Ата жағынан кімі бар жақын Шалабайдың Хадишадан басқа. Жол мұныкі. Бірақ қоржынның аузын ашу бүгінде мұрнынан есеккұрт түсіп отырған Ақшай кемпірге бұйырады. Сондағы Хадишаның күйінуін көрсең. Хадишаның күйінуі дүниеге қызыққан пендешілік емес. Оның ашынуының негізі - Шалабайдың жолсыздығы. Хадиша шаңырағын жықпай, әлі түтінін түтетіп отырған Мақсұт атының, шаңырағының аяқ асты етілуі. Өзгелер үшін оншалықты мән беріле қоймайтын ұсақ-түйек секілді көрінгенмен, Хадиша үшін бұл ұсақ-түйек емес. Наным-сеніміне қайшы. Өзі білетін жөн-жоралғыға мүлде кереғар. Әңгімедегі халықтық бояу, колорит осылай үстемеленіп, образ шындала түседі. Бұған шыдайтын Хадиша ма енді?!

Әңгімедегі осы психологиялық тартыс арқылы қарапайым қазақ аулындағы соғыс өртіне шалынған бүтін бір ұрпақтың шындығы ашылады. Әрине, соғыстан қайтпаған боздақтың

тағдыры, оның шаңырағын жықпаған жесір әйелдің жайы туралы үлкенді-кішілі көптеген туындылар жазылған. Бірақ сол туындылардың ортасында Ш. Мұртазаның осы бір жарым беттік шағын әңгімесі біз үшін ерекше қымбат. Шымырлық, нақты да көркем ашылған образ, орта шындығы, ситуация дәлелділігі, диалогтердің табиғилығы, орнымен табылған деталь, тіл көркемдігі әңгімені шырайландырған. Көркем әдебиетте жиі қолданылатын түс көру, елес, онымен сөйлесу, шерін тарқату тәрізді байырғы көркемдік әдістерді де автор образ сырын ашуда ұтымды пайдаланады.

Жалпы, Ш.Мұртаза әңгімелерінің өзіндік ерекшелігі дегенде, оның бай автобиографиялық сипаты алдымен ойға келеді. Мәселен, «41-жылғы келіншек» әңгімесіндегі мінезімен, тағдыр-талайымен дараланған Хадишаның кейінгі әңгімелерінде жиі ұшырасуы, тың сипаттарымен көрініп, тұлғалана түсуі образдың өмірлік негізін білдіреді. Сол сияқты әңгімелерінде кеңінен суреттелетін соғыс уақытындағы қиын балалық шақтың әр алуан сәттері, соғыс жылдарындағы ауыл шындығы мен ел адамдарының тағдыры, күш-жігері, олардың қиын-қыстау кездегі шынайы қарым-қатысы мен бауырмалдығы, жеңіске деген сенімі туралы да осыны айтуға болады. Өйткені бұл туындылардың бастауында автордың өз өмірі, соғыс жылдарымен тұспа-тұс келген қиын балалық шағы, өзінің өмір кешкен ортасы тұрғаны белгілі. Сол себепті де «Ақсай мен Көксай», «Бойтұмар», «Айырбас», тағы басқа әңгімелеріндегі бала кейіпкерді жазушының «Ай мен Айшасындағы» бала кейіпкермен туыстығын жазбай танимыз. Әңгімелеріндегі көркем суреттелетін өзге образдар, жер-су атаулары мен Мыңбұлақ алқабының тың бояулары туралы да осыны айтуға болады. Мұндай сипат «Интернат наны», «Қасқырдың тарамысы», өзге де әңгімелерінде жалғасын табады.

Мәселен, «Интернат наны» әңгімесінде жазушы үлкен философиялық ой айтады. Қазақ халқы үнемі нанды қадірлеп өткен. Ал, халықтың басына небір зобалаң күндер туғанда, жастың да, кәрінің де бір шөкім нанды бөліп жеген кездері болды. Сол қиындықтарды басынан өткерген қазақтың қаншама абзал азаматтары шынығып өсіп шықты. Кейінірек сол азаматтардың барлығы үлкен өмірге аяқ басып, дәл сол нанды молайтуға, көбейтуге барынша атсалысып, тірлікті жандандыруға барын

салды. Әңгіменің кіріспесінің өзі осы қасиетті нанды тілге тиек етуден басталады:

«Әлтай нанға тоймаушы еді. Басы дәу, үрпек шаш, мойны қылдырықтай, шүңірек көз, томпақ ауыз қара бала болатын. Болбырақ, оқуға олақ, есі-дерті ауқатқа ауып кеткен сияқты еді... Әрбір тәрелкенің тұсына тілдей-тілдей кесілген қара нан қойылады. Бұл кезде Әлтайдың қасына тәрбиеші немесе аспаздар өзі ілесіп жүреді. Соның өзінде де Әлтай олардың қырағы көзін ала беріп, бірер кесегін томпақ ауызға бұралақтап ұрып жібереді. Тәрбиеші оның аузына күдіктене қарар еді. Бірақ Әлтай сыр бермейтін. Сірә, нанды шайнамай жұтып жіберетін шығар...» Мұны жазушы тегіннен тегін әңгімеге өзек еткен жоқ. Бұл үлкен тақырыпты ол қысқа, шымыр, бірақ есте қаларлықтай етіп, тіпті юмормен әрлеп көрсеткен.

Шын мәнінде қайғылы болып көрінетін Әлтайдың әрекеті әңгіме барысында күлкілі де көрінуі мүмкін. Әлтайды мұндай әрекеттерге итермелеген жоқшылық тауқыметі болар.

«Балалар ұйқыға кетеді. Бір бөлмеде он адам жатады... Осы кезде Әлтай басын көрпемен жауып алып, нан жейді. Біреу естіп қоймасын деп, дымын шығармауға тырысады. Контромаркаға айырбастап алған нанды тауысқанша ұйқы жоқ».

Осылай ұрлап жеп жүрген Әлтайдың қылығы бір күндері әшкереленіп, балалардың талқысына салынады. Құрдастарының шамдануы, Әлтайдың өзін кінәлі сезінуі, Сәттіғұлдың әрекеттері әңгімеде тамаша берілген.

«Нан» деген сөзді естігенде, ұйқы шайдай ашылады. Жеті түн ішінде таң атып, күн шығып, он жетімнің тар бөлмесіне нұр шашырағандай болды. «Нан» деген сөз - алыстағы ауылдан анаң келіп тұр дегенмен бірдей. Айында-жылында ауылдан анаң келгенде кіші қалта талқан, бірер таба нан әкелер еді».

Шығарманың соңында аз ғана эпилогы бар. Жазушы онда Әлтайдың ғылыми дәрежесі бар, бір аудандық білім бөлімін басқаратындығын тілге тиек етеді.

«Жиі-жиі ойға қалам: іргесін боз өзен жалап жататын интернат болмағанда, интернаттың бір тілім қара наны болмағанда, біз осы дәрежеге жетер ме едік? Кім біледі... Нұр жаусын саған интернаттың наны!»

Кішкентайында жабысқан жаман әдеттердің бәрінен құтылып, оның тамаша азамат болып шығуы сүйсінерлік жағдай. Бұл

дегеніміз, адам өседі, өзгереді деген сөз. Заман ағымына қарай, жақсылыққа ұмтылады, былайша айтқанда, қаламгер баланың әрекетіндей елеусіз оқиғадан үлкен ой айтып, Әлтай бейнесін әсерлі етіп жасайды.

Жұбайы майданнан оралмаған Хадишаның жарына деген сағынышы, мұңы, аңсау-зарығуы, әйелдік сыр-құпиясы, жан күйзелісі «Шекшек шырылдайды» деген әңгімесінде тамаша өрілген. Ол Хадишаның соғыстан кейінгі күйкі тірліктен айырылып, өзгергенін, өзінің суретімен қатар күйеуінің де суретін үлкейтуін, соғыстан оралмай қалған жарына деген сағынышын ерекше ықыласпен, сүйіспеншілікпен, жан-дүниесінің тазалығын шынайы суреттеген. Қарапайым ғана кішкентай әңгіменің арқалаған жүгі ауыр-ақ. Бұл көріністерден үлкен шығарма жазуға да болады. Алайда, автор осыны шағын әңгімемен-ақ ойдағыдай көрсеткен. Ал көлемге қомақты дүниені сыйдыру қас қаламгердің қолынан келері хақ.

«Көкемарал гүлдегенде» атты әңгімесі тақырыбы жағынан өзгешерек. Бұл жерде соғыстан кейінгі жаймашуақ күндер, бейбіт заман суреттеледі. Шығарманы оқу барысында уылжыған табиғат көріністерімен астасқан әдемі, әсерлі суреттер жаныңды баурайды. Дегенмен, осындай табиғат әсемдігі мен адамдардың іс-әрекеттері ылғи астаса бермейді. Әңгімедегі шопыр жігіттің мейман сыйлай білмес дәрежелігі және жеке басының пайдасын ғана ойлаған өзімшілдігі көңілге кірбің түсіреді.

Әкесін аңсаған Нұрланның тағдыры «Ұзақ командировка» әңгімесінде өзінше өріліп, кейіпкер тағдыры жаныңды ауыртады. Әкесіне деген сағыныштың күштілігі соншалық, кішкентайында әкесімен қыдырған кездері ауық-ауық есіне түсіп, қасындағыларға қайта-қайта әңгімелеумен болады. Әкесінің ажал құрығына тап болғанынан бейшара бала хабарсыз болады. Әңгіменің құндылығы да осында – әсер-күші мол көркемдік қуатында.

Ал «Тұйық шарбақ» әңгімесінде өмірдегі бар жамандық пен зұлымдық атаулының негізі, қайнар көзі тоғышарлық пен өзімшілдікті қатаң сынға алады. Жаппас арқылы тоғышарлықтың типтік психологиясын шынайы бейнелеп берген.

Шерхан Мұртазаның шығармашылығы қазақ әдебиетінің тарихында үлкен шеберлік мектебіне, парасат мектебіне айналып отыр. Сөз зергерінің тереңінен қозғап, әңгіме жанрынан бастап, публицистикалық жанрдағы саяси проблемаларды көркемдік шешу

тәсілдеріне дейінгі аралықтағы тәжірибесін, өнегесін үйрену - қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қай буыны, қандай өкілдері үшін де әрі қиын, әрі жемісті, ізгілікті міндет.

Көркем шығармашылықтың екі нысан тұтастығынан туатын бір ғана пәні бар. Олар: белгілі қоғамдық орта және сол ортада өмір кешуші адам. Көркем шығарма қоғамдық адам арқылы қоғам тынысын, оның ішкі сыр-сипатын, әлеуметтік бетін танытады. Қоғамдық түрлі құбылыстар арқылы адам жаратылысының сан салалы тылсым құбылыстарын ашады. Суреткер барлық күш-қайратын, шеберлігін бір ғана мақсатқа – адам жүрегінің сырын, адам жанының шындығын танытуға жұмылдырады.

Шерхан Мұртаза суреткерлігінің ерекшелігі мен тылсымдығы болар адам психологиясын шынайы суреттеуімен қатар, адамнан өзге тіршілік иелерінің де жан дүниелерін айнытпай таныта білуінде. Әдетте суреткер өз шығармасында не жайлы, қандай өмір шындығы жайлы ой толғанғанда да, басты шындықты адам образы арқылы ғана ашып береді, тек сол арқылы ғана бейнелеп отырған дәуір тынысын таныта алады. Ал Шерхан Мұртазаның «Алапар мен Динго», «Шыршаның әңгімесі» (мультфильм үшін), «Бұршак» әңгімелерінде өмірдің негізгі құндылығы болып саналатын адамзат психологиясы емес, хайуандардың, табиғаттың өзге жаратылыстарының жай-күйін, ішкі тылсым сезімдерін, өзара қарым-қатынасы мен сезімдерін шебер танытып, тамаша аша біледі. Осы ретте ол хайуандардың сыртқы іс-әрекеттерімен қатар, олардың күрделі ішкі әлемін, ойлау, сезіну ерекшелігін дәл көрсетіп, нақты таныту міндетін алады. Мұндай жағдайда ол тікелей де, жанама түрде де кейіпкерлерінің психологиясына, сезім құбылуларына тамаша үніле біледі. Осыдан келіп өмір шындығын суреттеудегі эпикалық және лирикалық тәсілдердің сабақтастығы, бірлігі шығады.

Әңгіменің экспозициясының өзі ерекше оймен басталады:

«Төбеттерде бажа көп деуші еді. Алапар басқалармен бажа болғысы келмеді. Оның ерлігі де, қорлығы да содан басталады.»

Бажа – адамдардың арасындағы туыстық қарым-қатынас атауы деп есептесек, шығарманың кіріспесіндегі бұл атаудың Алапарға байланысты берілуі шығармаға деген қызығушылықты оқырман үшін арттыра түсетіндігі белгілі. Ары қарай австралиялық жабайы иттердің тұқымы, зәузаты дей келе, бір айлық кезінің өзінде арыстанның өлекшініне ұқсап, аяқтары балғадай, тырнақтары

орақтай, қодас сынды жүндес, желкесінде жалы бар ерекше жаратылыс туралы сөз қозғайды. Алапардың сыртқы бейнесі Дингоға қарама-қайшы еді. «Мәстек қасқырға» теңелген Алапар иттердің ергежейлісі еді, құйрығы шолақ тұтамға толмайтын, құлағы шұнақ, тапал денесі тығыншықтай, тып-тығыз еді. Әйтсе де, Алапардың тал бойына суреткер қазіргі заман жігіттерінің бойынан кей-кейде табыла бермейтін, екінші жартысы үшін жанын беретіндей дара қасиетті дарытады. Бұл қасиет – Алапардың намысқойлығы. Сыртқы бейнесіне көңілі толмай, қораш көрінген Алапарды әңгіменің басында менсінбеген сыңай танытқан оқырмандар, шығарма өрбіген сайын Алапарға деген сүйсінулері мен ризалықтары үдей түседі.

Қаламгердің өмір философиясына айналып кеткен «бір кем дүниесі» әңгіменің басында-ақ көрініс табады:

«Тышқан бір мая шөпті көтере алады деуші еді. Иттің ұрғашысы мәстек жаратылса да, есектей төбеттің өзімен көңілдес бола беретін көрінеді.

Ал, иттің еркегі мәстек болып, ұрғашысы есектей болғаны ебедейсіз. Бұл – сор.

Адамдар болса амалын табар еді... Мұндайда итті құдай да икемсіз жаратқан». Бұл да бір кем дүниенің бірі болар. Мұндай бір кем дүниені тілі жоқ хайуанның жеткізуі мүмкін емес.

Жазушы Шерхан Мұртаза шығармада хайуанның сыртқы түр-тұлғасы, нақты қимыл-қозғалысымен қатар олардың ішкі жан әлемін, өзара тығыз бірлікте суреттей отырады. Хайуанның жанын, сезімі мен ойын тікелей көзбен көріп, қолмен ұстағандай... дәл танып, нақты бағалауы да жазушының ерекше қасиеті. Көркем образ жасау процесінде объектінің нақты әрекет арқылы танылатын ой-сезімдерімен бірге оның психологиясында ғана болатын, тысқа берілмеген ой-сезім сырларын көрсетудің маңызы да аса зор. Көркем тұлға ретінде кейіпкер сонда ғана бар ішкі-сыртқы шындығымен кең таныла алады. Онсыз кейіпкер өмірінің шындығы жете ашылмайды. Ал, «Алапар мен Дингодағы» кейіпкерлер өзіндік ерекшелігімен көрініс беріп тұрғандығы айдан анық.

Динго мен Алапардың арасындағы ары қарайғы қарым-қатынастардың барлығы адами сезімдер тәрізді өрбиді. Ер мен әйелдің арасындағы тылсым сезімдердің хайуандардың бойында

көрініс беріп, шынайы суреттелуі де қаламгердің шеберлігін айнытпай танытады:

«Динго өзін аяғымен түртіп, тұмсығымен сүйкенгенде, жалғыз көзді Алапар неге екенін өзі де түйсіне алмай, тұла бойы бұланайлап, ерекше бір қуаттан ширыға түрегелді. Біліп істесе де, білмей істесе де, бірден Дингоның туа сала шорт кесіп тастаған шолақ құйрығын ары-бері иіскелеп, жаланып қоя берді.

Динго қылымсып, онымен қақтығысып, қақпақтай омырауымен оны қағып кетіп, ойқастап ойнағысы келді... »

Адамзаттың төңірегінде жүрген, күнделікті назар салмай да өтіп кететін хайуанның осындай ерекше сезімдерін айнытпай беруі Шерхан Мұртазаның тапқырлығы да, тамаша суреткерлігі де.

Көркем шығарманың әрбір сыңар, жалқы деталіне дейін Алапар өмірімен тығыз байланысты. Алапардың басқа бір психологиялық күйі мен қалпының шындығы Дингоның кез келген әрекетімен, еркелігімен қабаттаса айқындалады. Жазушы Алапар бойындағы Дингоға деген ынтық күй, ыстық сезімді Динго жасаған еркеліктің әрекетімен жарыстыра, сабақтастыра суреттейді. Алапар жүрегінің лүпілін – бірде Дингоның қылымсуы, қылымсып, «бір кем дүниенің» өзінікін іске асырғандағы әрекеттер – бірде Алапар жүрегінің іңкәр лүпілін басып кетіп отырады.

«Алапар Дингоның үстіне қарғымаққа әлденеше рет талпынып көрді. Жалғыз көзі оттай жанып, езуінен сілекейі шұбатылып асылады, сырғанап кете береді, кете береді... Енді жеттім дегенде тағы сырғанап түседі. Динго болса, оның бұл өнімсіз әуресіне күлгендей болып, азу тістері көрініп, итше ыржияды. Кекеткені екені, яки өкінгені белгісіз. Менен кінә жоқ дегендей көздері кілмиеді».

Табиғат жаратқан болмысының билігінен Алапардың жай-күйі астаң-кестең болды. Дингоға деген сезімін, ынтық күйін жүзеге асыра алмай, ләззаттың сағынышқа, арманға айналуы Алапардың көкірегін қарс айырды. Таудай тулаған жүрегі кеудесіне де, бойына да сыятын емес.

Әңгіменің шарықтауы оқырман қауымды одан әрі қызықтыра түседі. Ендігі кезекте әңгіменің желісі көршінің көк қақпасының алдындағы дөңдей болып дүрдиген Таймас, көшенің арғы бетіндегі Солдатбайдың дүбәра тазысы Желаяқ жөнінде болады.

Дингоға деген жүрегіне толған махаббат пен сүйегіне енген будан тыныштығынан айырылып, төзімін жоғалтқан Алапардың

таудай тулаған жүрегі кеудесіне де, мына жалған дүниеге де сияр емес. Мезгілдің, қоршаған жағдайдың билігінен Алапар жаңа ғана көрініс берген аяулы ортадағы қуаныштары мен жұбаныштарынан біртіндеп арыла берді. Дингоның еркелігі де, қылымсыған тәтті қылықтары да біртіндеп сағынышқа, қуанышы да бар, мұңы да мол үмітке де, өкінішке де бейім жүректі сыздатқан бір ертегі әлеміндей елеске айналды.

«Қалыңдық біреу, күйеу көп... Сол-ақ екен, әлдебір қыбыр-жыбырды сезген Таймас екі көзі қанталап, орнынан атып тұрып, Алапарды көк желкеден жұлқып-жұлқып, тулақ құрлы көрмей, лақтырып жіберді... Дингоға өлердей құмартып, «өзімдікі» деп иемденіп жүргенде, Таймастың көлденеңнен қосылған зорлығы өтіп кетті ме екен, әйтеуір Алапар бұл соғысқа соңғы әл-дәрменін сарқа салды».

Ерекше кейіпкерлер жанының шындығын, сезім сырын бұлайша терең мөлдіретіп, соншалықты күрделі қарым-қатынаста, дәл осынша нақты, көзбен көріп, ішпен білгендей айқын, шынайы суреттеу сөз өнерінің барша сырларына қанық, сөз өнерінде өзін ерекше еркін сезінетін нағыз шын зергердің қолынан ғана келсе керек. Ш.Мұртаза шығармашылығының әсіресе әңгімелерінің үздік көркем сапаға ие болуының басты бір сыры кейіпкерлер жанының шындығын шынайы суреттеудегі жазушының шығармашылық еркіндігінің айрықша мәнді, мағыналы, жасампаздық сипатында.

«Төртеуі жабылып, төрт жаққа тартқылағанда, Алапарда амал бітіп, соқыр көзінен сорасы ағып, тынысы тарылып, екі езуінен бұрқырап қанды көбік атқылай бастады.

«Итжанды» деген рас шығар, Алапар әлі де тыпырлап, әлі де бұлқынып, әлі де өлгісі келмей жанталасып жатты... Көз қарасында, қыңсылында: «Осының бәрі сен үшін зой» деген нала бар еді».

Шынайы ғашық болған Алапардың маббаттың дәмін татпай, ғашығымен құмарын қандырмай о дүниелік болуы әрине оқырман қауымды үлкен өкінішке әкеледі. Дегенмен, шығарманың негізгі идеясының өзі – махаббаты үшін жанын пида еткен хайуанның ерлік әрекеті. Қазіргі таңдағы қоғамымызда екі аяқты пенделердің өзінде де мұндай ерлік қасиеттердің табыла бермейтіндігі – бір кем дүние, зор кем дүние. Ит екеш иттің де сүйгеніне қорған болып, ішкі сезіміне адалдығы өмірінен қымбат болуы оқырманды үлкен ойларға жетелейтіндігі хақ.

«Алапар жалғыз көзін ашып, Дингоны көрді. Биіктен-биіктен көгілдір аспанды көрді. Жалғыз көзі Дингоға әлде өкініш, әлде риза пейілмен жәудірей қарады да, қайтадан жұмылып кетті.

Тұрқы тұтамдай ғана денесі кенет ұзарып кеткендей керіліп барып, дір-дір етті де, тым-тырыс тына қалды».

Шығарманың финалын да қаламгер оқырманды айырықша көңіл-күйге бөлеп аяқтайды:

«Жаздың шіліңгір шілдесінде Динго бес күшік туды. Отағасы бастары қауқиған төртеуін сұраған жанға беріп жіберді де ішіндегі ең шынжау, шүйкедей ғана кішкентайын өзі алып қалып, атын Алапар қойды».

Ш.Мұртаза тақырып табудағы ізденістері мен талғампаздығынан әңгімелерінде де тынбайды. Бір әңгімеден келесі әңгімеге өсіп, кемелдене береді. Мазмұн мен түр, ой мен тіл аралығындағы бай байланыстарды түрлі тәсілдермен сабақтастыру нәтижесінде, жазушы суреттелініп отырған өмір шындығының мазмұнын оқырмандарына өте әсерлі етіп жеткізеді.

Алапар – ізгі мұрат рухында берілген кейіпкер. Жазушы оның бойына ең жақсы сапалық қасиеттерді сіңірген. Қазақ прозасының жұлдызы нұрлы қаламгері Шерхан Мұртазаның жазу мәнері мен сымбаты ешуақытта да өзінің құндылығын жоймайды.

Ш. Мұртаза – қазақ-қырғыз әдебиеті арасындағы байланыстың дамуында айрықша еңбек сіңірген жазушы. Шындығында оның әлем әдебиетінің ірі тұлғасы Шыңғыс Айтматов туындыларын қазақ оқушысына тамылжыта жеткізуі арнайы зерттеуді қажет ететін ұлттық әдебиеттегі елеулі жаңалық. Дегенмен уақытында оның бағасы берілмеді. Дүниежүзіне аты асқақтаған суреткердің туындылары осылай аударылуы қажет деп қабылдадық. Ал жазушы шығармаларының көркемдік қуатын бәсеңдетпей, лирикалық сазы мен психологиялық иірімін сақтап, тілге жеңіл, жүрекке жақын аударма білудің өзі Ш. Мұртазаның жазушылық дүниетанымымен, қалам қуатымен ұштасып жатқаны сөзсіз болатын. Соның нәтижесінде заңғар жазушы туындылары қазақ тілінде кібіртіксіз оқылды, олардың аударма екені аңғарылмады. Шеберлік пен шеберлік ұштасқанда ғана осындай мінсіздік дүниеге келетінін біз бұл арада түйсінудіміз және бағалауымыз қажет.

Қазақ-қырғыз әдебиеті байланысының зерттелуінің дәстүрлік, тақырыптық, желілік аясы өте кең десек, осы ретте Ш.Мұртазаның «Ақсай мен Көксай» әңгімесі алдымен сөз етуге тұрарлық туынды.

Әңгімеде жерлері шектесіп жатқан қазақ-қырғыз туыстығы, құдандалығы, соғыстың қиын уақытындағы тағдыр бірлігі өмірлік негізде көркем суреттеледі. Бұл туынды да жазушының өз өмір шындығынан бастау алған. Әңгімедегі Барсхан да, Айша да, Арзы апасы да оқырманға бұрыннан жақсы таныс кейіпкерлер. Ақсай, Көксай – тау бөктеріндегі шектесіп жатқан тамаша табиғат аясы. Сұлу табиғат ғажайыбын өлең-жырға қоспаған халық бола ма?! Әңгіменің құлақкүйіне келтірген екі елдің өлең-жыры да шығарманың тақырыбын, автордың идеясын аша түсуге қызмет еткен. «Біздің ауыл Ақсайдың қақ басында Күміс жүген сылдырар ат басында...» деп қазақ жұрты туған жерін асқақтата өлеңге қосса, қырғыз айылының ырында «Көксайдың бойуун этектеп Мен коноюн, Бекбекей. Қара мақпал тонуңа Жең болоюн, Бекбекей...» деп ғашықтық сезімін қырғыз жігіті үзілдіре толғайды.

«Ақсай мен Көксай» атты көлемді әңгімесінің негізгі күретамыры – ежелден ауылы аралас, қойы қоралас отыратын, құда-жегжат болып араласып кеткен қырғыздар мен қазақтардың қиын-қыстау жылдары бір-біріне сүйеу болып, қол ұшын беруі.

Шеберлігі шыңдалған талантты қаламгер әңгімелерінің қайсысында болсын салмақты ой, өзіндік өрнек шымыр құйылған. Шерхан Мұртаза әңгімелері турасында үлкен суреткер Тахауи Ахтанов былай дейді: «Шерханның өзім ұнататын бір қасиеті ол әңгіменің классикалық үлгілеріне бейім. Шағын әңгімеге тән шымырлық, оқиғаның қою һәм жинақтылығы, ішкі мән, астар, новеллаға тән тосын шешімдер біздің осы ойымызға дәлел болса керек. Бізді қатты сүйсіндірген, ішімізді жылытқан нұрлы әңгімесі «Бір нәзік сәуле», «Қырық бірінші жылғы келіншек», «Шекшек шырылдайды», «Сол бір күз», «Жаңбырлы той», «Шақалақ», «Сусамыр» атты әңгімелері де бүгінгі әдебиетіміздің көркемдік дәрежесіне көтерілген құнды дүниелер».

Бұдан өзге жазушының «Сол бір күз», «Ақсай мен Көксай», «Бойтұмар», «Айрбас», «Сүдігерде изең ызындайды», «Жүз жылдық жара», «Қасқырдың тарамысы», «Соңғы нәсіп», «Кәрі солдат», «Тұйық шарбақ», «Нөсер», «Дәрігердің үшінші қаруы», «Тастай берік, гүлдей нәзік» атты түрлі тақырыптарды арқау еткен тамаша әңгімелері бар.

«Шерхан Мұртаза новелла-әңгімелерінің күдіретін мен кейде музыкадан тапқандай боламын. Құрманғазының «Қайран шешем», Дәулеткерейдің «Салық өлген», Тәттімбеттің «Көкейкесті»,

Қазанғаптың «Көкіл», Сүгірдің «Қосбасар» мен «Жұман», Әбікен Хасеновтың «Қоңыр», Нұрғиса Тілендиевтің «Ата толғау», «Махамбет», «Аңсау» тәрізді күйлерінің немесе қазақ әндерінің; башқұрт пен татар әуендерінің; Фредерик Шопен мен Франц Шуберт этюдтерінің; Огиньский Полонезі мен Штраус вальстерінің құдіреті осы әңгімелердің болмысына өзінше тылсым сиқырмен ұялап қалғандай сезіледі.

Өйткені, осынау әңгімелері мен новеллалары арқылы Шерхан Мұртаза біздің әдебиетімізге көне Мың Бұлақтың (қытай саяхатшысы жазып кеткен) ертегідей миуалы бағын – Бақтияр бабаның бағын көшіріп әкелгендей көрінеді», - өз пікірін білдіреді

Жазушының әңгіме жанрында қалам тартқан кейінгі туындыларының қатарында – «Қыз қасқыр» әңгімесі де бар. «Қыз-Қасқыр» шығармасының символикалық негізгі кейіпкері, танымал тұлға - М.Мырзахметұлы деп саналады.

Әңгіменің эпиграфы ретінде жазушы: *«32-ші жылы аштан, қара шешектен қынадай қырылған менің құрдастарыма ескерткіш белгі»* - деген сөздерді жазады. Бұдан әңгіменің негізгі тақырыбы – ашаршылық жағдайындағы қарапайым халықтың хал-ахуалы, шарасыздық әрекеттері екендігін айна қатесіз түсінуімізге болады.

«Патша ашаршылықты қолдан жасады. Өйткені, оған бодан халық емес, сол халық ие болып отырған жер керек еді. Ал жерді босатудың амалы: халықты қаңғыртып жіберу болатын. Мал-мүлкін сыпырып алып, адамдарды нәрсіз қалдырған соң ел не істемек? Күн көріс үшін аяқ жетер жерге дейін қаңғырмай ма» - деп жазады қаламгер шығарма экспозициясында.

«Қыз-Қасқыр» әңгімесін оқи отыра суреткердің өмірлік материалдарды игеруге қаншалықты күш жұмсағандығын байқауға болады. Сол өмірлік материалдардың өзіне сай мазмұндық әрі пішіндік түр-сипат алу жолындағы әрекетке суреткер қаншалықты қажыр-қайрат жұмсайды. Суреткердің сұлу қаламынан туған бұл әңгімесінің табиғаты да соншалық қарапайым бола тұра, соншалықты жұмбақ. Кей қарапайым дүниелердің ғажайып сұлулық іспеттес көрінетіні, ал бүкіл ғажайып сұлулық атаулының көбіне қарапайым көрінетіні дәлел сұрамайтын аксиома болып табылады. Әдебиетте осындай көркем құбылыстар баршылық. Шерханның да осы әңгімесі өзгелерімен қатар сол құбылыстардың бірегейіне жатады, әрі бірегейінен саналады. Себебі, қаламгердің Адам, Қоғам, Тағдыр, Өмір тәрізді Мәңгілік ұғымдарды терең

түсінгені, сол төрт поллюстің ортасындағы маңызды – өмір шындықтарын өзінің шеберлігі арқылы, құралдары арқылы шынайы жеткізе білуі оның талантын тағы да бір айқындай түсетін тәрізді.

Қазақ халқында ұл балаға ерекше ден қойып, дүниеге еркек кіндікті перзент әкелген әйелдің мәртебесін қашан да көтеріп отыратындығы айқын. «Ұл таппаған қатыннан, лақтаған ешкі артық» деген сөздер де осының дәлелі болса керек. Әңгіме желісіндегі Айсұлудың емшектегі қызын ешектей бір қасқырға қиып тастап, жетегіндегі ұл баланы аман алып қалуы да осы қазақи қағидатты орындаудан туындаған әрекет тәрізді. Ұлдың ұрпақ өрбітіп, қара шаңырақтың егесі атанатындығынан болар. Айсұлу мұнда қыз баласын көпсініп те тұрған жоқ, жүрегін тілім-тілім етіп, қанын сорғалатып тұрып, жан-дүниесі алай-дүлей күйінде шаранасын ажал құштыруға тастап кете барады.

«- Кешіре гөр! – деп күбірледі Айсұлу, қасқыр қызды жеп жатыр екен деп ойлап. Ендігі бір түйсік: әлгі қасқыр жұдырықтай қызды бір-ақ қылғытып, артымыздан қуып жетіп, бізді жайратар ма екен деп зәре-құты қалмай зымырады.

Садақа деп тастап кеткен қыздан гөрі, соның орнына көтеріп алған ұл бала әлдеқайда салмақты екен...».

Шерхан Мұртаза шығармашылығының өзіндік қыры болар – адамнан өзге табиғат жаратылыстарының тылсым жан дүниесін айнытпай бере алуында. «Қыз-Қасқыр» әңгімесінде де қасқырдың ішкі жан-дүниесін ашып, бойындағы қасиеттерін, ойлауын, әрекет етуін айнытпай беріп отырады.

«Құтқа тумасынан сақ жануар. Ал, енді жанына адам затынан жаратылған қыз-қасқыр ілескелі бері бұрынғы сақтығы сақтық па, енді ешбір жанға көрінбес, тек елеске айналып кеткен мақұлық ат тәрізді... Қыз-Қасқырдың бет-аузын жалап, кір қожалығын кетіріп, шырайландырып қояды. Бұл Көк Бөрі нәсілінің асыл тұқымнан екендігінің айғағы сияқты. Нәсілі таза».

Адамзат баласының жыртықштардың арасына сіңіп, солар тәрізді өмір салтын кешуі, сыртқы болмысымен қатар, ішкі жай-күйінің, мінез-құлқының да өзгеруі ерекше назар аудартады.

Жасымықтай меңінен таныған шеше байғұс әңгіме финалында қызымен қауышады.

«- Уа, тәңірім! Тәуба! Тәуба! – деп Айсұлу екі алақанын аспанға қарап жайып жіберіп айқай салды.

Сол сол екен, торда жатқан Ана қасқыр Құртқа байғұс тұмсығын көкке көтеріп, ұзағынан азандата, зарлана, қасіреттене ұлып қоя берді. Оны естіген айналадағы адамдар тұла бойы шымырлап, көздері жасаурады».

Шерхан Мұртазаның новелла әңгімелерінің қайсысы болмасын ағылшын жазушысы, әңгіме жанрының классигі Сомерсет Моэмның айтқанындай оқырмандарды «таңғалдыратын» дүниелер. Осыған орай, Шерхан туындыларының көркемдік-философиялық құдіретін кейде түсіндіріп, талдап жатудың өзі артық сияқты. «Шерхан шығармаларын тек өзің оқып шығуың керек. Тек сонда ғана көркемдік құдіретке еріксіз табынасың, еріксіз бас иесің, еріксіз құрметтей түсесің. Көбінесе, бас-аяғы 5-10 беттен аспайтын бұл шедеврлерді оқтын-оқтын қайталап оқып тұрғанға не жетсін!..» - дейді Сайлаубек Жұмабек.

Жалпы, Ш. Мұртаза – көркем әңгіменің шебері. Шағын жанрдағы туындылары образға бай, көтерер тақырыптары да әр алуан болып келеді. Сюжеттік арқауы шымыр, тартыс қуаты мығым. Образдар өмірдің өзіндей түрлі мінез-құлықтарымен, ішкі сыр-толғаныстарымен, даралық сипаттарымен қадау-қадау болып ашылып жатады. Түрлі көркемдік әдіс-амалдар әңгімелерінде орайымен қолданылады. Жазушының кейінгі жазған кей әңгімелерінен мистикалық, аллегориялық сипат та көрінеді. Бас-аяғы жұп-жұмыр, жинақы әңгімелерінің тілі объектісін нақты да бейнелі суреттеуімен, қарапайым да жеңілдігімен, ойға қонымдылығымен ерекшеленеді. Жазушының әңгімелері - автордың өзге көркем дүниелерімен іштей сабақтастық құрған көркемдік әлем.

Ш.Мұртаза көркем прозадағы тұңғыш туындысы «Табылған теңіз» повесімен (1963 ж.) жазушылықтың босағасын аттады.

Алғашқы повесінің өзінде жазушы ел аралап, жер көріп, адамдармен араласып, өмір сырына біраз қаныға бастағанын көрсетсе керек.

Повесть кейіпкері Орал есімді жігіттің алғашқы еңбек жолын бастауы, азамат болып қалыптасуы, айналасындағылармен қарым-қатынасы шынайы суреттеледі.

«Қара қағаз» келіп, соғыста өлген әкесінен өлідей, туған шешесінен тірідей айырылып, жастайынан қарт атасы мен әжесінің қолында өскен кейіпкер жақсы мен жаманның парқын ажырата алатын болып өседі. Бір тал бидайдың қасиеті мен әжесі айтқан

аңыз-әңгімелердің мән-маңызын түсініп өскен Орал алдына айқын мақсат, үлкен сенім қойып, тыңға аттанады.

Оралдың туған жерге деген сүйіспеншілігі оның сөзінен ғана емес, ісінен де көрінеді. Бір ыңғайсыз шатақпен оқудан шығып қалғанда да, сары уайымға салынбай, тың өлкесіне батыл қадам жасайды. Торғай елінде Виктор сынды орыс жігітімен танысып, екеуінің арасындағы достық қарым-қатынас та шынайы түрде өрбиді. Сонау Крюковадан келген екі жігіт тағдырлас болады. Екі жастың бойынан ерекше дараланып көрінген қасиет – әкелер өсиетіне адалдық, жауапкершілік еді. Орал мен Виктор қайда жүрсе де әкелерін естен ешуақытта шығарған емес.

Сондықтан да егіс даласында шыққан тілсіз жауға – өртке жанталаса қарсы шығып, бетін қайтарған Оралдың тіршілігі осының айқын дәлелі.

«Белгісіз солдаттың баласы» повесінде де жалындаған жастардың еңбекте шыңдалып, қалыптасуы бейнеленеді. Басты кейіпкер Исатайдың әрекетінен біз тыңда піскен астықты егіп, жинаған адамдардың ғана емес, сонымен қатар Отан қоймасына жеткізуші шопырдың да рөлі ерен екендігін байқаймыз.

Исатай тағдыры «Табылған теңіз» повесіндегі Орал, Виктормен тағдырлас та, тіпті бұралаң да. Ол өзі көрмеген әкесін қиялында жолықтырып, түсінде дидарласады.

Махаббаттың ескерткішіндей болып, әкесі майданға аттанған соң дүниеге келген Исатайды шешесі Сырға оң жақта тууға мәжбүр болады. Ал «қарт әке қызының масқарасына шыдай алмай, сырғаны қатыны өлген егде біреуге елең-алаңда ілестіріп» жібереді.

Исатай шығарма барысында қандай шаруға болса да икемді, бас шайқамайтын еңбекқор болып өседі. Жақсы қасиеттерімен дараланған Исатай бейнесі шығарманың шарықтау шегінде тіпті жарқырап шығады. Отанына, халқына шын берілген, қоғам мүлкін, халық байлығының талан-таражға түспеуіне барынша ықпал етіп, қамқор бола білетін білікті азамат дәрежесінде танылды.

Осындай адал да, еңбекқор Исатайды қара ниет Салық, Жүзбай сияқты адамдар торына түсірмек болды. Өзінің машинасындағы астықты сатып жібергенді естіп-білгенде оның жаны үлкен күйзеліске түседі. Осындай алты тонна астық үшін болған үлкен шайқаста кімнің адал, кімнің арам екені толық ашылып көрсетіледі.

Повестен дала еңбеккерлерінің іс-әрекеті, тыныс-тіршілігі барынша айқын көрінген.

Жалпы Шерханның Орал, Исатай, Нариман атты кейіпкерлері өздерінің тал бойына адалдық пен әділетке, қайырымдылық пен қанағатқа негізделген халықтық дәстүрдегі тәрбиенің негіздерін мол сіңірген. Сондықтан да олардың азаматтық болмысы, рухани-моральдық тұлғасы өнегелі әрі биік болып саналады.

«Белгісіз солдаттың баласы» повесінің тағы бір ерекшелігі – үшінші жақта жазылуында. Ал бұл тәсіл – жазушыға үлкен мүмкіндіктер береді. Бұл тәсілмен баяндалатын оқиғалар желісінің ауқымын кеңейтуге, түрлі мәселелерді «бейтарап баяндаушының» көзімен қарап, бейнелеуге болады. Ал «Табылған теңіз» бен «Бұлтсыз күнгі найзағай» повестеріндегі баяндаушы рөлінде кейіпкерлердің өзі болғандықтан шектеу бар еді. Өйткені, авторы – кейіпкер, кейіпкері – авторы болып баяндалатын жағдайлар көбіне өмірбаяндық нәрселермен шектеледі. «Мен» арқылы жазылған дүниелердің әдетте қаламгерлердің алғашқы туындылары болып келетіні де сондықтан.

Шерхан Мұртазаның лирикалық прозасы «Табылған теңіз» бен «Бұлтсыз күнгі найзағай» повестерінен бастау алып, «Белгісіз солдаттың баласы» хикаясында нық орнықты.

Осындай балалық шақтағы бастан кешкен өмірлік шындықтар, соғыс жылдарындағы қазақ аулының тыныс-тіршілігі жоғарыдағы повестердің аясына сыймай жаңа бір дүниеге өзінен-өзі сұранып тұр.

Осылардың нәтижесінде дүниеге «Мылтықсыз майдан» (1969 жыл) повесі келді. Қаламгердің «Белгісіз солдаттың баласы» шығармасындағы нық орныққан лирикалық прозасы енді «Мылтықсыз майдан» атты шағын романда өркештене түсті. Шығарманың эпиграфында автор: «Есіл ерлер! Сендерге Алатаудай ескерткіш орнатса да лайық... Онымен де орындарың толмайды... «Талапты» ауылынан қан майданға аттанып, қайтпай қалған ағаларым, сендерге арнадым» - дейді. Шығармаға эпиграф беру Шерхан Мұртаза қаламгерлігінің тағы бір қыры десек болады.

«Мылтықсыз майдан» микророманы 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі қазақ ауылының көркем тарихын бейнелейтін туынды. Бұл драмалар мен трагедиялардың тууына себепші болған соғыс әкелген зұлмат. Атап айтсақ, перзенттерінен айырылған әке-шеше зары; жұбайларынан айырылған әйелдердің зары; тірі жетімдердің өкініші; осының бәрі қаламгер шығармасында қапысыз суреттелген.

Мұндағы Нұрперзент бейнесінің бойында «Табылған теңіздегі» Оралдың; «Бұлтсыз күнгі найзағай» шығармасындағы Нариманның; «Белгісіз солдаттың баласындағы» Исатайдың бүкіл балалық шағы нақты, әрі жинақталған қалыпта беріледі. Шығармадағы Арай ана мен Мамай қарттың бойларындағы Оралдың әжесінің бар тіршілік-тынысы, ой-арманы сол қалпында, нақты көрініс тапқан.

Повестегі Тотияның трагедиясы – бүкіл жесірлердің шынайы трагедиясы болып беріледі. «...Әмеңгерлік – ата жолы... Туған қайыныңның барына шүкір» - деп абысындары сөз бастағандағы Тотияның жан айқайын тек Арай ана ғана терең түйсінді.

«Қайран Тотия, - деді Арай. – Жыла-жыла. Сенің жаныңды, неге жылағаныңды мына сорпа-суға тойғандардың ешқайсысы түсінбейді. Жыла Тотия, масқарала тәңіріні де, тағдырыңды да. Ит терісін басына қапта Жасағанның... Қайдан білсін олар сенің күйіңді. Әйел болып көрді дейсің бе олар. Жесір әйел болып көрді дейсің бе? Жастай жесір қалған әйелдің қараңғы түндерде кірпік қақпай жататынын олар қайдан білсін... Жесірдің күні лақтырған тас сияқты... Соғыса береді адамдары. Жыла, Тотия!.. Бозда, Тотия! Неке қиярында боздаған соңғы келіншек сен бола қой. Сенен кейінгіге жетпей-ақ қойсын бұл сойқан. Менің некемді екі рет қизан, сенің некеңді екі рет қизан қалпе енді Әскербектің келіншегінің некесін екі рет қимамай-ақ қойсын...» - деп Арай ана үлкен зарын жеткізеді. Қаламгер шығармасындағы мұндай монологтары арқылы тек Арай ана, Тотияның ғана емес, сол зұлматты басынан кешірген мыңдаған қазақ әйелдерінің зарын жеткізуге тырысады, солармен үндес болып, сырлас болып әйел табиғатының тылсым дүниелерін ашуға талпынады. Және оны ашып та береді.

Нұрперзенттің болмысы да тұтас бір ұрпақтың көркем бейнесі болып табылады.

Шығармада Мамай қарттың толғанысы, Арай кейуананың жан айқайы, Тотияның дарамасы мен Тұтанның драмасы тамаша өрілген: бір әйел өрімдей жасында жесір қалды; бір перзент – Әскербек әкесін көрмей жетім атанды; Мамай қарт пен Арай кейуана перзентсіз қалды; Нұрперзент сияқты бозбала өзінің балалық махаббатымен қоштасып, туған жеңгесіне еркінен тыс некелесуге мәжбүр болды. Осының барлығы соғыс салған қасірет пен зұлмат. Қаламгер мұнда мылтықсыз майдан әкелген қасірет-

Ендеше, текке күшене бермей, соны неге жазбаймын?

«Ата-бабамның, Айшаның аруағы жар бола көр!» - деп қолыма қалам алдым.»

Жалпы адамзаттың тағдыры әрі қызық, әрі әр алуан құрылады. Өткендегі Барсхан – бүгінгі қайраткер Шерхан Мұртазаға айналды. Жай айналған жоқ. Небір зобалаңдар мен аумалы-төкпелі сұрапыл замандарды бастан кешіріп барып айналды. Шерхан Мұртазаның жарық дүниеге келіп, аман қалуының өзі бір тарих. Үш бірдей шаранасы бірінен соң бірі шетінеп кеткен соң ешнәрсеге мойымайтын әкесі Мұртазаның шашы ағарып кетеді. Сол ауыртпалықпен бірге ілесе Шерхан дүниеге келді. Барсханды әкесі Құдайдан жалынып, жалбарынып сұрап алды. Алайда, Барсханды да сол індет айналып кетпеген еді. Құдайдан жалынып сұрағаны қабыл болды ма, Шерхан аман қалды. Аман қалып, бүгінгі қайраткерге айналды.

Жалпы қазіргі замандағы әдебиетте аналар тақырыбында қалам тартқан жазушылардың арасында Шерхан Мұртазаның орны ерекше.

Жазушының өзінен «Ай мен Айшада» Ай образын жасаудағы себебіңіз не?» деп сұрақ қойғанда, Ш.Мұртаза: «...Кітаптың атында неге ай тұр десеңіз... Ол, енді, біржағынан тағдырдың ұқсастығы сияқты, біздің анамызбен, әсіресе соғыс кезіндегі жесірлік, қиыншылық көрген аналардың тағдырына ұқсас.

Гейнеде бір өлең бар. Генрих Гейне деген ақында ай туралы әдемі бір сонеті бар. Мағынасы былай: Күнге ғашық ай, сұлу, күн де оған ғашық сияқты көрінеді. Шүпірлеген көп бала тараған. Ол – жұлдыздар, күндердің күнінде арасынан әлдебір қара мысық өтті ме, әлдеқандай сызат бітті ме, екеуі содан екі жақта. Бірі – шығыс жақта, бірі батыста. Күн шықса ай батады. Ай шықса күн батып кетеді. Өмірбақи бір-біріне жолыға алмайды, осынау мұңлы сарыны бар. Ал адам баласының тағдырын алсақ, ері жаңағы репрессияға ұшырап, не болмаса майданға кетіп келмей қалғандардың көбісі солай. Балалар қалды. Ері жоқ бір-біріне жете алмаған дүние. Жалпы, дүниенің философиясы сол. Ай деген арман болса, күн деген қиял болса, соны қуасың да жүресің. Қашан жетесің, белгісіз, соған байланысты алынған ат», - деген екен.

«Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романы әуелі «Жалын» журналында (1995, №5-12) жарық көріп, әдебиет сүйер қауымнан жақсы бағасын алды. Бұл өмірбаяндық шығарма.

Бала Шерханды балалары үшін отқа түскен анасы алдындағы қарыздан қалай құтылам деген ой ертеден-ақ мазалаған еді:

«Ал мен болсам жатып аламын да ойланамын: анасы үшін о дүниедегі балалар отқа түсе жаздағанда, бұ дүниедегі біз сияқты пәндалар не бітіріп жүрміз ? Не жақсылық жасадық анамызға ?!»

Мен паркке бара жатқанда, Қазыбек би көшесі мен Қонаев көшесінің қиылысында бір мәшке итті машина басып кетті. Жаңадан күшіктеген екен. Күшіктері арыққа төселген құбырдың ішінде қалған. Машина соларды таптап кетеді-ау деп, ана сорлы моторлы тажалға қарсы ұмтылған.

- Ана сүтін ақ ішкен адал ұлға, Дүниенің төрт бұрышы болар тұлға!- дер еді Айша...

Ана қарызынан қалай құтыламыз?!»

Айша балаларына әрі ана, әрі әке, әрі әже болған нар адам болған.

«Сонда үш жетімін ұйықтату үшін, Айша неше алуан ертегі, қиссаларды айтады. Біз үшін бұл бір қадір түндері – Алланың ақ нұры жауған түндер. Анда–санда Айша осылай өзгереді. Ұзақ түнде бізге әр түрлі әңгіме айту арқылы өзі де азаптан арылып, уайымы жеңілдеп қалатын сияқты».

«Ізбайша, Әзиза, Айшалар – құдай қосқан қосағынан ерте айырылып, өмірдің бар тақсиретін тартқан тауқыметі көп, балалары үшін жанын отқа да, суға да салған итжанды аналар.

Романға нәр берген бір жетістік – ұлттық характерге мән беру. Қазақ халқына ғана тән ұлттық ерекшеліктер жазушы кейіпкерлерінің бойынан көптеп кездеседі. Қазақ әйелдерінің ата-ене, өзінен жасы үлкен қайынаға, абысынымен бірге қайын сіңлі, қайын інілердің атын атамай, оларға ат қоюы, не болмаса бас әріпін өзгертіп айтуы – ұлттық әдет-ғұрыпымыздың бір нышаны. Айшаның ата-бабадан қалған керегені отқа жақпай сақтауы, елден кетерде бүкіл аруақтан кешірім сұрап, шаңырақпен қимай қоштасуы, «Мына иесіз қалып бара жатқан шаңыраққа бас-көз болып жүрерсің» деп, иесіз үйді көршісі Баянға тапсыруы – кие тұтқан шаңырақты қандай жұт келсе де, көздің қарашығындай сақтау біздің ұлтымызға тән қасиет екендігін көрсетеді. Үйдің оты сөнудің шаңырақтың шайқалуына балайтын қазақтың от анасын қадірлеуі – бес жасар Барысханның ойнап келіп, жетілік шамға түкіріп, отты өшіре жаздағаны үшін оңбай жазалануы арқылы бейнеленген.

Көркем шығармаға аңыз-әңгімелерді, ертегілерді енгізу – қазақ прозасының табысы. Ал «Қоңыраулы еліктер», «Жалаңаш қасқыр» аңыздарына жан бітіріп тірілту арқылы ізгілікке тәрбиелеуге көңіл бөлу – жазушы жетістігі. Ұзақ түнді қысқартып, аш құрсақ балаларды алдандыру үшін айтқан Айшаның аңыздары, ертегілері – атадан балаға жалғасып келе жатқан рухани мұрамыз. Оның ата-бабалары, туған жер, тарих туралы әңгімелері болашақ жазушыға таусылмас қазына болғаны рас. Бұл романда көп кітап оқып, көп білгендіктен «молда» атанған Мұртаза мен әңгімешіл, ақынжанды Айшадан туған Барысханның Махамбеттің «Қызғыш құсына» еліктеп шығарған тырнақ алдысы да сол тұстағы зұлматтың тепкісін әшкерелегендей.

Шығарманың шешімі – Айшаны елден безуі. Оны елден, туған жерден, ата-баба қонысынан бездірген Тасбет пен Жуанқұл. Олар-кешегі Рысқұлды елден бездірген Дауылбай мен Саймасайдың жалғасы».

Бал балалықтың дәмін татып үлгермеген бұл шығармалардың авторлары үшін аналары мен әжесінің аяулы алақаны жанға дауа, тәнге шипа болғаны шығармаларынан-ақ көрініп тұр. Адам өміріндегі ең тәтті кез осы балалық шақ болса, оны еске ала шығарма жазбаған жазушы кемде-кем шығар. Ұрпағына осы кезеңде қазақи тәрбиені үлестірген ана мен әжеден айналарсың. Мүмкін бұл әрекетті уақытысында жасағандықтан, қазақтың маңдайына біткен әдебиеттің майданында өз орны бар азаматтары бүгінгі дәрежеге жеткен шығар.

«ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫ – ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ ТАБЫСЫ

«Қызыл жебе» романдар циклі - қазақ прозасындағы тарихи роман дәстүрінің жалғасы іспеттес. «Қызыл жебе» романдар топтамасының («Рысқұл» 1-кітап, «Тұрар» 2-кітап, «Жұлдыз көпір» 3-кітап, «Қыл көпір» 4-кітап, «Тамұқ» 5-кітап) тақырыптық-идеялық ерекшелігі, әдебиеттегі орны айырықша болып табылады. Шығарманың өзіндік жазылу тарихы бар. Тарихи дерек пен көркемдік таным, жинақтау, ізденіс арналары да өзгеше болып табылады. Сонымен қатар, шығарманың жазылу кезеңдері, шығармадағы басты образдар сипаты, адам тағдыры, әлеуметтік күрес заман шындығын бейнелеудің жолы, романдағы тартыс арналары да өзінше өріліп отырады. Шығармадағы сталиндік заман шындығының көрінісі және қазақ қоғамының бейнесі шынайы бейнеленген. Тұрар Рысқұлов – елін, ұлтын сүйген, соның бақытты келешегі үшін күрескен және тоталитарлық режимнің құрбаны болған трагедиялық тұлға. Образ шындығы және авторлық ұстаным, шығарманың құрылысы және стилі ерекше.

Жалпы қазақ халқының тарихы біраз уақытқа дейін жазылмаған халық. Біздер нешеме жылдар өткен тарихынан, ата тегінен, ұлттық рухынан ажырап, тіпті айырылып қала жаздаған небір қияметтерді басымыздан өткердік. Осыған дейін жоғалтқанымыз көп. Алайда, еңіреп жүріп егемендікке қолымыз жетті. Тәуелсіздігіміздің жиырма алты жылының ішінде еліміз еңсесін тіктеп, шаңырағы орнығып, тарихымыздағы арыс тұлғаларымыз да толық зерттеліп, тарихта өз орындарын айнытпай таба бастағаны баршамызға аян.

Біздің жоғалтқанымыз — қазақ деген соры қайнаған халықты қайтсем бақытқа жеткізем деп жанпидалықпен күрескен арыстарымыз еді алдымен. Кім еді ол арыстар? Олар – біздің өткеніміз, тегіміз, рухымыз еді. Зорақы заман бізді содан айырғысы келді. Мәңгүрт жасағысы келді...

Сол жоғалған арыстарымыздың бірі және бірегейі Тұрар Рысқұлов еді. Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның «Қызыл Жебе» эпопеясы арқылы біз алдымен сол Рысқұловты таптық және таныдық. Ал, Рысқұлов тағдыры — халық тағдыры. Өйткені, оның өмір жолындағы басынан өткен шындықтар халық тағдырындағы, тарихындағы шындықтарды

елестетер еді. Сондықтан да Рысқұловты тану — халықты тану деген сөз. Халықты тану - өзінді тану, халықтың өзін-өзі тануы. Ал, халықтың өзін-өзі тануына көмектесуден асқан абырой бар ма! Әдебиет халық өмірінің айнасы деген қағида осындайдан негізделсе керек. Тарихты тарихшылар да зерттейді. Сол тарих барып тоқтаған жердің ар-жағын, тылсым жағын көркем әдебиет қана көре алады.

Мінеки, «Қызыл Жебе» сол өткен тарихтың халық тағдырындағы құпия ұсталып, тылсым болып келген жақтарына үңіле білді, көре білді. Сөйтіп, 1932-жылғы зұлмат пен 1937-жылғы нәубетті әдебиетімізде тұңғыш рет бар тылсым-құпиясын жан-жақты аша отырып суреттеген бірден-бір көркем шығарма болды. Сонымен бірге, бұл эпопея - сол өткен тарихымыздағы орны толмас өкініштерден сабақ алуға, ондай сойқанды сұмдықтардың қайталанбауына үндейтін, танымдық, тағылымдық мәні бар шығарма. Шығармадан сан-тарау астарлы ойлар аңғарылар еді.

Қолдан жасалған кедергілерге қарамастан қазаққа Тұрар тұлғасының жаңа қырларын Шерхан Мұртаза дер кезінде таныта білді. Тұрардың қайта оралуына Шерханның «Қызыл жебе» романының алғашқы кітаптары жол салып берді десек қателеспейміз. 1938 жылы жазықсыз, тоталитарлық жүйенің құрбаны болған Тұрардың бейнесі аға ұрпақтың есінде қазқалпында сақталғанымен халықтың кейінгі толқыны ол туралы шындықтан шала-шарпы хабардар еді. Міне сондықтан да Тұрар Рысқұлұлының өз халқы алдында атқарған қыруар еңбегінің жан-жақтылығын, ауқымдылығын шынайы ашып көрсеткен жазушы Шерхан Мұртаза шығармасы орны бөлек туынды. Ал Шерханның өзіне келсек, ол халқының қолын жақсылықтарға жеткізіп, туған еліне шынайы қызмет жасап, мемлекетіміздің идеологиясының қалыптасуына елеулі үлес қосқан жарық жұлдыз – жанынан жалынын аямай жұмсаған азаматтардың бірі. Тәуелсіз Қазақстан жұртшылығы үшін үлкен ұғымға айналған, елінің сүйіспеншілігіне бөленген айбарлы есім. Тұрар рухының жалғасы іспетті.

Егер Тұрар Рысқұлұлының тарихи тұлғасы елге тарихи зерттеулер емес көркем әдебиет арқылы кеңінен танымал болды десек тарихшылар қауымы ренжи қоймас. Шындық осылай. Шерханның жазушы, аудармашы, драматург, публицист, журналист, қоғам қайраткері сияқты қыруар сан-салалы еңбектерін еске алғанның өзінде, оның Тұрар туралы жазғанының өзі бөлек

бір сом дүние. Сондықтан да Шерханның, қазақ әдебиетінің шежіресінде ғана емес, Тұрартану ғылымының негізін қалаушылардың ірі өкілі ретінде тарих ғылымында да өзіне лайықты орын алғанына күмәндануға болмас.

«Қызыл жебе» шығармасында Тұрардың өнегелі өміріне байланысты оқиғалар желісі нақты тарихи деректерге сүйеніп өрбиді. Романның беттері автордың тақырыпты көркем сөз шебері – жазушыдан гөрі, құбылыстың мән - маңызын, себеп – салдарын терең талдап саралайтын білгір зерттеуші – ғалымдарға тән тыңғылықтылықпен зерделегенін айғақтайды. Шерхан пайдаланған кейбір архив құжаттарының түпнұсқалары маман - тарихшыларға да үлгі боларлықтай асқан ыждағаттылықпен талданып, ой елегінен жан-жақты өткізілген деуге толық негіз бар. Шерхан «Қызыл жебе» арқылы қазақ әдебиетіне бірегей ғұмырнамалық соны шығарманы ғана емес, сонымен бірге тарихи–танымдық мәні зор зерттеу дүниені де ала келді.

Иә, елдің бәрі Шерхан емес. Осынау ел басына күн туған тұстағы Тұрардың қайсар тұлғасын көмескілеп көрсеткендер де бар. Мысалы, осы біз үшін айырықша маңызы бар мәселе жайында Тұрар өмірін арнайы зерттеген мәскеулік партия тарихшысы В. Устиновқа құлақ қойсақ, мұндай «ұсақ мәселеге көңіл бөлмеуге де болады екен. Тұрар Рысқұлұлының қызметіне арналған көлемді монографиясында ол 1932-1933 жылдардағы сұрапыл зұлмат үстінде Тұрардың өз жұртына арашашы болғанын назарына да ілмей, Тұрар Рысқұлов Қазақстанда қалыптасқан жағдайды білу үшін бір топ қызметкерлерді жіберді дегендей атүсті пікір айтуға ғана жараған (Устинов В.М. «Служение народу», Партийная государственная деятельность Т.Рускулова. А.А., 1984,162 с.).

Тұрар туралы тарихи шындықты қалпына келтіруде, оны әділетсіз саяси айыптаулардан ақтауда Шерхан көркем әдебиеттің құдіретіне мейлінше таныта білген. Шерхан романының алғашқы үш кітабы төрткүл дүниенің текетіресіп қарсы тұрған кезінде (ақтар-қызылдар, қанаушылар, қаналушылар, дос-дұшпан, капиталистік-социалистік әдебиетті: жағымды және ұнамсыз кейіпкерлер деген түсініктер берік орныққанда психологтар мұның бәрін сәбилердің ойлау тәсілі деп те атайды) жарық көрді. Партия идеологтары кезінде тоталитарлық жүйе жаңадан қалыптаса бастағанда Тұрарды «ұлтшыл уклонист», «пантүркішіл», «рысқұловшыл» деген әртүрлі айдарлар тағып қуғынға ұшыратса

кейіннен әміршіл-әкімшіл жүйе әбден орныққанда оны нағыз «большевик», «қажырлы революционер», «адал лениншіл» деп марапаттап Тұрарды өздерінің коммунистік тәрбие беру ісіне қажетті тұлға ретінде пайдалануға тырысып бақты.

Бүгінгі күні басы ашық, айқын нәрсе, біздіңше, Шерхан сомдаған Тұрар бейнесі өмірлік мақсатында бірінші кезекке большевизмді де, революцияны да, ленинизмді де емес, өз халқының, өз ұлтының, түрік қандастарының мүддесін бәрінен де биік қойып, сол үшін басын қатерге тіккен алаш азаматы.

Саяси жағынан алғанда Шерханның Тұрар жайындағы шығармалар жүйесінің (роман, пьесасы, әңгіме, очерктері) арқауы коммунист Тұрар емес, халқының жанашыры осы игі мақсат үшін коммунист, өз ұлтының қамқор перзенті болған Тұрар дер едік. Сайып келгенде Тұрар большевиктер партиясының мүддесі үшін емес, туған халқының арман-тілегі, болашағы үшін өзін-өзі өртеп, өзгеге жылу берді.

Ш.Мұртазаның Тұрар тақырыбындағы ірілі-кішілі әр жанрда жазылған туындыларын қай жағынан сараласаңыз да олардың талай ғылыми мақалаларға және олардан да зор зерттеулерге өзек боларлық кесек ойларға жетелейтіні даусыз. Біз бүгін, жоғарыда аталған себептерді де еске ала отырып, Шерхан шығармаларындағы кейбір тарихи тұлғалардың саяси келбетіне тоқталған зерттеушілердің қысқаша пікірлеріне тоқтағанды жөн көрдік.

Кейіпкерлердің саяси қайраткерлігі, түр-сипаты Тұрармен қарым-қатынаста ашылады. Бұл қатынас, шартты түрде алсақ, мынадай жүйемен жасалған: әке мен бала (Рысқұл – Тұрар), Тұрар – халық, Тұрар – Сталин, Тұрар – Ленин, Тұрар – Голощекин, Тұрар – шовинистер, Тұрар – Түрккомиссия, Тұрар – басмашылар қозғалысы, Тұрар – Моңғолия т.б. Бұл қатарлардан оқырманды әсіресе қызықтыратын Жанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай, Әубәкір Диваев, Мұхтар Әуезов, Санжар Асфендияров, Сұлтанбек Қожановтардың есімдерімен байланысты жайттар. Әрқайсысы дербес зерттеу объектісіне айналайын деп тұрған жеке тақырыптық тың тұлғалар бұлар. Енді өзіміз келтірген жүйедегі Тұрардың басқалармен қарым-қатынасын аша түссек.

Тұрар – Ленин. Тұрар өмірде де, Шерханның романында да Ленинмен ортақ түсінікке, бір түйінге келе алған жоқ. Сөз жоқ, бұл екі ұлы тұлғаның өзара қатынасын суреттеу зерттеуші – жазушы Шерханға оңайға түскен жоқ. Тұрардың Ленинмен кездесетін

тұсын сипаттаған эпизодтан кейін қаламның әрі жүрмей қойғандығын автордың өзі де мойындайды. Тұрардың Түркістан автономиясы жөніндегі жобасын қабылдау – қабылдамау Лениннің өзіне, оның қандай дәрежедегі интернационалист екендігіне сын еді. Тұрардың жобасы Түркістан халықтарының шынайы тілегі болатын. Ленин, өкінішке орай Түркістандықтардың талап-тілегін ысырып тастап, одан большевиктік орталықтың, Мәскеудің мүддесін әлдеқайда жоғары қойды. Тұрардың да өз шындығы бар. Ол осы бағытынан өле-өлгенше тайынған жоқ.

Тұрар – Сталин. «Қыл көпір» мен «Сталинге хатта» қайсысының жеңгенін – әділеттілік пе, әлде зұлымдық па, өтінуші Тұрар ма, әлде билеуші Сталин бе – Шерхан мұның төрелігін айтуды өзінің оқырманы мен көрерменінің еншісіне қалдырыпты. Десек те, біздіңше, жеңіске жеткен қазақтың ұлы. Әділетсіздікке төзбейтін Тұрардың қайсар мінезінің шегіне жете ширекқанын оқып білдік, ардақты ағамыздың туған ұлтының болашағы үшін жанын пиде еткеніне де көз жеткіземіз. Қу жақтың орнына Мырзаянды лауазымды қызмет Қазақстанды билеп-төстеуге келтіріп, ел-жұртымыздың жартысын жер бетінде сақтап қалғандығын да білдік. Аман қалғандардың ұрпақтары сіз бен біз Тұрар аруағына бас иіп өтеміз. Балаларымызға да осылай етуге өсиет етеміз.

Тұрар – Голощекин. Жоғарыда аты аталған мәскеулік партия тарихшысы В.Устинов Тұрар мен Голощекинді көп жылдан бері айнымас достар ретінде суреттейді. Әрине, бұл тарихи шындықты өрескел бұрмалаудың тамаша үлгісінен басқа ештеңе де емес. Мұндай ой Шерханның үш түн ұйықтаса да түсіне кірмейтін болар. «Жұлдыз көпірде» автор Голощекиннің болмысы бөлек, қарапайым жұрттан бойын тартып ұстайтын өркөкірек большевик әкім екендігін айна-қатесіз көрсетеді.

Тұрар – Жанша, Мұстафа. Қазақ әдебиетінде Жанша Досмұхамедов сынды парасат иесін, үлкен жүректі адамды алғаш рет ұнамды кейіпкер ретінде шынайы суреттеген де Шерхан болар. Осындай жылылық пен ілтипаттылық Тұрардың Мұстафа Шоқайға көзқарасында да айқын сезіледі. Жазушының бұл екі қайраткер жайында кіндік ой қозғауына олар туралы нақты тарихи деректердің аздығы қол байлау жасады. Өйткені, Шерхан «дерексіз тарих – тұл» деген қағиданы берік ұстанған жазушы.

Туған халқының мұң-мүддесін толымды түрде білдіру, жұртының жанына батқан ауыртпалықтармен күресу – қазақ зиялыларының саяси қызметінің басты сипаты. Қазақты іштей жегідей жеген рушылдық пен жікшілдік және бас біріктіруге ұлттық бірлікке ұмтылған қозғалыс – міне осы екі нәрсе үнемі қатар жүрген қоғамдық процесс бағыттары. Бұл Шерханның Тұрар өнегесін зерттеушілікпен саралап талдағаннан кейінгі әділ тұжырымы. Осы тұста Әлихан, Ахмет және Міржақыптардың «Қазақ» газетінің Семей алашшылдарының «Сарыарқысының», «Абайының», «Мұстафа Шоқайдың», «Бірлік туының», Көлбай Тоғысовтың «Алаш» пен « Үш жүзінің» бүкіл қазақты тегіне, байы мен жарлысына қарамай ұлттық ынтымақ пен ауызбірлікке шақырудан жалықпаулары шындығын бейнелейтін маңызды жәйттер Тұрар тәрізді Шерханды да халық тағдыры, елдің бүтіндігі терең толғандырады.

Шерхан кеңес қоғамтанушы ғалымдарының әдетте жалпылама сөздермен бүркемелеп, немесе мүлде орағытып кететін Тұрар есімімен байланысты Түркістан тарихының «қиын» тұстарын талдауда да өз кейіпкері Тұрарға тән батылдық көрсетеді. Осындай күрделі мәселелердің бірі – Түркістанның болашақ мемлекеттік құрылысы жайындағы Мәскеу мен Тұрар арасындағы талас Шығыстың ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшеліктерін жете ескермей, бар мәселелерді таптық позициясының тар шеңберінде шешпек болған большевиктік саясаткерлерге Тұрар бастаған жергілікті қайраткерлер Түрік республикасы идеясын қарсы қойды. Тұрар дербес түркі мемлекетін құруға Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихи, экономикалық, мәдени-тұрмыстық ортақтастығы жеткілікті негіз бола алады деген дұрыс пікірде болды. Соңғы кезге дейін Тұрардың осы көзқарасы аса ірі қателік ретінде саналып келді.

Дегенмен де, әділдік ақырында салтанат құрды. Кезінде Тұрар армандаған қазақ халқының егеменді, де, тәуелсіз мемлекеті қайта шаңырақ көтерді. Бұл қуанышты өмірді Тұрар көрмесе де, Шерханның «Қызыл жебе» романындағы кейіпкер Тұрар көріп куә болып отыр. Бүгінде Тұрар салған соны соқпақты даңғыл тәуелсіздік жолына айналдыру үшін, кезінде Шерхан Мұртаза да республика парламентінде үлкен қайраткерлік танытты.

Дүниеде әруақты тірілткеннен артық сауап болмайды екен. Шерхан Мұртаза сол әруақты тірілтті. Рысқұловтай ұлы әруақтың

рухын тірілтті. Шерін шертіп, зарын айтты. Сөйтіп, «халқының қан жылағанын сонау патша заманынан көріп, куәсі болған Рысқұловты; сол халыққа кәйтсем қол ұшын беремін деп жастайынан шырылдаған Рысқұловты; алтын сандықтың үстінде отырып, сол сандықтың кілті қолына тимей, өз жеріне, өз байлығына ие бола алмай қорлық көрген еліне еңіреп жүріп жаны ашыған Рысқұловты; сонау Түркістан өкіметі тұсының өзінде жергілікті халықтардың правосы үшін Кушекиндермен арпалысқан Рысқұловты; «Түркістан, Қазақстан патша отаршылығынан Совет тұсында да арылып болған жоқ!» деп айқасқа түскен Рысқұловты тірілтті. Халқымен қауыштырды.

Зерделі жазушы Шерхан Мұртазаның зейінді ізденісіндегі азаматтық пафос пен көркемдік ойының терең бірлігінен өмірге келген «Қызыл жебе» роман-эпопеясы тәуелсіздігіміздің баянды болуына қызмет ететін шығарма екендігін айтқанымыз абзал.

Қай жерде де – әдебиетте де, баспасөзде де, қиын да жауапты қайраткерлік, қоғамдық жұмыстарда да Шерағаның өз орны бар, қайталанбас, қайсар да өжет үні бар. Қазіргі таңда біздер Шерағаның бейнесінен қазақ халқының аяулы перзенті, халқы үшін қайраткерлік, күрескерліктің ұлы үлгісін көрсеткен Тұрар Рысқұлов тұлғасын танығандай боламыз.

Суреткер Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» (*«Рысқұл» 1-кітап, 1978 жыл, «Тұрар» 2-ші кітап, 1980 жыл*), «Жұлдыз көпір» (*3-кітап, 1984 жыл*), «Қыл көпір» (*4-кітап, 1991 жыл*) және «Тамұқ» (*5-ші кітап, 1994 жыл*) сияқты кітаптары аса көрнекті мемлекет және партия қайраткері, қазақ халқының ұлы перзенті Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметіне арналған кең тынысты полотно. Романдар циклынан біздер қазақ халқының ХХ ғасырдың басынан 1940 жылға дейінгі өмірін тұтас көреміз. Және қандай азаптарға толы, қиямет-қайым тіршілік-тынысын көреміз. Сондықтан да бұл туындыны занды түрде нағыз роман-эпопея дейміз.

Суреткердің лирикалық-философиялық прозасы осы роман-эпопеяда барлық бітім-болмысымен мейлінше жарқырап көрінген демеске шараңыз жоқ. Қазақ халқының ұлы перзенті Тұрар Рысқұловтың теңдессіз трагедияға толы өмір жолы әрқашан халық трагедиясымен бірлікте қарастырылады. Қырық жылға жуық уақыт ішінде қазақ халқының басынан кешкен зобалаңдары, аштық

қырғыны, репрессия зардаптары талай-талай романдарға, роман-эпопеяларға жетіп артылатыны белгілі.

Дегенмен, «Абай жолы», «Оянған өлке» «Ақ Жайық» пен «Қан мен тер» тәрізді шын мәніндегі роман-эпопея жазу екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Ол үшін жазушы ең алдымен кемел де кенен тұлға болуға тиіс. Суреткерлік мұндай ірі ерлік жасау үшін жазушының өзі ересен талант болуға тиіс. Міне, осындай киелі қасиеттер о бастан бір өрім болып тоғысқанда, табысқанда, табандылық пен төзімділік көрсеткенде ғана дүниеге сирек те санаулы роман-эпопеялардың келетіні мәлім. Сонда ғана ұлы Мұхтар Әуезов дәстүрі дамып, қазақ әдебиетінің рухани қазынасы толыға, молыға түседі.

Сонымен, қырық жылға жуық шығармашылық бейнеттің нәтижесінде дүниеге «Қызыл жебе» роман-эпопеясы келді. Автордың: *«Менің бала кезімде Тұрар Рысқұловтың есімі ауызға алынбайтын. Оны білетін ауылдың ересек адамдары: «Е, есіл ер, нақақтан кетті зой, енді ондай қайраткер қайда» — деп сыбырласып, күбірлесіп қана еске алатын.*

Тұңғыш рет Тұрар Рысқұловтың кім екенін 1960 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған - қарт журналист, байырғы большевик, партия қызметкері Рахымалы Байжасаровтың көлемді мақаласынан оқып білдім.

Кейін Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін егжей-тегжейлі зерттеген арнаулы беделді комиссия құрылды. Сол комиссияның қорытындысы бойынша, Тұрар Рысқұловтың атына жағылған қара күйе жуылып, ардақты есім біржолата ақталды», — дейтін сөзінен бері қарай, суреткер көкірегіне Тұрар Рысқұлов туралы материалдардың, деректердің, архив құпияларының бірте-бірте қордалана бастағаны белгілі. Бұл дайындыққа Шерхан Мұртазаның шындап кіріскеніне де кемі он бес жыл кеткенін шамалауға болады. Бірінші кітап — 1978 жылы жарық көрсе, осыған қарап өзіңіз біле беріңіз. Ал бесінші кітап — 1994 жылы жарық көрді. Тұтастай алғанда (1960-1994) «Қызыл жебе» атты роман-эпопея үшін қырық жылдай уақыт еңбек ету, оңай шаруа емес. Бұған ердің ері, суреткердің суреткері ғана шыдайды. Кітаптан кітапқа кемел суреткерлік қолтаңбаны — лирикалық-философиялық стильді сақтаудың өзі ғаламат ерлік. Бес кітабы қолға тұтас тиген роман-эпопеяны қайтадан, бір мезгілде қатарынан оқып көріңізші, көзіңіз бұған жете түседі.

Республика мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі жазушы Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы прозамыздағы тарихи-революциялық тақырыпты игерудегі тың да жаңа қадам болып саналады. Бұл, біріншіден «ұлы заманның ұмытылмас перзенті»; «бүкіл өмірі шайқаспен өткен»; көрнекті революционер; аса ірі партия және мемлекет қайраткері; «мүлде жаңа сипаттағы күрескер» Тұрар Рысқұлов тұлғасының көркем сомдалғанынан-ақ айқын аңғарылады. Өйткені, соны сипаттағы, жаңа тұрпаттағы кесек образ — ірі масштабтағы қайраткердің тарихи бейнесі, әрине, тек жаңашыл туындыда ғана көрініп, өріс табады.

Екіншіден, шығарма тарихи реальды тұлғаны, дәуірді объекті етіп алды, мұның өзі сол жазушылардан нақты тарихи деректердің тілге тиек, оқушысы қармаққа ілерлік деректілік тізбе-фактішілдік шеңбері мен көлеңкесінде қалмай, *(шынын айту керек, көп туындылар фактілер мен деректердің құрсау көлеңкесінен шыға алмай ақсап жатады)* солардан шын мәнінде тарихтың да, көркем шығарманың да шыншыл, сыршыл, тебіренісшіл поэзиясына көтерілуін талап етеді. Алайда, мұндай зор талаптарға көп жазушылардың туындылары әртүрлі себептермен жауап бере алмай жатады.

Жекелеген туындыларға қарағанда, эпикалық шығармалардың баяндау мәнеріндегі бірінші скрипканың рөлін атқаратын ырғақты — яғни басты стильдік ырғақ-әуенді — басынан-аяғына дейін ұстана білу кім-кімге де қиямет-қайым. Дегенмен, осынау дербес қаламгерлік ырғақты көркем әңгімелерінде жетік меңгерген автор енді осы бір көркемдік кілтті романның екі кітабында да төселген, кемеліне келген суреткердің машық-мақамына көтере, ұластыра білгенін мақтана әрі сүйсіне айтуымыз керек. Ал, мұның өзі шынтуайтына келгенде, суреткерлік сара бақыт, дара жеңіс. Осы орайда, «Қызыл жебе» өзінің табиғатына тән көркемдік шырай-сымбатын, шоқтығын биіктете, ерекшелендіре түсетін лирикалық-философиялық ырғағын дәйекті, жемісті түрде жүзеге асырған деп айта аламыз. Бұл тұста немістің ұлы жазушысы Томас Маннның өз замандасы — ұлы дирижер Бруно Вальтерге жазған бір хатында: «Прозаның сиқырлы, құпия құдіреті мен тартымдылық күші онын ритмінде яғни ырғағында» — деген сындарлы пікірін еріксіз еске алып, оның тағы бір жарқын дәлелі — «Қызыл жебе» романының болғанына, сол аталы пікірге жүгіне отырып осы шығарманы

мысалға келтіргеніңе қуанасың. Өйткені, романдағы лирикалық-философиялық ырғақтың кілті — «Оян, Тұрар!» деген сөйлемде. Әкесі Рысқұлдың әңгімелері мен қиял-хаттарының «Оян, Тұрар!» деп басталуында жүректің әмірлі лебі де, философиялық меңзеу де бар. Әуелде әмірлі лептен бала Тұрар қайта-қайта селт етіп, Рысқұл шежіресіне құлақ түрсе, біз де солай селт етіп сол шежіреге ден қоямыз. Бірте-бірте құлақта, көкейде әмірлі лептен гөрі қат-қабат, қым-қиғаш өмірдің философиялық мән-мазмұны басымдау түсіп жататындығын аңғарамыз. «*Жүрегінің түбін қырау басқан*» Рысқұлмен немесе «*Жүрегінің түгі ар болған*» Тұрармен бірге біз де Қаратау мен Алатауды жайлаған, Түлкібас пен Талғар өңірі аралығындағы қазақтардың өміріндегі небір оқиғалардың куәгері болғанымызды сезбей қаламыз. Содан болу керек, «жасына жетпей көзіне ой тұңғиығы ұялаған» Тұрардың соншама ерте есейгеніне, сол әңгімелер мен қиял-хаттардағы жағдайдың, өмірдің өзінен ойып алған шындықтың тым ерте есейткендігіне ешбір шүбә келтірмейсің.

Әлділердің әлсіздерге көрсеткен теперішін тағдырға, жазмышқа таңуға мәжбүр еткен сол «керсоқпақ» дәуірдің солақайшылдығы мол ащы шындығы және «тәкаппар, жігіттің сұлтаны, тіпті кезендінің кезінде аюды алып ұрған, барысқа табанын көрсетпеген, көкпардың пірі, жылқының дүлдүліне ғашық Рысқұлға» салған тауқымет құрығы мен қиянатынын қисапсыз молдығы; «*көзінен шоқ шашыраған, қайсар, табанды*» Тұрарға өз аузынан айтылған және қиял-хатта жазылған шер-шежіреден реалистік қанық бояулы суреттер арқылы ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының өмір — тіршілігі нақты да ауқымды көрініс тауып жатады. Осының нәтижесінде романда Рысқұл мен Тұрар тәрізді ішкі интуициясы жүйрік кейіпкерлердің терең психологиялық шешімдері, авторлық баяндау мәнерінің лирикалық-философиялық ырғағы соншама нақты, соншама шыншыл күйінде өріс алып отыр деуге болады. Мұның өзі, түптеп келгенде, Рысқұл және Тұрар атты қос кітаптың — екі романның өзіндік дербес көркемдік әлемі емес пе?! Романның дербес көркемдік әлеміне зер салғанда, осынау көркемдік әлемнің күретамырлары — Рысқұл мен Тұрар, яғни әке мен бала линиясы. Суреткерлік ірі табыс та осы линиядан андыздап бой көрсетеді. Жазушы екі кітаптың бүкіл өнбойында осы линияны педагогикалық эстетикалық, философиялық өрімінде; өзгеше біртұтастықта әрі осы өрімді ылғи ірі планда көрсетіп отырады.

Бұған дәлелді мол келтіруге болады. Мәселен бірінші кітаптағы төмендегідей қос үзіндіні: *«Бір сот Тұрарға көзі түсіп еді, бала өзіне тесіле қарап жатыр екен. Рысқұлдың тұла бойы шым ете қалды. Сонда ол Тұрар өзі өле кетсе мына әке күллі әлемнің адамдары жиылып ариш алмас қалың қайғыға қалатынын ойлап, уайымдап жатқанын айтпай сезді" (17-бет); «Туған баласының алдында беделі жоқ әке сорлы. Рысқұлдың бағы бар екен. Тұрар оны пайғамбардай сыйлайды. Жер бауырлаған жеті жасар бала не біледі дейтіндердің сору қалың. «Әке көрген оқ жонар» болса, сол жеті жастағы жеткіншек Тұрар туған әкесінің турашылдығын, күштіден күбіжіктемейтін, мықтыдан ықпайтын тәкаппарлығын, жарлымын деп жасымайтын жігерін көріп өсті. Тұрар үшін Рысқұл ер біткеннің ішіндегі одағай оқ жетпесі" (38 бет) және екінші кітаптағы:*

«Оян, Тұрар!»

Есіңде ме, Алматының көк қақпалы абақтысында мен сені құлқын сәриден осылай оятушы едім ғой. Таңғы сәтте ұйқыңнан сілкілеп тұрғызар едім. Соным обал болған екен: аймалап-ақ, басыңнан ақырын ғана сипап оятуға болатын екен. Бірақ айналаңның бәрі зәрлі тікенектей түрпийіп тұрғанда, отырсаң құймышағың қылышқа тіреліп, түрегелсең төбеңнен алдаспан төніп тұрғанда, аяныш сезім адасқақ келеді екен. Енді армандайтын: осындай тағдыр бізді бір көрісуге жазса ай маңдайыңды мен періштенің қанатымен сипар едім» (245-бет) немесе: «Менің жанымның сірілігі - сенің құдіретің шығар, Тұрар. Егер сендей ұлым болмаса, ол жер басып тірі жүрмесе, мен, сірә, мұнша соққыға шыдай алмай, сүйегім тайғаның суық топырағын тыңайтып, бір қарағайдың түбінде әлдеқашан жатар едім» (430-431-бет) — деген екі үзіндіні салыстырсақ, Шерхан Мұртазаның, шын мәнінде де, әке мен баланың арасындағы үнсіз ұғынысты; тілсіз махаббатты; жіпсіз байланған жүректерді; «алтыншы сезімнің ғажайыптарын» — әрі авторлық, әрі көркемдік кредо мен критерий етіп алып қана қоймай, соны шынайы суреткерлікпен өміршең күйінде тебірене, сүйсіне бейнелегенін аңғарамыз. Осылай бола тұра, жазушы көркемдікке салқынын тигізетін кейбір асыра дәріптеушілік, әсірелеушілік, жасандылық сияқты кемшіліктерге есте бой алдырмаған. Образдардың әрбір нақтылы іс-әрекеттері осындай өмірлік те көркемдік логикадан туындап, бірін-бірі идеал тұтқан әке мен баланың типтік образ биігіне көтерілуіне айрықша

дәл, айрықша қажет көркемдік қызметтер атқара білген. Сондықтан болу керек, Рысқұл мен Тұрардың бүкіл іс-әрекеттері өздерінің көркемдік, адамгершілік мұраттарын айғақтап, айқындап кітаптан-кітапқа қарай даму барысында бірте-бірте өркештене, жоталана түседі. Мәселен, ауырып жатқан жалғыз ұлы — Тұрары үшін Рысқұлдың болыстың қара қойын сұраусыз өңгеріп әкетуі (28-бет); Әлімбек бабасының күміс жалатқан қара бәкісі үшін Тұрардың шар етуі (79-бет); «Қызыл жебе мен Рысқұлдың өмір атты қалың кітаптың бір парағы екенін алғыр түйсігімен сезінген» Тұрардың қар үстінде бармақтары барбыып үсіп кетсе де әкесін іздеген пристав сұрағына жақ ашпауы (101-бет); Тұрардың «желік қысып» қақтаған күміспен қапталған қазақы ері бар сары айғырға мініп Сахалинге сапар шеккісі келуі, өзін Бородино шайқасындағы қолбасшы Кутузов рөлінде санауы, (284-бет); «*Көке! Мен енді мектепке барамын. Сен өкпелеме. Мен енді Кыргызбаев болып жазылдым. Бірақ мен — Тұрар Рысқұловпын*» (260-бет); Тұрардың Сокольский мырза дүре соқтырған сәттегі Ақкөз батырға араша түсуі (318-бет); Тұрардың «не өлгенім, не тірілгенім» деп куәлігіне Рысқұлов деп өз фамилиясын жазуы (327-328-беттер); Тұрардың Мерке базарындағы сөзі (364-365 беттер); партия қатарына өтуі кезіндегі жауабы (455-бет); ашаршылық зардабын тартқан сәби Арманды ажалдан алып қалуы (476-бет); тағысын тағылардың бәрі Тұрардың азаматтық қалыптасу жолындағы өмірлік заңдылықтардың көркемдік заңдылыққа айналуының жан-жақты процесін көрсететін және оның келешектегі үлкен жүректі ойшыл, «жаңа тұрпаттағы күрескер», ірі қайраткер гуманист Азамат дәрежесіне көтерілуін жүйке-жүйенді шым-шымдап баурап, шымырлата отырып, елжірететін шындықтың — уақыттың шыншыл суреттері екеніне ден қоясың.

Бірінші кітаптағы Рысқұл әңгімесін екінші кітаптағы Рысқұлдың қиял-хаты заңды түрде композициялық тұтастықта дамытып, өрбітіп, кең мағынасындағы ел шежіресін зерделі, құймақұлақ бала Тұрар көкірегіне тоқып, сіңірсе; ал екінші кітапта мектеп көрген, сауаты ашылған, көкірегі — көзі ашық жасөспірім Тұрардың ой-санасының өскендігіне Рысқұлдың қиял-хаты бір жағынан өмірлік объективті көрсеткіш және екінші жағынан бұған қоса «Ұшуы бір болғанмен, алуы бөлек» қыранның — Тұрардың іс-әрекеттерінің көркемдік көрсеткіші де болады.

Қос кітаптағы Рысқұл әңгімелері мен қиял-хаттарының сыр шертісі бөлек. Мұнда сол заманның қатпарлы, қатал шындығы қаз-қалпында көрініс беріп жатады. Ақтарыла айтылған өзежарды сырлар өзінің көркемдік бояу сазынан, ширақтығынан, динамикасынан, ырғағынан екі кітаптың өнбойында ешбір жаңылмайды.

Тұрар Рысқұлов сияқты аса көрнекті тарихи тұлға бейнеленген шығармада автордың өмірлік нақты деректерге жауапты қарағандығы айқын сезіледі. Кезінде жазушының көркемдік қиялынан туған Рысқұлдың қиял-хаттары да тіпті сол дәуірдің шындығынан алшақ кетпеген. Жазушы Сергей Бородин «Дружба народов» журналына (1971 жыл, 10-нөмір) берген интервьюінде француз королі Карл ЛТ-ның Ақсақ Темірге жазған хатының тарихта нақты болғандығын, соны қолына еш түсіре алмаған соң, ақыры өзі Карл VI болып хат жазғандығын келтіреді. Кейіннен нақты документтің түпнұсқасын өзінің ойдан шығарған хатымен салыстырғанда, хат расында да сол түпнұсқаның дубликатындай болып шыққандығын айтады. Шерхан қаламынан туған Рысқұлдың қиял хаты да ойдан шығарылғанымен, түпнұсқадағы өмірдің, өзі болған дәуірдің шыншылдығын тарихи деректерден бірде кем көрсетпейді. Өйткені, осы хаттардағы каторга тіршілігінің көркем тұжырымы мен синтезі суреткер талғамын, шыншылдығын ерекше танытса керек. *Жазушы қиялы — тарихи деректерге, тарихи деректер — жазушы қиялына қанат бітіріп*, көркемдік жүкті өзара бірлесіп, білекке-білек қосып көтергендіктен ғана осы екі кітапта өзінің ғажайып поэзиялық сипатына ие болып отыр.

Бірінші кітаптағы Ахат, Бронников, Приходько секілді кейіпкерлердің іс-әрекеттерін екінші кітаптағы батыр Ақкөз, Хмелевский, ротмистр Аркадий Приходьколар өзге бір қырынан жалғастыра, толықтыра, дамыта түскендей болады. Автор бұл кейіпкерлердің Тұрар мен Рысқұлдай жан-жақты, терең сомдалуын мақсат тұтпаған. Оның есесіне олардың әр кітапта эпизодтық хал кеше тура, есте қалуының өзі көркемдік табыс. Өйткені, Рысқұл мен Тұрар яғни әке мен бала күретамырларының жүректен қашықтаған сайын жіңішкере түскенімен, дүрсілі бірдей сан тарау тамыр бүлкілінің, тіршілік күдіретінің өздерінсіз болмайтындығының куәсі ретіндегі көркемдік функциясы да жеткілікті. Сыншылар мін іздесе де, көбінесе, осы кейіпкерлердің

төңірегiнен iздейтiнi мәлiм. Солай бола тұра, автор өзiнiң суреткерлiк арсеналын Тұрар мен Рысқұл образдарына жомарт жұмсағаны, жұмылдырғаны әзiрге екi кiтапта өзiн-өзi толық ақтап тұр.

Жазушы Шерхан Мұртазаның осы екi романдағы баяндау мәнерiндегi лирикалық-философиялық ырғақ қаншама драматизмге, трагизмге толы сәттердi бейнелеген тұста да өзiнiң стильдiк даралығын үнемі сақтай бiледi. Мәселен, Қызыл жебенiң пышаққа түсуi; Рысқұлдың Саймасайды атуы және каторгадағы тiршiлiгi; Тұрардың Мерке түрмесiне түсуi; Маңырақ ауылының тып-типыл өртенуi; Ақкөз бастаған көтерiлiстiң жеңiлiске ұшырауы және тағысын-тағылардан осыны аңғаруға болады. Пейзаждық көрiнiстердiң импрессионистiк бояуға ие болуы; түс пен символикадағы әрi романтикалық, әрi реалистiк нышандардың, өмiрлiк контрастардың нағыз көркемдiк контрастарға ұласуы да сол бiр лирикалық-философиялық ырғақтың бедерiне бедер қоса, айшықтай, саралай түспесе әсте кемiте қоймайды. Осылардың қай-қайсысының да бiтiм-болмысы; жүрек дүрсiлi; жүйке-жүйесi жазушы қаламының байсалды реалистiк лиризмiнен бастау алып жатыр. Үмiттiң болмыстан өмiршең екендiгiндей романның осынау көркемдiк әлемi — тұтас бiр кезендi, яғни *тарихтың еншiсiндегi шежiренi* — *Халықтың еншiсiне; халықтың еншiсiндегi шежiренi* — *Тарихтың еншiсiне* қайтарып, көз алдына соны айна-қатесiз көркем оралтып тұр.

«Қызыл жебе» романының «Рысқұл» және «Тұрар» атты екi кiтабы бiтiп, кейiннен үшiншi, төртiншi, бесiншi кiтаптар да жазылды. Ол томдарда, жазушы Шерхан Мұртаза үшiн ең жауапты көркем сындар тұрған едi. Тұрар Рысқұловтың кешегi кеңестiк дәуiрдегi көсемiмiз Ленинмен, қолбасшы Фрунземен және тарихта болған талай үлкен тұлғалармен кездесетiнi; советтiк заманымыз алға қойған неше алуан күрделi мiндеттердi шешетiнi; сондай-ақ, алғашқы екi кiтапта нағыз революционер, большевиктер партиясының мүшесi болып, революция дауылын — Шақпақтың дауылын Әулие-Атада қарсы алған, бастан кешiрген Тұрар Рысқұлов ендi iрi мемлекет қайраткерi ретiнде мемлекеттiк маңызы зор әлеуметтiк проблемаларды шешу жолында iске кiрiсетiнi; соған өз парасатын, күш-қайратын жұмсағандығын шебер суреттейдi.

«Қызыл жебе» романы тарихи тұлғаны сомдаған туындылардың iшiндегi «ырысты туынды» екендiгiн айта отырып,

1976-1981 жылдардағы яғни қаламгерлердің екі съезд аралығындағы, сондай-ақ, қазіргі қазақ прозасындағы әрі жазушы творчествосындағы үлкен кұбылыс болғандығын айрықша асқақ түрде айтуымыз керек.

«Жұлдыз көпір» (1984 жыл) — ұлттық тарихымыздағы көрнекті партия және мемлекет қайраткері, халқымыздың аяулы да ардақты, ұлы перзенттерінің бірі саналатын Тұрар Рысқұлов туралы роман-эпопеяның үшінші кітабы.

Ескі сарынмен айтар болсақ, «Жұлдыз көпір» романы автордың тарихи-революциялық тақырыпты жалғастыру және игеру жолындағы көркемдік ізденістері мол олжаларын дәйектеген, орнықтыра, байыта түскен. Шығармаға — бас кейіпкердің яғни Тұрар Рысқұловтың Ташкентте, Түркістан АССР-ының басшы қайраткерлерінің бірі болып жүрген кезеңі арқау етіп алынған. Оның 1918-1920 жылдары партия және мемлекет қайраткері ретіндегі тыныс-тіршілігі, іс-әрекеттері мейлінше нанымды әрі жарқын шыққан. Бұлай дейтініміз, сәби кезінен әділетсіздіктің сүтін еміп өскен Тұрар Рысқұловтың революция таңы атқан тұста әділетсіздікті, теңсіздікті жою жолындағы әлеуметтік күреске бірден қосылып кетуі занды еді. Мұның өзі оның онсыз да күрделі тағдырын ширықтыра түспесе, кеміте қойған жоқ. Әлеуметтік теңсіздік пен әділеттілік үшін, езілген халықтың өзіне тиесілі азаматтық, конституциялық праволарын қорғау үшін Тұрар Рысқұлов небір зымиян әрі сойқан қақтығыстардың, тартыстардың өтінде болуға және қандай зілзала, зорлық пен азапқа түссе де өз принциптері мен мұраттарынан айнымауға тырысты. Романның өнбойында біз осындай жәйттердің талайына куә боламыз. Мысалы, аштыққа қарсы күрес яғни халықты осындай нәубеттен аман сақтап қалу жолындағы комиссар Рысқұловтың іс-әрекеттеріне назар аударып көрейік:

«— Қазіргі таңдағы басты апат — аштық. Оны жоймай, ешқандай денсаулық сақталмақ емес. Мені денсаулық сақтау комиссары міндетінен босатыңыздар. Аштықпен күрес комиссариатын құрыңыздар. Оның комиссары етіп мені тағайындаңыздар», — деген еді Рысқұлов ТүркЦИК-тің мәжілісінде. Онан әрі оқып көрейік. «Басшылар ойланып қалды. Денсаулық сақтау комиссариаты қай заманда да бола бермек. Аштықпен күрес комиссариаты тоқшылық келген күні керек

болмай қалады. Мына жігіт әріден ойламай ма, қалай дегендер де болды. Бірақ ұсынысын қабылдайды», — деп жалғасар еді.

Қоғам, уақыт өзгергенмен мансапқорлық психологиясының өзегі мен мүддесі әсте өзгере қоймайды. Мұрат жолында мансаптарымызды қиып жіберетін мәрттіктің өзі екінің бірінің қолынан келе бермейтін ірілік. Тіпті, көпшілік отставкаға кетуді не өтініп, не талап етіп жатқан сәттердің өзінде кейбір басшылардың не желімделініп қалғаны, не басыбайлы етіп жекешелендіріп алғаны белгісіз, әйтеуір мансап креслосы мен азын-аулақ тиімді артықшылықтарын жалпы мүдде үшін серпіп тастап, кетіп қалуының өзі кемде-кем емес пе? Сөз жоқ, тым сирек. Бүкіл тіршілігінде адамгершілік, азаматтық парыз пен асқақ мұраттар жетелеген Тұрар Рысқұловқа мансап креслосы емес, туған халқының өмірлік мүддесі биік. Ол сол үшін небір қиындыққа нартәуекел етеді. «Буыршын мұздан тайған» талай қиын жағдаяттар мен күндерде Тұрар Рысқұловты аман алып шыққан да оның иманы зор, парызы биік, мүддесі асқақ, адал да әділ күрескер тұлғасы еді. Сондықтан болар, суреткер Ш.Мұртаза өзінің бас кейіпкерінің бойындағы әрі азаматтық, әрі қайраткерлік абзал қасиеттерді шынайы бейнелеп бере алған. Міне, өмірде, тарих аренасында орын алған шындықтар нәтижесінде ашаршылыққа қарсы коммунистік, патриоттық, азаматтық, қайраткерлік күрестің басты мазмұны — романдағы Тұрар Рысқұловтың өмірлік те, көркемдік те тұлғасын ірілендіріп тұр деп толық айта аламыз.

Ал, тура мағынасында түсініп, қабылдасақ мұның өзі де Тұрар Рысқұловтың азаматтық, қайраткерлік болмысын неғұрлым өркештендіріп тұрған жоқ па?! Тұрар Рысқұловтай күрделі тағдыр бар жерде, тарихи шындықтардың жемісті түрде игерілгеніне, елеулі көркемдік биікке көтерілгеніне «Жұлдыз көпір» романы қай жағынан алсақ та, қарастырсақ та тегеурінді дәлел.

«Жұлдыз көпір» романының оқырманға айтар ойы терең, тілі көркем. Туындыдағы ой тереңдігі дегеніміз Тұрар Рысқұловтың кешегі социалистік қоғам мен революция мұраттарына, туған халқының нұрлы болашағына қызмет етуге негізделген көпарналы, көпартысты, көп мағыналы іс-әрекеттерінің уағынан да, ірісінен де кеңінен аңғарылады. Мәселен:

«Ал, Сіз Кушекин, РСДРП-ның солишыл әсер тармағынан күні кеше большевиктер қатарына өтіп алып, бүгін күллі марксистер атынан тұтас бір халыққа өлім үкімін шығарғыңыз келеді. Егер сіз

айтқандай, көшпенді халық бәрібір жойылар болса, егер олар бақытты күнге жете алмай, бәрібір сүйегі қурап болса, онда... сол қиырдан қиырға дейін шашылған сүйектің орнына орнаған Өкімет кімге керек!!!»

Мәселен, белгілі жазушы Сайын Мұратбеков Қазақстан жазушыларының IX съезінде проза жөнінде баяндама жасады. Осы баяндама оның 1986 жылғы «Жұлдыз» журналының №11 санындағы: «Қазіргі қазақ прозасының бағыт-бағдары» деген мақаласына толық арқау болғаны белгілі. Мұнда «Жұлдыз көпір» романы туралы былай:

«Тарихи-революциялық тақырыпқа арналған шығармалардың бірі Ш.Мұртазаевтың «Жұлдыз көпір» романы. Бұл бұрынғы «Қызыл жебе» романының жалғасы. Мұнда 1919 жылдың январынан 1920-жылдың майына дейінгі аралықтағы Түркістан АССР-ның жай-күйі, оның басшыларының бірі Тұрар Рысқұловтың өмірі сөз болады. Ниет жақсы, алайда сол жақсы ниеттің орындалуы нашар болса қандай өкінішті. «Жұлдыз көпірді» оқып отырып, автордың алған тақырыбын игере алмағанына, шығарманы көркемдік биікке көтере алмағанына қынжыласыз. Осыншама таяз, айтар ойы шамалы тілі жұтаң шығарма Тұрар Рысқұлов тәрізді жалынды революционер тұлғасын солғындата ма деген ой келеді. Автор кейіпкер басынан өткен әрқилы тарихи оқиғалардың әрқайсысының басын бір шалып, тізбелей бергеннен Тұрар образы шығады деп ойласа керек. Ал шын мәнінде олай болмаған. Мына кітаптағы Тұрар бейнесі халықпен онша қарым-қатынасы жоқ, бар істің бәрін өзі билеп, өзі төстейтін, ешкіммен ақыл қоспайтын, ешкімді тыңдамайтын бірмойын демагог боп көрінеді. Бар есіл-дерті, ойлағаны — Түрік республикасын құру, «қазақ, қырғыз, өзбек тағысын-тағылар бүкіл түркі тілдестер біртұтас болуы керек», — дейді. Оны бұл ойынан қайтармақ боп сөйлесіп көрген Түріккомиссияның мүшелері: Фрунзе, Куйбышев, Рудзутак, Элиава, Голощекиндермен дұрыстап сөйлеспейді де. Автор бүгінгі ұрпаққа Рысқұловты осылай көрсетуі арқылы не айптақ? Ешкімнің сөзін тыңдамайтын, бірмойын қиқар болған дегісі келгені ме?

Бір нәрсенің басы ашық: ірі тарихи тұлға туралы шығарма жазуды бөрікпен ұрып алғандай оңай олжа санау ең жеңіл айтқанда, жауапсыздық, ал ондай атүсті жазылған шалағай

дүние ең әуелі сол әлгі тарихи тұлғаға нұқсан келтіріп, көлеңке түсіреді» — дегенін қалай түсінер едіңіздер?

Романға қатысты тұтас келтірілген пікірлердің бірде-біріне дәлел жоқ, тамызық боларлық мысалдар жоқ.

Сонда жазушы Сайын Мұратбековті пір тұтатын, әрбір сөзін алтындай көретін оқырмандарды, көз алдыңызға елестетіп көріңізші!

Апырмау, сонда әдебиетке Сайынмен қатар келген, осы романына дейін бірталай туындылар беріп, оқырмандардың ілтипатына бөленген Шерхан Мұртазаға аяқ астынан не болған?!

Сонда ол әдебиеттің әліппесін енді ашуға ұмтылып жүрген талапкер болғаны ма?

Жоққа шығарған екенсіз, соған бұлтартпас дәлелдеріңіз қайда?! Мұның бірде-біреуі жоқ қой.

Бұдан әлбетте жазушы Сайын Мұратбековтің өзі ойсырай ұтылған деп білеміз.

Бұдан, қайта керісінше, «бекерден бекер отқа күйген» жазушы Шерхан Мұртазаның қаламгерлік бағы тіпті аспандай түседі ғой.

«Жұлдыз көпірді» оқыған және Сайын Мұратбековтің ұрдажық солақай сынын оқыған оқырманның баршасы, сөз жоқ, Сайынның өзінен безініп кететінін дәлелдеу артық болар.

Өйткені, қазақ әдебиетіне небір классикалық әңгімелер берген, керек десеңіз, кезінде Бейімбет Майлин тәрізді ұлы новеллистің тамаша ізбасары атанған Сайын Мұратбековтің әрі қаламгерлік, әрі азаматтық этикаға жараспайтын осындай, яғни жоғарыдағыдай тым ұшқары, тым өрескел, тым жадағай пікірді қаламгерлер съезінде айтты дегенге сенбейсіз. Бірақ, кейіннен басылым бетінде жарық көргеніне, сөйтіп оқырман қауымды адастырмақ болған «жаяу көкпар» әрекетіне көз жеткізгеніңізде еріксіз жағанды ұстайсыз.

Әдебиет пен өнерде эстетикалық талғамдар мен мұраттардың, принциптердің өзара қабылданбай жатуы, әрине, жиі кездеседі. Әлбетте, мұның баршасы объективті дәлелдермен айтылған тұста ғана. Алайда, эстетикалық талғамдар мен принциптер қайшылығы бірін-бірі жоққа шығарып, бірін-бірі сызып тастау үшін берілмейді. Өмір қаншалықты көп қырлы болса, өнер одан да көп қырлы. Сондықтан да өзегінде шындық ұялаған пікірлердің әрқилы полюсте тіршілік кеше беретіні заңды да.

Меніңше, тек әйтеуір бір сынап қалайын деген бақастықпен кіріскен адам, әдетте, сұлулықтың сымбатын көре алмайтын

жоғарыдағыдай дәрежеге өзінің қалай жеткенін де байқамай қалады.

Суреткердің талантын қисынсыз мойындамау, оның еңбектерін көпе-көрнеу, жадағай-жалаң жоққа шығару, жұмсартып айтқанда, пәтуасыз пендешілік. Шынына көшсек, суық ұрған субъективизмнің дәл өзі, мешел талғамшылдық пен мизантроптық көзқарастың тура өзі.

Тұрар Рысқұлов кешегі кеңестік дәуірде көсеміміз болған Лениннің радиограммасына сүйене отырып қандай түбірлі ойлар айтады. Ұлттардың өзін-өзі басқару, советтік федерация принциптері біздің тәуелсіздік алғанымызға дейін актуальды сипатын жоғалтқан жоқ еді ғой? Революция арқасында Тұрардың отарлық қанау мен бұғаудан азат болған аз ұлттардың төл кадрларын күрес майданының алдыңғы шебіне шығару идеясы, соған сәйкес іс-әрекеттері түгелдей қолдау тапқаны рас. Сондықтан да Рысқұловтың халық алдындағы абыройы мен беделін көре алмағандар мен көпе-көрнеу ұнатпағандардың оған «ұлтшыл», «пантюркист» деген жалаларды ашық та қасақана әдейі таңа бастауы тіптен де таңсық емес еді. Сол кездің өзінде-ақ қылтиып-қылтиып шаң беріп қалатын осындай зәрлі де улы күйелеулердің, кейіннен репрессия жылдарында Тұрар Рысқұловты «халық жауы» ретінде оққа байлап бергенін қайда қоямыз? Не нәрсе заңсыз бұрмаланды дегенше, соның әлеуметтік-рухани зардабынан туындайтын алапестік теміреткі таңбаның бірден өше қоюы неғайбыл. Өйткені, сталиндік дәуірдегі әкімшілдік-әміршілдік; нақақтан-нақақ қаралаушылық; әкімшіл мансапқорлық; тізе көрсетушілік; жансауға-бассауғашылдық; монтаны көнбістік; тасмеңіреу жасықтық тәрізді әралуан психологиялық ахуалдардың нақты нәтижесі сол, бұлардың әлеуметтік-қоғамдық кеселге — эпидемиялық жұқпалы індетке айналуы болатын.

Автор 1918-1920 жылдар ішінде Тұрар Рысқұловтың партия және мемлекет қайраткері ретіндегі өсу баспалдақтарын мейлінше ұтымды көрсете де, суреттей де білген. Отызға жетпеген жас қайраткердің бойындағы жетістік-кемшіліктерді де барынша нақты әрі көркем түрде, дәйекті жеткізе алған. Мәселен, бұл арада Ленин мандатымен келген Петр Кобозевтің және Түріккомиссиясының құрамында келген қолбасшы Фрунзенің Рысқұловқа берген мінездемелері дәлел.

1918-1920 жылдары Тұрар Рысқұловтың басынан өткен тарихи әралуан оқиғаларды автор өзінің көркемдік нысанасына сәйкес ұтымды пайдаланған. Соның өзінде тарихи шындық пен деректер ауылынан тысқары шықпаған. Отызға әлі жетпеген жас қайраткердің мемлекеттік ауқымдағы парасатты ойлау қабілеті, зор ұйымдастырушылық таланты мен білімпаздығы, принципшілдігі тәрізді қадыр-қасиеттері сөз жүзінде де, іс жүзінде де біртұтас сипатқа үнемі ие болуымен дараланады. Таңданта да, табындыра да, сүйсінте де біледі. Ал мұның бәрі жаңа қоғамның қиыншылықтарынан өту процесіндегі және ескі қоғамның соңғы тұяқ серпу барысындағы зұлымдық, қастандық қимылдарын күйрету барысындағы іс-әрекеттер мен күрестер көрігінен қайрала, шыңдала, өткірлене түседі. Тұрар Рысқұловтың коммунисте, азаматтық ар-ождан сеніміне негізделген қайсар да бұлжымас принциптеріне адалдығын әлбетте, бірмойын демагогтік, қасарыспа қыңырлық деп ұшқары түсінбеу керек. Мұндайда, кезінде Лениннің Брест бітіміне қарсы болған Валериан Куйбышев пен Михаил Фрунзелерді де неліктен бірмойын демагогтар, қасарысқан қыңырлар демейміз?! Немесе, бас кейіпкердің өз жарының туысы болып келетін тап жауы Аркадий Приходьконы түрмеден босатуға келіспеуін, сөйтіп, әйелі Наталья Колосовскаядан айрылып, көз жазып қалуын принципшілдігімен бе, әлде бірмойындығымен түсіндіреміз бе?

Тұрардың Кобозев, Ходжаев, Першин, Рудзутак сияқты большевиктермен достығын қайда қоямыз? Достық бар жерде әлде пікірталас болмауы тиіс пе? Роман осындай дискуссиялардың өмірде нақты болғанын анық көрсеткен. Кейіпкерлер қарама-қайшылығы бүркемеленбеген. Бұл аз десеңіз Рысқұловтың Түркістанның болашақ тізгін ұстарлары — Ғани Мұратбаев, Қабылбек Сармолдаев, Төреқұл Айтматов тәрізді бірталай жас коммунист басшыларға әрқашан қол ұшын бергені туындыда мейлінше нақты әрі ықшам суреттелген.

XX ғасырдың алғашқы ширегі. Адамзат тарихындағы геосаясаттық, әлеуметтік-қоғамдық, тіпті географиялық өзгерістердің, жаңа дәуірдің басы — Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен өзек тартқанында. Дүниені дүр сілкіндірген әрі ешқандай теңдесі жоқ осынау әлеуметтік-қоғамдық, тарихи-философиялық циклонның Россияда және оның шет аймақтарында бел алуы яғни баянды жеңістер, заңды жемістер

әкелуі бүкіл планетамыздың осыған дейінгі тіршілік-тынысын, саяси климатын мүлдем өзгертіп жіберді. Империалистік мемлекеттер Совет еліндегі мұндай ғаламат оң өзгерістерді, өздеріне мүлде жат системаның тактикалық-стратегиялық жеңістерін үрейлене бақылауға, тіпті, ашықтан-ашық, тұншықтыруға бекем бел шешіп, білекті түре сыбанып кіріскені тарихи шындық. Антантаға сүйенген Колчак, Дутов, Юденич армияларының, Орта Азиядағы Ергеш және тағы басқалар басқарған басмашылардың көтерілістері осының айғағы. «Жұлдыз көпір» романындағы Осипов бүлігі, ағылшын Бейлидің, басмашылардың іс-әрекеттері осындай халықаралық сыбайластықтың көрінісі.

Ең бастысы, талай-талай саяси-экономикалық, әскери-дипломатиялық қыспақтарға тал болған тұстарда жаңа қоғамның шырқырап, қансырап қалуы өте қатерлі болғанмен, біржолата әрі түбегейлі жеңілуі еш мүмкін емес еді. Өйткені, кешегі кеңестік жүйенің арман еткен идеясы мен әлеуметтік алтын құндағына халық мүддесі негіз болған. Тұрар Рысқұловтай сардарлар, көшбасшы қайраткерлер, шынайы революционерлер тізгін ұстаған тұстарда совет өкіметі құламақ, жаңа қоғам жеңілмек емес. Алайда, іріп-шіріген ескі қоғамды — жаңа қоғамның, бұрынғы үстемдікті — демократиялық жаңа биліктің бірден ығыстыра салуы саяси акт екені рас. Бірақта, іле-шала «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» немесе «ақ түйенің қарны жарылған» мамыражай заманды бірденнен орната қою оңай емес болатын. Мұны мейлінше тездету әрі берік орнықтыру үшін бүкілхалықтық ауқымдағы жүйелі де табанды, мұраты айқын күрес қажет. Оның үстіне осындайда ортақ іске ұйытқы бола білетін, халық мүддесі үшін өзін-өзі құрбандыққа шала алатын Тұрар Рысқұлов тәрізді көкірегі даңғыл саналы азаматтар, күрескер де қайсар коммунистер, еңіреген ерлер керек.

Жаңа социалистік қоғамның көздеген биік нысанасына сәйкес, әлбетте, әлеуметтік-саяси тұрғыдан жаңаша ойлау принциптері мен іс-әрекеттер қарқыны, мазмұны қажет. Ал, мұның өзі едәуір уақытқа созылатын және қоғам мүшелерін осы мақсатқа сай бейімдеу, жетілдіру, шындау шараларын алға тартатын тарихи — әлеуметтік қажетті процесс. Осынау жаңа таным мен жаңа көзқарастың революциялық күрестер, өзгерістер барысындағы туу, даму алғышарттарын қалыптастыру кезеңін бастан өткерудің өзі белгілі бір уақыт мөлшерін, белгілі бір тәжірибелер жинақтауды

өте-мөте талап етеді. Мұндай жаңа істің басында, тың соқпақтардан күре жолға түсу барысында адаспайтын адам, қателеспейтін қайраткер, сүрінбейтін сардар, кемшілік жібермейтін коммунист, кең ойлайтын кемеңгер кемде-кем. Табиғаты ет пен сүйектен жаралған адам баласының белгілі бір уақыт пен ситуацияның күрмеуінде қалып, адаспай әрі ауытқымай, арбалмай не айнымай тура жол таба кетуі мейлінше неғайбыл. Бұл тұста, мейлі қандай дәрежеде және қай деңгейде болсын сол уақыт ағымындағы кімнің болсын қателіктерін жасырып қалуға хақымыз жоқ. Міне, осы орайда Шерхан Мұртаза Тұрар Рысқұловтың Түрік республикасын құру идеясын аттап өтпеген. Кешегі кеңестік идеология және оның социалистік реализм атты саяси-әлеуметтік платформасының талаптарына сай шығарма жазу әрбір қаламгер үшін әрқашан парыз әрі коммунистік міндет болатын. Міне, осынау талаптан ұлы суреткерлер Мұхтар Әуезов те, Михаил Шолохов та, Шыңғыс Айтматов та, Расул Гамзатов та, Қайсын Кулиев те, Әбдіжәмил Нұрпейісов те, Олжас Сүлейменов те, Тәкен Әлімқұлов та, Тахауи Ахтанов та және тағы басқалар да құтылған емес. Бұлардың ұлылық құдыреті сонда, социалистік реализм эстетикасын ұстана отырып, бәрібір, яғни Әлем-Әлем болып, Жер-Жер болып, жүгініп келген классикалық реализмді өз туындыларымен дәлелдеген еді. Суреткер Шерхан Мұртазаның кеңестік идеология «клишесін» мойындамағанмен, соның салқыны Рысқұловқа қандай тегеурінді «зорлық» жасағанын шынайы көрсете білуінде. Роман Тұрар Рысқұловтың Москваға, Ленинмен кездесуге шыққан сапарымен аяқталады. Түріккомиссия мүшелерінің кейбіреулері Рысқұловты қолдайды, кейбіреулері оның қателескенін көрсетеді. Бірақ, Тұрар Рысқұлов өзінің көрегендігін сезінгенмен, жарты ғасырдан кейін, әйтеуір түбі бір келетін тәуелсіздікке сенген.

Россия мәселен финдердің өзін-өзі басқаруына келісім берді. Сөйтіп, Финляндия тәуелсіздікке қол жеткізді.

Олай болса, Орта Азия халықтары да тәуелсіздікке қол жеткізіп жатса, оның несі ерсі?!...

Рысқұловтың Түрік республикасын - тәуелсіз мемлекет құру жөніндегі талаптары мен арманының несі ерсі?..

Мәселе, Рысқұлов арманының саналы түрде оп-оңай сағымға айналғанында...

Бұратана халықтарға өзін-өзі басқару, дербес мемлекет болу тәрізді ырыс-несібелерді артық дейтін империялық көзқарастардың әлі де өз күшінде екендігінде...

Дегенмен, ұлттардың өзін-өзі билеу жөніндегі конституциялық құқы сақталынбаған тұста жасанды федерализмнің, жабық қоғамның, утопиялық социалистік қоғамның күндердің бір күнінде оп-оңай күйрейтінін тарих өзі дәлелдеді. Кеңестер Одағы, бар болғаны 70-75 жыл өмір сүрді. Оның құрамындағы республикалардың басым дені тәуелсіз мемлекеттерге айналды.

Тұрар Рысқұловтың мұнан соң көп жылдар бойында Москвада орталық аппаратта жауапты-жауапты қызметтер атқаратыны тарихтан белгілі.

Бұл, әрине келесі кітаптың еншісінде. Өйткені, «бүкіл өмірі шайқаспен өткен» Тұрар Рысқұлов өз тіршілігінде тек «найзағайды ерттеп мінген», тағдыры күрделі, ғұмыры өнегелі күрескер жан. Ал, мұндай тұлғалардың бақыты да — сori да өз мұраттарына, принциптеріне беріктігінде.

Тұрар Рысқұлов туралы роман-эпопеяның алғашқы екі кітабындағы лирикалық-философиялық ырғақ суреткер Шерхан Мұртазаның стильдік ерекшелігін мәйектей қалпымен көрсететін. Үшінші кітапта — «Жұлдыз көпірде» осы ырғақ саяси реңі басымдау қалпымен толық сақталған. Шығарманың тілінде, саяси қайраткердің лексикасында (сөйлеген сөздері мен баяндамаларында, дискуссиялық пікірталастарында) уақыт пен өмір әкелген шындық табының қып-қызыл шок, алаулаған-жалындаған эмоциялар мен жігерлер лебінің сақталуы көркемдік-логикалық заңдылыққа негізделген. Сондықтан шығар, сырт көзге шығарманың публицистикалық сарыны басымдау көрініп жататыны. Шынтуайтына келсек, «Жұлдыз көпір» романының тіліндегі осындай сипат уақыт пен кейіпкер болмысының табиғатын ұтымды ашуға қызмет еткен. Сол кездегі әралуан құжаттар мен саясат лексикасының тілі де осыны растай түседі. Мұның өзі жазушы шеберлігінің тартымдылығын, қанықтығын, дәлдігін арттыруға сеп болған.

«Қызыл жебе» роман-эпопеясының төртінші кітабы — «Қыл көпір» (1991 жыл) деп аталады. Шығарма ауқымына — Тұрар Рысқұлов өмірінің ең шешуші тұстары — мемлекеттік қайраткерлік өрлеу кезеңі алынған. Романның әлеуметтік-көркемдік

атмосферасын 1920-1937 жылдардың тыныс-тіршілігі айқындайды. Мәселен, осы кезең аралығында Тұрар Рысқұлов РСФСР Ұлт мәселелері жөніндегі Халық комиссарының орынбасары (1920-1922); Түркістан АССР-ы Халық Комиссары Советінің Председателі (1922-1924); Коминтерннің Монғолиядағы өкілі (1924-1926); РСФСР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары (1926-1937) болып еңбек етеді. Мұның бәрі — тарихи шынайы деректер. Суреткер Шерхан Мұртаза, міне осындай өмірлік ірі факторларға, билік пен мансаптың ірі тұтқаларын ұстаған жанның өмір деректеріне шынайы көркемдік ажар, әлеуметтік зор мағына дарытып, Тұрар Рысқұловтың осы кездегі елі үшін еткен еңбегінің ғаламат қайраткерлік болмысын мейлінше шыншыл күйінде көрсете білген. Оның үстіне бұл кезең жөнінде сақталған, күні кешегі қайта құру басталғаннан бері жария болған тарихи құжаттар мен деректердің орасан зор маңыздылығы мен трагедиялық сипаттары соншама, жазушының «Қыл көпір» сияқты романды мейлінше батыл, мейлінше ащы қалпында, қазіргі дәрежесінде жазбауы, бір орайда, мүмкін емес.

Өйткені, романның әлеуметтік-көркемдік тартыс арнасын, негізінен, 1920-1937 жылдардағы өте ірі, өте күрделі, өте зәру проблемалардың шытырман, қым-қиғаш, аласапыран аспектілері құрайды.

Мәселен, ұлттардың өзін-өзі басқару; революция жеңістерін орнықтыру; социалистік даму жолдарын нығайту мен өркендету; ұлттық республикалардың экономикасын (*Мысалы Өзбекстандағы мақта шаруашылығын, Түрксіб темір жолын салу және тағы басқа көптеген жәйттер*) арттыру жоспарлары; коллективтендіру тұсындағы солақай саясат зардаптары; қазақ халқының жұт пен аштыққа ұрынған кездегі зобалаңы мен өлшеусіз трагедиясы тәрізді мәселелерді шешу барысындағы Тұрар Рысқұловтың азаматтық-қайраткерлік орасан тұлғасы оның ширыққан-шиеленіскен тағдырының драмалық кезеңдері арқылы кеңінен әрі мейлінше нақты іс-әрекеттер үстінде көрсетіледі. Осы арада, атап айту керек, суреткер Шерхан Мұртаза Тұрар Рысқұловтың халық перзенті ретіндегі қаһарман ерлігінің бүкіл әлеуметтік-тарихи мазмұнын, барша драматизмінің алмағайып сәттерін; қыл-көпір температурасын сол шынайы қалпында яғни не асқындырмай, не әлсіретпей мейлінше байыппен бейнелеген.

Мысалы, Сталиннің орынбасары болып жүргенінде Тұрар Рысқұловтың Якут, Дағыстан, Абхаз, Аджар автономиялық республикаларының, сондай-ақ, Бурят, Коми, Кабардин — Балкар, Карачай — Черкес, Оңтүстік Осетия, Чечен — Ингуш автономиялық облыстарының құрылуына көп күш-жігер жұмсағаны тарихтан белгілі. Жазушы осының бәрін тізіп, тәптіштеп жатпайды. Тек Сталин мен Рысқұловтың жүздесуі барысында еске түскен бір деталь арқылы ғана береді. Мысалы:

«Асылы, Рысқұловты тек қазақ жанды дейтіндер қателеседі. Иә, Сталиннің әлі есінде: жиырмасыншы жылдардың басы еді. Ұлт мәселелері жөніндегі Комиссариаттың бар кезі. Сталин — Нарком, Рысқұлов — орынбасар. Осы Рысқұлов сонда сонау қиыр терістікте жатқан сахалардың жоғын жоқтап, Сталиннің мазасын қайта-қайта алғаны бар.

...Осы Рысқұлов Сахаларға автономия берейік деп қадалған жерден қан алды. Ал Саха — якуттердің өз арасында кейбір бетке шығарлары:

— Якутия — патша тұсында Россия империясының бір губерниясы болып келген, РСФСР құрамында сол губерния күйінде қалсын — дейді.

Ал, Максим Аммосов, Платон Ойунский деген зиялылары Автономия керек деседі. Оларды Рысқұлов қолдайды. Губерния емес, облыс емес, Автономиялы Республика болсын дейді. Ақыры Якут (Саха) Советтік Автономиялық Республикасын құру туралы ВЦИК-тің жарлығы шығып тынды" (427-бет) — делінген эпизод-ақ талай нәрсені аңғартпай ма?! Немесе Тұрар Рысқұловтың Түрксиб темір жолын салу ісіндегі рөлін алып қарайық. РСФСР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары Тұрар Рысқұлов бұл жұмыстың басы-қасында болған, тікелей басқарған адам. Жазушы, осы орайда, көсіле сілтеген болса, онда мұны ешкім де оғаш көрмес еді. Әрі бұған материалдар да қыруар жеткілікті болатын. Бірақ, жазушы мұнда да бір-екі шағын эпизодтармен, детальдармен шектелген. Мысалы:

«Рысқұлов Түрксибті салу ісіне инженер Мұхамеджан Тынышбаевты араластырады. Ол кезде Тынышбаев деген есім «Алашорда» деген ұғымның синонимі сияқты болатын. Рысқұлов Тынышбаевты Түрксиб жолын салудың инженері болады дегенде, Голощекин бастаған Қазақстан басшылары әлгі Тынышбаевтан ат-тонын ала қаишты.

— Қалайша?! — деп қалшылдады олар. — Кешегі Алашорданың көсемдерінің бірі, әрі десе контрреволюциялық Қоқан автономиясы деген үкіметтің премьер-министрі болған Тынышбаев Түрксибке инженер болмақ па? Қасқырға қой бақтырғанды кім көрген? Бұл Рысқұловтың әлгі баяғы «уклонистіктен» арыла алмағанының белгісі емес пе? Егер зиянкестік болса ше? Темір жол сол зиянкестіктен апатқа ұшыраса ше? Күдік-күмән қардай борады.

Рысқұлов айтқанын істетті. Тынышбаев жау болса, кеше жау балды. Бүгін Советтерге адал қызмет етпек. Буржуазиялық мамандарды, білімді оқығандарды совет ісіне пайдалану керек деп Лениннің өзі айтпап па еді? Ал Тынышбаев өте білімді маман. Оның жобасы бойынша, темір жол қашықтығы қысқара түспек. «Шоқпар варианты» бойынша Тынышбаев Түрксибті бітіру мерзімін бір жылға кемітпек. Қыруар пайда емес пе?

Ол — ол ма, көп дос-жаран, ағайын-туған Тынышбаевты көрсе қол алыспақ тұрмақ, теріс айналып кетіп жүргенде Рысқұлов мейманханаға түспей, Тынышбаевтың үйінде жатып алды. Голощекин таудағы дачасын ұсынып еді, одан бас тартты» — деген (397-бет) үзіндіден-ақ Рысқұлов болмысының әділетшіл, принципшіл, мүддешіл сипаттары толық ашылып тұр.

Тағы бір мысал:

«Өмірде кездейсоқ нәрселердің өзінен заңдылық қалыптаса беретіні белгілі. Егер Рысқұлов орынбасар болмаса, сол орынбасар Түрксиб темір жолының құрылысын бақылап, басқармаса, сөйтіп Алматыға әлденеше рет келмесе... кім біледі, ол Әзизамен кездесер ме еді, кездеспес пе еді? Тағдыр шіркін адамды жүген-құрықсыз айдауында жүргізіп, айтқанына көндіретін шығар» — деген (396-бет) үш сөйлем де Тұрар Рысқұловтың ендігі өміріндегі қосағы, аяулы жары Әзизаны қалай тапқанын дәл көрсетпей ме?!

Жазушы Тұрар Рысқұловтың халықаралық деңгейдегі зор тұлға, өрелі қайраткер екендігін романның «Қызыл Батыр» тарауында әдемі көрсеткен. Ол — Коминтерннің Монғолиядағы Төтенше өкілі ретінде жас республиканың мемлекеттік құрылымына, соның қалыптасуына үлкен үлес қосқан жан. Мәселен, оның Монғолия премьер-министрінің орынбасары Түмен Жырғалмен әңгімелері; жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігімен танысу барысындағы түйген өзіндік ойлары; Монғолдың жаңа конституциясына енгізген нақты баптары мен тармақтары; Монғол

Республикасы астанасының аталуы жөніндегі ұсынысы; Күлтегін ескерткішін мемлекеттік қамқорлыққа алу туралы пікірлері шығармада тартымды түрде суреттелген. Мұның бәрі тек тарихи деректерді растау ғана емес, қайта керісінше, Тұрар Рысқұловтың халықаралық деңгейдегі өрелі қайраткерлік тұлғасының өсу, қалыптасу жолдарын көркем сомдауға негіз болған ерекше жәйттер.

Мәселен, Күлтегін ескерткішінің кейіннен мемлекеттік қамқорлыққа алынуы жүзеге асып қана қойған жоқ, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қолдауымен, республика премьер-министрі Иманғали Тасмағамбетовтің зор қажыр-қайраты арқасында жетпіс жылдан кейін яғни тәуелсіздік алған еліміздің 10 жылдығы қарсаңында ЮНЕСКО тізіміндегі осы тарихи ескерткіштің көшірме экспонатының Астанадағы Евразия университетінің төрінен орын алуы Рысқұлов идеяларының өміршеңдігін көрсетпей ме?

Дегенмен, «Қыл көпір» романында ең басты назар Тұрар Рысқұловтың Сталинге жазған екі хатының әлеуметтік тарихына аударылады. Шерхан Мұртаза осы романда сонымен қатар сталиндік репрессияның түп-тамырына да үңілген, соны нақты көрсетуге де ұмтылған десек еш артық емес.

Партияның XV съезінен соң (1927 жыл) бүкіл елімізде жаппай коллективтендіру науқаны басталды. Жергілікті ерекшеліктер ескерілмей, асыра сілтеу саясаты орын алды. Бұл — солақай саясаттың сорақы нәтижесін тек бір ғана Қазақстанның мысалынан-ақ тікелей көруге болады. Филипп Исаевич Голощекин жасаған «Кіші Октябрьдің» жемісі тарихымызда қаралы әріптермен жазылып қалды. Отырықшылыққа әлі толық көшіп үлгермеген, қолындағы жан сақтары — малынан айрылған көшпелі қазақ осылай шаш ал десең, бас алатын шолақ та белсенді саясаттың нақты құрбандығына нақақтан-нақақ айналып кете барды. 1932-1933 жылдардың ашаршылығы кезінде қазақ халқының тең жарымы, жасанды жұттың оқпанына тұншығып, шыбындай қырылғаны тарихтан белгілі. Осынау трагедияны болдырмау үшін кезінде Тұрар Рысқұлов қалай жанталасқан!.. Ердің ері ғана істейтін ерлік!!!

Оның бұл әрекеттері, сөз жоқ, айдаһармен арпалысқа түскен, айқасқа шыққан қарлығаштың күдіретті әрекеттері, жүрек жұтқан көзсіз ерлігі емес пе!!

Тұрар Рысқұлов осы жайлардың бәрін 1932-1933 жылдары Сталинге жазған екі хатында терең ашып көрсеткен болатын. Бір қызығы, романның «Бұғалық» және «Бас тігу» сияқты соңғы тарауларындағы Рысқұлов пен Сталиннің диалогтары өзінің терең драмасымен сахнаға сұранып тұр. Сондықтан шығар, роман финалындағы Рысқұлов сияқты көсем де серке қайраткердің бойындағы халықшылдық ғажап болмыстың жеңісі яғни бүкіл ғұмыры үнемі «шайқаспен, күреспен» өтіп келе жатқан ұлы тұлғаның бойындағы қайраткерлік жеңістің әлеуметтік-халықтық болмысы көрермен қауымға ертерек таныс болды. Өйткені, Рысқұлов пен Сталиннің кездесуі өтетін шешуші тартыс оқырмандарға ең алдымен «Сталинге хат» атты драма арқылы 1988 жылы жеткен болатын. Ғабит Мүсірепов атындағы мемлекеттік академиялық жастар театрында Қазақстан Республикасының халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Райымбек Сейтметов сахнаға қойған спектакль көрермендерден өте жоғары баға алды. Мұның өзі, шындап келгенде, қайта құру кезіндегі әдебиетіміз бен өнеріміздің үлкен табысына айналып еді. «Сталинге хат» мұнан соң республика театрларын аралап кетті. РСФСР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары Тұрар Рысқұлов пен ВКП(б)-ның бас секретарі Иосиф Сталиннің тарихи кездесуіне себеп болған екі хаттың көздеген басты міндеті де, мүддесі де осы драмада және роман финалында өз нысанасына толық жетеді.

Ф.И.Голощекин ұйтқы болған ашаршылықтың қасіретіне ұшыраған қазақ халқының аянышты, қаралы трагедиясы романда да, пьесада да Рысқұлов туыстарының босқын халі арқылы суреттеледі. Көркемдік жинақтау дегеніміз осы. Латыш Ян Рудзутактың Рысқұлов үйіндегі «колхозды» асыраған Әзизаға риза болуы тегіннен-тегін емес. Бірақ, тек бұлар ғана босқын ба екен?! Елдегі, жер-жердегі мәліметтер, нақты жәйттер жан түршігерлік цифрлардың негізгі мазмұны еді ғой. Басы ауған жаққа босқан халықтың шын трагедиясын Рысқұлов Сталинге жазған екі хатында да келтірген еді ғой!.. Бұл дәлелдердің логикасы, әлеуметтік сипаты қандай қуатты десеңізші! Қойылған мәселелердің бүкіл әлеуметтік-халықтық салмағы Рысқұлов болмысын қаншалықты ірілендірсе, бас секретарь Сталиннің қатыгез тұлғасын да соншама нақты көрсетеді.

Айдаһардың да қарлығаштан сескенетін, жеңілетін кезі болады екен. Өйткені, айдаһар — зорлық, үстемдік болса,

қарлығаш — әділдік, әділет, шындық символы ғой. Кескекті ердің сойы Рысқұловтың өзі де Сталин шайнамай жұта салатын шабақ емес. Бүкіл Түркістан өлкесінің мандайына басқан біртуар перзенті. Білім десең — білім бар, қайрат десең — қайрат бар. Шындық қана — жүгінетін пірі. Сүйенетін тірегі — халық, халық тағдыры. Қысқасы, бес қаруы бойында. Нағыз күрескер жан. Міне, осыған алдымен театр сахнасы арқылы куә болған оқырмандар-көрермендер енді романның өзімен табысқан еді.

Рысқұловтың хаттары негізінде Саяси бюроның шешімі қабылданады. Филипп Исаевич Голощекин Москваға біржолата шақырылады. Бірақ, оның орнына ұлттық кадр ретінде Рысқұлов та, өзгелер де бармайды. Өзгелерді өзге арқылы басқару — империялық-тоталитаристік тәсіл. Бұл орынға Л.Мирзоян отырады.

Ең бастысы, Голощекиндік геноцид тоқтатылады. Бұл орайда, Тұрар Рысқұловтың тарихи ерлігі орасан.

Өйткені, Тұрар Рысқұловтың Москвадағы қызметі бір орайда, орасан мансап.

Ал бір орайда, айдаһар мен қарлығаштың бір шатыр астындағы алмағайып тіршілігі сияқты.

Мұның өзі анау-мынау сын да, сынақ та емес. Бұл — сығымдап ұстайтын шеңгелді қолдың шеген құрсауының нағыз өзі еді. Сталиннің темірдей тәртібі мен тепкісіне шыдаудың өзі бір қиямет. Оның үстіне Сталиннің ойынан шығып, тіл табыса қызмет ету бір қарағанда мүмкін емес сияқты. Мұндайда екінің бірі шыдамайтыны және мәлім. Бұның бәрі тарихи құжаттар мен деректерден қазір бәрімізге кеңінен таныс жәйттер. Дегенмен Сталиннің Рысқұловпен санасуы тарихи ақиқат. Бұған сол жылдарда қабылданған әралуан мемлекеттік шешімдердің құжаттары куә.

Суреткер Шерхан Мұртазаның «Қыл көпір» романында сталиндік репрессияның түп-тамырына да өзінше үңілгенін және соны нақты көрсетуге ұмтылғанын жоғарыда айтып кеткенбіз. Шығарманың «Сталин қателеседі» деген тарауы осының дәлелі.

«Мұндағы оқиға 1923 жылы өтеді. Шақырылған кеңесте «қаралатын мәселе тым ірі, өте күрделі болатын. Ұлт мәселесі, соның ішінде ұлтшылдармен күрес жолы. Әңгіме өзегі — татар «ұлтшылы» Сұлтан-Ғалиев мәселесі. Сталиннің кіріспесінен кейін бұл мәселе бойынша Валериан Куйбышев баяндама жасады» — делінген (341-бет) романда. Он бірінші съезде Орталық Комитеттің

бірінші секретары болған Сталиннің мемлекеттік билікті де өз қолына алған кезі. Билеуші партияның бірінші секретары мемлекеттік биліктің де нағыз иесі болатыны тарихтан белгілі. Мұндай сәтте тоталитарлық қоғамның өз дегені болатыны және мәлім. Осының көрінісіне татар ұлтшылы Мир-сайд Сұлтан-Ғалиевтің трагедиясын жатқызар едік. Бұл қайраткер де кезінде Сталинмен бірге қызметтес болған. Ұлт мәселелері жөніндегі комиссариатта коллегия мүшесі болған. Осы кезде ол Рысқұловпен де қызметтес болған. Сталинмен тіпті дос десе де болады. Мирсайд Сұлтан-Ғалиевтің үйлену тойында Сталин мен Рысқұлов та бірге болған. Сонда Сұлтан-Ғалиев бұл трагедияға қалай ұшырады? Бұл — жұмбақ.

«Шешендер бірінен соң бірі шығып сөйлеп жатыр, сөйлеп жатыр. Сұлтан-Ғалиевке лағынет айтып, қарғыс таңбасын қыздырып, Сұлтан-Ғалиевтің қорғансыз тәніне шыжғыра басып жатыр.

...Апыр-ай, әсіресе сол Сұлтан-Ғалиевпен істес болған, бір нәсілден шыққан Сейд-Ғалиев дегеннің өршеленгенін көрсең. Төбе шашың тік тұрып, жағаңды ұстайсың.

Осы Сейд-Ғалиев күні кеше Татарстанда қара халықты ұлардай шулатып еді. «Продразверстка» дейтін залым салықты үстемелете салып, кедейсің бе, орташасың ба, байсың ба демей, жаппай қарсы шыққандарды «контра» деп топалаң тиген қойдай қылған. Мұны естіген Сұлтан-Ғалиев Сталинге, тағы басқа бастықтарға айтып, қоймай жүріп, Сейд-Ғалиевті орнынан алдырған. Енді сол Сейд-Ғалиев мына Кеңеске қатысып, Сұлтан-Ғалиевті жерден алып, жерге салып тұр.

...Сейд-Ғалиевтен соң Сұлтан-Ғалиевті айыптауға, «Сұлтан — Ғалиевшыларды» аяусыз әшкерелеуге шақырып, өз жерлестері Ибрагимов, Шамиғұлов дегендер сөйледі» — деген (342-343 беттер) үзіндіден нені байқаймыз? Бақсақ, Сұлтан-Ғалиев бақылауда, андуда болған. «Бакуде Шығыс халқының съезінде Сұлтан-Ғалиев Әнуар-Пашамен байланысқан, Зәки Валидовқа (Түркияға) хат жазған... Бұл хат ұсталған. Сұлтан-Ғалиев Рысқұловқа да екі хат жазған. Міне, осы кеңесте Тұрар Рысқұлов Сұлтан-Ғалиевті айыптамаған, қайта керісінше ақтауға күш салған. «Рысқұловтың бүйректен сирақ шығарғаны Сталинге ұнамай қалды. Ұнамай қалды деу аз, Сталин енді Рысқұловқа жауыға бастады, Оны ол жасырған да жоқ» (347-бет).

Сталин енді Рысқұловқа жала жаба сөйледі. Мұндайда ол үндемей қалса ұтылғаны. Сорлағаны, десек дұрысқа келеді. Рысқұлов: *«Хат — ашық, шифрлы емес, жасырын емес, совет почтасы арқылы келеді. Ал енді Сұлтан-Ғалиевтан менің екі хат алғанымды Сталин жолдас қайдан біледі? Егер біздің әрбір адымымыз, жүрген-тұрғанымыз, әрбір қимылымыз Сталин жолдастың аңдуында болса, жетіскен екенбіз. Күдік қозған жерде бүлік болады. Ау бір-бірімізге сенбесек, қалай күн көреміз.*

Ал енді Сұлтан-Ғалиевтің маған ықпалы туралы. Сұлтан-Ғалиевтің айтқанына көніп, айдауында жүретін мен оның құлақкесті құлы емеспін. Сұлтан-Ғалиевтың жетегінде жүретін мен оның мұрнын тескен тайлағы емеспін. Сұлтан-Ғалиев мені арам іске айдап азғырған да жоқ. Сондықтан Сталин қателеседі! Сталин қателеседі!» - деген (351-352 беттер) жолдардан Сталиндік репрессия сүйенген негізгі айла-амалдарды, қитұрқыларды, жалған жала жабу тәсілдерін анық байқамаймыз ба? ГПУ-дың, НКВД-ның әрекеттері осылай жүргізіліп, осылайша жүзеге асқан жоқ па? Сондықтан шығар, Сталин түпсіз тұңғиық әрі қаратүнек үрейлі саясаттың көсемі болып шықпай ма? Оның «қараңғы үйден қара мысықты» іздеуге мәжбүр еткені, жоқ болса бар ететіні, бар болса еріксіз таптыратыны тәрізді түйсігі қарау, түпкі ойы зұлым диктаторлық болмысының әлем тарихында, адамзат тарихында теңдесі жоқ.

Дегенмен, Шерхан Мұртаза Сталин феноменін — биліктің өзін емес, соның құдіретіне, ләззатына табынатын, сол үшін нені болсын жүзеге асырудан тайынбайтын, бірақ ішкі дүниесі күдікшіл, үрейшіл, өте-мөте қырағы да сақ жанның бір сирек экспонаты ретінде өмірлік шындықтарды, әралуан жағдаяттарды көркем түсіндірген. Романның көшелі бір табысы да осы.

Алайда, романда Сталинді біржақты қаралау да, бір жақты ақтау да жоқ. Бар болғаны автор тарихи құжаттар мен деректерге нық қадам тіреп, соны қаз-қалпында бейнелеуге, көрсетуге ұмтылған. Сондықтан шығар, тоталитарлық жүйенің озбырлығы, оның бастау алған тұсы романның осы тарауында мейлінше нанымды суреттелген.

Шынайы деректердің көркемдік құдіретіне немесе аласапыран-алабүлік тіршіліктегі қисапсыз қиянаттардың көркем кестеленген шерлі шежіреге-зарлы шежіреге; қылкөпір тағдырлар

трагедиясына айналуы аса көрнекті суреткердің осы романдағы зор жетістігі деп білеміз.

Сонымен, «Қызыл жебе» роман-эпопеясының төртінші кітабы — «Қыл көпір» көлденең тартқан әлеуметтік-көркемдік әлем міне жоғарыдағыдай болып келеді.

«Қызыл жебе» роман-эпопеясының бесінші әрі соңғы кітабы — «Тамұқ» (1994 жыл) деп аталады. Шығарма арқауына — Тұрар Рысқұлов өмірінің ақырғы кезеңі алынған. Сондықтан шығар, роман оқиғасы 1937 жылдың мамыры мен 1938 жылдың ақпаны арасында өтеді яғни Тұрар Рысқұловтың Кисловодск курортында ұсталған, түрмеге түскен, тергеу азаптарын басынан кешкен, ең соңында ату жазасына кесіліп, үкім орындалған күндерді қамтиды. Солай бола тұра, автор Тұрар Рысқұловтың көзімен, іс-әрекетімен сонау 1917-1937 жылдар аралығындағы өткен жәйттердің бірталайын еске алу үстінде-шегініс үстінде; тергеу үстінде; тергеушінің бірде нақтылағысы; бірде арандатқысы; бірде мойындатқысы келетін шындықтардың тобықтай түйінін мөлдір кристалдардай етіп көркем бере білуі суреткерлік кәміл шеберлікті танытады.

Өмір шындықтары мен тарихи деректер романның көркемдік әрі саяси-әлеуметтік тіні барысында тергеуші Глебовтің зымиян қитұрқысына; құрық бойламайтын надандығына; тәнің мен жанынды сүліктей білдірмей соратын ашкөз мешкейлігіне; қуыс-көкірек мансапқорлығына; сан-алуан жаналғыш жазалау тәсілдеріне қызмет етсе; ал Тұрар Рысқұлов аузынан қайта айтылғанда керісінше, бәз-баяғы еш құбылмайтын, еш айнымайтын нағыз өмірлік ақиқаттарға, нағыз тарихи ақиқаттарға айналып жүре береді. «Тамұқ» романының ең басты көркемдік жетістігі де осынысында.

Бұған кешегі жаңа орнаған кеңестік қоғам мен кеңестік мемлекеттің түрмесінде Тұрар Рысқұловтың, сондай-ақ, оның жалғыз ұлы Ескеңдір мен аяулы жары Әзизаның көздерімен көріп, басынан кешкендері әрі көркем, әрі шынайы нақты дәлелдер болып табылады. Бұған осы негізгі желіге қоса жол-жөнекей берілетін дағыстандық басшы, нәсілі құмық Қорықмасовтың; көрнекті қайраткер Сұлтанбек Қожановтың жары Күләнданың; Жанша Досмұхамедов пен оның әйелі Ольга Константиновалардың репрессияға ұшыраған тағдырлары шығарманың әрі көркемдік, әрі саяси-әлеуметтік картинасы мен панорамасына мейлінше нақты

факторлар; мейлінше нақты өмірлік деректер; мейлінше нақты суреткерлік тіректер-бедерлер ретінде шынайы өз үлестерін қосқан деп білеміз.

Роман тарауларының атауына көз жіберсек, бұрандалы шегелерге тән композициялық тұйықталу тәсілін бірден байқар едік. Мәселен, «Соңғы сәуле»; «Тұтқын»; «Тергеу»; «Ескендір»; «Тергеу»; «Ескендір»; «Өмірзая»; «Әзиза»; деп шектеле реттелінуі және солардың ішінара қайталанып келуі романның тек бір нүктеден үңги беруді-үңги түсуді көздейтін композициялық құрылымының талаптарынан деп түсінгеніміз, солай деп қабылдағанмыз дұрыс. Өйткені, романның көркемдік кеңістігінің өзі біреу-ақ. Ол, әрине, түрме. Түрменің өзі саяси қылмыскерлерге арналғанымен, оның әрбір қуықтай қуыс бөлмесі мен төрт қабырғасы тек кез келген тұтқынды тіршіліктен шектеуге, шеттетуге арналған ғой. Шерхан Мұртаза осындай саяси шектеулерді өз романында көркемдік шектеу шеңберіне айналдырып, соны саналы түрде тиімді де өткір пайдалана білген. Жегідей жеген жүйке мен қиналған тән азабы тек Рысқұловты сындыру үшін қасақана ойлап табылғандай. Алайда, бұл мақсаттың орындалуы қандай қиын екенін тек бір Рысқұлов қана емес, тергеуші Глебов те біледі.

Халық санасына сіңген діни ұғымдардағы тамұқты және тамұқ қасіретін кім көрген дерсіз? Жазушының осы романы бұл дүниедегі, дәлірек айтсақ, кешегі кеңестік замандағы шын тамұқты — түрмені мейлінше шыншыл, мейлінше шынайы, мейлінше көркем кестелеп шыққаны анық. Бұл орайда, «Тамұқты» әркім өзі оқыса бұған айрықша көз жеткізер еді. Романда түрме жарғысының жазылмаған сансыз кеселдері Тұрар Рысқұлов, Ескендір, Әзиза, Күләнда тәрізді кейіпкерлер арқылы нақты көрінеді. Жандары түршігер еді. Түрме атаулының неліктен қапас-қасірет екендігін, неліктен сұмдық жиіркенішті екендігін өз бастарынан кешкендей болар еді. Соққыға жығылу; төбесінен тамшы тамшылату; үрпіне біз жүгірту; түрлі-түрлі дәрілік уколдар арқылы естен тандыру; сандырақ делебезелерін тудыру; есаландандыру; мәңгүрттендіру тәрізді жан түршігерлік азаптарға адамның адамы, қайсарлықтың қайсарлығы төзім-шыдас беретіні мәлім.

Түрменің бүкіл тәртібі бір ғана мақсатқа — тұтқынды мойындатқызуға, соны растандырып қол қойдырып алуға қызмет етеді. Соның нәтижесінде, саяси жүйе мен әлеуметтік қоғам емес,

тек тұтқын ғана айыпты. Соның барысында, үкім атаулының өзіне тиесілісін тұтқын өзі шығарып, соны жариялауға тергеу мен сот орындарын өзі мәжбүр ететіндігі.

«Тамұқ» романы кешегі кеңестік дәуір мен кеңестік мемлекет түрмесінің жазылмаған қағидалары, заңдары бойынша яғни аса үрейлі, аса қорқынышты, аса жауыз, аса қанқұйлы әрекеттері арқылы о дүниедегі тамұқты мың-мың есе орап алатын қисапсыз ордалы жыландар мекені болғанын аяусыз әшкерелей суреттейді. Сондықтан шығар, біздің көз алдымызға кешегі кеңестік замандағы түрме тамұғының яғни тамұқ түрмесінің небір адам айтқысыз әрі анайы, әрі жабайы, әрі тұрпайы, әрі сасық тіршілігі келген сәтте, еріксізден-еріксіз түңіліп, жаныңды қоярға жер таппай, соншама дәрменсіз, соншама жәбір-жапа көрген бишара хал-күй кешесің.

Тұрар Рысқұлов болып түрмеде отырған Шерхан Мұртазаның суреткерлік рухына - қайраткерлік рухына — азаматтық рухына қаншама жүк; қаншама салмақ; қаншама сезім; қаншама тән азабы; қаншама жан қиналысы түскенін сезінбеу; көрмеу; түсінбеу; танданбау әсте мүмкін емес екен. Көркем образды сомдау үстіндегі қаламгер болмысының саналуан психологиялық температуралар мартені мен антарктикалық аяздар аласапыранына тап болғанына айрықша көз жеткізіп, айрықша ден қоясың.

1937 жылдың мамыры. Тұрар Рысқұлов сүйікті жары Әзиза екеуі Кисловодскіде курортта демалып жүр. Кезекті еңбек демалысына шыққан Рысқұлов сталиндік репрессия ызғырығын мейлінше сезініп, соның әлеуметтік түп-тамырына үңіліп жүр. Мұндайда күмән-күдіктер бұлты сейілудің орына, тіпті бірте-бірте қоюланып, ордалы-қордалы өрі жиіркенішті қауіптердің қарғыс атқан қара тұманға айнала бастаған шағы. Сөйте тұра, Тұрар Рысқұлов өзіне-өзі кәміл сенімді. Сөйте тұра, ол өзінің билік басындағы қызметтестеріне де; өзі білетін; өзі танитын; өзі сыйлайтын; өзі сүйсінетін партия мүшелеріне де соншалықты кәміл сенімді. Тұрар Рысқұловтың құрыштан құйылғандай Адалдығы, Азаматтығы кім-кімді болсын ерекше тартып, ерекше баурап, сөз жоқ, ежелден бірге келе жатқан мүдделес әріптесі етіп ала қоятын бір құдыретке ие.

Тұрар Рысқұлов айтысса — ашық айтысқан, тартысса — ашық тартысқан. Сонысымен, мәрттік көрсеткен. Тұрар Рысқұлов қателессе — ашық қателескен, ашық мойындаған. Сонымен, мәрттік танытқан.

Тұрар Рысқұлов өз ойын айтса — ашық айтқан. Сонысымен жұртты сүйсінткен; сонысымен сыйлатқан; сонысымен оппоненттерін сескендіре білген; сонысымен күйіндіре білген.

Тұрар Рысқұлов өз мүдде-мұраты жолында ашық айқасқан. Сонысымен жұртты, әріптестерін соңына ілестіре білген. Сонысымен әділ жеңіске, адал жеңіске жете білген. Сонысымен жақтастары мен тілеулестерінің қатарын көбейте білген, арттыра білген. Сонысымен қарсыластары мен дұшпандарын күйіндіре білген. Күйінгендер өз осалдықтарын еш мойындаған емес. Күйінгендер өз кемшіліктерінен арылудың орнына, өзгелерді кінәлі санап, соларға ызаланып, солармен өштесіп, солардан кек алуды көздеген. Сталин, Голощекин, Менжинский, Вышинский, Ягода, Ежов сияқты жоғары билік иелерінің де; осы типтегі жергілікті деңгейдегі билік иелерінің де «осындай бақыты» қаншама қасірет тудырғанын тарих жақсы біледі. Олардың алдында өзгелердің баршасы бас шұлғып, қол қусырып тұруы тиіс. Міне, бұл — нағыз трагедия.

Халық мүддесі, мемлекет мүддесі, партия мүддесі, ұлт мүддесі тәрізді бір-бірінен ажыратуға немесе бір-бірінен бөліп қарауға келмейтін көпмәнді өмірлік мәселелер барысында әртүрлі көзқарастардың болатыны қандай шындық болса, солардың баршасының да жеке адамдардың өзіндік көзқарасы, пікірі ретінде дербес өмір кешуіне құқы бар. Ең бастысы, дәл сол кезеңде қабылданған немесе қабылданатын шешімдердің тактикасы мен стратегиясының бір өрім болып шығуында жатады емес пе? Революция жеңісіне қол жеткізген большевиктер енді өздері армандаған; өздері елестеткен; өздері осылай болуға тиіс деген жаңа қоғамды; жаңа қоғамдық қатынастарды; жаңа мемлекетті құрудың теориясы мен практикасында өмірдің өзі талап етіп отырған небір дискуссияларға барғаны мәлім.

Лениннің көзі тірісінде басталған әрі партиялық, әрі мемлекеттік шешімдер демократиялық көпшілік басымдығымен шешілсе, ал партияның бас секретары Сталин кезеңінде мұндай дәстүр біртіндеп-біртіндеп сәл бастады да, түптің-түбінде жеке адамның шешімі тек бас шұлғып, қол қусырып, мүлтіксіз әрі жүйелі түрде жүзеге асатын болды. Міне, осыдан барып партия мен кәсіподақтағы; комсомолдағы; өкімет пен үкіметтегі кешегі лениншіл революционерлердің, партия қайраткерлерінің орнын, енді Сталиндік мақсат пен мүддеге лайық тоғышар шенеуніктік

аппарат алмастыра бастады. Сталиндік билік аппараты өз жұмысын, ең алдымен, бүгінгі кеңестік одақты, кеңестік-социалистік мемлекетті дүниеге келтірген Октябрь революциясы мен оның жасампаз қайраткерлері туралы ұлылы-кішілі нақты деректерге негізделген архивтік шындықтарды, құжаттарды жұртшылық назарынан алшақтатуға; тасалауға; сөйтіп солардың баршасын бір орталыққа жинаудан бастады. Құдай-ау, мұның қатарында іс қағаздарының неше түрі мен неше атасы; кітаптар мен журналдық-газеттік мақалалар; әралуан партиялық жиналыстардың, кеңестердің, пленумдардың, конференциялардың, съездердің стенограммалары; анкеталық жауаптар мен лебіздер; арнайы сұрау бойынша қағазға түсірілген және тағысын-тағылар бар дегендей. Осынау ұланғайыр құжаттарды тікелей пайдалану, кәдеге асыру мәселелерінің өзі айрықша құпия болды. Тіпті, революция мен партия тарихын зерттеуші мамандардың өзіне де шектеу қойылып, сталиндік сипат алмайтын еңбектердің қай-қайсысына болмасын тыйым салынып, оларға саналы түрде жол ашылмай, құпиялылық атты идеологиялық дерт асқына түсті. Осыған керісінше, сталиндік билікті жан-жақты насихаттайтын, марапаттайтын жайдақ әрі солақай еңбектердің жарымжан мешел шындығы, осынау біржақты дәрежесі арқылы қасақана көкке көтеріліп, шексіз дәріптеулер айналымына түсті.

Лев Троцкий мен Милован Джиластың және тағы басқалардың көптеген еңбектерінде нақты дәлелденген осындай шындықтар — шет тілдерде жазылған еңбектерде — кезінде өткір әрі мол айтылғанымен, олардың бізге жетуі үшін жарты ғасырдан астам жол жүріп, уақыт жұмсағаны белгілі.

Сталиндік билік иелерінің жаңа әлеуметтік-таптық болмысы пайда болғанын; партиялық жаңа касталар мен партиялық жаңа таптардың осы түс — осы кезеңде революцияның мәні мен мазмұнын тек өздеріне қызмет етуі үшін пайдаланғанын қазір тарих нақты анықтап отыр.

Бұл орайда, Сталиннің 1923 жылы Татарстан Совнаркомының төрағасы Сұлтан-Ғалиевті тұтқындаудан бастаған репрессиялық әрекеттері, тіпті, көсемнің өзі күтпеген «қыруар жемістер мен жеңістердің жалған жәннатын» орнатқанын көзімен көрген замандастарының; партия көсемдерінің; мемлекет қайраткерлерінің әралуан сипаттағы сансыз құжаттары растап берді.

Міне, осы әрекетті кезінде Тұрар Рысқұловтың қасқайып тұрып, «Сталин қателеседі!» — деуі қандай зор да ұлы ерлік болғанымен, соның зардабын аяусыз шеккені де соншама тарихи шындық еді.

1929 жылы Сталин 50 жасқа толды. Көсем туралы мадақтау одалары мен панегириктер пайда болды. Жеке адамға табыну культі басталды. Осының негізінде революция мен кеңес үкіметі туралы жаңа трактовкалар орын алды. Тарихты сталиндік фальсификациямен жүргізу, айқындау, белгілеу шаралары кең етек жайды. Бұған іштей не тікелей қарсы адамдардың көзін құрту жүйелі жолға қойылды. ГПУ мен НКВД тәрізді мемлекеттік мекемелердегі билік машинасының механизмдері күшейген үстіне күшейе түсті. Сөйтіп, сталиндік билік салтанаты нығайған үстіне нығая түсті.

Социалистік идея мен қоғам үшін, әлеуметтік теңдік үшін арпалысып, адамзат баласының СССР атты мемлекеті аясында «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнатамыз» дегендердің барша іс-әрекеттері неге керісінше нәтиже беретін болды? Ашаршылық пен жұт жылдарының нәубеті қалайша пайда болды? Күні кеше революция жеңісі үшін, социализм үшін от пен суға түскен қайраткерлер енді қалайша кеңестік жаңа қоғамның ата жауына, жат элементтеріне айнала қалды? Пролетариат диктатурасы, демократиялық жеңістер мен конституциялық табыстар қалайша із-түзсіз құрдымға түншығады?

Тарих аренасындағы жеке адамның — Сталиннің мұншама құдыреті, тіпті, құдайдың өзін де жолда қалдыратын залымдық-зұлымдық пиғылдары, іс-әрекеттері ұланғайыр мемлекетті оп-оңай жаппай жаулап ала қояды?

Мемлекеттік билік машинасы неліктен ірілі-ұсақты мансапқорлар үшін қызмет етеді? Логикаға еш қисыны келмейтін жалған айыптаулардың желдей есіп, небір бақай есептердің жеңісі мен салтанатын неліктен паш етеді? Адам баласы ойлап таппайтын қаскөйліктердің неше атасы дүниені осындай зілзалаға — жер сілкінісіне душар етеді? Күні кешегі халық жаулары бастан өткерген, адам айтса нанғысыз репрессияның бүкіл қан тартқан - қан төккен жауыздықтары «Тамұқ» романында Рысқұлов арқылы, оның отбасы, перзенті Ескендір арқылы бейнеленген. Кезінде Менжинский, Вышинский, Ягода, Ежов, Глебов тәрізді шолақ белсенділер, жартыкеш-жайдақ мансапқорлар басқарған

мекемелердің қызметкерлері өздерін құдайдан асып түстім демесе де, кем түстім деген жерлері жоқ болды. Сөйтіп репрессияның географиясы мен деңгейі жаппай бүкілелдік, бүкілхалықтық қасіретке, дертке, трагедияға айналып шыға келді.

Мұндайда талғам мен тандауына әрқашан биік адамгершілікті; айрықша адалдықты; айрықша кісілікті, айрықша тектілікті негіз етіп алған принциптерінен айнымайтын күрескер Тұрар Рысқұловтың сталиндік бұл топалаңға түспеуі, құрбан болмауы әсте мүмкін емес еді.

Рысқұловтың кім-кімді болсын жоғарыдай принциптермен бағалайтыны тарихи шындық. Суреткер Шерхан Мұртаза оның мұндай ерен табиғатын, роман-эпопеяның бес кітабында сол биігінде көркем алып шыққан. Автор Рысқұловты оқырманына осылайша танытқан. Сондықтан шығар, күллі оқырман қауымның Рысқұловқа деген қылаусыз сүйіспеншілігі Шерхан Мұртаза қаламынан туған роман-эпопея арқылы аспандай түседі.

Тұрар Рысқұловтың тарихи орны мен рөлін сталиндік билік фальсификациясы қаншалықты жоққа шығарғысы келгенмен, мүлде сызып тастағысы келгенмен жүзеге аспағанына тарихпен бірге біз де толық көз жеткіземіз.

Енді міне, тау халықтарының: «Кисловодскіде кедей адам бай болады, сырқат адам сау болады, кәрі адам жас болады» дейтін курорттың да Тұрар Рысқұлов үшін соңғы жәннат — соңғы сәулеге айналуы; роман трагедиясының — бас кейіпкер трагедиясының басталуына айналуы тегіннен-тегін емес. Төтенше жағдайлардың төтенше апатқа айналуын тағдырдың ісі демей көрші. Ал өзін жер мен көктегі жалғыз құдайдай көретін Сталиннің бұл әрекеті содан асып түспесе, еш кем түспейді. Мұның бір сипаты өмір шындығынан тірек алып жатса, екінші сипаты қаламгер романының көркемдік шындығынан шынайы қуат алып жатуынан. Өйткені, қырсыққанда Рысқұловтың Кисловодскіде Филипп Исаевич Голощекинмен кездесуін қайтерсің?! Оның кездескен сайын қайдағы-жайдағыны не еске түсіріп, не сұрап жатуының өзі қандай күдікті әрі қандай сұрқиялылық. Тіпті, Голощекинді алғаш рет көрген Әзизаның жиіркенішінде қандай сұңғыла ырым жатыр. Екеуара кездесу-қажасу үстінде айтылып жататын жәйттерді, улы да зәрлі күдіктерді Голощекиннің Рысқұлов көкірегіне ұялатуға тырысатыны қандай десеңші?! Іле-шала Тұрар ойына Сталиннің Оңтүстікке бара алмай, сонау Қиыр Сібірге барғысы келетіні

немесе Ежовтың Оңтүстікке бара алмай, сонау Ертіске барғысы келетінін ненің емеуріні деп білгені жөн тәрізді күмәндарды қайта еске түсіретінін қайтерсін.

Сталин де бір — құдай да бір!

Ежов - НКВД болса, НКВД да - Ежов!

Сонда бұларға не жетпейді?!

Сонда бұларға кім тосқауыл?!

Сонда бұларға кім қолбайлау?!

Оның үстіне неге Сталин де, неге Ежов та өздерінің осындай орындалуы бір орайда түкке тұрмайтын, ал бір орайда соншама қиямет-қайым әрі орындалмайтын пенделік мұндарын тек Тұрар Рысқұловқа айтып, сыр бөліскісі келеді?

Тұрар Рысқұлов осының бәрін ойша саралап, ойша електеп, ойша талдап, өзінен-өзі таусылсын дей ме екен?

Тұрар Рысқұлов бірақ та бұған ешқашан таусыла алмайды.

Тағдыр басына салған қандай бір қиыншылық болмасын көтереді. Өзіне лайық, өзіне жарасымды әр болмысымен, абыройымен көтереді.

Тұрар Рысқұлов міне, тап осы Кисловодскіде дағыстандық басшы болғанмен, ұлты құмық Қорықмасовпен кездеседі. Онымен бірге Имам Шәміл отаршылдармен шайқасқан Гуниб тауларына әйелі Әзизаны ертіп барып тағзым етеді.

Тұрар Рысқұлов міне, тап осы Кисловодскіде Қазақстан басшыларының бірі Ораз Жандосовпен кездеседі. Бірі — Қазақстанда, екіншісі — Москвада өтіп не болып жатқан саясат жөнінде пікір алысады, сыр шертеседі. Тарихтың кешегісі мен бүгінгісіне, болашағына деген көзқарастарын білдіріп, ой өрбітеді.

Кисловодск курорты — бір сәтте жоғарыдағыдай жәннат ғұмыр болды да, кенеттен Тұрар Рысқұлов үшін жарық дүниенің соңғы сәулесіне айналып жүре берді.

Роман трагедиясы, бас кейіпкер трагедиясы міне осылайша төтеннен басталады. Диалектикадағы кездейсоқтық құдыретіне осыдан кейін, сенбей көр!

Тұрар Рысқұловтың тұтқынға алынуы; тергеуші Глебовтың қолына түсуі; сөйтіп түрменің итқорлығын бастан кешуі; ұлы Ескендірден; әйелі Әзизадан; балаларынан тірідей айрылуының барша параметрлері суреткердің «Тамұқ» романында көзден жас ағыза отырып, жанардан-жүректен қан саулата отырып суреттеледі.

Тамұқтың — түрмелік шындығы; түрменің — Тамұқ шындығы жан түршіктіреді.

Адам ретінде, оқырман ретінде қалыс қалуың не қабылдамауың әсте мүмкін емес.

Өйткені, сталиндік репрессияның тұзағына түспегендер, ілікпегендер тіптен санаулы екен... Қайта керісінше, Кеңестер Одағы атты мемлекет — тек «халық жауларынан» ғана тұратын әубастан қаскөй мемлекет екен. «Тамұқ» романының көркемдік зор құдіреті, оның осындай тарихи шындықтарды бір ғана Тұрар Рысқұловтың өзі мен отбасы арқылы жинақтап, шырқыраған шырқау қалпында көрсете білгенінде.

Тұрар Рысқұлов тәрізді ай мандайы жарқырап, асыл туғанның; бүкіл тіршілігі шайқаспен өткен жанның әуелгі төрт кітаптағы бүкіл азаматтық-қайраткерлік ересен тарихи әрекеттері дәл осы соңғы кітапта — «Тамұқта» оның өзіне және бүкіл ой-мұраттарына қайшы келіп, айыптаушы-қаралаушы-жазалаушы материал болып шыққанына қайран қаласың. Сталиндік биліктің барды жоқ, жоқты бар ететін жайынауыз қиянатына; әпербақан жолсыздықтарына тап болған жәйттердің баршасы енді әп-сәтте өңін айналдырып, саяси хамелеон қуыршақтарға, солардың азғындық ұсқыны — әзәзіл жүзіқаралыққа ие болады екен.

Тұрар Рысқұловтың игілікке — ел кәдесіне асын, жаратылсын деп шынайы атқарған барша шаруаларының енді келіп, мистикалық сайқымазақ дуаның — жын-шайтан иектеген әзәзіл әзірейілдің — дуайпат ұрған шалығы арқасында зәрлі жыланға немесе улы қарақұртқа айналып, өзіне ақ адал еңбегімен бұйырған алғыстарының даусыз-дауасыз қара қарғысқа айналып, аяусыз шаққанын айтсаңшы.

Осының бәрі сталиндік билік орнықтырған жабық қоғамның, қазармалық социализмнің саясатынан; партиялық қысым теперіштерінен; өрлеу үстіндегі сталиндік репрессияның қолдан ұйымдастырған жауыз сұрқиялылығынан өріс алған жасанды зұлматтар кесірінен деп білеміз.

Адам мен дүниенің бүкіл құдыреті — жарық тіршілікте және соның тендесі жоқ сәулелі тынысында екен. «Өкініші көп өткінші дүниенің» енді Тұрар Рысқұлов өмірінде түске айналып, «шын дүниеге» сапар шегуіне дейінгі аралықты қамтитын романнан біздер соңғы сәуле мен түнектің — қараңғы-қапас түрменің тартысына, тайталасына, тамұғына осылайша қанығамыз. 1937

жылдың мамыры мен 1938 жылдың ақпаны аралығында озбырлықтың, өктемдіктің қанды шеңгеліне түскен қазақ халқының ұлы перзенті, біртуар тарихи тұлғасы, аса көрнекті мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың яғни тоталитаристік режимнің ноқтасына сыймаған ғажайып қайсар, ғажайып өр, ғажайып адал, ғажайып күрескердің ғаламат тұлғасына шексіз сүйсінеміз.

Шексіз қаралаудың; шексіз айыптаудың; шексіз қатыгездіктің; шексіз жауыздықтың; шексіз жазалаудың шын куәгері болып, көз көріп, құлақ естімеген тамұқ дегеніміз біздің кешегі кеңестік қоғамның түрмесі екендігіне көз жеткізгенімізде «Опасыз жалғанға» сол жылдары да, қазіргі кезде де нәлет айтқанымыздың шындығына еріксіз ден қоятынымызды жасырғымыз келмейді.

Түрмеге түскен Рысқұловтың тағдыры; Ақмола лагеріне айдалған Әзиза тағдыры; Ақтеңіз түрмесіне түскен Ескендір тағдыры суреткер қаламы арқылы алпыс-жетпіс жылдан кейін қайтадан көз алдында көлбендеп тұрып алғанда, Сталиндік репрессияға тек лағынет айтып қана қоймайсың, мұнан кейін империялық-тоталитарлық режим атаулының барлығынан безініп шығасың.

Дегенмен, роман бұл дүниенің тамұғын — түрме шындығын мейлінше шыншыл, мейлінше шынайы, мейлінше көркем кестелеп шыққан. Автордың қапысыз бір табысы осы болса керек.

Сонымен, суреткер Шерхан Мұртазаның қаламгерлік көркем ойы мен шабыт қиялын, өнер-өрнегін биік мақсатқа жұмылдырған әрі қырық жылдай жігеріне-жігер, құдырет сиқырына — құдірет сиқыр қосқан ұлы қайраткер Тұрар Рысқұлов туралы роман-эпопеяға нүкте қойылды...

Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін Алаш жұртының бір ардақтысы болған Тұрар Рысқұловты тарих аренасынан Сталиндік билік кезеңі де сыза алмады, жоққа да шығара алмады.

Қазақстан Республикасы мен қазақ халқының жарқын келешегі үшін бүкіл азаматтық-қайраткерлік-перзенттік ғұмырын арнаған және сол жолда бүкіл тіршілігі «шайқаспен өткен» ұлы күрескер; ұлы тұлға; ұлы қайраткер; ұлы перзент Тұрар Рысқұлов автордың қырық жылдай жігеріне-жігер, қуатына-қуат, өрнегіне-өрнек дарытып, үстемелеген үстіне үстемелеп, барлық тұрғыдан Тәңірілік Елшілік атқарған Тұрар Рысқұловтың Бір Өзі болды десек шындықтың ауылынан алшақ кетпегеніміз.

Сонымен, бас кейіпкер Тұрар Рысқұлов та автормен қоштасты...

Сонымен, Шерхан Мұртаза да өзінің аяулы кейіпкерімен яғни қаламгерді тәуелсіз қазақ әдебиетіндегі суреткерлік тарлан биігіне көтерген Тұрар Рысқұловпен қоштасты...

Дегенмен, тәуелсіз қазақ елі мен мемлекеті және оның әлеуметтік-рухани, азаматтық-қоғамдық тарихы тұрғанда Тұрар Рысқұлов тәрізді ұлы тұлғамен — ұлы қайраткермен қоштасу әсте мүмкін емес...

Өйткені, елім-халқым деп еңіреп өткен ердің орасан тарихи еңбектері әрқашан ұлттық аспанымызда — ұлттық, топырағымызда өшпес жарық жұлдыз — ғажайып метеорит болып қала береді...

Дегенмен, тәуелсіз қазақ елінде ғұмыр кеше беретін жалпақ қазақтың яғни этнос ретіндегі, халық ретіндегі қалың оқырманның тіршілік кешкен тұстарында Тұрар Рысқұлов тәрізді ұлы тұлғамен, ұлы қайраткермен қоштасу әсте мүмкін емес...

Шерхан Мұртазаның ұлы тұлға, ұлы қайраткер, ұлы перзент Тұрар Рысқұловқа қойған көркем ескерткіші — «Қызыл жебе» роман-эпопеясы заманалар көшінде осылайша аяқталмақ емес...

ШЕРХАН МҰРТАЗА ДРАМАТУРГИЯСЫ

Ш.Мұртаза – өнер әлемінің қай саласында болсын тақырыбын тапқан хас талант. Солайша оның тасы өрге домалап, бағы да жанды.

Кеңес дәуіріндегі тоқырау кезеңінде ұлттық мүдде үшін күресуді, ұлтты оятуды Ш.Мұртаза өз шығармашылығында сәтімен, орайымен пайдалана білді. Тұрар Рысқұлов туралы романдар циклін ендігі кезекте ол драмалар цикліне айналдырды. Нәтижесінде тыңнан жол салғандай болып өмірге халықтық трагедиялар келді.

Мұның өзі шығармашылық ізденіс пен шеберліктің шексіздігін таныта отырып, жазушының суреткерлік соны да маңызды концепциясын халыққа неғұрлым тиімді жолмен ұғындыру ниетін де байқатса керек. Драматургия жанрына келуде негізінен осындай мақсат қойғанын айта келіп Ш.Мұртаза былай дейді: «Колбиннің заманы. «Сталинге хатты» жазып бітіп, өнердің қарашаңырағы ғой деп Әуезов театрына апарып бердім. Күндер өтті. Айлар өтті. Не жарайды, не жарамайды деп тыр еткен хабар жоқ. Ақыры алып кетуге тура келді. Барсам, тіпті қолжазбамның өзін әрең тауып берді. «Не жаза қояр дейсің» деген болуы керек. Қарамаған, көңіл бөлмеген.

Содан сол театр алдында Райымбек Сейітметовтің кездесе кеткені. Сәлемдесуден кейін жағдай сұрастық. Мен не жұмыспен жүргенімді айттым. Қолжазбамды көрсеттім. «Мен оқып көрейін» деп сол күні Райымбек пьесаны алып кетті.

Сонымен қатты ұнатып «Сталинге хатты» еш өзгеріссіз сахнаға қойды, жастар театрында. Содан кейін «Бесеудің хаты» қойылды...

Егер сол күні Райымбек кездеспегенде қайтып драматургияға барар ма едім, бармас па едім, құдай біледі. Көрермен де жаман қабылдамаған сияқты. Мақсаттың өзі сол еді. Халық тағдырындағы ақтаңдақты көрсету, зобалаңды сезіндіру, жұртты серпілту, ояту... Әйтпесе драматургиямен атымды шығару деген ой жоқ.»

Ш.Мұртазаның драмалық шығармаларының тақырыптары өзінің әралуандығымен ерекшеленеді. Драмаларының басты сипаттарының бірі – олардың тарихи тұлғаларға, ел басында болған қиын кезеңдерге арналуы («Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Ноқтаға басы сыймаған», «Әзиза» т.б.) .

Ш.Мұртаза жерлес бауыры, халқының біртуар азаматы Тұрар Рысқұлов туралы тек роман жазып қана қоймай, драмалар жазды. Сонымен Ш.Мұртаза «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» секілді драмалар дүниеге әкелді. Екі драманың да басты тақырыбы ашаршылық жылдардағы халқымыздың қиын тағдыры, сол кездегі қазақ зиялыларының жанкешті әрекеттері.

Тәуелсіздік кезеңі тарихи тақырыптар сілеміне тыңнан жол ашқаны мәлім.

Бұл кезеңде әдебиеттің барша жанрында тарихи тақырыптардың жаңғыра белсенді көтерілуі байқалды. Бұл драма жанрына да тән болды. Көркем прозасымен қазақ әдебиетінің қорын байытқан Шерхан Мұртаза драматургия жанрының да дамуына үлкен үлес қосты. Қазақ театр сахнасының тұрақты репертуарына айналған «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Жалғызүйлік зілзала», «Есек саудасы», «Домалақ ана», «Ноқтаға басы сыймаған» пьесалары драматургтің суреткерлік шеберлігін тағы бір қырынан танытты. Белгілі драматург Қалтай Мұхамеджанов «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» драмаларын «халықтық трагедияны екі тарихи тұлғаның өмірлік шындығы арқылы көрсетуге құрылған драма-диалогия» деп бағалаған болатын. Өзінің сүйікті кейіпкері Тұрар Рысқұловты сахнаға әкеліп, тартысты. Заманның шындығын тереңдей таныту драматургтің жеткен жаңа жетістігі еді. Голощекин саясатының қазақ даласына апат әкелгенін Сталинге хат түрінде жазған Тұрар әрекеті, ұлттың үлкен қасіретін жанымен түйсініп, оған жүрегімен қиналғаны «Сталинге хат» драмасынан барынша көрініс тапқан. «Қыл көпір» романының соңғы тарауларындағы Сталин мен Рысқұлов арасындағы сөз қағысулар сахнаға әкелініп, романда тоқталмаған жайттарға қаламгер пьесада орын берген. Ашаршылық жылдарындағы ел ішіндегі жағдайлар терең ашылған. Рысқұлов хатта жазғандарын Сталинге санамалап көрсетіп, Қазақстанға не керек екенін айтады. Соларды талап етеді. Сталин мен Тұрар арасындағы диалог астарлы ойлар қақтығысына құрылған. Пьесаның соңғы шешіміндегі сахнаның екі бұрышындағы екі қара киінген адам Тұрарды 1937 жылғы зұлматтың құрбаны күтіп тұрғанын меңзейтін символдық кейіпкерлер. Осы ашаршылық кезеңінің ащы шындығы «Бесеудің хаты» пьесасының да басты оқиғасы. Тарихтан белгілі, қазақ даласындағы қасіретті жағдайға ашынған бес қазақ жігіті Голощекин саясатының қателігін, «асыра

сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» науқанын әшкерелеп, өлкелік комитетке хат жазған. Бұл өрімдей бес жігіттің халыққа араша сұрап, өз бастарын қатерге тіккені Х.Есенжановтың «Жүнісовтер трагедиясы» романының оқиғасына да енген. Ғатауллин, Қуанышев, Дәулетқалиев, Алтынбеков, Мүсірепов сияқты бес азамат қол қойған бұл хаттың халық тағдыры үшін мәні зор еді. Көрнекті қазақ қаламгері, қазақ әдебиетіндегі алыптар тобының өкілі, суреткер Ғабит Мүсіреповтің азаматтық тұлғасын толықтырар оқиға пьесадағы тартыстың өзегі ретінде алынған. Қаламгер Ш. Мұртаза қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірін зерттеу барысында мынадай түйінді ой айтады: «Мен Тұрар Рысқұловтың өміріне, қайраткерлігіне арнап «Қызыл жебе» атты роман жазу барысында көп ізденіп, көп материалдар жинадым.

Рысқұловтың партия алдында, мемлекет алдында атқарған еңбегі орасан. Ол талант иесі айтулы оратор, табиғатынан ерекше туған жан. Ұлан-ғайыр қызметінің бәрін жеткізіп айту да қиын. Ал соншалықты қайраткерлігінде ең ерекше, ерен қимылы неде? деген сұраққа мен: миллиондаған халықты апаттан аман алып қалу үшін жеке басын қатерге тігіп, ұлы қайрат көрсеткен екі кезеңі дер едім. Біріншісі - 1918-1919 жылдарда Орта Азияда, Қазақстанда үлкен аштық болды. Сонда Тұрар Рысқұлов аштықпен күрес комиссиясын басқарып, халықты жаппай қырылудан аман алып қалуға барын салды. Екіншісі - тағы да аштық 1932-1933 жылдары жаппай ұжымдастыру кезеңінде Қазақстанда өрескел бұрмалаушылық орын алды. Осының салдарынан халық көпе-көрнеу аштыққа ұшырап, өмірде сирек кездесетін нәубетке тап болды», - деп жазады Шерхан Мұртаза.

Әрине, ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен қуғын-сүргін заманда кім қайда босып жан сақтамады? Бұл өзі, шындығында, ұлттың өте ауыр трагедиясы. Қазақ ұлтының жартысынан астамын қырғызып жіберген аштық кімдердің қолымен жасалды, не жағдайлар себеп болды деген мәселелер автордың осы драмаларында шынайы мазмұндалады.

«Сталинге хат» драмасы РСФСР Совнарком төрағасының орынбасары қызметіндегі Тұрар Рысқұлов пен бас хатшы Сталин екеуінің арасындағы диалог түрінде көрініс табады. Драманың басты идеялық табысы - шынайы саяси ахуалды сөз етуі. Оның ішінде, Т.Рысқұловтың Сталинмен бетпе-бет отырып, халқының жағдайын жеткізіп, жазған хатына жауап сұрауы, бір емес, қайта-

қайта халқы үшін Сталиннің алдына барып, өзін паналап келген қарындасы Түйметайдың жағдайын айта отырып, бүкіл ел басына төнген нәубетті жасқанбай айтуы, т.б. драманың көркемдік-идеялық сипатын тереңдете түседі. Әсіресе, Тұрар Рысқұлов кірген кезде Сталиннің құлағына бір мұнды музыканың естілуі, оның Тұрарды «Түркістанның Шыңғысханы» деп ат қоюы, қалай тұқыртса да, қайсарлығынан танбаған оның алдында Сталиннің өзі де ақиқатты танып, Голощекинді Мәскеуге алдыруы - драмадағы тартыс арқауы. Бір қарағанда, драмада шым-шытырық тартыс жоқтай көрінеді. Ал, тартыс Сталин мен Тұрар Рысқұлов арасындағы сөздердің өздерінен-ақ өріліп жатыр. Ш.Мұртазаның «Сталинге хат» драмасы 1988 жылы Р.Сейтметов режиссерлығымен Қазақ жастар мен балалар театрында қойылды. Текті ұрпақтың тұяғы Тұрардың бейнесін сахнадан көріп, Сталинмен сөз сайыстырғанын көзбен көрсетіп, көңілге түйсіндірудің шын мәнінде рухани маңызы зор болғаны анық. Бұл жерде де Шерхан Мұртазаның отыз жылдық ғұмырын Тұрардай ердің елі үшін еткен қызметін, өткен ғасырдың басында қазақ елінің басынан өткерген қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелерді жан-жақты зерделеуге арнағанын еске түсіреді.

«Сталинге хат» драмасынан кейін сахналанған «Бесеудің хаты» пьесасы осы драмамен мазмұндас. «Сталинге хат» драмасы Мәскеуде болған жағдайға арналса, «Бесеудің хаты» Қазақстандағы жағдайға арналады. Драма прологті, эпилогті, екі бөлімді тарихи шығарма. Драмаға Мүсірепов, Голощекин, Құрамысов, Жантоқов, Сталин, Рысқұлов, т.б. бізге белгілі адамдар қатысады. Драманың негізіне 1932 жылы болған оқиға алынған.

Бесеудің хаты — қазақ зиялыларының БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекинге жолдаған хаты (1932ж. 4 шілде). Бастапқыда И.В.Сталинге арналып жазылған. Бесеудің хаты республикадағы мал шаруашылығының күйрегендігі салдарынан елді алапат ашаршылық жайлағандығын айтып сақтандырған алғашқы дабылдардың бірі болды. Хатта қазақ ауылындағы социологиялық қайта құрулар бүкіл халықтық қасіретке айналып, барлық әлеуметтік топтарды — байларды, орташаларды, кедейлерді қамтығаны, күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру, алым-салық жинаудағы қиянаттар жұрттың жаппай аштық пен індетке, ауа көшуіне әкеліп соққандығы шыншылдықпен баяндалды. БК(б)П Қазақ өлке комитетінің ауыл

шаруашылығын басқару жөнінде жүргізген қатыгез саясаты сынға алынды. Бірақ құжатта жергілікті жерлерде жіберілген «асыра сілтеушіліктерге» солшыл коммунистер айыпты деп көрсетілді. Елді ауыр жағдайдан құтқарудың жолдары ұсынылды. Хаттың авторлары — жазушы Ғабит Мүсірепов (1902—1985), Қазақ мемлекеттік баспасының меңгерушісі Мансұр Ғатаулин (1903-1938), Алматы Комвузының басшы қызметкерлері Емберген Алтынбеков (1904—1954) пен Мұташ Дәулетқалиев (1904-1982) - (кейіннен жоғары партия мектебі болған) ректоры, Қазақ АКСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының сектор бастығы Қадыр Қуанышев (1906 — өлген жылы белгісіз) қуғынға ұшыратылды. Хаттың жазылуына Халком Кеңесінің төрағасы Ораз Исаев түрткі болған. Бесеудің хаты қазақ зиялыларының тоталитарлық тәртіпке наразылығының бір көрінісі болып табылады .

Өз туындылары арқылы Ш.Мұртаза театр мен драматургия атты жұмбақ та сиқыр әлемнің көрнекті өкіліне айналды. Біз талдаған драмаларының барлығы дерлік жоғары бағаға ие болды. Драмалық шығармаларының сахналық зор табыстары суреткерді драматург ретінде одан сайын қанаттандырып, шабытына шабыт қосқан еді.

Осындай табыстардан соң-ақ Ш.Мұртаза драматургиясы көркемдіктің өзі биік дәрежеде екендігін дәлелдеді. Оның драматургиясындағы замана дүрсілі шыншыл да нақты күйінде еді. Осылайша, автор драматургиясындағы публицистикалық пафос - өнер пафосына, көркем пафосқа көтерілген еді.

Шерхан Мұртазаның ұлттық драматургиямызға сүбелі үлес болып қосылған «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Ноқтаға басы сыймаған» драмалары тарихи тақырыпты арқау ете отырып Тұрардай, Ғабиттей, Бауыржандай арыстарымыздың тұлғасын ұлттық рухта бейнелеуге арналған.

«Сталинге хат» драмасындағы Сталин - қазіргі ұрпақ санасында қылышынан қан тамған, қазақ ұлтын жойып жіберудің аз-ақ алдында қалдыруға ұшыратқан тарихи тұлға. Ал, Тұрар - сол уақытта елінің жағдайына шыр-пыр болып, оған бірнеше рет хат жазып, шырылдаған есіл қайраткер.

Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романдар желісінде суреттелген Тұрар Рысқұлов - саяси-әлеуметтік аласапыран өмірдің қайнаған ортасында жүрген, шыңдалған қоғам қайраткері.

«Сталинге хат» драмасы Қазақстандағы жағдайды баяндап екі рет хат жазған Тұрар Рысқұловтың Сталинмен бетпе-бет жүздесе отырып, әділетсіздіктер жайлы баяндайды. Мәселен:

Сталин: (бұрқ етіп). Түсінемін. Түсінбейсіңдер. Ұлы мақсат жолында кесе-көлденең тұрғандарды ысырып тастағаны үшін Сталинді қатал дейсіңдер!

Рысқұлов: Әрине, қатал тәртіп өте керек. Бірақ сол қаталдықтың қаһарында әділетсіздік қайқаңдамаса болғаны ғой.

Сталин: Онымен не айтқың келеді? Қай әділетсіздік айтып тұрғаның?

Рысқұлов: (о да шырғып). Қазақстандағы дәл қазіргі жағдай, жолдас Сталин. Осыдан екі апта бұрын сол жағдайды айтып, мен Сіздің атыңызға екінші рет хат тапсырғанмын. Қазір де келіп тұрғаным - сол хаттың тағдырын білу.

Осы үзіндіден-ақ, екі кейіпкердің бейнесі тұлғалана түседі. Пьеса екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлім он суреттен тұрады. Екінші суретте ауылдағы аштықтан Тұрарды пана тұтып келген қарындасы Түйметайдың келуі, ал екінші бөлімнің төртінші суретте ақ түтек бораннан мазарға тығылған уәкіл мен иман баяндалады. Аштықтан өлетін болған уәкілдің зәресін иманның сөздері ұшырады. Голощекиннің қол шоқпары болғанын түсінген уәкіл мен иман арасындағы сөздер арқылы оқырман қазақ даласындағы аштық жайын толығымен сезінеді.

Ал, қалған суреттердің барлығы да Сталин мен Тұрар екеуінің арасында өтеді. Сталиннің қарсы алдында тұрып-ақ халқының мұң-мұқтажы мен жағдайын батыл айтады.

Рысқұлов: Айтсам, Одақта жолдас Сталинсіз күрделі бір мәселе де шешілмейді ғой. Ол шындық. Ал Қазақстан үшін Голощекин де солай. Басқалар оның бетіне қарсы келе алмайды.

Сталин: (ары-бері теңселіп, түнеріп жүріп алады). Сонда демократияның аузы буылып, аяғы кісенделгені ғой. Сол ма айтпағың?

Рысқұлов: Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады деген бар. Көлгірсіме деген өзіңіз едіңіз ғой.

Сталин: Тым ащы айтасың. Сенің тек шындықты айтатыныңды білмесем, сенімен басқаша сөйлесер едім. Бірақ сенікі де шындық. Социализм аяғына нық тұрған кезде нағыз демократияға даңғыл жол ашық. Ал қазір кейде осылай жеке басшылық та керек. Бірақ, неге жеке басшылық? Бізде партиялық демократиялық централизм. Сен маған болмаған кінәні мойындатпақсың, ә?

Рысқұлов: Жолдас Сталинге болмаған кінәні тағып, арыстанның аузына басымды тығар жайым жоқ. Өзіңіз шындық дедіңіз ғой.

Сталин: Айтшы, Тұрар, республикада апатқа ұшыраған халықтың жалпы саны қанша?

Рысқұлов: Бүкіл Қазақстандағы жағдай Қарқаралы ауданындағыдай. Қарқаралыда 1932 жылдың мамыр айында 50 мың 300 адам бар еді. Ал 1932 жылдың қарашасында содан 15 мың 900 адам ғана қалды. Айттым ғой, бұл жағдай барлық аудандарға тән.

Сталин: Үштен екісі. Одан да артықтау. Яғни, үш үйдің екі үйі жоқ. Обал! Озбырлық, әрине! Демократия! Социализм дейміз. Не деген сұмдық! Қазақстан тарихында мұндай сойқан бұрын болып па еді?

Рысқұлов: Қазақстан – феникс құс секілді, жолдас Сталин. Көп өліп, көп тірілген. Феникс, өзіңіз білесіз ғой, өртеп жіберсе, өртенген дененің күлінен қайта тіреле беретін көрінеді ғой. Ғұндар селі қаптады. Қазақстанды Қытай талай рет қырды. Шыңғыс хан таптап өтті. Жоңғар шапқыншылығынан «Ақтабан шұбырынды» деген ат қалды. Әне, «Ақтабан шұбырындыда» халық дәл қазіргідей қырылған.

Рысқұлов дүниеде тек қарғыстан ғана қорқатынын айтқанда, Сталин «Халық алдында қылмыскер емессің ғой?» деп айтады.

Сталин: Алғыс пен қарғыстың таразысы бар.

Рысқұлов: Мәселе таразыда емес, таразышыда. Тасбақа о басында адам болған деседі. Таразыдан жеп қойып, қарғыс атып, тасбақаға айналып кеткен.

Сталин: Демек таразыдан жеген тасбақаға айналады.

Рысқұлов: Ия, Иосиф Виссарионович, таразыдан жемеу керек. Таразыдан жегенді тарих бәрібір табады.

Сталин: Ал тарихтың өзін тасбақа жазса ше?

Рысқұлов: Шындық шірімейді. Шындықтың бетін қанша бүркемеленгенмен, бүркеніштің ар жағынан сәуле шашырап тұрады. Шын тарих та сондай. Шын таразышы – тарих.

Осыдан кейін Сталин Молотовқа телефон шалып, Рысқұловтың ұсыныстарының негізге алынуын, Голощекиннің Мәскеуге қайта шақырылуына бұйрық береді. Ал, Рысқұловқа Қазақстанға қайтпайтынын айтады.

Драманы оқи отырып, автордың бұған дейін жазылған романдар желісінде сомдаған Сталин, Тұрар бейнелерінің басқа қатпарларын ашуға ұмтылғандығын және оның сәтті болғанын байқаймыз. Драма соңы Рысқұловтың «*Өмірбақи қайтпауға пейілмін. Қазақстан аман*

болса, халқым аман болса, соған өле-өлгенше ризамын. Халқым, сен аман бол! Құрбаның болуға мен дайын. Ал зор қатенің құрбаны болғандар! Сендер кешіріңдер. Сендердің рухтарыңды қарны тойған күні ұмытып шыға келетіндерден сақтасын тағдыр!» деген сөздерімен аяқталады.

Автор тарихи өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдыру арқылы жас ұрпақтың тарихи санасын байытып, патриоттық сезімін көтеруі – драматургтің айтарлықтай табысына айналды. Бұл табыс жазушыға оңайлыққа түскен жоқ. Тұрар туралы архив деректерін іздеу, Тұрардың көзін көрген тірі архив ретіндегі қарттармен сырласу, жазбаша ауызша қолға түскен дерек көздерін талдап ой қорыту, айтуға оңай болса да, эпопея желісіне сіңіре суреттеу – қиынның қиынына айналды.

«Бесеудің хаты» драмасы да «Сталинге хат» секілді Сталиннің кабинетінде Тұрар Рысқұлов пен Сталиннің арасындағы әңгімемен басталады. Қазақстанда болып жатқан бұрмалаушылықтарды, асыра сілтеуді Сталинге айтып отырған Рысқұлов бұл туралы бес адамның хат жазғанын, бірақ хаттың ұсталып, оны жазғандардың жазаланғанын айтады. Бұдан ары Алматыдағы Голощекиннің кабинетінде түн ішінде болып жатқан бюро баяндалады. Бюрода қаралып жатқан мәселе – «Бесеудің хаты».

Бұдан ары ақын Нұрханның Ғабит Мүсіреповке *«Түсінсең сол, Ғабитжан. Киіз туырлықты, қыл-құйрықты тулы ел едік. Ешкімге залалымыз жоқ еді. Елдің қырылып жатқанын өз көзіңмен көрдің»* - деген сөзімен өрбиді. Голощекиннің жанында отырып нәубет төнген елдің жағдайын неге ойламай отырғаны туралы айтқанда, жазушы оған Мәскеуге хат жазғанын айтады. Осы кезде телефон шырылдап, Ғабитті крайкомға жетуін талап етеді. Мүсірепов, Гатаулин, Алтынбеков, Қуанышев, Дәулетқалиев және Қарабаев. Бірақ, Қарабаев өзінің топтан шығып кеткенін айтып, ақталады. Ал, екінші бөлімнің екінші, үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші суреттерінде Нұрхан ақын мен Ғабит Мүсіреповтің ауылдарды аралап, ашыққан елді, қырылған халықты көргендігі айтылады. Нұрханның Күләнда атты елдегі қызды іздеуі, аштықтан әбден қалжыраған оның өлеңдетіп ел жайын айтып, талықсып кетуінің барлығы да жанды тебіренеді. Ал, оныншы суретте бір ауылдан бір тірі жан таба алмай сенделген Ғабит Мүсірепов, ақын Нұрханның және Амангелді батырдың жары Балымның бір нәрестені тауып алғандығын, оған еміреніп, омырауынан сүт шығуы, баланы жақсылықтың жәдігеріне балауы

баяндалады. «Әне, қап-қара бұлтта ыдырап күн көрінді. Сен ұлы анасың, Балым! Сен жанын сақтап қалған осы ұлдан әлі бір тайпа ұрпақ дүниеге келіп, өлгендердің орнын толтырмақ. Орнында бар оңалар, жеңеше!» - деген Ғабит Мүсіреповтің сөзінен кейін елдегі жағдайдың шыңына жеткендігін бағамдаймыз.

Бюро түні бойы жалғасып, хат жазған бесеу атылсын деген шешім қабылданады. «Атыңдар! Голощекин! Құрамысов! Жантоқов! Біз халық қырылып жатқандықтан атыламыз. Ал сендер халық қайта тіріліп кеткендіктен атыласыңдар! Халық қайта тірілгенде сендер екі дүниеден де орын таппай қаласыңдар. Сендер сияқтылар бұрын да болған. Сендер сияқтыларға Данте айтқан: «Қарабетті аспан қарғап, тамұқ та оны қабылдамас», - деген. Қасқыр қарызынан терісін беріп құтылады. Ал сендер қисапсыз қылмыстарыңнан мәңгі-бақи құтыла алмайсыңдар. Ал, атыңдар!», - дейді Ғабит Мүсірепов.

Жазушы сөзі қазақтың жоқшысы болар азаматтардың бар екенін, әлі де туылатынын сездірген еді. Пьеса эпилогы Тұрар Рысқұлов пен Ғабит Мүсіреповтің ана дүниедегі пайымдарымен аяқталады. Екі тұлғаның елесі тамұқты кезіп жүріп, халықты азаптаған залымдардың өздері азапқа түсіп жатқанын көреді. Эпилогтың берілуі – драматургтің ерекше көркемдік табысы. Көрерменнің айызы қанып, бүгінгі ұрпақ санасында нәубет жылдар болып қалған ашаршылықты туғызған қаскөйлердің ар алдында, Жаратушы алдында жауап беріп, азапқа түсіп жатқаны – осындай ұлы тарихи тұлғаларға деген біздің құрметімізді одан сайын арттыра түскендей. «Бесеудің хаты» - жас ұрпаққа азаттықтың қандай қасіретпен келгенін ұғындырар сүбелі туынды.

Ал, драмаға өзек болған бесеудің хатын жазғандар кімдер? Шындығында, халқының аштықтан қырылып жатқанына бейжай қарай алмаған жазушы Ғабит Мүсірепов басында Мұташ Дәулетқалиевке ғана осы туралы айтады да, екеуі түнделетіп бірде Мұтағанның, біресе Ғабеннің үйінде бас қосып, тіпті жарларына да тіс жармай, құпия түрде хат мәтінін әзірлеуге кіріседі. Хат дайын болғанда, қатарларына тағы Мансұр Ғатаулин, Емберген Алтынбеков пен Қадыр Қуанышевтар қосылады. Сонымен, бесеудің басын қосқан – жазушы Ғабит Мүсірепов. Ш.Мұртазаның драмасында бұларды ату жазасына бұйырады. Бірақ, Ғабит Мүсіреповтің атылмағаны бізге белгілі. Ал, Мұташ Дәулетқалиевке (хат жазылған тұста КомВУЗ-дың (кейіннен жоғары партия мектебі болған) ректоры қызметінде болған екен) Голощекин қанша тісін қайраса да, олардың көзін жойып

жіберуге құдіреті жетпей, тек «оппортунистер» деп қудалауға ұшыратады. 1938 жылы «халық жауы» деген жаламен ұсталады... 1982 жылы Алматы қаласында өз ажалынан дүниеден озған екен. Хаттың үшінші авторы сол уақытта Қазақ мемлекеттік баспасының меңгерушісі қызметін атқарған Мансұр Ғатаулин «Бесеудің хатынан» кейін 1937 жылғы репрессияға ұшырайды. Сонда ату жазасына кесіліп бара жатқан жанкешті азамат жанындағы өзінің серіктерін нұсқап: «Бұлардың еш жазығы жоқ. Мен – жаумын. Мені соттаңдар, жалғыз өзімді. Бірақ мен де халық жауы емеспін, мен – өз халқымның жауының жауымын. Мен ондай дертке 1932 жылы аштықтан әбден ашынып, көздері қарауытқан, сөйтіп, адамға пышақ ала ұмтылған халқымды көргенде ұшырағанмын», – деп салады. Осыдан кейін Мансұр Ғатаулин атылады. Хаттың келесі авторлары - Емберген Алтынбеков пен Қадыр Қуанышев туралы дерек жоқтың қасы. Хаттың мәтіні мынадай екен: *БК(б)П Өлкелік комитетіне, Голощекин жолдасқа:*

...«Бүгінгі Қазақстан – бұл 163 миллион сомның товарлы өнімін беретін, 40 миллион малы бар өлке», – деп жаздыңыз Сіз, Голощекин жолдас, 1930 жылы «Октябрь революциясының жеңістері» деген мақалаңызда («Қазақстанның 10 жылдығы» атты жинақ). ...Бірақ қазір, Сіздің мәлімдемеңізден кейін 2 жыл өткен кезде Қазақстанда мал шаруашылығы саласында мал басының қисапсыз кеміп кеткені әмбеге аян болып отыр: 1930 жылғы мал басының 1/8 бөлігі (40 миллионнан 5 миллион) ғана қалды. Тек байлар мен кулактардың ғана емес, тек жекеменшікті орташалар мен кедейлердің ғана емес, сонымен бірге, негізінен алғанда, колхоздар мен колхозшылардың (ішінара совхоздардың да) қоғамдастырылған және қоғамдастырылмаған малы да осындай зор шығынға, сұрапыл қырғынға ұшырады...

...Мал басының қисапсыз кеміп кетуі мен көптеген қазақ аудандарын қамтып, адамдардың жаппай қырылуына әкеп соққан ашаршылық (қыстың екінші жартысынан бастап) жөнінде әлі күнге дейін ауыз ашпай отыру қаншалықты дұрыс?.. Нағыз көзбояушылар, көпірме жоспарлар жасаушылар, оның үстіне өздеріне жүктелген нақты іс басқара алмаған, көзбояушылықпен «бәрі де жақсы» деп тұжырымдап, өнеркәсіп саласындағы жетістіктерге арқа сүйеген, сөйтіп, осынау елеулі мәселелерге жұртшылық назарын әлсіреткен жер органдары мен ауыл шаруашылығы кооперативтері одағының мүшелері неге бүкіл жұртшылық алдында сабақ боларлықтай

сазайын тартпайды?

(Мүсірепов, Ғатаулин, Дәулетқалиев, Алтынбеков, Қуанышев.)

Тарихи деректер бойынша 1932 жылғы 5 шілде Қазақ Өлкелік комитеті мен Өлкелік бақылау комиссиясының бюро отырысында хат авторларына тағылған айып кешіріледі. Бұл бірақ коммунистерден, оның ішінде қатардағы емес, елеулі әлеуметтік мәртебесі бар тұлғалардан түскен алғашқы хат еді. Осы хаттан кейін басқа да хаттар жазылды. Біз жоғарыда талдаған «Сталинге хатты» Т.Рысқұлов жазып, қайта-қайта батыл жауап сұрап, нәтижесінде 1933 жылы Голощекин Мәскеуге қайтарылған болатын.

Драмада осы айтылған тарихи жағдайлар әсерлі суреттеледі. Пьеса барлық талаптарға сәйкес жазылған. Драманың оқиғасы мазмұнды беріледі. Тартыс нақты адамдардың арасында өрбігенімен, бүкіл шығарманың арқауына өзек болып тұр.

Ш.Мұртазаның тарихи тұлғаларға арналған келесі драмасы – «Ноқтаға басы сыймаған» болып табылады. Драма халқының батыр ұлы Бауыржан Момышұлына арналған. Қарап отырсақ, Ш.Мұртазаның өзі Тұрар Рысқұлов, Бауыржан Момышұлы туылған Жамбыл облысының Жуалы топырағында дүниеге келген. Өзі нәр алған жерінен шыққан тарихи тұлғалар өмірін жазуда Шерхан Мұртаза көп еңбектенген және оған мүмкіндіктері де мол болды. Бұл әрине, өз кезегінде оның мейлі прозалық, мейлі драмалық дүниелерінің де өте шынайы, көркем болуына жағдай жасады. «Ноқтаға басы сыймаған» 2005 жылы Батырдың 100 жылдығына орай жазылған еді. Драма авторы Шерхан Мұртаза: «Ноқтаға басы сыймаған» деген сөз – «тәртіпке көнбеген» дегенді білдірмейді. Керісінше, ол тәртіптің құлы болған адам. Тек сол кезеңдегі жүгендеулі қоғамның ақиқатын айтып, жүйеге қарсы болды. Бауыржандай батыры бар ел бақытты», - деген еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары халқымыз үшін де, руханиятымыз үшін де ең қиын жылдар болғаны даусыз. Аласапыран уақыт еншісіндегі Бауыржан Момышұлының 80 жылдық мерейтойы жұпынылау өткен екен. Осыны ойлап, толғанған, бүгінде көзі тірі, ҚР Мәдениет қайраткері Әлібек Әмзеев осы шығарманы Ш.Мұртазаның жазғанын шын қалап, оған хабарласады. Өзі былай деп ой түйеді: «Сен не деп тұрсың-ей, қарағым, бастық», - деді Шәкең телефонның арғы жағынан. – Мен Баукең туралы пьеса жазу былай тұрсын, ол туралы ойлауға қорқатын адаммын. Менен басқа батыр жазушылар бар ғой,

соларға жаздырарсың, – деп телефон ызыңын естіртті. «Жығылған күреске тоймайды» - деген, Ә.Әмзеев араға уақыт салып тағы хабарласады.

- Не, менен басқа таппадың ба?

Даусы ширатылып, шиыршық атып тұр.

Отандығы бар, шет елдігі бар біраз мақтауларды Әмзеев те жібереді. Даусы жұмсарды. Күлді. «Кұдай берді!» - дейді ішінен. – «Ойланайын. Кейінірек хабарласарсың...» – дегені. Уһ! Жауды жеңгендей болады.

Тағы бір хабарласқанында:

- Әй, Бауыржанға заказ бергіш батыр. Сенің театрыңда Бауыржаның бар ма? Әлде, босқа далақтап жүрсің бе?

- Оны ойламай не болыпты аға, – дейді Әлібек аға, жанын жалдап. Баукең туралы сөз болғалы бері ойымда театрымыздың бас режиссері Қуандық Қасымов жүруші еді. Бойы, даусы, келбетінде сахналық сәйкестілік бар. Ең бастысы сахналық, актерлік тәжірибесі бар. Қуандыққа өзі ойнап, әрі режиссерлық жасау қиын болса, сырттан режиссер шақыртып қойдырмақшы болып жүргенмін, - дейді Ә.Әмзеев. Ол спектакльдің барлық шығын есебін жасап, сол кездегі облыс әкімі Серік Әбікенұлы Үмбетовке барады. Түсінді:

- Басқадан аясақ та, Баукеңнен аямайық! – деп, қаражатты бөліп жібереді».

Міне, Шерхан Мұртаза Бауыржан батыр туралы «Ноқтаға басы сыймаған» деген драмасын осылай жазған екен. Екі бөлімді, музыкалы драмада бас кейіпкер – Бауыржанның өзі және әйелі Сәлима. Драма Батыр Бауыржан мен бабасы Имаштың өзара кеңесуімен басталады. Драма ұлттық ерекшеліктерге толы болып келеді. Оны әрбір көріністен байқауға болады. Әсіресе, майдан даласында батырдың қазақ әндерін шырқатып, «Жауынгерлер! Міне, ән құдіреті. Әдетте: «Зеңбірек зіркілдегенде музыка көтін қысады» деуші еді. Енді, міне, қазақтың қайғылы да қаһарлы әні шырқалғанда зеңбірек те көтін қыса қалды. Бұл ғажап!», - деп жар салуының өзі кез-келген жанның жүрегін тербейді. Ал, үшінші көріністің өзінде неміс генералының зеңбіректердің үні өшкеніне таңданып, алыстан естілген ән құдіретінен шошынып: (Қабырғадағы Гитлердің суретінің алдына тізерлеп отыра қалып жалбарынып) Баяғы гундардың сұрапыл тасқыны қаптап келеді, құтқара гөр, Құдірет!, - дегені де драма қуатын арттырады. Бұдан кейінгі соғысты көрмеген, сезінбеген жанның ол туралы жазған драмасының өміршең бола алмайтынын айтып, соғыс психологиясы

туралы батыл айтады. Жиналысқа қатысып отырған жазушылар мен жас ақындар шындықты айтқаны үшін батырдың қолын алып, құттықтайды. Шибайдың кекшіл екендігін, абайлап жүру керектігін айтқандарға Бауыржан: Кекшіл болғанда менің неменемді кесіп алады? Сұрапыл соғыста Құдай алмаған жанды енді елге келгенде, Шибай алса Құдайда да әділет жоқ. Мені Шибайдың қоқанымен қорқытпандар. Мен тек көк Тәңірден ғана қорқамын.

Пендеге пенде қылма жүз салдырып,
Телміртпе бір жаманға көз талдырып,
Махрум ете көрме, раббым Алла,
Мейірлі қазынаңнан құр қалдырып
Шибайларға Құдай телмірпесін», - деп жауап береді.

Көшеде бір кездегі сымбатты, майдан даласында кездестірген батыр Сәлиманы көріп қалған Бауыржан оның жағдайын тура болжап біледі. Шибайға қаһарланып айтып, Сәлиманы өзіне жар етіп алады.

Екінші бөлім бір кездері Имаш бабаның еккен алып бәйтерегіне Сәлиманың сәлем жасауымен басталады. Бұл да шығарманың ұлттық бояуын қалыңдата түседі.

Драмада белгілі ақын Ғафу Қайырбеков, Хамит Ерғалиев, жазушы Тахауи Ахтановтардың Бауыржанды сыйлап, құрметтеуі көрсетіледі.

Драманың келесі тартысы белгілі Сталин мен Бауыржан екеуінің арасында жалғасады.

Иосиф: - Отырыңыз, жол... азамат Момышұлы.

Бауыржан: (Қатқыл) Отырмаймын!

Иосиф: - Неге?

Бауыржан: - «жолдас» деп айтайын деп айтпадың. «Азамат» деп айыпталушы адамға айтылады.

Иосиф: - Сіз шынында да айыпталушысыз.

Бауыржан: - Онда мені не генеральный прокурор, не сот тексерсін. ЦК-сот емес.

Иосиф: Прокурор да, сот та ЦК-ның құзырында.

Бауыржан: - Дұрыс емес.

Иосиф: - (Күлімсіреген болып) Неге?

Бауыржан: - Прокурор да, сот та ЦК-дан тәуелсіз болу керек.

Иосиф: - Сіз, байқаймын, ұлтшыл ғана емес, семья бұзар бейбастақ қана емес, антипартийный элемент екенсіз ғой. (Өректіп) Партиядан жоғары ешкім жоқ! Ал! Ал, ЦК - оның ұйтқысы! (Қолын шошайтады).

Бауыржан: - Мені ұлтшыл дедің. Рас, мен ұлтшылмын. Ұлтшыл екеніме мақтанамын. Ұлтым болмаса мен кімге керекпін?! (Пауза. Ұзын мүштігін алып, шарт дегізіп шақпақ шағып, шылымын тұтатады) Семья бұзар дедің. Мен семья түзеушімін. Өзім жақсы көрген әйелді азаптан, деспот байдан құтқардым. Адамның басты байлығы басының бостандығы.

Иосиф: (шылымның түтінін қолымен жасқап тыжырынып) Сонда ол қоғамнан тысқары болуы керек пе?

Бауыржан: - (Түтінді Иосифке қарай бұрқырата түсіп) Ол өсекші газеттің сандырағы. Қоғамнан тысқары адам болмайды. Бірақ адамның бас бостандығын қамтамасыз етеді.

Иосиф: - Сонда заң қайда, закон қайда қалды? Заңда көп әйел алсын деген статья жоқ.

Бауыржан: - Дұрыс. Мен көп қатынмен тұрмаймын. Менің бір-ақ қатыным бар.

Иосиф: - Сіз біреудің әйелін тартып алдыңыз ғой. Ал, оның күйеуі бізде өте уважаемый адам. Заслуженный финансист.

Бауыржан: - Ол заслуженный финансистің орны – түрме. Әйелді азаптап, күнде көкала қойдай қылып сабап, миын шйқалтқаны үшін. Әйел өзі одан безіп шықты. Сенбесең, шақыртып алып сұра.

Иосиф: - Ол соттың ісі.

Бауыржан: - Е, онда менікі де соттың ісі. ЦК-ның ісі емес. Неге мені қазбалап тексеріп отырсың?

Иосиф: - Сіздің жөніңіз бөлек. (Жұмсарып) Сіз елге әйгілі адамсыз. Так сказать, эталон, үлгі. Сіз бұзылсаңыз, басқалар не істейді? А? Так что, бұл ЦК-ның ісі.

Бауыржан: - (Мысқылдап) Эталон-он. Ленин эталон емес пе? Сталин эталон емес пе? Ленин Инесса Армандпен ойнас болды. Сталин үш қатын алды. Алысқа бармай-ақ, өзіміз пайғамбар тұтатын Мұхтар Әуезов үш қатын алды. Сәкен Сейфуллин де көп қатын алды. Тұрар Рысқұлов официально үш қатын алды.

Иосиф: – (Қолын көтеріп) Кстати, Рысқұлов...

Бауыржан: - (Бірдеңе сезгендей) Иә, Рысқұлов?

Иосиф: - Ол енді, өзіңіз білесіз, айтулы антисоветчик, буржуазный националист, махровый пантюрист... Сіз оның көмекшісі болғаныңыз рас па?

Бауыржан: - (Ызғарлана) Рас!

Иосиф: - (Таңғалған пішінмен) Тез мойындайсыз. Жоқ десеңіз де болар еді. Нақты дәлел жоқ. Тек жорамал.

Бауыржан: - (Тістеніп) Неге жоқ деймін? Рысқұловқа азда болса көмегім тигеніне мен мақтанамын. Ол менің, Голощекин геноциді кезінде, тек Рысқұловқа ғана емес, халыққа, ұлтыма тигізген көмегім», - деген үзіндіден Шерхан Мұртазаның Бауыржанды тек батыр ғана емес, ұлтының шын жанашыры ретінде тұлғалағандығын анық көреміз.

Драмада Ұзын, Қысқа, Еңкіш, Тақырбас, т.б. символдық бейнелер кездеседі. Олардың әрбірінде сол кездің белгілі бір зиялысының бейнесі шоғырланған.

Көріп отырғанымыздай, драмада хас батырдың соғыстан кейінгі тағдыры суреттеледі. Қоғамнан тысқары қалып, еш жерде жұмысқа алынбай, ауылға кеткен кезеңі бейнеленген. Қазақтың маңдайына біткен біртуар тұлғаның бейнесін театр әртісі Теміржан Матаев сомдады. Драмаға Халық жазушысының ұлттық рух, тіл, діл, ел тағдыры жайлы шиыршық атқан шыншыл сөздері арқау болған.

Драма алғаш рет Тараз қаласындағы Абай атындағы Жамбыл облыстық драма театрында қойылды.

Бауыржан батыр туралы бұдан отыз жылдай бұрын жазушы Александр Бектің шығармасы бойынша жазылған драматург А.Шацковтың «Волоколам тас жолы» пьесасы осы театрда қойылған екен. Ол пьесадағы басты рөлді театрдың актері Жұмахан Абдықадыров ойнаған.

Ал, ширек ғасырдан астам уақыттан кейін Бауыржан батыр туралы драманың сахналануы туралы белгілі режиссер Қ.Қасымов былай дейді:

«Облыстың Мәдениет басқармасының бастығы Әлібек Әмзеұлы бір күні театрға Шерағамызбен бірге келіп, мені театр директоры Талғат Сұлтангереевтің кабинетіне шақырды. Кірсем, төрде Шераға, маңында Әлібек Әмзеұлы, Талғат Сұлтангереев және драматург ағамыз Елен Әлімжан бас қосып отыр екен. Аман-саулықтан кейін Әлібек аға мені Шерағаға таныстырып: «Міне, мына азамат осы театрдың бас режиссері - Қуандық Қасымов. Баукең туралы спектакльді өзі қояды» деді. Шерағам түр-тұлғама көз жүгіртіп қарап алды да: «Баукеңді театрда ойнайтын актер бар ма?» деді. Мен аузымды ашып жауап бергенше, Әлекең мені тоқтатып: «Баукеңді Қуандықтың өзі ойнайды. Түр-тұлғасы келіп тұр. Және бұдан басқа актер Баукеңнің жан-дүниесін терең үңіліп, түсіне алмайды. Мінезінде де ұқсастық бар» деп кесіп айтты.

Шерхан аға жан-жағындағы отырған адамдарға сендер не дейсіңдер дегендей бір қарап алды да, олар үндемеген соң маған тіл қатты: «Қалай өзің ойнап, өзің қойып екі міндетті бірдей орындай аласың ба?» деп төтесінен сұрақ қойды. Мен: «Әрине, оңай емес. Дегенмен сеніп тапсырып отырсаңыздар сол сенімді ақтауға тырысамыз ғой» дедім. Шерхан аға: «Ендеше сәттілік тілейік. Шығарма қолыңда. Қалай қоям десең өз еркінде. Драматургиялық композиция бойынша көмек керек болса, мына Елен көмектеседі. Бұл маған қарағанда тәжірибелі драматург қой. Өзгеріс жасайтын болсаң Еленмен ақылдас. Тек бір өтініш: Баукеңді сомдағанда оның біз білетін, ел танитын бейнесін жүз пайыз жасай алмайсың. Сондықтан, өзіңнің көкірек қиялыңнан туған, өзіңнің Баукеңді жасауға ұмтыл. Оны қайталаудың қажеті жоқ және ол керек те емес. Себебі, бұл көркем шығарма. Ал, көркем шығарма документ емес. Дегенмен жетпіс, сексен пайыз сәйкестік көрсек қуанар едік» деп сөзін аяқтап қоштасып шығып кетті».

Осылай көрерменге жол тартқан драма Қ.Қасымовтың режиссерлығымен өзгертіліп, өте жоғары бағаға, ықыласқа бөленеді. Драманың тұсаукесеріне қатысқан батыр Бауыржанның келіні көзіне жас ала тұрып, шын қуанышын, алғысын білдірген.

Кез келген заманның өзінің толғағы қысатын зәру мәселелері болады. Сол кезең туындатқан, уақыт алдына көлденең тартқан толғаулы да бұраулы күрделі жәйттер адам пенденің тіршілігін қақпалап отырады.

Ш.Мұртазаның «Жалғызүйлік зілзала» («Жетім бұрыш» - Т.Мамесейіт зерттеулерінде) драмасы бүгінгі қала өміріндегі осындай күрмеуі мол мәселелерге арналған. Шығармада заманы мен қоғамы туғызған, ащы шындықтар мен келеңсіздіктер тура суреттеледі.

Қазақ тарихында ата-бабаларымыздың көшпелі ғұмыр кешуі маңдайына жазылғандай, ел аман, жұрты тынышта да қазақ ұрпағы «жаяу көшпелі» атанып, әркімнің босағасына бір телміріп, әркімнің босағасын бір тоздырып, көшіп-қонып жүруге мәжбүр болып отыр. Драманың тақырыбы – «үйі жоқтың күйі жоқ деген, үйі жоқ адам тәуелді, күйі жоқ адам бағынышты» деген мәселелерге арналған.

Он жылдан бері пәтер ала алмай жүрген Салбырақтың нәтижесіз әрекеттері, жұмыссыз, баспанасыз Сандуғаштың амалының таусылғанынан милиция полковнигі Малқарға тәуелді болуы, ақыры өмірінің қайғылы аяқталуы, ал керісінше үйі-жайы

бар, тұрмысы тәуір Мүнираның жанының жаралы, көңілі налалы бақытсыз өмірі, әміршіл жүйенің айтақшысы, екіжүзді сатқын Малқардың екі оттың ортасында қалған бықсық тіршілігі – ешкімді де бейтарап жайда қалдырмайды.

Шығармадағы Албасты бейнесі де зердесі биік көрермендерін үлкен ой-толғаныстарға жетелейді. Өмірде тұрақты өзіндік пікірі мен көзқарасы жоқ, берік байламы оқ, күнделікті күйбең мен тірліктің тауқыметінен қашқақтап, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргісі келетін пенделердің жын иектегендей үйірген Албастының әзәзілдігі небір қылмыстарға, қара ниетті жолға түсіріп жібергендігін түсінеміз. Шығарманың барысында адам баласының жанына ізгілік себуге ұмтылған періштелердің әрекеттерінің өзі өмірдегі, қоғамдағы әлеуметтік әділеттіліктің орындалмауынан, заңсыздық жайлаған тіршіліктің қиянатынан жүзеге аспай, отқа түскен көбелектей жанталаса шырылдайды. Ал осы жағдайларда Албасты алдыға шығып, бел алмай қайтсін?

Тоғышарлық жайлаған әділетсіз қоғамға қарның ашып, зығырданың қайнайды. Амал қанша?!

«Жетім бұрыш» трагедиясы республикалық Жастар мен балалар театрында қойылған.

«Жалғызүйлік зілзала» (Жетім бұрыш) трагедиясының көтерген жүгі салмақты, айтар ойы салиқалы. Кешегі кеңестік жүйедегі тоқырау жылдарында адамдар арасындағы қарапайым адамгершілік қарым-қатынастардың қалыпты өлшемдерінің бұзылып, қасандана бастағанын, соның салдарынан қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікке де сызат түскендігін байқаймыз. Осылайша, адам баласының өмірден, қоғамнан торыға, тіпті түңілген сәттерінің де куәсі боламыз. Мұның зардабы күні бүгінге, тәуелсіздік алған тұсымызда да жалғасып отырғаны шындық.

Осындай шындықтарды батыл көрсеткен драмалық туындыдан қаламгер шығармашылығына тән батылдық пен өткірлікті де байқап тәнті боламыз.

Жазушы Ш.Мұртазаның драматургия саласындағы тағы бір күрделі, шоқтығы биік туындысы С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық театры сахнаға шығарған «Домалақ ана» тарихи драмасы.

Негізінен, Ш.Мұртазаның драматургиялық шығармалары қарағандылықтарға бұрыннан да таныс еді. Кеңестік кезеңнің жетпісінші жылдарында облыстық драма театры «Қара маржан»

романының негізінде жазылған пьесаны сахналаған. Сексенінші жылдары болса аталған қазақ театры «Сталинге хатты» қойған. Енді міне, халқымыз өміріндегі қасиетті де киелі анамыз туралы жазылған «Домалақ ана» тарихи драмасын сахнаға шығарып отыр.

Ш.Мұртазаның шығармашылығында бұрыннан да Ана тақырыбы елеулі орын алып келгендігі белгілі. Мәселен, қаламгердің «Мылтықсыз майдан» повесіндегі Арай ана, екі мыңыншы жылдары жарық көрген «Ай мен Айша» романдилологиясындағы Айша бейнелері қазақ әдебиетіндегі аналар образы галереясын толықтыра түсті. Халық тарихында ерекше орын алатын, ақыл-парасатымен, жан-сұлулығымен ел-жұртқа танылып, парасаттылық пен даналықтың эталонына айналған Домалақ ана бейнесін драмалық шығарма кейіпкеріне айналдыруы – Ш.Мұртазаның тағы бір табысы.

Драмадағы шым-шытырық оқиғалар мен тартыстар Нұрила төңірегінде өрбіп отырады. Кейіпкердің Домалақ ана аталуына дейінгі өсу, толысу жолдарын, адам ретіндегі ішкі толқыныс-толғаныстарын табиғи бейнелеп, шынайы көрсете біледі.

Бұл дүниенің сырын, мәнісін тереі түсінген байыпты да байсалды кейіпкер пірі аян бергендіктен, аянды пір тұта отырып киелі де қасиетті ұғымнан аттап кете алмаған Нұрила тағдырдың жазуымен батыр, ел қорғаны болған Бәйдібектің етегінен ұстайды.

Қай уақытта да, қай заманда да өмір-өзенде бақталастық пен қызғаныш, көреалмаушылық қатар жүретіні белгілі. Драманың кейіпкерінің де көреалмаушылары бар болып шығады. Осындай кереғарлықтан, қызғаныштан Нұриланың бейкүнә сәбиіне қастандық жасалады. Оның бар қолынан келгені қарғыс айтып, Аллаға перзентінің аман-есен қалуын тілеп жалбарынуы болады. Әруақ жебеп, Алла қолдап сәбиі аман қалады. Ал, керісінше қызғаныштың қызыл иті ішін жалаған Марау бәйбішенің тоғыз ұлы да жау қолынан бірден қаза табады.

Бұл – құдіреттің шеберлігі. Ақырында Марау бәйбіше есінен адасып, өз іс-әрекетіне лайықты табиғи ашылып, шынайы көрініп, күрделі образ кейпі танылады. Оның да пенде ретіндегі күйзелістері, ішкі жан-дүниесі шеберлікпен ашылған.

Шығармадағы тағы бір негізгі кейіпкердің бірі – Бәйдібек би. Ол батыр, ел ағасы ғана емес, ақыл-парасаты мол, жаны таза, көңілі дархан, төңірегінде үлкен байыппен қарайтын зор адамгершілік

иесі болып сомдалған. Бұл да Ш.Мұртазаның табысы деуге лайық образ.

Дүниеде Ана атаулыдан артық, қасиетті ешкім жоқ. Драманың шарықтау шегінде арақ ішіп тайрандаған мәнгүрттердің киелі маралға оқ атуы – Ана атаулыға оқ атуы еді. Жазушы мұнда адамзатты осындай имансыздықтан сақтандырады. Шығармадағы негізгі идея да – анадан сыйла, киенді пір тұт, әруақты ұмытпа, тағзым ет.

Нұриланьың Домалақ ана аталуының да өзіндік мағынасы бар. Оны – «Жақсы ай мен күндей, барлығына бірдей» дейді. Ал Ай да Күн де – домалақ. Ендеше, Домалақ ана да барлығына бірдей күн тәрізді нұрын төгіп, шапағатын себеді.

Тарихи драма тағылымды түйінмен аяқталады: Мазарларды талқандап кеткен әулекі ұрпақты көзімен көрген шырақшы: «Енді шырақты қайдан жағамын?!» - дегенде Домалақ ана: «Алда саналы, иманды ұрпақ болмақ... Шырақты әуелі адамдардың жүрегіне жақ», - дейді сенім арта.

Бұл – ұрпағының болашағын ойлаған ұлы Ана тағылымы. Жұртының болашағын ойлап, ұлы Ана рухын тірілткен Шерхан Мұртаза шығармасының тәлімі.

«Домалақ ана» тарихи драмасы автордың да, театр өнерінің де айтулы табысы екендігі хақ.

Еліміз егемендік алған жылдардағы тоқырауға ұшыраған экономиканың әсерінен Ш.Мұртазаның драматургиядағы жаңа бір соқпағы – комедияға қалам тартуына себеп болды. Комедия жанрының өзіне тән өзгеше қырлары бар екендігі аян. «Автордың өмірге, нақтылы бір затқа, құбылысқа көзқарасы комедияда сын арқылы бейнеленеді.» Автор белгілі бір идеалды жақтайды, өмірдегі қонымсыз жайларды, ұнамсыз мінездерді сол мақсатпен сынайды. Осылайша, ағымсыз нәрсенің күйреп, жақсының салтанат құратындығын көрсетеді».

Жалпы комедия жанрында қалам тарту үшін авторға өмірдің шындығынан алынған терең мәнді конфликт керек. Біз айтып отырған конфликт жазушы Ш.Мұртазаның «Елорда» баспасынан 2002 жылы жарыққа шыққан «Ақындар мен әкімдер» атты шығармалар жинағында «Есек қымбат» деген фельетонында ауылдағы бір оқиғаның суреткерге үлкен ой салғызып, әлеуметтік мәні зор концепция түйіндеткенін көреміз. 1990 жылдардың соңына таман ауыл халқы көлік орнына есек жануарын пайдаланып,

күнделікті тіршілік қажетін өтесе, тап осы хайуанның қаладағы зообақтағы жабайы аңға да ас ретінде қажеттілігі туындайды. Осылардың барлығы сол жылдардағы өмірдің шындығы болатын. Өз көзімен көріп бағдарлаған Ш.Мұртазаның комедия сюжетіне қажетті элементтерді тап басып, «Есек саудасы» атты комедияны өмірге әкелді. Аталған комедияның сюжет желісі және кейіпкерлердің іс-әрекеттері өмірлік логикаға сай етіп құрылған. Серкеш атты кейіпкердің бір мезеттік қиындықты пайдаланып, дүние жинап аламын деген ойы күлкілі, әрі әжуалы. Зообақтағы ашыққан аңдарға күтуші әйелдің зекуінен Серкеш талай жайттың мәнін аңғарып, ең далада жүріп, жабайыланып, бір кездерде ешкімге керек болмай қалған есектерді қалаға әкеліп, зообаққа өткізіп, ақшаның астында қалам деген тоғышар ойдың соңына түседі. Пайдакүнем, дүниеқор, банкир Зорманның ойы мен Серкештің ойы бір жерден шығып, заманына қарай адамы болған өтпелі кезең тоғышарларының бейнесін аша түскен. Көп қиындық пен әуре-сарсаңға түсіп, құм даладан жеткізген есек еті ешкімге керек болмай, Серкеш күлкілі, әрі трагедиялы халге түседі. Шағын ғана комедияда драматург шеберлік пен көптеген қоғамдық, адамдық жайттардың шындығын ашады. «Есек қымбат» мақаласында осы комедияға арқау болған бір эпизодтық оқиғаны көреміз. Ауылда күн көрісіне көк есегін жаратып жүрген Дүйсен шалдың ойламаған жерден есегінің саудаға түсуі, өткінші уақытты пайдаланып, жұмыртқадан жүн қырқып жүрген «коммерсант», «қарны шермиген қасқабас жігіттің» оңар іс-әрекеті талай жанды таңғалдырып, әрі күлкіге бөлейді. Кішкене ғана детальдің өзінен күрделі ой айта білетін жазушы Ш.Мұртаза тап осы оқиғаның ішінен қазақ драматургиясының комедия жанрына көркем бір туынды жазуына себеп болды.

Ш.Мұртазаның драмалық шығармалары өзіндік соны тақырыптарымен ерекшеленіп, қазақ әдебиетінің драматургия жанрында өзіндік орны бар туындылар болып есептеледі.

Сонымен қатар, Ш.Мұртазаның әңгімелері, прозалары негізінде өзге авторлар тамаша драмалық туындыларды өмірге әкелді.

Ш.Мұртазаның «Қыз-Қасқыр» атты әңгімесінің желісімен жазылған А.Атымтаеваның «Қыз-Қасқыр» трагедиясы 2012 жылы Халық жазушысы Ш.Мұртазаның 80 жылдық мерейтойына арналған драмалық шығармалардың Республикалық жабық конкурсының лауреаты атанды.

Шерхан Мұртаза - қысқа жазудың шебері. Ол не жазса да осы қағидамен тыныстайды. Жазғаны жұтынып, жасанып шығады. Оның сырын түсіну қиын емес – халықтығында, ұлтжандылығында. Қысқа жазу дегенде туындының көлемі емес, әр сөз бен сөйлемнің әрі қысқа, әрі нұсқа шығатындығын айтып отырмыз. Ол бір сөйлемді бастап соңына шыға алмай жататын, тереңдеймін деп саяздап қалатын кейбір қаламгерлер қатарынан емес. Мұндай пікір айту үшін негіз мықты, дәлел ұтымды болуы керек. Бұл ойымызға басқасын айтпағанда «Ай мен Айша» дәлел.

Айша – тек Мұртазадай бозымның жастай қалған жесірі ғана емес, тек Барсханның шешесі ғана емес, ол 30-жылдардағы нақақтан күйген ерлердің сенімді серігі, тумай жатып көктей солған қызыл қарын бала-шағаның көз жасы, обал-сауабы, ана атаулының жиынтық образы. Айша және сталиндік қуғын-сүргін, Айша және соғыс, Айша және ашаршылық. Не көрмеген Айшалар?!

«Қайран біздің шешелер арды ойлаған...» Айшалар болмаса бүгінде қазақтың рухани дүниесінің бір-бір тұтқасына айналған аймандай алуан дарындар болар ма еді, болмас па еді.

«Ай мен Айша» романын қанша мәрте оқысаң да жалықтырмайды. Роман – дайын киносценарий. Келешекте Шерағанның осы романы көркем фильмге айналары анық деп ойлаймыз. Балалық шақтың уыздай бейнесі күмән тудырмайды, сол екіталай ауыр кезеңнің қалыбы боямасыз беріліп, ел мен жерге, ұшқан ұя, туған анаға деген сағыныш жұмсақ, сүйінішпен дәріптеледі. Үш баланың анасы Айшаның өлім алдында жатқан сәтіндегі бақсы кемпір Аққыздың жасаған емі бір ұлттың анасын аман сақтап қалғандай әсер етеді. Бір-бірінің тілеуін тілескен ағайынның бауырмалдығы ашылады.

Көркем фильмнен бұрын Ш.Мұртазаның бұл шығармасының драмалық дүниеге айналып, сахналанғандығы белгілі. Спектакль жазушы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романы мен «Мылтықсыз майдан» повесі бойынша Еркін Жуасбек жазған драма бойынша қойылды.

Сонау сұрапыл соғыс жылдары майданның барлық ауыртпалығын елде бастан кешкен ауыл адамдары, соның ішінде – «халық жауы» атанып, айдауда дүние кешкен отағасының аманаты – үш балапанын қалайда аман-есен жетілдіруді мақсат еткен Айшаның отбасы бейнеленеді. Алапат соғыс, ел ішінде де аштық, шарасыздық. Жау жағадан алғанда соғыстан бой бұғып

қалған қорқаулар етектен тартқылап, осы аласапыранда қарлығашша шырылдаған Айша жанталасып, тіршілік үшін күресуде. Бұл – жалғыз Айшаның тағдыры емес, ел тағдыры. Елдің өшпес өршіл рухы бұл жолы да жасампаз. Бұл спектакль – жеңіс үшін, өмір-тіршіліктің жалғасы үшін тылда жан аямай еңбек еткен барлық Ана мен баланың, кейуаналар мен ақсақалды аталардың ерен ерлігіне тағзым.

Білікті драматург Еркін Жуасбек қаламгер Ш.Мұртазаның өз тағдырын тікелей көктеп өтетін негізгі шығармаларынан оның ес біліп, қадам басқан шағынан бертінгі бүкіл қасіретін бір ғана «Ай мен Айша» өмірбаяндық романына негіздеп алып, ел тағдырын түбегейлі төңкеріп кеткен қызыл империя – кеңес өкіметінің жойқын езгісін бір әулет, бір отбасының жұлын-жүйкесіне жинақтап, жазып шыққан. Енді драматург ұсынған осы еңбекті қолға алып, күллі оқиғаларға сай актерлерді таңдап алып, тайға таңба басқандай кең-құлаш панорамаға айналдырып, өз дүниетанымының небір терең суреткерлігін көрсету – қоюшы-режиссердің құзырында тұрған. Бұл спектакльдің әуелгі үш тұғыры анық еді. Ол – әулетінің күл-талқан болған тарихын өз тағдыры арқылы қалың оқырманға ұсынған жазушы – бір жағынан, қаламгердің бүкіл шығармалары арқылы оның шыбықтай болып қадалып өскен өмірін көк теректей көркейтіп мәуелеткен драматург – екінші жағынан, ал енді бірінің арнасына бірі сарқырай қосылған осы қос дарияны тұтасымен қамтып алып, шырқау биікке ұмтылған шыбық пен көк теректің әрбір тамыршағы мен жапырақшасын талтал етіп, тарамдай өсіріп, өзегі нұрланған, бұтақтары гүл жарған алып бәйтеректі өнердегі әділдікпен, қаталдық және ерекше қамқорлықпен мәуелей өсіріп, халыққа ұсынатын режиссер – үшінші жағынан. Сахнаға бет алған спектакльдің үш тұғыры – осы. Ал, осының барлығын көрерменнің көзін тартып, көңіліне бейнелер арқылы терең ұялататын – сахнадағы актерлер емес пе?! Міне, бұл – төртінші тұғыр.

М.Әуезов театрының сахнасына шыққан «Ай мен Айша» спектаклінен осы мықты төрт тұғырдың біртұтас тұрғаны анық көрініс тапты. Кәдімгі көне ауылдың күнделікті арқын-жарқын тіршілігімен басталған спектакльдегі алғашқы сахна көп ұзамай қайғыдан қақ айырылып, кейіпкерлердің әрқайсысының басына қара бұлт төнеді. Арпалыс содан басталады. Өз шаңырағында өлеңдетіп, домбыра тартып отырған Мұртазаны НКВД-ның

шабармандары қолын артына қайырып, сүйреп әкетеді. Мұртаза: «Айша, балаларға ие бол! Отымды өшірме!» деді. Міне, сахнадағы айдалып бара жатқан Мұртазаның жарына аманат етіп тапсырған осы екі ауыз сөзі бүкіл спектакльді қақ жарып тұрған қуатты арна-дария деуге болады. Яғни, бұл – қасіретке ұшыраған әрбір қазақ шаңырағының аманаты! Халқымыз ежелгі замандардан да, кешегі тарихтан да, дәл бүгінгі жайнаған өмірден де, міне, осы аманатты арқалап шығып келе жатыр. Спектакль дәл осы биік рухқа құрылған. Келешек үшін, ұрпақ үшін арпалыс «Ай мен Айшаның» сахналық әуелгі көріністерден – ең ақырғы аккордтарына дейін тоқтамай жалғасқан. Тағдырының аспаны қақ айырылып, төбесіне құлаған Айшаның өмірі енді күн мен түннің, сәуле мен түнектің тоқтаусыз арпалысына айналады.

Айша еңсесін көтеріп, елмен бірге жанталаса қарманады. Негізінен, бүкіл спектакльдің діңгегіне айналатын Айшаның енді адамдық, аналық және азаматтық тұлғасының қалыптасу қадамдары осылай басталады.

Әкесін «халық жауы» қылып жалмаған қызыл өкіметке Барысхан жан-тәнімен қарсы. Айша – анасының қасында жүріп, көрмегенді – көрген, білмегенді – түсінген Барысхан енді алдына келсе, көлденең тұрған жау атаулыны алқымнан алуға даяр. Жас актердің ізденісі мен жарқылдаған сипаты небір қиын сәттердің өзінде де (Мәселен, Айша екеуінің «зингер» тігін машинасын алып, Айша Бибі мазарына түнеуі т.б.) майырылмас, суарылған наркескендей жас тұлғаның өсіп келе жатқандығын дәлелдеп тұр. Айша Бибі мазарында анасымен бірге түнеп жатқан Барысхан анасына: «Тасбет – жау ғой. Жеріңе, анаңа, бауырыңа, қарындасыңа жау тисе, қолыңда өлмеймін бе...» деп қайтпас шешімін айтады. Ал, оның немере бауыры – Нұрперзенттің бейнесіне режиссер мен актерлік орта сарқылмас керемет поэтиканы тамаша жинақтаған. Ол – әуелде спектакльдің басында көктемгі таңның жай ғана себезгі нұрындай байқаусыз басталып, келе-келе бір арнаға тоғысып алып, ақырында қасіретті көріністерді қақ жара жосылып Жаратқан Иеміз беріп тұрған келешек өмірге құлаштай ұмтылатын – Нұрперзент пен Айдайдың ақ сәулелі сүйіспеншілік линиясы. Ауылдың бір қиырындағы диірменге бір дорба бидайды ұн етіп тартуға барғандағы Барысхан – Нұрперзент – Айдай арасындағы пәк балалық сүйкімділік енді сахнаның соңына қарай бойжеткен мен бозбаланың арасындағы тап-таза нұрлы сезім дариясына айналған

сәттерін жап-жас актерлер аспанда ұшып жүрген аппақ құс балапандарының жұп-жұмсақ лебіндей дәлме-дәл сезім көріністерімен бейнелегенде – адамзат ерекше күйлерге бөленеді.

Сол ауылдан өсіп келе жатқан жас толқынның бұғанасы қатайып, белін бекем бұған сайын өз өмірлеріне нала болып кеткенде зығырданы қайнап тұрып айтатын өз үкімдері бар. Ол – әкесінен тірідей айырылған Барысханның әредік айтатын: «Атаңа лағнет, Сталин!» және жаны қиналып тұрған Нұрперзенттің аузынан екпінмен шығатын: «Атаңа нәлет, Гитлер!» дейтұғын қарғыстары. Расында да, өзінің тарихи сойқанымен қаншама ел-жұртты жалмап, жоқ еткен осы тарихи жауыз тұлғалар әлі күнге дейін бүкіл адамзаттың қарғыс толқындарының астында қалғаны анық емес пе?! Режиссер бұл тұста да өз танымының темір қазығын дәл орнына апарып қаққан. Бұл – сахнадағы жай ғана екі жеткіншектің аузынан әредік кезекпе-кезек шыға салған налалық үкім секілді естіліп тұрғанымен, осы қантөгіс соғыс тақырыбына қалам тартқан сол кезеңдегі және кейіндегі қазақ қаламгерлері және орыс әдебиеті мен шетелдік жазушылардың жазып қалдырған шығармаларын терең зерделей оқып, түйген режиссер шешімі. Баласы Барысхан мен Нұрперзенттің, келіні Тотияның тағдырын алақанындағыдай көріп отырған Айшаның: «Жаратқан қайырымды болса, пенделерін неге мұнша зарықтырады? Қайда оның қайырымы? Жаратқанға мына мен не жаздым? Мына Тотия не жазды? Мына балалар не жазды?.. Жер жүзінде жетім қалғандар мен жесір қалғандар жабыла қол көтерсе, аспан астында бос орын аз қалар еді. Не жазыпты соның бәрі Жасағанға?!» деген нала жүрегінен шыққан мұң-дариясы бүкіл әлемге толқындана тарап бара жатқандай болады. Бүкіладамзаттық осы ұғым бұл қойылымның рухын биікке самғатып, оны спектакль-эпопеяға айналдырып тұр.

Қан майданнан келіп жатқан соғыс хабары жеңілдесе де – ауылдағы қараша үйдегі арпалыс – адамдар тағдырының аласапыранына айналады. Осындай алмағайып сәтті режиссер енді қарапайым әрі аса терең мағыналы көркем сахнамен аяқтайды. Ол әр кейіпкер, әрбір отбасы, бүкіл халыққа осы тығырықтан шығар жолды нұсқау. Ол – үміт шырағын өшіріп алмау, үміт құстарын самғата ұшыру!

Жазушы Шерхан Мұртазаның: «...Анамның аты Айша еді. Түсімде ылғи балалық шағымды көремін. Түсімде ылғи туған үйімді көремін. Түсіме ылғи Айша кіреді...» дейтін авторлық

толғамы терең тыныспен оқырмандарды қайтадан өз орындарына қояды. Адам терең бір тыныстап тұрып, өзінен-өзі қайтадан тарих қойнауына, сөйтіп, сіңіп кетеді.

«Ай мен Айшаның» қойылымы – кешегі тарихымыздағы бүкілхалықтық жеңістің қазіргі – ХХІ ғасырдағы Қазақстан сахнасына аса терең мағыналықпен, биік даналықпен, шырқау шеберлікпен, өз халқымен заманалар қойнауынан самғап шығып, еркін қауышқан өнер үлгісі.

«Ай мен Айша» – адам баласының өз басына түскен сұрапыл тағдырын бүкіләлемдік, бүкіладамзаттық деңгейге аса биік суреткерлікпен жеткізген – біртұтас спектакль-эпопея. Режиссер – әйгілі қаламгер, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романы мен «Мылтықсыз майдан» повесі негізінде шегендеп шыққан драматург Еркін Жуасбектің драмалық шығармасын кейіпкерлік-элеуметтік-тарихи мәнінде игеріп қана қоймай – бір ғана Айшаның, бір ғана ауыл мен әулеттің қаусай күйреп, қайта тұрып жатқан тағдырын күллі адамзаттың басындағы қасіретке айналдыра білген. Тұңғышбай әл-Тарази өзінің осы режиссерлік шығармасымен тарихи-психологиялық спектакльдің әлемдік үлгідегі эпикалық, классикалық нұсқасын жасап шықты.

Сонымен, М.Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасына жарқыраған жаңа спектакль келді. Ол – «Ай мен Айша». Көрген адам одан өз тағдырын табады, өмірінің өлшемі кеңейеді. Өйткені, бұл – айрықша тарихи туынды, бүкіл халқымыздың қасіретті кешегі тағдырын оның бүгінгі ұрпағына ұлағат ету, күллі адамзаттық жаһандануға бет алған мына ғасырда өз ұлттық нұсқамыз бен өз тарихымыздың тұғырына сан ғасырлық дана дәстүр мен дара сипатты мемлекетіміздің мықты тұғырына айналдыру, ұрпақтарын ұрпақтарға аманат етуден өзге биік мақсат болар ма екен бүкіл адам баласында?! Ендеше, «Ай мен Айша» өз Елінің аманатын арқалап халық сахнасына шықты.

«Ай мен Айша» - бүгінгі байлықтың буына мастанып, ертеңіне еліріп қарайтын ессіздер мен тексіздер үшін жазылғандай.

«Ай мен Айша» - жазушының ұзақ түндері мен күндерінің, жан азабы мен ләззатының жемісі, бәлкім өмір бойғы жаза берер туындысы.

«Ай мен Айша» - ұлы әруақтарға бас ию, аманатқа адалдық, асыл адамдарды ардақтау, Тасбет секілді шолақ белсенділерді мүсіркеу.

«Ай мен Айшада» - жүрек тербейтін, сананы сәулелендіретін тұстар көп. Сөз сәулесі жаныңды жадыратады, жылытады. Шынайы сағынып, шынайы сүюдің үлгісін «Ай мен Айшадан» көп көресіз.

«Ай мен Айша» - сағынған көздің моншағы, бұл туынды арқылы ағайын-туысқа, бауырға, барша қазаққа деген бауырмалдық қасиеттермен тыныстайсың, жан дүниең нұрланады.

ШЕРХАН МҰРТАЗА ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

Халық жазушысы Шерхан Мұртаза - шебер тілді публицист.

«Әрбір кейінгі ұрпақ өз жолын алдыңғы ұрпақтардың жеткен жерінен бастайды: жақсысынан үйренеді, жаманынан жиренеді. Өзінің алдына қойылған міндеттерге сай, әр кезең өткендегінің қайсыбір қарекетін мансұқ етеді, қайсыбір қарекетін қасиеттеп дамытады. Өйткені, суреткер - өз заманының перзенті».

«Публицистика - ақиқат өмірдің сырлы суреті, оның арқауы шындық». Ол - дәуір үні, замандас келбеті, журналистің өмірге әлеуметтік көзқарасы, өзі өмір сүріп отырған кезеңнің бет бейнесі. Оның шығармалары халқының тағдырымен тығыз байланысты әрі өзінің өмірбаяны сияқты.

Алғашқы қадамын публицистикадан бастаған Шерхан Мұртаза ел өмірінен очерктер мен әңгімелерді өндіре жазды. Оның «Құрылысшы Дәку» (1958) атты тұңғыш очеркі - «Лениншіл жас» газетінің Қарағандыдағы тілшісі болған жылдардағы тынымсыз еңбегінің жемісі: Мұнда қазақ елінің Ұлы Отан соғысы шаруашылығын қалпына келтіру жылдарындағы еңбек адамының тағдыры сөз болады. Тыңдағы отан үшін төгілген ащы тер Дәку ақсақалдың бейнесінде суреттеледі. Автор құрылысшы Дәку отбасының атадан балаға, баладан немереге беріліп отырған тәрбиесін өз заманының жастарына үлгі етеді. Жазушы оны Дәку баласы Нұрмұқанбет, алты жасар немересі Тамара арасындағы бір сәттік эпизодпен бейнелеген. «Арыдым, қалжырадым, тоқырадым, жан тыныштық керек болды» дегенді білмейтін еңбекқор қарияның өмірі «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Еңбек ер атандырар» деген халық даналығын қайта жаңартудың белгісі ретінде сипатталған.

Ш.Мұртаза – еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін жауапты қызметтер атқарып, экономикалық-саяси, әлеуметтік, қоғамдық өміріне белсене ат салысты. Сонымен қатар, шығармашылықпен де айналыса жүріп, жүрекжарды ойларын бүкпесіз жазып қалдыра алды.

Ш.Мұртаза – белгілі жазушы ғана емес, шебер публицист ретінде танытатын туындылары – тәуелсіз туған әдебиетіміздің публицистика жанрына қосылған сүбелі дүниелер. Әсіресе, жазушы Камал Смайыловпен баспасөз беттерінде жазысқан әңгіме-хаттарында тәуелсіз туған еліміздің бүгіні мен болашақ дамуын әр

қырынан сөз етіп, ұлттық мәселелерді оқырман алдына бар шындығымен айта біледі. Өткір ойларымен халықты елеңдеткен оқиғаға баланған бұл әңгіме-хаттарда Ш.Мұртаза жаңа ғасыр көгіндегі егемен еліміздің әлеуметтік-қоғамдық, саяси дамуы туралы салиқалы ойлар айтады. Өзінің әріптесі, жазушы К.Смайылов та тапқыр журналист ретінде көрінеді. Қазақстан деген мемлекеттің ішкі-сыртқы қауіпсіздігі, қазба байлықтарының өндірілуі, қоғамдағы тоғышарлармен күрес, ауыл тағдыры, қазақтың жанының садағасына балаған мал шаруашылығының тағдыры, тарихымызды жаңаша зерттеу, демократиялық ахуал, жүргізіліп жатқан реформалар туралы жұрттың айқайлап та, сыбырлап та айтып жүрген сөздерінің төңірегінде ой қозғайды. Бүкіл әлемдік тыныштық пен ел қорғанысы туралы мазасызданып, өткір пікірлерін білдіреді. Тіпті, К.Смайылов айтқандай «Газет бетінде өткір сын айтқандарың үшін біреулер атып тастамаса болғаны» дейтіндей шындықты жалтармай айтып, қиын жолға түсті.

Ш.Мұртаза «Тәуелсіздік біреу» атты мақаласында бәріміз соған тіреу болуға жараймыз ба деген сұраққа жауап іздейді.

«Камал! Баяғыда бір бәйтерек болыпты. Оның төбесіне Самұрық ұя салады екен. Самұрық басқа жаққа кетпек болып бәйтерекпен қоштасқанда, бәйтерек:

Менің бұтағымды мекен етіп едің, енді кетіп барасың. Маған не тілейсің? – депті дейді.

Самұрық:

- Тілейтінім, сені Құдай орманшының балтасынан сақтасын, - депті.

-Мұны айтқаным: бүгін Тәуелсіздік күні, Камал. Сол Тәуелсіздігімізді Құдай бұзықтардың балтасынан сақтасын. Тәуелсіздік біреу. Ол біз сияқты, қазақ сияқты халыққа жүздеген жылдардан кейін ғана келіп жеткен. Алланың ақ нұры. Оған адал ниетті адамдар бәріміз тіреу болсақ қана заман түзелер.

Тәуелсіздіктің жолы қатты, дәмі тәтті. Қиыншылық жолын қиялап өтіп, жайдарман жерге де жетерміз. Әйтеуір бір Құдірет әдейі қиянкескі қиыншылық кездестіретін көрінеді ғой. Баяғы Аюб пайғамбарды сынағаны сияқты. Ақыры Аюб барлық сынға шыдап, Құдайдың мейіріне бөленген дейді.

Біз не көрсек те Көк туымыз қолымыздан түспесе екен. Көк тудан ажыраған күні тағы да тулақ боласың.

Тәуелсіздік – жаңа шығып келе жатқан Күн. Елдің емес, жас мемлекеттің емес, өз қарақан басының қамын ойлаған жемқорлар, парақорлар, Қазақстан байлығын талан-таражға салған сатқындар! Жаңа шығып келе жатқан Күнді көлегейлеп, бұлтпен бүркемелеп, тұмшаламандар!

Міне, Камал, мен бұл хатымды осындай сөздермен аяқтағым келеді. Тәуелсіздік таңы атты. Құтты болсын. Басымызға құт консын. Сол құт құсын үркітіп, ұшырып алмайық».

Ш.Мұртаза өз хаттарында халықтың төзімі жетпейтін мәселелерге тоқталады. Әсіресе, президенттің өзінің қол астындағыларға қомағай деп ашынып, қоғамның басын ауыртып жүргендер туралы айтады. «Қомағай чиновниктер қоғам денесіндегі қатерлі ісіктер. Дер кезінде сылып тастап отырмаса аса қауіпті. Ал біздің прокуратура, тергеу, милиция, сот, қауіпсіздік органдары ұры-қарылардың, парақор, жемқорлардың шабақтарын ғана ұстайды да, жайындарын, акулаларын ұстауға шамасы жетпейді. Яки қорқады, яки сыбайлас», - деген пікірі бүгінгі таңда да ақиқат болып қалып отырған қоғам бейнесін дөп басады.

Қаламгердің арманы бүгінгі таңда жүзеге асырылуда. Ел байлығын тонап, шетелге қашқандарға құрық салынды. Сыбайлас жемқорлық туралы заңымыз күшіне мініп, тәуелсіз елімізді басқаруда ағаларымыз ар биігінен қарауға ойысуда. Құмарпаз ойындардың орталығы болған түнгі ойын-сауық орындары жабылды, теледидарларымыз ана тіліміздегі хабарларды сөйлетіп, ұрпақ тәрбиесін қолға ала бастады.

Рас, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы рөлі ерекше. Халқымыз ұлттық қасиетті ана сүтімен, тілімен кіреді дейді. Олай болса, аналарымыз бесік жырын айтып, тербетсе, жаңа заманда, барлық тәрбие тізгіні – теледидарға берілді. Ондағы хабарлар туралы, жалпы қоғам жайлы Ш.Мұртаза аз ой айтқан жоқ, оның нәтижесінің куәсі болудамыз.

«Баяғыда бір мұңлық: «Қарнымның ашқанына жыламаймын, қадірімнің қашқанына жылаймын» деген екен. Қарынның ашқанын жаза-жаза жұртты жалықтырып алуымыз да мүмкін. «Ашынған қарын тойынар, ашылған етек жабылар».

Ал, қадірің қашса, қалыбына келе ме, келмей ме – беймәлім. «Қадір» дегенді мен де бұл жерде ұлттық сана, ұлттық намыс деп түсінемін.

Намысқа тиер тағы бір мысал. Қазақ тілінің мәртебесін көтереміз деп көп айтамыз. Ресми құжаттардың орыс тіліндегі нұсқасын оқымай тұрып, қазақшасына түсіне алмайтын пәлеге ұшырадық» дейсің сен соңғы хатыңда.

Қайран, Камал! Американы енді ашқандай боласың. Біз бұл «пәлеге ұшырағалы» қашан.

Біздің қазақ қоғамындағы басты кесел осы. Ол кеселмен ауырғандар әрі десе сонау биікте, биіктерде отыр», - деп ашынған. Тек жазып қана қоймай, өзінше еткен қарекеттерінің нәтижесін досы былай деп атап көрсетеді:

«Ұлттық намыс, ұлттық мақтаныш деген тәуелсіз халыққа дем берер, рух нығайтар күш. Осыған сүйенуіміз жөн. Жақында, Шерхан сенің ұлт намысы бар жандар ұлт басылымдарын алдырсын деп ашына айтқан сөзің ел құлағына жетті. Сенің жанды жанып айтқаның, Президенттің оны қолдауы, бас редактордың өзі бастап белсенді үгіті арқасында, «Егемен Қазақстан» 80 мыңға жетіп, өзінің әріптесі «Казправдадан» екі еседей асып түсті. Намыс деген осы. Бірақ басқа қазақ газет-журналдары мәз емес. Қолдамаса, жоғалып кетуі мүмкін. Ия, бізге бүгін намысты қамшылау, жігерді қайрау қажет! Бұрынғыдай кінәлайтын бөтен ешкім жоқ. Бәрі өз қолымызда, бәрі өзімізден, өз кінәмізді өзгеден көрмейік».

Міне, шырқырап, қанатымен ұлттық мүддемізге осылай су сепкен Ш.Мұртазаның досы Камал Смайыловтың хаттарының жылдан-жылға созылып, баспасөз беттерінде жариялануының өзі де осындай жан-жақты рухани мазмұнының арқасы деп білуге болады. Және бұл хаттар жалпы халықтың ойын дөп басып отырды. Камал Смайыловқа Ш.Мұртаза енді доғарайық деген ұсыныс жасағанда оның: Қадірлі Шерхан! Біздің хаттарымызды көп адам оқитындығын көріп жүрміз ғой. Кездескенде пікірлерін айтады, тілектерін білдіреді. Газет редакциясына келіп түскен пікірлердің топтамасы да жарияланды. «Біздің айтпағымызды айттыңыздар, дұрыс жазып жатырсыздар, жалғастыра беріңіздер», - деп тілек-ұсыныс айтады. Бір хатта: «Талаптарыңыз орынды. Бұл сөздеріңіз елге де, Елбасыға да қолғабыс сөздер деп білеміз», - делінген», - деген сөздерінен хаттарының қаншалықты мазмұнды болғандығын көреміз.

Бүгінгі таңда жағдай өзгеріп, жақсарды. Ана тіліміздің мәртебесі марқайып, өз теңдігін алуда. Елбасының өзі де дәстүрлі

Жолдауларында ана тілімізге ерекше мән-мазмұн беріп, жылдар легінде барлық қазақстандықтың ана тілімізде сөйлейтіндігін жоспарлап беруде.

Ш.Мұртазаның хаттарының дені елдің рухани жағдайына көбірек ойысса, К.Смайылов ел экономикасы туралы нақты деректермен сөйлеп, журналист ретінде түсініктер беріп отырады. «Алтын сандықтың кілті кімде?», «Алтын бар жерде - әзәзіл бар», «Сатылмаған не қалды?», «Кедеймін деп қорланба», «Кім қорқынышты?», «Шыр айналған дүние», «Кірлеген дүрбіні кім тазартады?», «Ұлы көш дәуірі», «Әкімдер ойланар ма екен», «Жемқорлық, ұрлық-қарлық, паракорлық», «Бай. Орташа. Кедей», «Адам құны» деп тақырыптар қойылған хаттардың әрбір жолдарында айтылған өрелі ойларға Елбасының өзі де ден қойып, ел дамуының межесін белгілеуде ескеріп отырғандығын көреміз.

Кей ретте қынжылып, артық кеткен тұстарында да Шераға Елбасының көрегендігі мен жоғары адамдық тұлғасына бас ие қарайды, үлкен сенім артады.

Ш.Мұртаза өз хаттарында аумалы-төкпелі кезеңде шет мемлекеттерге кеткен қандастарымыздың елге оралғандағы жай-күйін, орын алып жатқан олқылықтар турасында, сонымен қатар, аз халықтың бірі ретінде демографиялық жағдай туралы, өзара бірлік, татулық жайында, ел бірлігіне іріткі салғысы келетіндерге, дінді дұрыс уағыздамайтындарға қарсы көптеген тұжырымдар айтып, баяндайды. Мәселен, бір кездері алаш зиялыларының да арамыздан шыққан арамза сатқындардың кесірінен опат болғандығын айтып, осы ретте халықтық қалпымыздан айнымай, өзімізді-өзіміз бағалау қажеттігін айтады. Досы Камал Смайыловқа қарата айтып отырған әрбір сөздері «елім, халқым» деген әрбір ел азаматына айтып отыратын ескертпесіндей.

Ш.Мұртазаның Камал Смайыловпен жазысқан хаттарының оқырманның ыстық ықыласына бөленгендігін «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген хаттар дәлелдейді: Бұл тұрғыда газет «Жұрттың сөзін сөйлеген» атты айдар ашып, жариялап отырды. Мәселен, Батыс Қазақстан облысынан Б.Жұмашев: «Атақты жазушы Шерхан Мұртаза мен көркемсөзші Камал Смайыловтың барлық хаттары да халық көңілінен шықты. Елдің өмірін жетік білетіндеріне көзіміз жетті. Халық келешегін ұдайы ойлайтындарына дән риза болдық», - дей келіп, ауыл тағдыры, оның келешегі туралы үн қосса, Оңтүстік Қазақстан облысынан

Б.Жартайұлы: «Қадірлі Шерхан, Камал ағалар! Сіздердің хаттарыңызды жібермей оқып жүрмін. Елді сауықтыратын дәрі-дәрмектей әсер етті маған. Мен осы арада өзім білетін бір нәрсені қоса айтпақпын. Қазақ халқы үшін өте қорқынышты нәрсе арақ болып алды», - деп ой қосады. Ал, Қызылорда облысының тұрғыны Е.Тұрсынбайұлы былайша толғанады: «Атақты жазушы Ш.Мұртазаның жауап-хаттары маған ерекше ұнады. «Кедеймін деп қорланба» деген сөздер мені атқа мінгізгендей болды. Мен мүгедекпін. Балалы-шағалымын», - деп басталатын хатында Шерағаның «уақыт бәрін таразылайды» деген сөзіне балаша қуанғандығын, ертеңгі күнге деген сенімінің артқандығын ақтарыла жазады.

Міне, бұлардан Шерағаның ұлттық руханиятқа ғана емес, екі азаматтың да хаттары еліміздің әр түкпіріндегі, шалғай аудандарындағы қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігіне жаңа серпін бергендігін, ойлау дәрежесін артырып, келешегіне үлкен сеніммен қарауға тәрбиелегендігін көреміз. Шерағаның мол парасаттылығы, кемеңгерлігі мен нағыз ұлтым деп соғатын аңқылдаған көңілі, дарқан пейілі шығармашылығының әрбір жолында қатпарланып жатыр десек, еш қателеспегеніміз.

«Тәуелсіздік – біреу, басқамыз соған тіреуіміз» деп келетін Шерағаның толғамдарының егемен ел дамуындағы үлесі шексіз.

Дәл осындай шыншыл, ұлтым, қазағым десе ішкен асын жерге қоятын Шерхан - публицист, жазушы соңғы жылдары ғана қалыптасты дей алмаймыз. Қайсыбіреулер кеңес кезінде шеншекпен кигендердің бәрін ұлт мүддесін жадыдан шығарып алды деп айыптайды. Бұл кеңестік - үстірт ойлағандық.

Тәуелсіздік туын желбіретсек те, біз әлі өткен тарихымызды сыңаржақ түсіндіріп жүреміз. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің нелер саңлақтары қалайша атылып кетті? Әдеби асыл қазынамыздың жартысынан астамы неліктен кітапхана ГУЛАГ-ында шаң басып жатты? Демократияға бетбұрыс заманының өзінде «Қазақ ұлтшылдығы» деген сөз қайдан пайда болды? Осы сауалдарға жауап іздегенде көбінесе ақталуға тырысамыз. Ал шындығында қалай еді? Ресми идеологияға назырқану, наразылық әсіресе ұлт мәселесінде жиі кезікті. Қызыл империяға «Ұлтымды сүйемін!» деген сөздің өзі шаншу болып қадалатын. Мазмұны социалистік, түрі ұлттық жасаймыз дейтін қағида іс жүзінде ұлттық рухты тұншықтыруға, ұлттық сана - сезімді өшіруге бастайтын.

Бұған қарсы әрекет әртүрлі формада бой көрсетті. Ілияс Есенберлин шовинизмге қарсы ашу - ызасын жағымсыз қаһармандарына айтқызып тарқататын («Қатерлі өткел» романы. 1967), Әбділдә Тәжібаев көп қырыс ойларын символистік өлең жолдарына сіңіріп жұмбақтайтын. Шерхан Мұртаза ма? Шерханның ұлттық сезімі жастайынын ояндды, кеңестік тәртіптің көп әділетсіздіктеріне іштей қарсылығы ерте білінді, көкірегіне шер боп байланды. Журналистік қызметінің алғашқы он жылдығында ғана, 1959-1969 жылдардың аралығында жазылған жүзден аса заметка, корреспонденция, 5 фельетон, 8 рецензия, 47 очерк, 50 ден астам көркем публицистикалық материалдың бәрі сол кездің жетістіктерін толғауға құрылған десек қателеспейміз. Әрине, өз қатарынан қалмай Шерхан да кезінде мойнына қызыл галстук тақты, пенжагының жағасына комсомол значогын қадады, партияның шындалған мүшесі ретінде «Лениншіл жас» газетінің редакторы, «Жазушы» баспасының, «Жалын» альманагының, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одагының екінші хатшысы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы қызметін атқарды. Сол ағынмен «Егемен Қазақстан», газеті редакциясына, Қазақ радиосы мен теледидар комитетіне төрағалық етті. Соның бәріне уақытының күнбағары да, сыншысы да бола білді.

Жүрегіндегі елім, жерім дейтін ішкі қапа, асан қайғысы бірте-бірте көркем-кестелі сөзге ауыса бастады. Журналистік және жазушылық екі түрлі мамандық, екіұдай қызмет болса да, иесі бір көзқарастан: Ұлттық идея, ұлттық санадан ешқашан айнымаған. Ілкі кесек туындысы, халқы мен қоғамын мойындатып, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атандырған жұп-жұмыр «Қара маржан» (1976) романындағы Ақан қарт бейнесіне көз жүгіртіңіз. Өндірістік роман жанрынан сыналап орын тауып, осы бейне арқылы туған табиғатты аялау, ел мал-жанын көбейту мәселесін жып-жинақы етіп қоя біліп, оқырман жұртшылықты елең еткізеді. «Жұртым-ау, саған атамекеніңнің қай тұсы да бөтен емес» деп шыжалақтайтын Ақан қарт бейнесінің қазақы тақырыбы журналист, публицист әрі жазушы Шерханға ғана тән.

Шерхан Мұртазаның соңғы жылдарда жазған «Не жетпейді?» (1990), «Елім, саған айтам, елбасы, сен де тыңда!» (1998), «Ақындар мен әкімдер» (2002) атты мақалалар, эсселер мен

публицистикалық толғамдарының да қазақ баспасөзі мен публицистикасында алар орны бар.

Әріден бастасақ - кешегі кеңестік жүйеде, өмірде, қоғамда небір сорақылықтар мен келеңсіздіктер, әлеуметтік әділетсіздіктер орын алғаны шындық еді. Оны көбі көрді, білді, тіпті араласып бел ортасында жүрді. Бірақ, «Неге бұлай?» демеді. Біреу қорықты, біреудің батылдығы жетпеді, ал енді біреулер көрсе де көрмеген болды.

Кейбір өресі төмендер «Қоғам мүддесін көздегенсіп, көбінесе өзінің жеке басының, қу құлқынның, жұмсақ креслосының аз күндік лауазымының қамын көбірек ойлады». Соның жолында ғана әрекет етті. Шерхан Мұртаза мұндайларға төзбей, жаны күйзеле, ашына «айқай» салды. «Күнбе-күн тіршілігімізде кездесетін кейбір келеңсіз көріністердің ең сорақысы сол - біреу барлық қоғам ісіне, өзіне сеніп тапсырған жұмысқа жанын салып, пәруана беріліп, күш-жігерін, білімін аямады. Ал енді біреу бар: Жабыға зерлі жабу жапқандай, бірақ қанша жабылса да топастығы мен тоғышарлығы сойдиып көрініп тұрады. Жұмысқа деген қабілеттілігімен емес, адал іскерлігімен емес, жағымпаздығымен амалдап жүрген адамдарды қолдап, жылы-жібитін кейбір басшылар екі есе кінәлі. Адамды адам еңбегіне, қабілетіне қарай бағалайтын әділ принцип сәл бұзылған жерден ырың-жырың берекесіздік басталады», - деп сол қоғамдағы жағымсыз көріністер мен әрекеттердің қайдан туындап жатқанын әшкерелеп береді.

«Сол қорқау кайырымсыздықтың тақсиретін әсіресе, Қазақстан көп көрді. Сталин қатыгездігінің бір шоқпары - Голощекин Қазақстанға тап болды. Қатыгезді қатыгез қалай тапқан?» дейді Ш.Мұртаза.

Адамға деген мейірім, ізгі ниет өмірде елеусіз ғана ұсақ-түйектен құралып, ірі-ірі істерге дейін араласады. «Әрдайымда, әр заманда ізгілік салтанат құрып, зұлымдық аласталса, біз Сәкен, Бейімбет, Ілияс сынды арыстарымыздан айырылып қалар ма едік?!» дейді тағы да. «...Халқымыздың бетке ұстар дарынды ұлдарын халық жауы», «жапонның шпионы» деп қаралағанда, олардың «жапон шпионымен» үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын біле тұра, күйе жақты. Неге? Қызғаныш. Көре алмаушылық, күншілдік» дейміз бе! Күншілдік пен қызғанышты қояйық па!» дегенді көсемсөз күдіретімен жеткізіп тұрған жоқ па?

Андысып күнін өткізетін, қызғаныштан, көре алмаушылықтан қатыгездікке барып, «тірідей көңіл қалдыратындар» осы күні де арамызда бар екенін ашына айтады Шерхан Мұртаза.

Бар бәле сол адамгершіліктің жоқтығынан, мейірім-қайырымның жұтаңдығынан, парасаттылықтың пәстігінен туып жатқандығын ашып көрсетеді.

Осылай дей келіп: «Өттең сол қайырымдылықты бүкіл қауым, күллі адамзат баласы қолынан түсіріп алмай, бірінен-бірі қағып алып, ұрпақтан-ұрпаққа ұзатып, қайырымдылық қасиетінің өмірін мәңгі ұзартып, бүкіл әлемдік Әділет жалауына айналдырып, сол жалаудың астында жадыра - жайсаң, жәнатты-жарқын ғұмыр кешсе ғой...» деп армандайды. Армандап қана қоймайды, осы өмірдегі бар жамандық атаулыны түк қоймай ұшырып әкететін - сұрқайды нұрландырар, өмірді ажарландырып, шырайландырар «Алтын күрек» желді аңсайды. Өзінің жан айқайымен көтерген мәселесін Шерхан еш уақытта аяқсыз қалдырған емес. Олардың қоғамға, халыққа тиімді жағынан түбегейлі шешілуі үшін тынымсыз күресе береді.

Мінеки, өткенді айтпағанда, бүгінгі тәуелсіз мемлекет болып отырған тұста да күн тәртібінен түспей, «халқым, ұлтым, елім, жерім» дейтін әрбір саналы азаматтың жүрегін ауыртып, жанын жегідей жеп келе жатқан күрмеуі шиеленіп, шешілуі қиындап тұрған зарыл мәселелердің түп-тамыры қайда жатыр. Осыны ойлағанда Шерхан Мұртазаның жанын шүберекке түйіп отырып жазған, айтқан, шырылдаған шындықтары мен батыл ойларын рухани қайсарлық, азаматтық, ерлік десек болады.

Өткен ғасырдың соңғы ширегінде елімізде көп сөз болған, бірақ әлі күнге дейін еш нәтиже шықпай келе жатқан зор мәселенің бірі — Арал проблемасы болатын.

Міне, осы бір тек Қазақстанға ғана емес, бүкіл Орта Азияға, тіпті одан да арыға зардабын тигізіп отырған күрделі мәселеге көңіл бөле келіп, талданып отырған мақаласында автор: «Адамдардың құдірет сүйер қылығының жоқтығы - бір қоғам бір қоғаммен текетіресіп, сүзісіп тұрып алып, соның салдарынан табиғат жапа шегетіні ғой. Табиғат қорлық көрген соң, адам қайда қашып құтылмақшы?» деп қоғам, адам алдына тағы бір сауал тастап, үлкен сұрақ қойды. Семей маңындағы Абыралы өңірінде қырық жыл жүргізілген атом бомбасы сынағының зардабын сөз етіп келіп, атомдық қаруды шексіз жетілдіре бергеннен жер

жарықтықтың да «жаны қиналатынын», сол жерді мекендеген халықтың да азып - тозып соры қайнайтынын айтады.

Осылай дей отырып, Арал тағдырына зерделі көзбен үніле қарайды. Көпшілік жұрт, ғалымдар мен Аралды апаттан «арашалаушылар» теңіздің тартылып бара жатқанын мақта үшін суы бұғалақталып жырымдалған Әмудария мен Сырдариядан көреді. Ал бұдан отыз жыл бұрын да мақта егіліп, осы өзендердің суы пайдаланылған. Енді себеп неде?!

Бұған Шерхан Мұртаза былайша жорамал жасайды: «...Осыдан отыз жыл бұрын Аралға жақын жерден космодром ашылғаны әйгілі. Ғарышқа ұшырылған әрбір ракета, әрбір космос кораблі, әрбір «жер серігі» қандай ғаламат күшпен ұшатынын тек шамалауға болады. Ол - алапат күш. Орасан от. Сол орасан от ауаны шыжғырып, тозақ отынан да зор ыстықпен бүкіл оттегін жалмап жіберетінін сәл-пәл сауатты адам түсінуге тиіс. Күйіп-жанып кеткен ауа жанталасып, айналадан ылғал іздемес пе екен? Аралдың суы сол тағдыры, апшысы қуырылып жанталасқан ауаны ажалдан арашалап, аспанға бу болып ұшып жатқан жоқ па екен? Атмосфераны ажалдан арашалаймын деп өзі ажал құрығына ілінбеді ме екен?»

Көңілге қонатын жорамал. «Қайда қарамаңыз, табиғат өзінен өзі құрып-жойылып жатқан жоқ. Бәріне де адамның сұғанақ қолы араласып отыр» деп өкініш білдіреді автор.

Осылай заман зарын сай сүйегінді сырқырата толғаған публицистикалық мақаласын автор былай түйіндейді: «Егер Құдірет күш бар болса, адамдарды астамдығы үшін табиғатты зорлағаны үшін, сөйтіп өздері де имансыз халге жеткені үшін, адамдарды баяғыдай бір жазалайтын кезі келген де сияқты. Енді топан суы қаптаса, Адамнан ұрпақ алып қалатын Нұх пайғамбардың кемесі табыла қояр ма екен?!»

Халқының мүддесін ойлаған гуманист суреткер, азамат қаламгер, қаламы жүйрік публицист заманның ащы шындықтарын сол қызыл империя тұсында өкімет басшыларының өзіне де батыл айта алды. Сол кездегі Қазақ КСР Министрлер Советінің председателі Н.Ә.Назарбаевпен жүргізген «Қуатты орталық. Қуатты республика...» аталған сұхбатына назар аударып көрелік:

« - Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы! Сәлем сөздің - анасы. Сәлемнен кейін көп созбай,.. бірінші сауал: қазір Қуатты Орталық, қуатты республикалар керек деп жүрміз» деп бастаған алғашқы

жолдарынан бастап-ақ Орталықтың республикаларға билік жүргізіп отырғанын, жәй билік жүргізіп қана қойма, жергілікті басшылықпен санаспай, республика өндірген өнімді, шикізатты өздеріне түк қалдырмай алып отыратынын айта келіп, сұрағын былай аяқтайды: - Сонда деймін-ау, Орталық қандай, республика қандай? Өз дәулетіне өз қолы жетпейтін қандай республика?!

Н.Назарбаев: - Ондай өкінішті фактілердің болғаны рас. Сіздің айтып отырғаныңыздың жаны бар. Күні кешеге дейін оқтын-оқтын Қазақстан Одақ үшін масыл республика деген күңкіл сөздер естіліп қалып жүрді. Ал шындық қандай? Дәл қазір бүкіл одақ бойынша халықты тамақтандыру үшін 48 миллион тонна бидай керек болатын болса, соның 13,5 миллион тоннасын Қазақстан береді. Одаққа біз республикада өндірілген мақтаның 72 процентін, жүннің 60 процентін шикізат ретінде өткіземіз... ал сол жүнді өзіміз, мысалы матаға, костюмге айналдырсақ ше? Миллиардтың астында қалар едік... Қазақстанда шығарылатын өндірістік өнімнің 7 проценті ғана республикаға тән, 93 проценті Одақтық-республикалық қорға түседі. Мұны бізге ондаған жылдар бойы «Мемлекеттік қажеттілік», «қорғаныс қажеттілігі», «елдің қамы» деп сендіріп келеді. Бір ғана мысал: Қазақстаннан жыл сайын шет елдерге 800 миллион доллардың өнімі жөнелтіледі. Оның ішінде мұнай, көмір, түсті металл т.б. бар. Соншама доллардан бізге көк тиын да тимейді...».

Мінеки, қаншама шындықтың беті ашылған. Қазір мұны біз өткен тарих дегенімізбен дәл сол кезде әсері үлкен болғаны анық. Бүгінде сол одақты, сол орталықты аңсап жүргендер ойланар ма екен деп те бұл цифрларды толық келтіріп отырмыз. Ойы ұшқыр, қаламы жүйрік публицистің келесі сұрақтары да көпшіліктің көкейіндегісін дөп басқан күрделі мәселелер еді:

«- Жергілікті халықтың өз елінде, өз жерінде азшылық болуы, әрине, қасірет. Мұны қиыр Терістікті мекендеген аз халықтардың өмірінен айқын көріп отырмыз» деп қазақ халқының сонау патша заманынан бері басынан кешкен қилы сұрапылдарды тізбелей келіп: «Осы және басқа да түрлі себептердің салдарынан Тіл проблемасы асқындап шыға келді. Тіл - проблемасы тікелей ұлт проблемасы. Ал біз болсақ, бізде ұлт проблемасы әлдеқашан шешілген деп масайрадық... Таяу болашақта тіл статусы конституциялық жолмен бекітілмек. Осыған орай, бір жақ ҚазақКСР-інде мемлекеттік статус тек қазақ тіліне берілсін десе,

келесі жақ: жоқ, қазақ тілі мен орыс тілі қатар мемлекеттік тіл болсын дейді егер мемлекеттік тіл болып қос тіл қатар қолданылса, қазақ тілі орыс тілінің тасасында қалып қоймайма?!»

Қандай сұрақ десеңізші! Атан түйе тарта алмас салмақ жатқан жоқ па әрқайсысында. Осы сұрақтың өзінде қаншама проблема көтерілген. Қазақ халқының бүкіл тағдыры қозғалып тұр ғой?! (Сұхбатта он үш сұрақ қойылды). Сұрақ қоюдың да мәнісі бар. «Анау қалай?», «Мынау қалай?», «Анаған қалай қарайсыз?», «Мынаған қалай қарайсыз?» деп жалаң — жайдақ қоюға да болады сұрақты. Бірақ Ш.Мұртаза қойған сұрақтардың жөні де, түрі де бөлек. Әрбір сұрағы өзінше бір үлкен мақсатпен қойылып, жауап бермесе болмайтындай сүйегіңнен өтіп, жүрегіңе жетіп жатады.

Ал енді Шерхан Мұртазаның еліміз егемендік алғаннан кейін тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевпен жүргізген сұхбатында қандай мәселелер көтерілген, соған бір сәт көңіл қоялық.

«Сұрақ: - Сіз соңғы кезде конфедерацияны жақтайды деген қауесет шығып жүр. Бұған наразылық білдіретіндер де бой көрсетіп қалды. Анығы қалай?»

Жауап: - Бұл бекер сөз. Қауесет деген де қара күйе сияқты: күйдірмейді, бірақ, күйесін жағады. Мысалы, не дейсің, Назарбаев Тегеранға екі рет жасырын барып қайтыпты. Ядролық қаруды сатпақшы көрінеді дегенді шығарыпты. Өтірік пе? Өтірік. Енді конфедерация дегенді мен де кезінде, сонау тамыз бүліншігіне дейін айтқаным, жақтағаным рас. Бірақ, уақыт жағдайды күрт өзгертті. Бұрынғы Одақтық республикалар тәуелсіз мемлекеттер болды. Мен айттым: тәуелсіз мемлекет болдық екен, ендеше бұл мемлекеттер арасында біреу аға, біреу іні, біреу үлкен, біреу кіші деген болмайды. Бәрінің құқығы тең. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы дегеннің мәні осыған келіп соғады. Ал енді келіп Назарбаев конфедерацияны көксеп жүр дегені қисынсыз. «Түркия» газетінің тілшісімен менің сұхбатымды әдейі бұрмалау.

Сұрақ:- «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» деген, сірә, сол шығар. Ал, енді ол аз болса, сақалы сапсыйған «Ивестия» газеті: Назарбаев Қазақстандағы орыс тілді жұртшылықтың тұтқыны» деп соқты. Бұл қалай?»

Жауап: - Тағдыр мен тарих солай жаратқан. Ол рас Қазақстанда тұратын 17 миллион халықтың тек 7 миллионы ғана қазақтар. 10 миллионы өзге ұлттың өкілдері. - Мұндай жағдай

Өзбекстанда да, Қырғызстанда да ...Украинада да жоқ. Сонда қалай, әлгі 10 миллионды көзге ілмеу керек пе? Қазақтың жерін «халықтар достығының лабораториясы» жасаған мен емес... Өткен өтті. Өткеннің бәріне тас лақтырып, топырақ шашу, тағы қиын...» .

Мінеки, публицистиканың күшімен, қаламның құдіретімен Шерхан Мұртаза халқына осылай да қызмет етеді. «Көркем әдебиет - ауыр артиллерия болса, публицистика - кавалерия» дейді Шерхан. Оның да өз тактикасы бар, өз мақсат-міндеті бар. Оған да анауынау адам командир бола алмаса керек.

Бүгінде публицистиканың қызметі халыққа өте-мөте керек-ақ. Өйткені ғасырлар бойы аңсап жүріп әрең жеткен тәуелсіздігіміздің баянды болып, отанымыздың байлығы артып, халқымыздың тұрмыс жағдайының ілгерілеуі жолында тұрақты саяси-экономикалық бағыт ұстап отырған мемлекетіміздің, еліміздің алдына үлкен-үлкен міндеттер тұрғаны белгілі. Жалпы, Ш.Мұртазаның журналистігі азаматтық белсенділікпен, азаматтығы қайраткерлікпен ұштасып, бірін-бірі шырайландырып, ерекшелендіріп отырады.

Ш.Мұртазаның өзіндік публицистикасының тақырыбы мен редакторлық идеясы бар.

Отыз жылға жуық мерзім ішінде Шерхан Мұртазаның шығармашылық пен қайраткерлік жолдары қазақ баспасөзінде қалыптасқан, сол арқылы қалың орманға жете таныс болған. Айталық, 1955-1963 жылдары «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде тілші, бөлім меңгерушісі - кәдімгі журналист ретінде өз қабілеті мен қарымын танытқан Шерхан Мұртаза 1963-1970 жылдары «Лениншіл жас» газетінде, 1970-1972 жылдары «Жалын» альманағында, 1973-1975 жылдары «Жұлдыз» журналында, 1980-1989 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде, 1989-1992 жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінде бас редакторлық қызмет атқарады.

«Редактордың саяси-идеялық даярлығы - оның жемісті жұмысының басты шарты. Бұл жеткіліксіз, редактор ең алдымен ұйымдастырушы».

«Редактор-генератор» деп баға берген еді оған Дидахмет Әшімханұлы.

«...Шерхан - батыл редактор. Ал бұл көп редактор жігіттерге дарымаған қасиет, - дейді баспасөз ардагерлерінің бірі Хайдолла Тілемісов, - Батылдығы емей немене, бүгінде барлық газет

жамырай жазып жатқан - тіл тақырыбын, ұлттық сана, ұлттық дәстүр, ақтаңдақтар-тағдырын кешегі Колбиннің қылышынан қан тамып тұрған кезінде-ақ тайсалмай көтерген азаматымыз осы Шерхан болатын».

Иә, Шерхан Мұртаза қай жерге редактор болып барса да, сол басылымның сіңірген еңбегі туралы айта келіп, заманымыздың көрнекті жазушысы, бейнелі қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев былай дейді: «Алпысыншы жылдар басындағы серпіліс тұсында суырылып ілгері шыққан «Лениншіл жас» болды. Редакторы - Шерхан Мұртазаев. Жетпісінші жылдары тоқырау мен тоқмейілу рухани мәңгүрттік дертін жая бастағанда, әлі абзал бұлқыныстың рухын сақтап қала алған «Жалын» мен «Жұлдыз» еді. Редакторы - Шерхан Мұртазаев. Мәңгүрттік әбден меңдеп, тоқырау әбден асқындап, апшы қуырып, сексенінші жылдар басында адал сөз, ащы пікірлер табылса тек «Қазақ әдебиетінен» табылатын. Редакторы - Шерхан Мұртазаев. Көптен күткен аңсарлы дәурен жетіп, қорқақ көңіл қорғалып, ел екіталай, пікір әрқалай жүрген шақта жұрттан бұрын батылдыққа барып, «Социалистік Қазақстанның» атын мансұқ еткен «Егеменді Қазақстан» еді. Редакторы - Шерхан Мұртазаев.

Бұл тек бір қаламгердің өнер жолы емес, күшті ұлттық санамыздың сергу-серпілу жолы». Айтса-айтқандай-ақ, бұл біртұтас дәуір дерлік мерзім қазақ баспасөзінің де өсу-өркендеу, кемелдену кезеңі деуге болады. Ал, Шерхан Мұртазаның шығармашылық, азаматтық, қайраткерлік жолдарының өзі осы ізденіске толы журналистік беймаза тірлікпен қазақ баспасөзінде қалыптасты. Сол арқылы оқырман қауымға танылды.

1963 жылды журналист Шерхан Мұртаза өміріндегі елеулі, тіпті шешуші кезең деуге болар еді. Бұрынырақ өзі біраз уақыт тілшісі болып істеген «Лениншіл жасқа» бас редактор болды. Оның қоғамға, халыққа қызмет жасауы, өз қабілет-қарымын танытып, батыл әрекеттерге ден қоюы да осы жылдардан басталған.

Өзінің адам танығыш, адамның талантын, еңбегін көріп-біліп, әділ бағалайтын қасиетімен төңірегіне өңкей бір сайдың тасындай тамаша журналистерді жинады. Оларға бағыт-бағдар беріп тәрбиелей білді.

Қандай іске де принципті қарайтын Шерхан батыл редактор болды. Сол кездің өзінде ел, жер тағдыры, ана тілі, адамгершілік мәселелері, т.б. толып жатқан өзекті проблемалар көтерілетін

газетте. Сонымен қатар әдебиет пен мәдениеттің де жанашыры, насихатшысы бола білді. Сөйтіп, «Лениншіл жас» еліміз жастарының ғана емес, барша халықтың сүйіп оқитын басылымына айналды.

Ол - газеттен көптеген талантты жастар түлеп ұшты. Қазіргі баспасөз тарландарының негізі сол «Лениншіл жастан» қанаттанып, Шерхан Мұртазаның мектебінен өткендер. «Ал «Жалынға» бас редактор болғанда да талай орынды жастың тұсауын кесіп, томағасын сыпырды. Бүгінде олардың көбі қазақ әдебиетінің мүйізі қарағайдай қайраткерлері болып отыр. Айта берсек мұндай әңгімелер толып жатыр.

«Социалистік Қазақстан» газетіне бас редактор болғанда тіл, тарих мәселесін көтеріп, «Алаш» партиясымен алашордашылардың іс-әрекетіне шынайы баға берілуі тұрғысында батыл күресе білді.

Ал, енді осы басылымдардағы Шерхан Мұртаза қызметіне кеңірек тоқталсақ.

Кешегі Коммунистік партия билеген тұста, яғни орысшыл орталықтың өмірі жүріп тұрған кезде Шерхан Мұртаза қатардағы журналистік қызмет қана атқарып қоймай, «Лениншіл жас» (1963-1970) газетіне басшылық жасаған. Өз бағытын батыл қорғай білетін, принципшіл, қажетті қызметке қабілеті сай келетін кадрларды шебер іріктейтін және оларды қатал әрі әділ аға боп тәрбиелей алатын басшы екенін дәлелдеді. «Лениншіл жас» газетінен Тельман Жанұзақов, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкеев, Фариза Оңғарсынова, Қалдарбек Найманбаев, Ахат Жақсыбаев, Кәдірбек Сегізбай, Ақселеу Сейдімбеков, Сағат Әшімбаев, Мұхтар Шаханов және тағы да басқа дарынды ұл-қыздар қанаттанған. Сондай шәкірттерінің бірі жазушы Тұтқабай Иманбекұлының: «...Ол кезде «Лениншіл жаста» қызмет істейміз. Лездемеде ой-пікіріңді қоспасақ, Шер-ағаң кәдімгідей қомсынып отыратын. Ал егер жазғаның ойынан шықпай, орамға жетпей жатса, қолжазбанды қолыңа үнсіз ұстатып жіберетін. Содан ары ойланып, әрі іштей жалған намысқа біраз түрткіленіп ізденесіз - дейді. Бұл Шерхан Мұртазаның адамның жеке іс-қағазына, бет-жүзіне емес, жазған-сызғанына, талабына әділ баға беріп, дұрыс жөн сілтейтін редактор болғандығын аңғартады.

Осы ретте журналист Н.Оразбековтың: «Редактор ретінде Шәкеңнің «олай жаз, былай жаз» деп езіп отырғанын, құлаш-құлаш ақыл үйреткенін өз басым көрген емеспін. Оның орнына Шәкең

жаза білетін, «балағының биті бар» дейтін жігіттерді тез таниды да, солардың өнімді еңбек етуіне бар жағдайды жасайды» - деген пікірі ойымызды дәлелдей түседі.

Шерхан Мұртаза редактор болған тұста «Лениншіл жас» республика жастарының ғана емес, күллі халықтың сүйікті газетіне айналды. Жастарға міндетті сол кездің сан қилы талабын толық орындай отырып, «Лениншіл жас» әдебиет пен мәдениеттің озық насихатшысы болды, халықты сонысымен баурады. Арнайы әдеби басылымдардың да батылдығы жете бермейтін сын мен рецензияны жастар газеті ол кезде жиі жариялайтын. Мәселен, З.Серікқалиевтің «Әдебиет жол басшысы - әділ сын» (1963 жыл, 12 қыркүйек), Қ.Мұхаметжановтың «Афина алдындағы ой» (1963 жыл, 12 қыркүйек), З.Қоспақовтың «Жаяу Мұса жайлы жаңа деректер» (1964жыл 29 желтоқсан), Р.Бердібаевтың «Боран» туралы бірер сөз» (1970 жыл 19 тамыз), тағы да сол сияқты көптеген авторлардың сын мақалалары газеттің шырайлы айшығына айналған. 1983 жылдың 2-маусымынан бастап бас редактор болған Шерхан Мұртаза газетінің түрі мен мазмұнына ерекше мән берді. «Лениншіл жастың» сол жылдардағы «Аққу» эстетикалық клубы, «Күмбез» археологиялық клубы, «Арай», «Студент және уақыт», «XX ғасыр. Халықтар. Әдет-ғұрыптар», «Өркен» жоғарғы класс оқушылары үшін, «Замандас келбеті» (очерктер жинағы), «Әдебиет беті», «Ғылыми дүниеде» тағы басқа тұрақты айдарлары мен арнайы беттері жастардың әлеуметтік-қоғамдық тыныс-тіршілігін, төл әдебиетіміздің өзіндік бет-бейнесін, балалар мен жасөспірімдер тәрбиесін тақырып арқауы етіп, жеріне жеткізе отырып жазды. 1985 жылы «Ғылым шыңына шығар жолда» атты айдарды ашып, онда жас ғалымдарды оқырманға таныстыру қолға алынды. Ғылым, техника жаңалықтарына шолу жасалды. Сол жылдары өндіріс орындары проблемаларына арналған Ғ.Мырзағалиевтің «Комбинат құлдырап барады» (1963 жыл, 7 тамыз), С.Бәжібеневтың «Мұнайлы Маңғыстаудың бүгінгі тынысы» (1963 жыл, 13 тамыз), Б.Мусиннің «Балқаштағы химия» (1964 жыл, 26 қаңтар) атты проблемалық мақалалары жарияланды. Қ.Найманбаевтың «Сүйіну» (1963 жыл, 30 маусым), Ә.Қалмырзаевтың «Баян қызы» (1963 жыл, 1 тамыз), Б.Момышұлының «Куба күнделігі» (1964 жыл, 25 қаңтар), Х.Қыдыровтың «Қыр қызы» (1905 жыл, 5 қаңтар), С.Қирабаевтың «Италия әсері» (1970 жыл, 20 тамыз), С.Бердіқұловтың «Мехико жаңғырығы» (1970 жыл, 21 шілде) очерктерінде өздері куә болған

оқиғалар жөнінде тартымды, әрі қызықты баяндалып, замана толғауын, әлеуметтік мәселелерді өздерінше саралайды. Әсіресе, Б.Момышұлының «Куба күнделігі» жолсапар очеркінің басты ерекшелігі - Куба халқының ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қоғам, мәдениет, әдебиет қайраткері Хосе Марти (1853-1895) туралы автордың ой-толғанысы, қайраткердің халқына сіңірген еңбегінің тіршілігімен байланыстырды. Автордың Кубаның өткен-кеткен тарихынан, мәдениет ескерткіштерінен, тұрмыс-салтынан тартымды суреттер беруі, жинақтап ой қорытуы очерктің мазмұнын, ажарын аша түседі.

«Лениншіл жас» газетінен кейін журналист Шерхан Мұртаза жастар альманағы «Жалынға» 1970 жылдың 6-шы номерінен бастап бас редакторлыққа келді. Альманах әдебиетіміздегі дүмбілездіктер мен шалғайлықтарға; саяси жамылғының астарымен жазылған жазбаларды жарыққа шығаруға қарсы аяусыз күрес ашты. Мәселен, «Жалынның» «Тура би трибунасы» атты күрескер айдарын ерекше атауға болады. Аталмыш айдар альманахтың 1972 жылдың 4-ші номерінен бастап ашылған. Сынға алушы Тураби Туғансызов Ә.Нарымбетовтың «Дәуір және поэзия» атты еңбегі туралы «Ә.Нарымбетов және сын немесе алтын тармақтан тұратын ашық хат» (№4 1972жыл), Ә.Райымбековтың «Қазақ поэзиясындағы жұмысшы образы» жинағына «Көк кітап пен интервью» (№5 1972 жыл), Ш.Смаханұлының «Айға ұшамын» кітабы туралы «Автор айға қарай ұшқан ба?» (№6 1972 жыл) деген материалдарында сын мәдениетін сақтай отырып, өзінің көзі көрген кемшіліктерді жіліктеп, батыл тойтарыс беріп отырған.

Сынның дәмі ащы болады, сондықтан да кемшілікті жоюға итермелейтін бұл айдар бүгінгі «Жалын» журналына аса қажетті екендігі даусыз.

«Жұлдыз» журналында редакторлық еткенде одақтас республикалардың ішіндегі ұлт тілінде шығарылатын әдеби журналдардың біріншісі болып тұрды. Тиражы күрт өсіп, таралымы 250 мыңға дейін жетті. Батыл редактор болды. Жақсы шығарманы қорғаудың бір әдісі жаман шығарманы аяусыз сынау екендігін Шерхан Мұртаза мұнда да нақты іспен дәлелдеді.

Редактор Ш.Мұртазаның ұйғаруымен «Жұлдыз» журналы «Қаратау» өндіріс орнын өз қамқорлығына алды. Ондағы басты мақсат - өндіріс орындарын қолдау, жұмысшылары мен басшы мамандардың қызметіне аз да болса ықпал жасау. Бұл мәселе

«Жұлдыз» журналы редакциялық посты «Қазыналы Қаратуда» айдарымен беріліп, онда Т.Әлімқұловтың «Жасарған өлкенің жаңа қадамдары», Б.Нұржекеевтың «Шыңдалу» (№10. 1975жыл) материалдары және тағы да басқа мақалалар жарияланды.

Таулы Алтай мен Новосібірдегі, Германиядағы қазақтардың қал-жағдайына «Жұлдыз» журналы сол кезде-ақ құлақ түріп, шеттеп қалған бауырлардың мұңы мен мұқтаждарын арнайы сөз қылған. Тарих, әдебиет, өнер, ғылым мәселелерін бірінші орынға қойған. Мысалы, А.Машановтың «Өнер мен ғылымның тоғысқан шұғыласы» (№9 1975жыл) зерттеу мақаласы, К.Смайыловтың «Кинодраматургия - қазақ әдебиетінің бір саласы» (№10 1973жыл), Р.Нұрғалиевтің «Әуезов драматургиясындағы совет шындығы» (№3 1973жыл), Ш.Елеукеновтің «Тарих және көркем шындық» (№10 1973жыл) сын материалдары түйінді ой-тұжырымдарға құрылып, ұлттық мүддені көздейтін, соны жандандыра түсетін ой-тамызық тәрізді дүниеге айналғаны даусыз.

70-ші жылдары тоқырау мен тоқмейілсу рухани мәңгүрттік дертін жая бастағанда, ұлттық рухын сақтап қала алған «Жұлдыз» журналы еді. Оған редактордың қосқан үлес салмағын Ш.Мұртазаның «Ертеде Шыңғыс хан айтыпты: «Жолбарыс ұяластарын ит басқарса - жолбарыстың бәрі итке айналады, шибөрілердің ұяласын жолбарыс басқарса бәрі де жолбарыс болады», - деп. Сондықтан да редактор өзімен үндес, қаламы қарымды, қатарлас серіктер жинауы керек. Он жерден батыр, мың жерден ақылды болғанымен жалғыз редактор не бітіре алады?... (Ш.Мұртаза) - деген өз пікірімен бергіміз келеді. Ендеше әр басылымның өзге басылымға ұқсамайтын өз кескін-келбетінің болуы шынайы талантқа, шебер редакторға тән құбылыс. «Редактордың жұмысы тозаққа түскенмен тең» - дейді бұл жөнінде Шерхан Мұртазаның өзі.

Журналист 1980 жылдың қазаны мен 1989 жылдың қарашасы аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болды. «Қазақ әдебиетіне» Шерхан Мұртаза редактор болған жылдар – брежневтік «тоқыраудың» аяғы мен горбачевтік «қайта құрудың» басын қамтыған кезең еді. Экономика мен саясат тұрғысынан «тоқырау» деген баға өзіне лайық шығар, бірақ, қалай десек те осы «тоқыраудың» өзі ұлт мәселесінде бұрынғы ширыққан идеологияны да босаңсытып алуы - қоғамдық, ұлттық, өмірдің тынысын ондап аша түскені анық. Сөзімізді осы ыңғайдан өрбітсек,

80-ші жылдары партиялық үлкен басшылық әдебиет, мәдениет басылымдарына тым оң көзімен қарамаса да, аса қырағы сол көзімен де шұқшия бермеген сияқты. Алайда осы бір сәл-пәл босаңдық пен аздаған еркіндікті өте ептілікпен, кәсіби шеберлікпен, байсалды ақыл, батыл жүрекпен халықтық, ұлттық мүдделерге қарай икемді пайдаланып қалудың өзі Чаковский, Мұртазаев сынды шын мәнідегі бас редакторлардың қолынан келгендей.

Бұл жағынан бас редактор Шерхан Мұртазаевтың өзіндік стратегиясы мен тактикасы болды. Әсіресе, ұят мәселесіне келгенде. Ал ұлттың алдында: тіл дейсіз бе, діні мен рухы, тәрбиесі мен мәдениеті, тағдыры мен тарихы, өзін-өзі тануы дейсіз бе - әйтеуір өзекті проблема жеткілікті еді.

Бұлардың қай-қайсысын қозғауда әрі ептілік, әрі саясаткерлік, кейде тіпті ерлік те қажет еді.

Мына төмендегі фактілерге көз жүгіртіп көріңіз. Шерхан Мұртаза 1971-72 жылдары «Жалын» альманағына басшылық жасады. Осы екі жыл ішінде басылым тиражы 24 мың данадан 52 мыңға жетті. «Жұлдыз» журналындағы редакторлығы 1973-1975 жылдардың аралығын қамтиды. Бұл жолғы тираж 1975 жылы 211 мың данаға жеткен. «Қазақ әдебиеті» газетінде 1980-89 жылдарында еткен уақытта бұл басылымның тиражы 45 мыңнан 86 мыңға шырқаған.

Міне, мұндай басылымдарды бұқаралық ақпарат құралдары деп толық мәнінде ауыз толтырып айтуға болады.

Қорыта айтқанда, редактор Шерхан Мұртазаның басты қасиеттері мынадай: біріншіден, талант танығыштығы, екіншіден, тоқырау жылдарында баспасөздегі сын мәселесіне қатты мән беріп, қолдау көрсетіп отырған батыл басшылығы, үшіншіден, шығармашылығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің бір-бірімен үйлесіп жатуы. Бұл қырынан келгенде жазушы-журналист Шерхан Мұртаза редактор Шерхан Мұртазаның қадір-қасиетін толықтырады.

Қаламгер-публицистің өзіндік публицистикасының ерекшелігі бар.

Шерхан Мұртазаның көркемдік деңгейін белгілейтін әдеби мұраларынан басқа публицистік шығармаларының өзі бір төбе. Өз кезеңінің үні, жаңаның жаршысы, өткен шақтың көне шындығынан

емес, осы шақтың жаңа шындығынан туындаған жанр «очерк» болса, сол жанрды Ш.Мұртаза айналып өтпеген.

«Очерк дегеніміз - заманындағы құбылыстар логикалық, рационалдық және эмоционалдық-бейнелеу тәсілдерінің біртұтас жолымен адам немесе қоғамдық өмір концепциясының белгілі бір негізінде шешілетін көркем публицистикалық жанр» деген тұжырымға сүйенсек Шерхан Мұртазаның публицистикалық очерктері заман келбетінің қоғамдық-әлеуметтік сипатын айқындап, дәл бере алғандығын атап өтуге тиіспіз.

Автор очерк тақырыбын таңдауын былай деп түсіндіреді: «...Феруза деген қасиетті асыл тас шығатын ел. Иранда шамасы келген адам-ері болсын, әйелі болсын - ферузалы күміс сақина салып жүреді. Тіл-көзден, қырсықтан, кесірден сақтайды дейді. Орыстың ұлы ақыны Есенин: «Фирдаусидің көгілдір отаны» деп текке жырламаса керек. Нәсілі татар, тілі қазақ Сабыр Шарипов деген жазушы ертеректе «Рузи Иран» деген хикая-повесть жазып еді. Онысы «Бүгінгі Иран» дегені ғой. Мен де соларға еліктеп, бұл сапардағы очерктің атын «Феруза Иран» деп қойдым».

Публицист «Феруза Иран» атты очеркін жазу барысында Иран өңіріне, оның тарихына қатысты көптеген деректерді нақты, дәлелді фактілерін мейлінше молынан пайдаланған. Сөйтіп кітап көрмесін ғана емес, сол елдің өткенін еске ала отырып, бүгінін, бүгінін айта отырып ертеңіне үнілді. Тараулардың әр қайсысы логикалық байланыста. Очерктің композициялық, сюжеттік құрылысында басы артық деталь жоқ. Бәрі де жымдасқан, көңілге қонымды болып келеді. Публицистикалық жазбаларының тақырыбына, мазмұнына сай сөздер мен сөз тіркестерін құрылымдарды пайдалана алады. Композиция, теңеулер, эпитеттер секілді көркемдеуші құралдарды да орынды қолданып озық үлгілерін тудырады.

Қысқасы, публицист сол елдің сауда-саттығын, тыныс-тіршілігін, салт-дәстүрін, мәдениетін, дінін ерекше ықыласпен, шұрайлы тілмен, түсінікті, оқуға жеңіл етіп жазады.

Журналист - кез-келген материалды - корреспонденциядан бастап ең ақыры өлеңге дейін жаза білуі керек. Ол әдеби деректерді, әсіресе, газеттік әдебиетті білуі қажет (Н.Ф. Погодин).

Қаламы қарымды журналист әрі публицист Шерхан Мұртаза оны да жанап өтті. Жалпы, қаламгер әдеби сын жанрын публицистикада шебер қолданған.

Публицистика мен әдеби сынға қойылар талап бір. Ол - бүгінгі күннің жаңалығын жырлау. Әдеби сынның осындай қасиетіне орай оны әдебиет материалына негізделген публицистика деп атауға болады.

Ш.Мұртаза сын мақалалары мен рецензияларында әдеби шығармаларға талдау жасай отырып, өз дәуірінің жаңаша бет-бейнесін де танытады. Публицист өзінің «Ақындар мен әкімдер» жинағында бір топ ақын - жазушылар шығармашылығына лебіз білдірген. Солардың бірқатарына тоқталсақ. «Айға шағылған найза», тақырыбының өз айқайлап тұрған аталмыш сын мақала Тахауи Ахтанов творчествосына арналған. Мұнда ол жазушының «Қаһарлы күндер», «Боран», «Сәуле», «Ант» сынды шығармаларына талдау жасай отырып, қаламгер шеберлігіне әділ бағасын береді.

«Әдебиет халықтың рухани байлығы болса, сол байлықты азаптанып дүниеге келтірер таланттар халықтың маңдайына біткен ырыс, жарық жұлдыздары. Тахауи Ахтанов - халқымыз бен әдебиетіміздің осындай ырысына айналған санаулы суреткеріміздің бірі және бірегейі.

...Т.Ахтановтың кәміл суреткерлігі кез келген шығармасынан тайға таңба басқандай айқын көрінеді. Себебі оның шығармалары тек шындықты, өмір шындығын арқау етеді. Бұл орайда Ахтанов тақырып актуальдығына әсте малданып көрген емес, оңай олжаға барған емес», - дейді Шерхан Мұртаза. Бас-аяғы жып-жинақы мақаланың өн бойынан публицистің қай жанрда болмасын төселген шеберлігі байқалады.

Осы тектес тағы бір мақаласы «Шыңғыс және Шындық» деп аталады. Ш.Айтматов шығармашылығын арқау еткен мақала қазақ-қырғыз бауырластығына ұласқан. Лирикалық шегініспен басталатын мақала көркем тілмен жазылған.

«Заңғар-заңғар шыңдардан асып, бұл өлкеде бағзы заманда Манас өткен екен. Осы өңірде сол Манастың күмбезі әлі күнге дейін тұр», - деп бастайды публицист әдепкідегі шежірешілігімен.

«...Сонда осы қазақтар төбеден төнген қатар-қатар шыңдарға қарап тұрып, найзағайдай шаншылғанын танып:

- Иә, мынау Манас шыңы, - десті.
- Сол Манаспен иықтасып тұрған ана шыңның аты не екен?
- Ешкім біле қоймады. Қырғыздардан сұрап едік:
- Аты жоқ, - деді.

- Ендеше Шыңғыс болсын! - деп шу ете қалдық.
- Айтқандарыңыз келсін! - деп қырғыздар қауқылдасты.

Сөйтіп тілек қабыл болып, географиялық картаға түсер-түспес, ол Шыңғыс даңқы әлемнің қай түкпірінен болса да көрініп, естіліп тұратын дәрежеге жетті» - деп сабақтай келе автор Ш.Айтматов шығармашылығына ойысады.

Мақаланың негізгі идеясы - Шыңғыс Айтматов және Қазақстан аясында өрбиді. Публицист Айтматов шығармаларындағы қазақ кейіпкерлері арқылы жазушының біздің елге деген көзқарасын, жалпы адамзаттық феномендігін дәлелдейді. Бұл орайда автор Айтматов шығармаларынан цитаталар келтіріп тұщымды материал шығарады. Публицистің әдеби өмірді, әлемдік әдеби заңдылықтарды жете меңгергені анық байқалады. Мақала тілі әрі қарапайым, әрі көркем. Сын жанры таластарынан бірде-бір ауытқуды да байқамайсыз. Тек Шерхан Мұртазаға ғана тән алмас қылыштай кесіп айтатын, көкейіне қондырып жазатын стиль еседі.

Кез келген қаламгер өз атынан еш нәрсе құрастырмайды, жұрттың ойында жүрген жайттарды қағаз бетінде бедерлейді. Көкірегі ояу, көзі қарақты оқырман көл-көсір қазынадан өзіне қажеттісін тандап алады да, рухани азық етеді. Шерхан Мұртаза публицистикасының поэтикасы әдебиеттану ғылымындағы алар орны мен мән-маңызын айқындап қана қоймай, адамзат баласына тарихпен қоса сөз өнерінің де күш-қуатын, танымдық сипатын аңғартып, халқымыздың өткен өміріне бір уақ көз тастап, тәуба дерлік жауапкершілік сезімімізді қалыптастыруға жол ашады.

Журналистік және жазушылық екі түрлі мамандық, екі ұдай қызмет болса да, иесі бір көзқарастан - ұлттық идея, ұлттық санадан ешқашан айнымаған.

Отыз жылға жуық мерзім ішінде Ш.Мұртазаның шығармашылық жолы қазақ баспасөзінде қалыптасқан, сол арқылы қалың оқырманға жете таныс болған.

Баспасөз бетінде тіл тақырыбын, ұлттық сана, ұлттық дәстүр, ақтаңдақтар тағдырын кешегі Колбиннің қылышынан қан тамып тұрған кезінде-ақ тайсалмай тұңғыш рет көтерген адамның бірі Шерхан Мұртаза.

Әдебиеттану ғылымында поэтика мәселесі маңызды проблемалардың бірі болып келе жатыр. Поэтика - әдеби шығарманың құрылымы мен онда пайдаланылатын эстетикалық құралдарын қарастыратын әдебиет теориясының бір бөлімі.

«Поэтика - сөздің көркемдік құрылымдарының пішіні, түрі, құралы және әдісі туралы ғылым бола отырып, тек поэтикалық сөзді ғана емес, әдеби туынды мен ауыз әдебиеті құрылысының әр түрлі қырын қарастырады», - дейді В.В.Виноградов.

Демек, көріп отырғанымыздай поэтика өнердің басқа салаларымен де байланысты. Осы ретте поэтика проблемаларын Шерхан Мұртаза публицистикасы арқылы сабақтап, оның ой толғамдарының жанрлық ерекшеліктеріне, көркемдігіне, даралығына талдау жасадық.

Журналист кез келген материалды - корреспонденциядан бастап ең ақыры өлеңге дейін жаза алуы керек. Ол әдеби деректерді, әсіресе, газеттік әдебиетті білуі қажет.

Ал, Ш.Мұртаза қаламынан туған көркем публицистикалық жанрдың қай-қайсысынан да публицистің жазу техникасын әбден меңгеріп, төселгені, аз сөзге көп мағына, көп жайтты сыйдырып жіберетін шеберлік қыры оның шоқтығын биіктетеді.

Публицист шиыршық атқан ішкі сезімдерін жай ғана баяндап қоймайды. Белгілі бір іс-әрекетпен байланыстырады. Сол арқылы кешегі мен бүгінгінің парқын таразылайды. Әдемі сөз бен терең ой сабақтастығының тамаша үлгісін жасайды. Баспасөз тілі ерекшеліктерінің заңдылықтарын да, көркем туындыға қойылар талаптар да Ш.Мұртаза публицистикасында сақталған.

Шерхан Мұртаза публицистикасы қазақ баспасөзінің дамуына ғана емес, қоғам санасының өрлеуіне де зор үлес қосты.

Шерхан Мұртаза публицистикасының тіл байлығы оның мазмұн байлығына әкеледі. Оның сөздік қорында тыңнан туған дүниелер жоқ. Шерхан Мұртаза халықтық тілдің телегей-теңіз бай қазынасын мүмкіндігінше мол игерген, оның қилы-қилы қиын әрі қызық құбылыстарын жете түсінген, әр сөздің мәні мен мағынасындағы ұланғайыр өзгертулер мен өңдеулерді, ауысулар мен алмасуларды, құбылтулар мен құлпыруларды дәл аңғара білген публицист. Оның публицистикасы тілдік дәлдікке, ықшамдылыққа, сұлулыққа негізделген.

«Тіл көркемдігі мен сөз сұлулығы жасанды жалт-жұлтта, күлдібадам болуда емес, сөздің табиғилығы мен қарапайымдылығында, нақтылығы мен тазалығында жатады», - дейді З.Қабдолов.

Жалпы, Шерхан Мұртаза публицистикасы поэтикасын қарастыру барысында төмендегідей жәйіттерді аңғардық:

- Жанр әр алуандылығы.
- Сюжет пен композицияның беріктігі.
- Публицистика стилінің очерк жанрында кейіпкер тілінің негізгі ерекшелігінің сақталуы. Яғни, кейіпкер сөзі жергілікті тұрмыс жағдайына қарай түзелген.
- Автордың тіл тазалығы, кірме сөздерді, фактілерді орнымен пайдалануы.
- Публицистік туындыларын цитаталар және дәйектемелермен әрлендіруі.
- Тіл көркемдігін арттыратын құбылту мен айшықтауларды, тұрақты тіркес пен мәтелдерді шебер қолдануы.

Шерхан Мұртазаның шын мәніндегі көркем публицистикалық очерк талаптарының биігінен танылған туындылары баршылық. Соның ішінде Шыңғыс Айтматовтың 60 жылдығына арнап жазылған «Шыңғыс және шындық» атты көркем публицистикалық очеркінде жазушы оқырманын кейіпкермен былай таныстырады: «Адамның бойы таудан аса алмас. Ал сол асқарлардан асып көрініп, бүкіл әлем таныған, талантына таңырқаған адам бар. Ол – Шыңғыс Айтматов», - деп жазушы өзі берген баға, ой-пікірге жауапкершілікті өз мойнына алады.

Ш.Айтматовтың «Ақ кеме», «Әселім», «Ботакөз», «Боранды бекет», «Жан пида» шығармаларындағы Қазақстанға байланысты тұстарына очеркші ерекше мән бере отырып, заңғар жазушының бауырмалдығын, ұлы парасаттылығын көсемсөз күдіретімен жеткізеді. Очеркші Ш.Айтматовтың көтерген өзекті проблемаларының бірлі-жарымына ғана тоқталады да, әлем, адамзат алдына қойылған сансыз сұрақтар тұрғанын нақты мысалдармен ашады. Адамзаттың өз тарихын, ата-баба дәстүрін, тілін, салт-санасын ұмытуы мәңгүрттік екенін, Айтматовтың пайымдауынша бұл ұлттық трагедияға ұрындыратын үлкен қауіп өз арамызда екендігін оқырманына қарапайым және түсінікті тілмен жеткізе білгендігін жеріне жеткізе суреттеген очеркші біраз көркемдік құралдарды пайдаланған. Соның ішінде ұлы жазушының әдеби портретін нанымды жасап, жазушы қауымның қиын да қызықты еңбегін өрнектейді. Бұл очерктің жазылу әдісі де өзгеше. Автор Шыңғыстың Қазақстанмен байланысы, туыстығы, қазақ өмірі мен қырғыз тіршілігі арасындағы ұқсастықтарды салыстыра сыр шертеді.

«Фабит Мүсірепов – тәлімгер» деп аталатын очеркінде Ш.Мұртаза: «... ол қаламгерлікпен қатар азаматтық, қоғамдық, тіпті мемлекеттік міндеттерді қатар алып жүрді. 1924 жылы, яғни 22 жасында Фабен Темірбай деген сыншыны мақтамен бауыздайды. Темірбай сыншы «Ақжол» газетінде Сәкенге жала жауып, қодаршылап кеткен екен. Фабит Мүсірепов «Қисық сынға әділ төре» атты мақаласында сол кездегі қазақ қауымына, тіпті қазіргілерге де баспасөз Батыраштың балтасы болмауы керек екендігін, сын деген бет тырнасу емес екендігін үйретеді. Әділ сынның үлгісін көрсетеді», - деп Фабиттің жиырма екі жасында-ақ әділеттің ақ боз атын мінгендігін, қазіргі жазушы, сыншыларға дәл осындай жағымды белсенділік жетісе бермейтінін өкіне айтады.

Ш.Мұртаза осы очеркінде Ф. Мүсіреповтің жастар тәрбиесіне үлкен мән беріп, болашақтың тағдырына сергек қарайтындығын, жастар шығармашылығымен танысып, таланттың аяқ алысын жіті байқап, бірсыпыра қаламгерлердің қанат жаюына мұрындық болып жүргені жайында да тебірене баяндайды.

Автор Фабит Мүсірепов бейнесін сомдауда тіл туралы тұжырымдарына, хас талантты тани білетін көрегендігіне, бүкіл шығармаларының өмірі әдемілікке, сұлулыққа қызмет етіп келе жатқанын рет-ретімен шебер суреттеу арқылы өнегелік, тағылымдық танытқан. Очеркшінің Фабит Мүсірепов бейнесін сомдаудағы үлкен табысы – әдебиет алыбының өзі қандай таудай болса, жүрегінің де сондай нәзік, сұлулыққа ғашық жан екендігін тап басуы дер едік.

Публицисттің «Тұрар Рысқұлов» атты өмірбаяндық публицистикалық очеркінде алаш азаматының өнегелі өмірі, сыр-сипаты, характер ерекшелігі, рухани көркі әдемі ашылады. Тұрар Рысқұлов кім? Оның есімі халыққа, қазіргі ұрпаққа несімен қымбат? деген сауалдарға жауап беретін бұл очеркте өмір фактілеріне көркем-публицистикалық талдау жасала отырып, фактінің табиғатын, идеялық мағынасын, әлеуметтік маңызын ашып көрсетуге қол жеткізген. Очеркші Тұрар Рысқұловтың табиғатынан ерекше туған жан екенін, миллиондаған халықты апаттан аман алып қалу үшін жеке басын қатерге тігіп, ұлы қайрат көрсеткен кезеңін: 1918-1919 жылдардағы Орта Азия мен Қазақстанда үлкен аштық болып, аштықпен күрес комиссиясын басқарып, халықты жаппай қырылудан алып қалғанына, адал, іскер,

көреген басшы бола білгендігіне нақты дәлелдер келтіре отырып, көркем-публицистикалық байыпты талдау жасайды.

Тарихтан белгілі екінші аштық 1932-1933 жылдары жаппай коллективтендіру кезіндегі аштықта да Тұрар халық жағында болып Сталинге хат жазуы, ол хатта қазақ халқының басына төніп отырған қауіпті бұлтартпайтын факті, құжаттар батылдықпен ашына жазылғаны да ашық әрі нанымды баяндалады.

Бұл өмірбаяндық публицистикалық очеркте Ш.Мұртаза фактілер мен құбылыстарды тірнектеп жинап, алаш ардагерінің өмір жолы мен халық тағдырын бір арнада қиыстырады.

Тәуелсіздікке қолы жетіп, егемендікке ие болған еліміздің ұлы көшінің де аумай-талмай болашаққа жетуі көшбастар азаматтарға байланысты. Бұл жолда қазақ халқы Шерхан Мұртазадай ұлық туған перзенттеріне көп сенім артып, көп арқа сүйейді.

Шерхан Мұртаза – қазіргі қазақ әдебиетінің рухани қорын әр жанрдағы еңбектерімен байытқан қарымды қаламгердің бірі. Ол қазақ халқының бір ғасырлық жанды картинасын жасауға белсенді қатысты. Оның қаламымен Домалақ ана, Т.Рысқұлов, Ғ.Мүсірепов, Б.Момышұлы сынды тарихи тұлғалардың сахнадағы сом тұлғасы жасалды. Бұдан өзге де Шерхан Мұртаза қаламынан туындап отырған жәдігерлердің барлығы дерлік өскелең ұрпаққа үлкен үлгі, баға жетпес өнеге десек қателеспейміз.

Шерхан Мұртазаның соңғы жылдардағы туындыларын тұтастай қарастырсақ, онда біз шығармашылық-азаматтық парызын тәуелсіз еліміздің рухани мүддесіне-талаптарына сай, абыроймен атқарып жүрген халық қалаулысымен, яғни қаламы жүйрік, ойлары қуатты аса көрнекті тарлан суреткермен жүздесер едік. Ел жұрты әлдеқашан таныған, шын мәніндегі Халық жазушысының кемерлі де кенен еңбегі осыны көрсетеді.

Суреткердің Парламент депутаты ретінде тәуелсіздік жылдары, сол өтпелі кезеңдегі небір зәру проблемаларды бұқаралық ақпарат құралдарында, әсіресе теледидарда мейлінше өткір қойғанына, сөйтіп бүкіл халықтың көкейкесті-жүрекжарды мүдделерін мейлінше батыл көтергені баршамызға аян.

Осы тұрғыдан келгенде жазушының әрі азаматтық, әрі қаламгерлік, әрі қайраткерлік барша іс-әрекеттері әрқашан оның халық қаһарманы дәрежесіндегі зор шынайы тұлға екендігіне теңдесі жоқ дәлелдер.

Әсіресе, Шерхан Мұртазаның «Не жетпейді?», «Елім саған айтам, елбасы, сен де тыңда!», «Ақындар мен әкімдер» атты мақалалар, эсселер мен публицистикалық толғамдарының қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше. Эссе – көркем әдебиеттің бір жанры. Бұл – тек қана көркем әдебиет емес, философия, эстетикамен ұштасқан, әдеби сын мен публицистиканың бірлігін көрсететін жанр. Эссе жанрының өзіне тән ерекшелігі – әрбір өзекті мәселе төңірегінде оқырманға ой салып, олардың жанына қызу беруінде.

Ал, Ш.Мұртаза – эссе жазудың асқан шебері. Бұл да жазушының ерекше талант иесі екендігінің бір дәлелі. Осы тұрғыдан алғанда, Ш.Мұртаза өз эсселерінде шындықты жасқанбай айтып, өз толғамдарын батыл ұсынады. Эсселерінде жазушы өмірден көргені мен түйгенін қорытындылай келіп, өз ұсынысы мен батыл болжамдарын ұсынған.

Ш.Мұртазаның біршама мақалалары мен публицистикалық толғамдарында, мәселен «Заман және заң», «Тәуелсіздік толғағы», бүгінгі күннің жан күйзелтер толғақты мәселелері көтерілген. Екіншісінде – белгілі қоғам және қалам қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығының негізін арқау еткен дүниелер. Осы қатарды жазушының сүйікті кейіпкері Тұрар Рысқұловтың өмірі туралы эссе толықтыра түскен. Ал, елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен, Ғабит Мүсіреповпен сұхбаттарында қазақ елі мен жерінің бүгінгі мен болашағын кешегі тарихпен ұштастырған жазушы өткір ұсыныс, парасатты пікірлерімен көп көңілінен шығады.

«Абайдай айтқан бар ма екен?» - демекші, иісі қазақ Абай туындыларының барлығы дерлік тұнып тұрған философия, өскелең ұрпақты елін сүйуге, ұлтын ұлықтауға тәрбиелеуге арналған жәдігер ретінде қабылдайтындығы айдан анық. «Кітап жиған қазақтың жиһазы Абайсыз болмас, Абайы болмаса ол қазақ емес, жалпы ондайды саналы адам деу қиын. Төрінде Абайдың кітабы тұрған үйдің сәулесі де молырақ. Абай кітабынан ерекше сәуле шашырап тұрады» - деп санайтын Ш.Мұртаза Абайдың әкесі қазақ, анасы - өзіміздің кең дала деп түсініп, «Абай – қазақтың бар жерінде туып, бар жерінің туын ұстап тұрған кемеңгер. Абай бүгін бұрынғыдан да керегірек сияқты. Ол – қазағына ертең де, бүрсүгүні де керек. Ауадай, айдай, күндей, жұлдыздай, өзендей, көлдей керек Абай» - деп түйеді өзінің «Абай сәулесі» атты мақаласында. Осылайша ұлы Абайдың баға жетпес ұлы қасиеттеріне тоқтала келе «Елім саған

айтам, елбасы, сен де тыңда!» деп қазақ халқына Абай өсиетін жаңғыртты, ұрпақты ұлтын ұлықтауға шақырды.

«Әдебиетсіз рух жоқ, рухсыз ұлт жоқ. Есін жиған ел рухының қайнар көзімен қайта қауыша бастады. Ұлы дүрмектің кезінде ескі жұртын жайлап алған арзан әдебиет пен алдамшы рухтардан тазартып, таза, шынайы шығармаларды көң-қоқыстан аршуға тырысты», - деп Дулат Исабеков тәуелсіздіктің алғашқы дүрбелең жылдарында қалың көпшілік өзінің айрылмас досы, сенімді серігі – туған әдебиеттен адасып қалған сәттегі Шерағаның тағы бір ерен әрекетін ерекше атап өтеді.

«Тәжірибеге қарағанда, әдебиет жұртшылығының арнаулы газеті оқушы жұртшылыққа әдебиеттік қоғамды жақыннан танытады. Ұдайы үзілмес дем-тынысымен, талап-табысымен тірі тұтас бейнедей, жанды күйде жақсы аңғартады. Өмір мен әдебиеттің, халық пен жазушының күнделікті ара қатынасы үздіксіз өсіп отыратын болады.

Газетсіз әдебиет қауымы роман, драма, поэмаларды немесе әңгіме, очерк, жеке өлеңдер түріндегі шығармаларды тудырып жатқанымен, творчестволық тіршілік баяу, солғын тәрізденеді» - деп заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов айтқандай Ш.Мұртаза өзі өнеге тұтып, қаламгерлік жолында аға тұтқан бірқатар жазушылардың әдебиеттегі өмір жолы мен шығармашылығын көңіл елегінен өткізіп, талдап, хас суреткерлік тұлғасын сомдайды.

Шерағаның ерекшелігі де сол, ол тек қана жұлдызы нұрлы суреткер ғана емес, сонымен қатар мықты публицист. Оған дәлел – оның баға жетпес публицистикалық дүниелері және оның «шекпенінен шықтық» деп жүрген көптеген журналистер. «Шын шығарма – перзент. Толғағы жеткенде туады. Публицистиканың жөні басқа. Көркем әдебиет – ауыр артиллерия болса, публицистика - кавалерия. Оның да еңбегі елеулі» - деп санайтын Ш.Мұртаза публицистиканы халыққа өте қажет деп біледі.

Публицистиканың елеулі міндеті – қоғамның тыныс-тіршілігін, саяси-экономикалық жағдайы мен рухани өмірін халыққа жан-жақты жеткізіп, ой талқысынан өткізіп, талдап береді. Осы тұрғыдан келгенде, Ш.Мұртаза еліміздің қамын жеген азаматтар тұлғасына өз кітабының екінші тарауын арнайды. Өз шығармашылығында бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе» романын жазып, ұлтының адал ұлы ретінде бас иетін Т.Рысқұлов туралы:

«Т.Рысқұлов деген есім бізге, келер ұрпаққа өзінің нағыз адалдығымен, шыншылдығымен, халқы үшін қандай қиындықтан болса да таймай, өз мүддесінен ел мүддесін мың есе биік қоюымен бағалы» - деп жазады. Осыдан бастап осы тарауда еліміздің тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың кісілік келбеті мен адамдық тұлғасы және ұстанып отырған салиқалы саясаты хақында толғамды ойлар тұжырымдап, еліміздің өткен тарихына шолу жасай отырып, ел тәуелсіздігіндегі тұлғалар рөлін айрықша атап өтеді. Әсіресе, бодандық бұғауында болған туған еліміздің тәуелсіздігін алғаннан кейін дүние жүзіне танымал бола бастағанын, бұл жолда Елбасы саясатының ерекше маңызға ие болып отырғандығын мақтаныш етеді.

Егемен еліміздің бостандық таңы атқаннан кейін әлемге танымал болып қана қоймай, терезесі тең ел болу жолында жүргізіліп жатқан игі шараларға өз ризашылығын білдіреді. Әсіресе, туысқан Түркия, Иран, Азия елдері мен Еуропа, Африка елдеріне жасаған саяхаттарының жолжазбалары осындай мақсат көздейді.

Тамаша туындысының екінші бөлімінде «Қорқыттың қобызы қалғып кеткенде» деп аталатын мақаласы бар. Онда буыны қатая қоймаған мемлекетіміздің болашағы үшін қауіпті саналған батыстық мәдениеттің бүлдіргіш сипатына тоқталып, рухани әлем болып саналатын мәдениеттің жай-күйі таразыланады. Батыстың «жаппай мәдениеті» жастарымызға нені уағыздайды, неге баулиды? - деген сауал төңірегінде: «қос қолынан қаны сорғалаған қатыгездік, адамгершілік ардан жұрдай арамдық, жатырынан қағынған зинақорлық, адам өмірі шыбын құрлы саналмайтын неше түрлі сұмдықтардан» басқа берері жоқ деп шорт түйіп, былайша қапаланады: «Аруағынан айналайын асыл ағаларым: Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Бауыржан, Тахауи, Ғафу! Мұндай қорлықты көрмей кеткендеріңе кейде қызығамын. Ұлттық руханияттан ұрық қалмаған ұрпақ 2020-шы жылы қандай болмақ? Оларда Отан деген, ұлт деген ұғым бола ма? Бұрын советтік патриотизм деген идеология бар еді. Енді Отан сүйер деген идеология жоқ. Қазіргі біздің идеологиямыздың арқасүйері ортаншы тап. Яғни, саудагерлер, бизнесмендер, коммерсанттар. Ал, оларда Отан деген, Ұлт деген ұғым, сезім тапшы».

Осындай ұйғарымға келген Ш.Мұртаза Амангелді Айталының «Ұлттану» еңбегін талдайды. Қазақ пәлсапасының

көрнекті өкілі ретінде А.Айталының пікір-көзқарастарына оң ілтипат білдіріп, еңбектің құндылығы ең алдымен ана тілімізде жарық көргендігі деп бағалайды. «Адамдарды ұлтқа біріктіретін шешуші күш – ұлттық сана-сезім» - деген А.Айталы пікірін келтіре отырып, «Ұлттық сана сезім сөнген кезде ұлттық қасиет те қалмақ емес. Ол сенің болмысында, табиғатыңда, жан-дүниенде.

Ал, бұл қасиет ананың сүтімен келмек. Қазіргі бесікте жатқан сәбиді анасы қалай, қай тілде, қандай дәстүрде, қандай әдет-ғұрыпта тәрбиелейді, сәбидің қандай адам болмағы осыған тікелей байланысты. Қазір баяғыдай бесік жыры жоқ. Қазіргі жас аналар бесік жырын өздері де естімей өскен. Олар бесік жырын қайдан білсін? Ұлттық сана-сезімнің жетімсіреген жері осы. Өзіміз байқай бермейтін, мән бере бермейтін, бойыңда, ойыңда жасырын жатқан ұлттық түйсік ұясы - бесік. Бесік сәбидің төсегі ғана емес, ұлттың ұясы» - деген ой тұжырымдайды.

Ана сүтімен келетін туған тіліміздің қасиетін де ерекше бағалап, болашақ ұрпақ үшін шығармаларының көпшілігінде «толғауы тоқсан» ана тілімізді дәріптеп, оған құрмет көрсете алмайтын бейшара шала қазақтарға өткір сын айтып отырады. «Тіл деген бізге өткен дәуірлерден қалған асыл мұра. Бізді жаратқан ата-бабаларымыз өткен. Олар бізге, өзгесін қойғанда мұралыққа таптамаша тіл қалдырған. Ол тіл атамыздың ақылынан, анамыздың сүтінен жаралған», - деген Шерағаң.

Осы бір атадан қалған асыл мұраны көздің қарашығындай сақтау керектігіне Шерағаң баса назар аударады. Біздің рухани байлығымыз да, құндылығымыз да – тіл екендігін терең түйсінеді, ұрпаққа түсіндіргісі де келеді.

Жазушының белгілі «Бір кем дүние» атты ойтолғау, жүректен шыққан сөздері жүректерге жетіп жататын кемел шығармасында да осы ана тілі туралы толғамдар көптеп кездеседі.

Ш. Мұртаза «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп, қашан да өз жұртының мүддесі тұрғысынан биік мінбелерден жасындай жарқылдап терең ой айтты, ұзақ түндер ұйқысыз отырып толғатқан шығармалары арқылы жұртының ой-өрісін көтеріп, санасына сәуле құйды.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған сәттен бастап елімізде жаңа қоғамның талаптарына сай кешенді түрде мемлекеттік тіл саясаты жүргізіле бастады. Сөз жоқ, бұл бағытта Қазақстанның ішкі-сыртқы жағдайлары тиісті ескеріліп, толығымен есепке алынды. Елдегі

барлық азаматтардың (этностардың, әлеуметтік топтардың) мүдделерін кемсітпейтін, ұстамды да сындарлы тіл саясатын дұрыс жолға қоюға баса көңіл бөлінді.

Алайда, ана тіліміз сонда да көптеген толқулардан өтті. Шерағаң осы тұста да үлкен толғам айтады.

«Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды және ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз бар сезімімізбен, ақыл-ойымызбен, іс-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын біліп қойғанымыз жөн», - деп Ататүріктің сөзін бере келе, Парламент, Сенат, Мәжіліс қатарындағылардың тоқсан пайызға жуығы қазақ тіліне қарсы дауыс бергендігін, біраз уақыттан соң, дәл осы Парламенттің қазақ тілін мемлекеттік тіл деп шешім қабылдағанын жазады.

«Бұл толқу сонда не толқу? Депутаттардың басым көпшілігі кешегі өз шешіміне қарсы шыққаны қалай? Жоғарыда Ататүрік айтқан ұлттық қасиеттердің мүлде ада болғаны ғой...

Міне, бұл нағыз қасірет. Бір кем дүние».

Тіліміздің тазалығы, ана тіліміздің болашағы үшін қиналып, келер ұрпаққа өсиет айтудан жалықпаған Шерағаң тілімізді бар жан-тәнімен қорғады десек артық емес.

Өзі «рух пен намыс төресі» деп бағалайтын Бауыржан Момышұлының орыс тілінде сауатын ашып, бар қызметін орыс тілінде жүргізгеніне қарамастан ана тілінен безінбей, керісінше, майдан даласында бораған оқтың астында отырып, Қазақстан басшыларына арнап, халық қамы, ұлт тарихы мен ұлт рухының, ұлттық тіліміз бен салт-дәстүріміздің, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің жайын ойлап, хат жазудан еш қолы босамағандығын, «ұлттың ділін, тілін, салт-санасын бұздырмандар, жас ұрпақты жасқаншақ етпеңдер, батырлыққа, адалдыққа тәрбиелеңдер. Жеңіске тек рухтың күштілігімен ғана жетуге болады» - деп өтінгенін терең толғаммен жеткізіп, батыр баба өсиетінің бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі маңызына тоқталады.

Кітаптың үшінші тарауы «Елім саған айтам, Елбасы сен де тыңда!» деп аталады.

Мұнда жазушы Камал Смайыловпен баспасөз бетерінде жазысқан әңгіме-хаттары беріледі. 1996-1997 жылдары «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Камал Смайыловпен жазысқан әңгіме-хаттарының да өзіндік үлкен мәні бар. Көпшілік бұқараның

жанын жегідей жеп, қанын сүліктей сорған ащы да болса, өмірден алынған өзекті мәселелердің ешқандай бұрмалаусыз, ашық түрде шынайы жеткізілгендігі - осы хаттардың елеулі жетістігі. Көрсені де көрмеген болып бұғып қалу – хат авторларына жат. Егеменді еліміздің бүгінгі мен болашағы жөніндегі дәйекті пікірлері мен тыңғылықты да тиянақты тұжырымдары Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2030 жылға дейінгі Халыққа арнаған Жолдауымен үндесіп жатуы да содан.

Отыз жылға жуық мерзім ішінде Ш.Мұртазаның шығармашылық жолы қазақ баспасөзінде қалыптасқан, сол арқылы қалың оқырманға жете таныс болған.

Баспасөз бетінде тіл тақырыбын, ұлттық сана, ұлттық дәстүр, ақтаңдақтар тағдырын кешегі Колбиннің қылышынан қан тамып тұрған кезінде-ақ тайсалмай тұңғыш рет көтерген адамның бірі - Шерхан Мұртаза.

«Редактордың саяси идеялық даярлығы - оның жемісті жұмысының басты шарты. Бұл аз, редактор ең алдымен ұйымдастырушы», - деген болатын С.Гуревич. Бұл жағынан Ш.Мұртаза өзінің адам танығыш, адамның талантын, еңбегін көріп-біліп, әділ бағалайтын. Міне, мұндай басылымдарды бұқаралық ақпарат құралдары деп толық мәнінде ауыз толтырып айтуға болады.

Көптен сарыла күткен Тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін әлі күнге дейін ерінбей еңбек етіп келе жатқан Ш.Мұртазадай ардагер жазушы шығармашылығы терең мазмұнға, сан сырға толы. Соларды зерттеп-зерделеу – болашақ біздердің міндетіміз. Ш.Мұртаза публицистикалық шығармаларында ұлт жанашыры, қоғам қайраткері, шын патриот ретінде ғана көрініп қалмай, ұрпақ тәрбиешісі бола білді. Қазақ халқының ардагер тұлғалары мен беделді қайраткерлері, зиялы өкілдерінің азаматтық болмысы мен тұлғалық қасиеттерін ой таразысынан өткізе отырып, жазған сырлы әңгімелерінде ұлттық сана-сезімнің жоқшысына айналды және өзекжарды ойлары оқырманға ерекше әсер қалдырады.

Шерхан Мұртаза - бар жан-жүрегімен ұлтына адал берілген, руханияттың көшбасшысы бола білген ардақты ұлдарының бірі. Суреткердің әр кез алтын жамбыдай болып келетін публицистикалық мақалалары мен сөйлеген сөздері әрқашан бүкіл халық жүрегін жаулай білді. Жазушы, қоғам қайраткерінің ой толғамдары мен асыл маржанды шығармалары, салиқалы саясатқа

деген философиялық толғамдары өскелең ұрпақ үшін тәрбие көзінің үлкен жәдігері іспетті десек қателеспегеніміз.

Қорыта айтқанда, Шерхан Мұртаза публицистикасының басты қасиеттері мынадай: біріншіден, қандай жанрда қалам тербесе де ұлттық идея, ұлттық рухты нысанаға алуы, екіншіден, публицистикасы тақырыбының проблемалығы және ондағы заман мен қоғамның ащы шындығы, үшіншіден, редакторлық қызметіндегі талант танығыштығы, тоқырау жылдарында баспасөздегі сын мәселесіне қатты мән беріп, қолдау көрсетіп отырған батыл басшылығы, шығармашылығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің бір-бірімен үйлесіп жатуы. Бұл қырынан келгенде публицист Шерхан Мұртаза редактор Шерхан Мұртазаның қадір-қасиетін толықтырып жатады.

ШЕРХАН МҰРТАЗА - ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ЖАНР ШЕБЕРІ

«Эпистола» - латын сөзі, «ауызекі тілде хат жолдау» деген мағынаны береді. Бұл жанрдың ежелден тарихы мен этимологиясы бар. Хат жазысу жазу-сызудың пайда болуымен тікелей байланысты. Тіпті ауыз - екі сөздер де хат формасында болады.

Эпистолярия - грекше (epistole) «хат» деген мағынадан шыққан. «Эпистолярлық әдебиет, эпистолография (грекше жолдау, үндеу) - сан алуан хат түрінде жазылған шығарма. Эпистолярлық әдебиетке жеке адамдардың бір-біріне жазған, мәдени маңызы бар, әдеби мұраға айналған хаттары да жатады...», - деген анықтама берілген энциклопедиялық сөздікте. Демек, хат деп белгілі субъектінің екінші біреуге, бірлестікке, қоғамға, мекемеге арнап жазған жеке туындысын айтамыз. Хат жазу барысында нақты тұрақталған үлгісі болмаса да, белгілі бір жазу мәнері бар. Сонымен қатар, бірінші жақтан баяндалып, нақтылы мекенжайға жіберіледі.

Эпистолярлық публицистиканың жауынгер жанры - хаттың тарихы өте ерте замандардан бастау алады. Бұл туралы ғалымдар алғашқы адамдар дүниеге келіп, бір-бірімен хабар, ақпарат алмасу мақсатында алдымен белгі, сурет, бейнелер арқылы байланысса, кейіннен хаттардың көмегімен елдік мәселелерді де шешіп отырғандығын айтады. Профессор Б.Жақып: «Ежелгі замандардағы жазба мәдениеттің көгі таралған ертедегі көріністерінің бірі - шаруашылық, дипломатиялық және жеке жолдаулар мен хаттар болды. Бұл тарихи естерткіштердің бір тобы - ресми сипаттағы қызметтік құжаттар болса, енді бір парасы - тұрмыстық, отбасылық, достық сипаттағы жеке адамдар арасындағы хаттар болды. Кейбір хаттарда қоғамдағы маңызды мәселелер козғалып, саяси көзқарас, әлеуметтік идеялар көрініс тапты. Міне, дәл осындай жолдаулардан келіп публицистикалық эпистолографияның алғашқы көріністері туды», - деп жазады.

Баспасөз бетінде кездесетін хаттарға қойылатын талаптар:

1. Хаттардың әлеуметтік маңызы болу керек. Қоғамдағы көкейтесті мәселелерді қозғайтын болған жөн.
2. Хат жазушы адам қоғамға белгілі адам болуы керек.
3. Хат жазылғаннан кейін оған жауап хат жазылуы тиіс.

Газет жанры ретіндегі хат публицистикалық немесе оқырманның қалың көпшілікке пікірін білдіруі керек. Г.Пельк:

«Хаттар қысқа, кеңейтілген, проблемалық болуы мүмкін. Демек, хаттардың өздерінің көтеретін міндеті мен ауыр жүгі бар. Публицистер, жазушылар, мемлекет қайраткерлері де баспасөз бетінде хат алмаса алады. Сол арқылы көпшілікке үн қатып, пікір білдіреді», - дейді.

Хат - үлкен күш, үлкен пәрмен. Хаттарда пікір таласу, полемикалық сарын көп болуы керек. Қолдау, жағымпаздық сарындағы хаттар абырой әкелмейді. Хаттар белгілі бір мәселелер туралы әлеуметтік пікір қалыптастыру керек.

Осы тұрғыда - тәуелсіздік жолына түскен еліміздің бүгінгі және ертеңгі тағдыр-талайын әр қырынан сөз еткен, өмір тіршілігіміздегі өзекті мәселелерді қалың қауымға бар шындығымен жеткізе білген, өзінің өткірлігімен, батылдылығымен жұртшылықты елеңдеткен елеулі оқиға - Шерхан Мұртаза мен Камал Смайловтың «Егемен Қазақстан» газеті бетінде жазысқан публицистикалық әңгіме - хаттары болды. Қалам қайраткерлерінің халық тағдыры мен ұрпақ болашағына жандары күйзеле отырып айтқан ащы ақиқаттары жоғарғы билік басындағы өкімет басшыларынан бастап, ауыл әкімдеріне, тіпті қарапайым оқырмандарға дейін үлкен әсер етіп, қозғау салғаны анық. Өйткені мұнда ел тағдыры, заман келбеті сөз болып еді...

Ш.Мұртаза - каламгерлігімен қатар, қайраткерлік, журналистік қырымен де дараланады. Осындай қайраткерлік, ұлтжандылық, бұған қоса таза азаматтық тұлғасы Ш.Мұртазаның эпистолярлық жанрдағы хаттарынан көрінеді.

Ш.Мұртазаның жазған немесе жазушыға біреулердің жазған хаттарынан, ол бойынша жүргізген зерттеулерінің нәтижелерінен қайраткердің ішкі жан-дүниесін, болмыс-бітімін, оның нақты тұлғасын тереңірек білуге зор мүмкіндік туады.

Ш.Мұртаза шығармашылығының жаңару жолындағы қазақ қоғамында, әлеуметтік ортада, ойлы кеңістікте, бүкіл түркілік қоғамдастықта алар орны бір төбе. Олай дейтініміз, қаламгердің өз заманында қозғаған тақырыптары мен проблемалары бүгінгі күннің өзекті тақырыбына айналып отыр. Қоғамның кертартпа құбылыстарымен күресудегі нысанасына дәл тиетін өткірлігі мен көркем тілі, ойды орамды берудегі публицистік шеберлігі қазіргі қаламгерлер үшін үлгі аларлық шеберлік мектебі.

Ш.Мұртаза - тек алғыр журналист, шебер прозашы, дарынды драматург қана емес, публицистика және эпистолярлық жанрда да

елеулі еңбек еткен талантты сөз зергері. Қара басының қамын ойламай, мансап қумаған ардагер жазушы қандай жоғары дәрежедегі қызметтерді атқарса да өз ұстанымынан танбай, үнемі халық-қамын, ұлт мүддесін жоқтап, шындықты жалтармай, тура айтқан. Ш.Мұртазаның хаттары арқылы биіктей түсетін қайраткерлік тұлғасының қазіргі жастарды отаншылдық, ұлттық рухта тәрбиелеудегі мән-маңызы зор.

Ең әуелі Ш.Мұртазаның алыс-жақын шет мемлекеттердің достығы жарасқан ақын-жазушыларымен жазысқан хаттарын талдап, ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді дамытудағы ой-толғамдарының рухани маңызын талдап, ұлттық құндылықтарымызды, санамызды оятуға, көтеруге қосқан үлесін талдауға, хаттар желісінде Ш.Мұртаза шығармашылығын терең сипатта таныту қажет. Одан кейін Ш.Мұртазаға жазылған шалғай ауылдардан үлкенді-кішілі әлеуметтік мәселелерге арналған хаттарды талдап, сол бойынша жазушының жүргізген әрекеттері мен үкімет басшыларына қарапайым халықтың жоғын жоқтап, ұлттық рухани маңызды мәселелерге байланысты жазған хаттары бойынша қайраткерлік, азаматтық тұлғасы биіктей түскендігін көрсетуге, Камал Смайыловтың бір-біріне жазған хаттарындағы ел, жер тағдыры мен мемлекет болашағы, тәуелсіздігіміздің баянды болуы мақсатындағы өрелі ойларын жинақтап, тұжырымдап, рухани мән-мазмұнын, ұлттық руханиятымыздағы үлесін бағамдау жөн болар.

Ш.Мұртаза - хат жазудың асқан шебері десек қателеспегеніміз. Бұл да жазушының ерекше талант иесі екендігінің бір дәлелі. Өйткені, хат - эпистолярлық публицистиканың белсенді жанры ретінде өзіндік қиындығы мен ерекшелігі мол жанр. Хаттың мазмұндық құрылымы әр түрлі болады. Б.М.Виноградова хаттарды коммуникативтік қызметіне қарай былай топтастырады:

1. Жеке хаттар (негізгі эпистолярлық жанрлар).

а) Қалыптасқан үлгісі жоқ хаттар (әлеуметтік -тұрмыстық хаттар);

б) Этикет түрдегі хаттар;

в) Кепілдемелік хаттар;

г) Белгілі бір үлгіде жазылған хаттар.

1. Жеке іскерлік хаттар:

а) Басқа интонацияға бағытталған хаттың көшірмесі.

б) Адресанты жасырын хаттар.

2. Ресми-іскерлік хаттар:

- а) Нұсқаулық
- б) Дипломатиялық
- в) Хабарлама, рапорт

3. Әдебиеттегі хаттар (Қосымша эпистолярлық жанрлар):

- Әдеби достық хаттар (стилистикалық стиль).
- Жариялану үшін авторлық өңдеуге түскен хаттар.
- Баспалық құлақтандыру хаттар.
- Өлеңмен жазылған хаттар (арнау).
- Әдеби мазмұндағы (тұрмыстық емес) жеке хаттар.
- Әдеби қосымшасы бар жеке хаттар.
- Әдеби шығарма құрылымындағы хаттар.
- Ашық хат (Редакцияға жазылған хаттар).

Ал, М.Қасымбеков, Қ.Әлімқұлов ресми іс қағаздарға қатысты кітабында хаттарды маңызы мен мазмұнына қарай: а) инициативалы (хат талап, хат өтініш, хат-шағым, хат ескерту, хат хабарлама, ілеспе хат) және б) жауап (ақпарат-түсінік, тыйым салу хаттары) деп бөліп қарастырады.

Ш.Мұртаза мұрағатында жинақталған хаттарды сұрыптап отырып, ашық хат, қаламдас достарымен әдеби мазмұнда жазысқан хаттары, жазушыға жазылған хаттардың белгілі бір үлгісі жоқ әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнда екендігін байқадық.

Жазушының шығармашылық биікке көтеріліп, қаламгерлік қуатының артуына алыс-жақын шет мемлекеттердегі қаламдас достарының жазған хат-пікірлері де ерекше ықпал еткен деуге болады. «Дүниеде адам мен адамның танысып, түсініскенінен артық байлық жоқ», - деген Сент-Экзюперидің пікірімен санаспаған, адам жанына терең үңіліп, рухани нұр құюға ұмтылмаған сөз зергері жоқ шығар, сірә. Мәселен, орыс жазушысы, досы Леонид Ханбеков, Т.Минуллин, М.Карим, т.б. шетелдің белгілі әдебиеттанушылармен жазысқан хаттары достық іңкәр тілекке, шығармашылық кеңеске толы. Бірқатар хаттарын қарастырып көрейік:

Дорогой Шерхан!

*Наконец-то, поздравляю тебя еще раз с романом! Молодец!
Джигит!*

Верю, что как только ты закончишь вторую часть, «Огненная стрела» прозвучит не только на Казахстанском горизонте, но и в небе всей страны - удачно, свежо и сильно.

Первую часть я назвал «Рыскул». Думаю, ты согласишься с таким названием. Вторая будет - «Турар».

Что еще меня тревожит? Посмотри, пожалуйста, был ли известен в 1905-1906 гг. Ленин - как Ленин? Не торопимся ли? Я тоже посмотрю.

В рукописи сейчас не хватает многих сносок, я перечисляю их: аткаминеры /145/, кыблы /167/, Мусатир /171/, насыбай /217/, кырги /224/, дуадык /225/, шертпе /225/, тундук /235/, тауба /258/.

Кое-где еще надо будет упростить рассказ Рыскула: лексика должна быть несколько иной. Кое-где остались двойные написания, я вовремя у тебя их не уточнил, а сейчас выловить их трудно и будешь перечитывать, обрати внимание: чабарманы или шабарманы? Жабгалы и Жабгалы? /88,99,109 и т.д./.

Урматтуу Шерхан Муртазаевич!

Ден-соолугуңуз, чыгармачылыгыңыз жакшыбы? Үй-булөңуз, агайын-туугандарыңыз аман-эсенчиликтеби? Сизге кыргыз бир туугандарыңыздан ысык салам. Сиздин саламыңызды Чынгыз Төрөкуловичке айттык. Ал ыраазычылыгын билдирди. Ал эми сиздин ой пикириңизди редакцияга сунуш кылдык. Жакында жарык корет.

Шерхан агай!

Казак окурмандарына азыркы кыргыз адабий коркем сынын жана прозасынын онүгүш-өсүш ал-абалын тааныштыруу максатында бул эки макаланы баягы биздин макулдашуубуз боюнча (II-февраль 1981ж.) жиберип жатабыз. Биздин оюбузча мындай традиция дагы улантылса дурус болчудай. Саламатта туруңуз.

Сиздин колуңузду кысып Мелис Калыбек

Шерхан туғаным!

Спасибо за письмо.

Сегодня получил твою газету за 29 октября, где опубликован указ Президиума Верховного Совета Каз ССР. Завидовал товарищам эстонцам. Мы здесь взаперти сидим. То ли наш союз нерасторопен, то ли нас не хотят видеть. Вообще, как то обособленно. В последнее время совсем теряем связи.

Спасибо за рассказ, прошу присылать. К сожалению, на татарском языке ни одной книги не оказалось. На русском, в не очень хорошем переводе, вышла вот такая вот брошюра. Я там отметил, если заинтересует - приятно, если нет - нисколько не обижусь. Честное слово. За газету отвечаешь ты, поставить тебя своим несовершенным рассказом в неудобное положение не хочу. Желаю тебе всего наилучшего.

М.Туфан

Келтірілген хаттар иелерінің барлығымен де Ш.Мұртаза достық байланыста болып, өзі де хат жазған. Хаттар мазмұны баяндағандай, Шерхан Мұртаза шығармалары тек ұлттық әдебиетімізде ғана емес, көптеген мемлекеттерде таралған, аударылған, жоғары бағаланған.

Жазушының «Бір кем дүние» сынды философиялық шығарма жазуына да ықпал еткен оның халықпен етене араласып жүруі. Кітаптың «Соғыс жетімі» деген тәмсілінде: «Әкең сенің осындай азамат, жақсы жазушы болғаныңды көрмей, майданда қаза тапты, әттең...» деген кезде жасы алпыстан асқан жазушы Бек Тоғысбаев еңкілдеп жылап жіберіпті. Осы оқиғадан автор «Міне, бұл ұлы сезім... Жүрегі елжіремейтіндерден қорқу керек» деген тосын түйін жасайды.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де өмірге жаңа проблемалар келіп жатты. Еліміз саяси бостандық алғанымен, әлі рухани бостандыққа толық қол жеткізе алмағанын байқаушылардың бірі болғаны да рас. Жазушының жанын қинап, қаламының ұшын қарайтып жіберетін де осындай өзекті мәселелер. Ендеше патриот жазушының тәуелсіздік жылдары ұлт, бұқара тағдырына қатысты қаламын батыра сілтеуі, жан ауыртатын жағдаяттарды әлсін, әрі оқырман алдына көлденең тарта беруі де оның қандай бағыттағы тұлға екендігін аңғарта білді.

Жасының егде тартқандығына қарамастан, Ш.Мұртаза қол қусырып жатып алмай, ұлтының жүрек ауыртқан мәселелеріне қайта айналып соғудан шаршар емес. Тек қана көркем

шығармалары немесе тәмсілдері арқылы ғана емес, жекелеген мақалалары мен сөйлеген сөздері арқылы да қайраткерлігін танытуда. Жазушының халық қамы үшін күресудің нақты мүмкіндігіне ие болған кезі - халық қалаулысы ретінде республика Парламентіне депутат болып сайланған уақыты еді. Осы жағдайды пайдаланып, ол туған жұртының кем-кетігін жөндеп, отаршылдық қалдықтарынан арылу мәселелеріне орай Парламент мінберінен сөз алып отырды.

Оның патриоттық сезімінен туындаған жігерлі пікірлері кейбір шовинистік бағыттағы әлдекімдердің жүйкелеріне де тиіп жатты. Бірақ депутаттық мерзімі біткенше Ш.Мұртаза бөгеліп қалған жоқ, ресми мінберден өз жұртының проблемаларын айтудай-ақ айта білді.

Қорыта айтқанда, Ш.Мұртазаның алыс-жақын шет мемлекеттердің қаламдас достарымен жазысқан хаттары да жазушы шығармашылығының беймәлім сырлары мен оның азаматтық тұлғасын биіктете түсуге мол мүмкіндіктер беретін, зерделеген сайын тереңдей беретін рухани қазыналардың бірі.

Ал, төменде ақыл-көмек сұрап жазған қаршадай қыздың хатын жауапсыз қалдырмай, жауапты орындарға хабарласып, қол ұшын берген Ш.Мұртазаның шын мәніндегі қарапайымдылық қырына, азаматтық тұлғасына еріксіз тамсануға, бүгінгі тәрбиенің тал бесігіне айналдыруға тура келетіндігін айта кету қажет.

Құрметті Шерхан Мұртаза ағай!

Саламатсыз ба? Сізге хат жазудағы басты мақсатым ақыл сұрап және қол ұшын берсеңіз екен деген тілек еді.

Бала күнімнен армандағаным журналистік мамандық болатын. Он бір жылдықты Арал аудандық №21 қазақ орта мектебінен бітіріп, Ақтөбе қаласындағы Қ.Жұбанов атындағы университеттің филология факультеті, журналистика бөліміне ақылы түрде оқуға түстім. Өткен жылы 60000 теңге төлеп, бірінші курсты бітірдім. Енді екінші курсымның ақшасын төлей алмай, қиналып жатырмын. Сырттай бөлімге ауысайын десем, сырттай бөлім жоқ. Деканаттан күнде-күнде «ақшаларыңызды төлеңдер, болмаса оқудан шығарамыз» деген сөзді естігенде қатты қорқамын, оқудан шығып қалатын шығармын деп.

Сізден өтініп сұрарым, Алматыдағы КазГУ-дың журналистика факультетінің сырттай бөліміне ауысуыма қол ұшын берсеңіз екен. Білімді еңбегіммен ұштастырып, адал еңбегіммен өз-өзімнің материалдық жағдайымды жетістіріп, кейінгі сіңлі-інілерімнің оқуына кесірімді тигізбесем екен деген ниетпен осы хатымды өзіңізге аса зор үмітпен жолдап отырмын.

Үлкен үмітпен хат жазушы: Әдина Жүсіпова Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің филология факультеті, журналистика бөлімінің 2-курс студенті.

Мекен-жайым: Ақтөбе қаласы Есет батыр көшесі 89 үй, 20 пәтер

Қазақтың мемлекеттік Ұлттық университетінің ректоры К.Нәрібаев мырзаға

Құрметті Көпжасар мырза!

Менің атыма Ақтөбе университетінің студенті Әдина Жүсіпова жазған хаттың көшірмесін жіберіп отырмын. Ол қыздан Сізге арыз-хат та келер. Мүмкіндігінше қарарсыз. Ісіңізге игілік тілеуші –

ШЕРХАН МҰРТАЗА

Қымбатты Әдина!

Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректоры Көпжасар Нәрібаевпен сөйлестім. Ол қарсы емес. Хатының көшірмесін тапсырдым. Ректордың айтқаны: Оның атына арыз.

Онда оқу ақысын төлей алмадым деген сөз айтылмасын.

Бірінші сессия аяқталған соң да ауысуға болады.

Арызды кешіктірмеген жән сияқты. Өзің оқып жүрген университеттен оңды мінездеме керек болар. Ниеті дұрыс. Ендігісі өзіңе байланысты. Мақсатыңа жете бер деген тілекпен Ш.Мұртаза.

Ол хаттарында да өз шеберлігін, тума талантын, ең бастысы ұлтына деген адал сезімін, руханияттың шын қамқоры екендігін

жан-жақты танытты. Ш.Мұртаза хаттарын зерделеп, талдау барысында, оның шын мәніндегі дара болмысы, ақиқаттан айнымаған биік ұстанымы кез келген адамды да ширықтырып, үлкен сезімге бөлейді. Сондықтан да, Ш.Мұртазаның жазған және оған жазылған әрбір хаттың тәрбиелік мазмұны мен қуаты терең деп санаймыз.

Ш.Мұртаза ел жоқшысы ретінде танылатын хаттарында қоғам қайраткері, шын патриот ретінде ғана көрініп қалмай, ұрпақ тәрбиешісі бола білді.

Осыдан барып Шерхан Мұртазаның хаттарын тәуелсіздік толғақтарымен байланыстырып қараған абзал.

Ш.Мұртаза - еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін жауапты қызметтер атқарып, экономикалық-саяси, әлеуметтік, қоғамдық өміріне белсене ат салысты. Сонымен қатар, шығармашылықпен де айналыса жүріп, жүрекжарды ойларын бүкпесіз жазып қалдыра алды.

Ш.Мұртаза - белгілі жазушы ғана емес, шебер публицист ретінде танытатын туындылары - тәуелсіз туған әдебиетіміздің публицистика жанрына қосылған сүбелі дүниелер.

Ш.Мұртаза өз хаттарында халықтың төзімі жетпейтін мәселелерге тоқталады. Әсіресе, президенттің өзінің қол астындағыларға қомағай деп ашынып, қоғамның басын ауыртып жүргендер туралы айтады. «Қомағай чиновниктер қоғам денесіндегі қатерлі ісіктер. Дер кезінде сылып тастап отырмаса аса қауіпті. Ал біздің прокуратура, тергеу, милиция, сот, қауіпсіздік органдары ұры-қарылардың, парақор, жемқорлардың шабақтарын ғана ұстайды да, жайындарын, акулаларын ұстауға шамасы жетпейді. Яки қорқады, яки сыбайлас» - деген пікірі бүгінгі таңда да ақиқат болып қалып отырған қоғам бейнесін дөп басады.

«Мемлекетімізге, зарығып жеткен тәуелсіздігімізге төніп тұрған орасан қауіп - ЖЕМҚОРЛЫҚ, ПАРАҚОРЛЫҚ, ҰРЛЫҚ-ҚАРЛЫҚ!» Мемлекет қазынасын, қалың халықтың несібесін солқылдата сорып жатқан осылар.

Камал! Шекспирдің даналығын есіңе ал. Қылмысты алтынмен көмкеріп қойсаң, Заңның найзасы майысып қалады. Көк соққанда, біздің найзаларымыз әсіресе майысқақ келе ме деп сескенемін. Неліктен?, - деп толғанады. Жемқорлықпен күресу туралы Елбасының айтқан сөздеріне, Заңға үмітпен қарайды. Ел байлығының арамза жемқорлардың қалтасына кетіп жатқандығына,

ұлттық болашағына еш алаңдамайтын жеке басының қамын ғана күйттейтін мансапқорларға деген наразылығы шексіз. «Ал, қалтасы қалындар... жүр ғой талтаңдап. Жемқорлар, парақорлар... Халық қазынасын тонағандар. Жасырын ақша жатып іште де, өзің айтқан шетелдерде де.

Әттең, бір зор Магнит болса! Солардың бәрін сорып алатын. Халық қазынасына салатын. Сол Зор Магнитке, миллиардтаған арам ақшалар, арам ақшаға салынған жекеменшік салтанатты сарайлар, жарқ-жұрқ еткен мерседестер, суық қолда кеткен зауыттар, фабрикалар, кеніштер сол Зор Магнитке өздерінен өздері келіп жабысып қала берсе... Іздеуші де, прокурор да, сот та керегі жоқ. Тек өздері жабысып қала берсе... Арамның қолында тұрғымыз келмейді десе... Қазынаның қақпағы жоқ, Камал. Бар пәле содан», - деген сөздерінен үлкен қиялға берілсе де, әйгеуір елім дамыса екен деген пейілді аңғарамыз.

Десе де, қаламгердің арманы бүгінгі таңда жүзеге асырылуда. Ел байлығын тонап, шетелге қашқандарға құрық салынды. Сыбайлас жемқорлық туралы заңымыз күшіне мініп, тәуелсіз елімізді басқаруда ағаларымыз ар биігінен қарауға ойысуда. Құмарпаз ойындардың орталығы болған түнгі ойын-сауық орындары жабылды, теледидарларымыз ана тіліміздегі хабарларды сөйлетіп, ұрпақ тәрбиесін қолға ала бастады.

Рас, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы рөлі ерекше. Халқымыз ұлттық қасиетті ана сүтімен, тілімен кіреді дейді. Олай болса, аналарымыз бесік жырын айтып, тербетсе, жаңа заманда, барлық тәрбие тізгіні - теледидарға берілді. Ондағы хабарлар туралы, жалпы қоғам жайлы Ш.Мұртаза аз ой айтқан жоқ, оның нәтижесін куәсі болудамыз.

Қаламдас інісі Д.Рамазан Ш.Мұртаза туралы: «Шерағаң кесек бітімді, күрделі тұлға. Атақты жазушы, қоғамның бүлкілдеген тамырын тап баса білетін сезімтал журналшы һәм бұқаралық ақпарат құралдарының басшысы қандай болу керектігінің қайталанбас үлгісін көрсеткен білгір де білікті редактор. Қоғам қайраткері. Өз міндетін адал атқарып, ел құрметіне бөленген халық қалаулысы», - деп ағынан жарыла толғанады.

Қорыта айтқанда, өз публицистикалық шығармаларында, хаттарында келелі ойлар козғап, ұлтжанды азамат, кемел қайраткер тұлғасында көріне білген Ш.Мұртаза «Ештен кеш жақсы. «Өтпелі кезең өкіндірмесін» дейсің. Өкіндірді. Өлі де өкіндіре берсе, өкініш

түбі өртке айналады. Өкініш-ашу - ызаның алғы шарты. Теңізде дауыл тұрса, кемеге отырмас болар. Ашуға басу болсын. Ол үшін жемқорларға, парақорларға, ұрыларға қарсы қаһарлы күресті Президенттен бастап, әрбір адал ниетті азамат аяусыз жүргізуі керек

Ш.Мұртазаның өзі айтатын «Әй, менің жазып жатқанымның бәрі ел тағдыры, айналайын. Ано-о-оу заманнан бері солай. Ел тағдырынсыз мен ештеңе жазбаймын. Ел тағдырынсыз немене жазасың, сен?» деген шығармашылық ұстанымы хаттарында да кеңінен көрініс табады.

«Тәуелсіздік біреу. Ол біз сияқты, қазақ сияқты халыққа жүздеген жылдардан кейін ғана келіп жатқан Алланың нұры. Оған адал ниетті адамдар бәріміз тіреу болсақ қана заман түзелер.

Тәуелсіздік - жаңа шығып келе жатқан күн. Елдің емес, жас мемлекеттің емес, өз қарақан басының қамын ойлаған жемқорлар, парақорлар, Қазақстан байлығын талан-таражға салған сатқындар! Жаңа шығып келе жатқан Күнді көлегейлеп, бұлтпен бүркемелеп, тұмшаламандар!» дейді Шерхан, «Тәуелсіздік біреу. Бәріміз соған тіреу болуға жараймыз ба?» деген хатында.

Сөйтіп, тәуелсіздікке қауіп төндіретін қандай да бір жағымсыз әрекеттер мен келеңсіз құбылыстарға қарсы белін бекем буып күреске шығатынын айтып, басқаларды да соған, тәуелсіздікке тіреу болуға шақырады. Сонда ғана мына қиын заман да түзелетінін ескертеді.

Әңгіме-хаттарда көтерілген енді бір үлкен мәселенің бірі - бүгінгі ауылдың хал-жағдайы еді. Шындығында «кіндігімнің жас қаны тамған жері ауылым» дегендей, қайран ауыл не болды қазір?! Бәріміз сол ауылдан шыққан едік қой. Кіндігіміз сол ауылға байлаулы еді ғой. Соншалық тоз-тозын шығарып, тонап алатындай не жазығы бар еді ауылдың?! Қайран, қарапайым халықтың маңдай терімен келген байлық-ай, десеңші! Жекешелендіру дегенді ойлап тапты да, қолында билігі бар, әлі жеткен ту-талапайға салды дейсің, обал-сауапты ойламай, ойына келгенің істеп, төгіп-шашты. Әлсіз халық құралақан қала берді. Жаңа қоғамның реформасы осы ма сонда?! «Жекешелендір. Мейлі. Бірақ әділеттілік қайда? Неге әркімнің еңбегіне, қоғамға қосқан үлесіне қарай бөлмейсің? Қолы жеткен алды-кетті деген бола ма екен. Әділетті, құқықтық мемлекет орнатамыз деп жүріп, қадам басқан сайын әділетсіздікке жол берсек құқықтық мемлекет құра алмаймыз ғой?» деп шырылдайды

Шерхан Мұртаза тағы да. «Әттең, дейді Шерхан Мұртаза «Адам құқы» атанған соңғы хатында, - Бір зор магнит болса! Сол зор магнитке, миллиардтаған арам ақшалар, арам ақшаға салынған жеке меншік, салтанатты сарайлар, жарқ-жүрқ еткен мерседестер, суық қолда нақақ кеткен зауыттар, фабрикалар, кеніштер сол зор магнитке өздерінен өздері келіп жабысып қала берсе. Іздеуші де, прокурор да, сотта керегі жоқ. Тек өздері жабысып қала берсе... Қазынаның қақпағы жоқ, Камал. Бар пәле содан».

Мінеки, белгілі қалам қайраткерлерінің жазысқан хаттары (25 маусым 1996 ж. – 26 желтоқсан 1997ж.) осылай ел өміріндегі өзекті мәселелер, алуан-алуан алқалы істер туралы үн көтереді. Бір жарым жылдай жазысқан хаттар жаңа қоғамда экономикалық реформа жүргізіліп жатқан тұста елдің ойында, халқының көкейінде жүрген зарыл да зәру мәселелерді дер кезінде қозғап, ашық та айқын етіп жариялап отырды. Сондықтан да қалың жұртшылық бұл хаттарды зер салып, зейін қойып оқыды, қолдап, қуаттап, растады. Өз пікірлерін білдіріп, редакцияларға олар да үздіксіз хат жазып жатты.

ШЕРХАН МҰРТАЗА ЖӘНЕ АУДАРМА

Шерхан Мұртаза шығармашылық жолын студент кезінде Л. Лагиннің «Хоттабыч қарт», М.Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» шығармаларын қазақ тіліне аударумен бастады. Ол Г.Х. Андерсеннің әңгімелерін, венгр халық ертегілерін, Ш.Айтматовтың «Ботагөз», «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалап жүгірген тарғыл төбет» повестерін, «Боранды бекет», «Жанпида» романдарын қазақ тіліне аударды. Екі томдық шығармалар жинағы жарық көрді (1982).

Жалпы аударма жасау өте күрделі де қиын жұмыстардың бірі. Бұл жұмыспен айналысу үшін аударма ісінің қыр-сырын білетін жетік маман болу қажет. Талантты туындының рухани әлемі – көпке ортақ. Аудармашының жасаған аудармасы төрт аяғынан тең түсіп жатса, мұның өзі – үлкен бақыт. Осы тұста, қырғыздың классигі Шыңғыс Айтматовты бағы жанған қаламгер деп айтсақ, асылық емес. Шерхан Мұртаза оның «Қош, Гүлсары!», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет», «Жан пида» сынды шоқтығы биік туындыларын қазақша сөйлетті. Бір ғажабы, Шыңғыстың шығармаларын бір Шерхан Мұртаза ғана емес, қазақтың өзге де қаламгерлері басқа шығармаларын тамаша аударған. Мәселен, Әбіш Кекілбаевты («Ерте келген тырналарды» орысшадан аударған), Қалжан Нұрмахановты («Жәмилә», «Құс жолы», «Бетпе-бет», «Алғашқы ұстазды» қырғызшадан қазақшаға), Айқын Нұрқатовты («Шынарым менің, шырайлым менің» орыс тілінен аударған), Зейнолла Қабдоловты («Қызыл алманы» орысшадан аударған), Қалтай Мұхамеджановтарды («Ақ кемеңі» орысшадан аударған) атап айтсақ болады.

Бірақ, үлкен қаламгерлер өздерінің аудармаларына үлкен сын көзбен қарайды. Шығармалары аударылып жұртқа тарап жатса, малдана қалатын қаламгерлер де жеткілікті. Алайда, олардың шығармалары сол уақыттың ғана сұранысына ие болып, кейініректе шаң басып жатып қалатыны да аян.

Бір ғажабы, Айтматов шығармаларын қазақ аудармашылары үлкен сүйіспеншілікпен, зор жауапкершілікпен аударғанын байқауымызға болады. Сонымен қатар, олар Шыңғыс шығармаларын тек сөзбе сөз аударып емес, шынайы рухын халыққа жеткізуге ерекше ден қоя білген.

Шерхан оның шығармаларын аударуды «Ботагөз» повесінен бастаған болатын. Аудармашы ретінде ол Айтматов шығармаларының рухын тура бере білген. Мәселен: «Ни у кого из людей не было таких ласковых рук. Это были удивительные руки, упругие и четкие, как губы той маленькой гнедой кобылицы со звездой на лбу. И ни у кого на свете не было таких глаз как у этой женщины» («Прощай, Гүльсары!»). Осы шығарманың аудармасы: «Адам баласында, ешкімде мұндай аялы алақан жоқ. Бұл бір ғажайып қол. Үйірдегі домалақ, торы төбел байталдың ерініндей сүйкімді, жып-жылы алақан. Жер үстінде дәл бұл әйелдің көзіндей әдемі көз ешкімде жоқ». («Қош, Гүлсары!»).

Шыңғыс туындыларын аударуда Шерхан Мұртаза сыршыл поэзия элементтерін де, ұрпақтар сабақтастығы туралы қарапайым түсініктер сиқырын да, ғылыми-техникалық прогресс пен фантастикалық болмыстың арасындағы байланыстар танымы, адам ғұмырының мән-мағынасы туралы философиялық пікірталастардың тереңдігін айнытпай көрсете білді.

Бұл Ш.Мұртазаның біздің еліміздегі ерен орны жайында десек, осымен қоса Ш.Мұртаза өзге халықтардың әдебиет өкілдері, әдебиеттанушылары, аудармашыларымен тығыз қарым-қатынаста болып, өзі де аударма саласында көптеп еңбек етті. Мұндай байланыстардың дәлелі – хаттар. «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығындағы Ш.Мұртазаның құнды мұрағаттық дүниелерінің арасынан жазушының көптеп табылған хаттарының мазмұны мен түріне жоғарыда тоқталып өткен болатынбыз. Мұнда алыс және жақын шетел жазушыларының, қоғам қайраткерлерінің, аудармашылардың, қазақ әдебиеті өкілдерінің, халық жанашырларының, ағайын-туыстары, ізбасарларының хаттары, қызмет хаттары бар.

Әсіресе, оның ең қызықты тұстары Л.Ханбеков, Т.Минуллин, М.Карим т.б. әдебиеттанушылармен байланысы. Заманымыздың ұлы суреткері Шерхан Мұртаза шығармалары да дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылуда. Әрине, оның шығармаларының өзге тілдерге аударылуы автор үшін де, аудармашылар үшін де ерекше олжа екендігін атап кеткеніміз жөн. Шерхан тілін аударушылардың басқа аудармашылар сияқты негізгі мақсат-міндеттері жазушы шығармаларының рухын оқырманға дәл жеткізе білу. Оның туындылары одақтық және шет ел халықтарының тіліне аударылды.

Әрбір көркем шығарманың өзіндік идеясы, оқиғалар орамы, тұлғалар тізбегі таңдаған тақырыптық шеңберге қарайлас болады. Тұтас бір кезеңнің келбетін неғұрлым кең қамтитын жаратындылардың міндеті ауыр. Ондай шығармаларда жеке адамдардың ғана емес, бүкіл халықтың тағдыры алдыңғы кезекке шығады: оқиғалар мен мінездер шындығы ажырамас бірлестікке жетеді, заманның ең ұрымтал, өзекті саяси-әлеуметтік мәселелерін айтудың өзі көркемдік қажеттілікке айналады. Мұндай кесек туынды-аудармалардың қатарына «Қызыл жебе» - «Огненная стрела» роман-трилогиясы (сол кезде әлі трилогия) жатады. Ол орыс тіліндегі аударма ретінде 1988 жылы Алматыдағы «Жазушы» баспасынан 50 000 данамен жарыққа шығады. Кітаптың мазмұнында шығарманы аударушылар берілген. Олар: бірінші кітапты – Бақытжан Момышұлы және Леонид Ханбеков, екінші кітапты – Леонид Ханбеков, ал үшінші кітапты – Батылжан Мұртазаев (жазушының ұлы) және Виктор Мироглов. Бұл аудармаларда жазушы Ш.Мұртазаның осы кесек туындысының рухы айнытпай берілген.

Осылардың қатарынан біз Л.Ханбековтың жазушы шығармаларын аударудағы рөлін ерекше атап көрсете аламыз. Ш.Мұртаза мен Л.Ханбековтың байланысы 70-жылдардан бастау алады. Жазушыға жазған әр хатында ол Шерхан Мұртазаға аударма жағынан ақыл-кеңестер ғана емес, сонымен қатар, жеке адами тұрғыдағы достық қарым-қатынас танытып отырады. 1978 жылы қараша айының 23-де Мәскеуден жазған кезекті хатында: «Наконец-то, поздравляю тебя еще раз с романом. Молодец! Джигит! Верю, что как только ты закончишь вторую часть, «Огненная стрела» прозвенит не только на Казахстанском горизонте, но и в небе всей страны – удало, свежо и сильно», – деп жазушы шынайы достық лебізін білдіріп отырады.

Әлем әдебиетінің ең ірі, жанды шығармаларына өшпес қуат дарытып келген идеяның бірі – түрлі ел, халық, нәсіл өкілдерінің өзара достық, ынтымағын, ізгі мақсат бірлігін жырлау екені ежелден мәлім. «Қазақ қаламгерлерінің еңбек, мұралары алыс-жақын шет тілдеріне үстіміздегі ғасырдың алғашқы ширегінен кейін кеңінен насихатталып, достық дәнекері – аударма өнері арқылы жүзеге асырылып, тарай бастады». Олай болса, жазушының Л.Ханбековпен жазысқан кез-келген хатында аударма арқылы қос

жазушының терең адами достық қарым-қатынасына жетіп отырғандығын айта аламыз.

Бұл хаттарда екі жазушының біріне-бірі шығармашылықтарына байланысты жасаған сыни пікірлері де жоқ емес. Ш.Мұртазаның «қазақ әдебиетінің «қызыл жебесі» екендігі аян болса да, төл тілімізде жазушы асыл сөз шебері екенін ескерсек те, оны өзге, мәселен, орыс тіліне аудару кезінде кейбір детальдардың жетіспей жатуы да мүмкін. Мәселен, Л.Ханбековтың Мәскеуден жазған кезекті хатында: «Когда будет время, я еще раз перечитаю твой роман, и, сделав карандашные пометки, верну тебе, чтобы ты учел мои замечания при подготовке его к переизданию. А в целом роман твой, как я уже говорил тебе раньше, дорогой Шерхан, доставил мне большое удовольствие. Я снова испытал черную зависть что не я работал с тобой».

Жазушының «Қара маржан» романының «Гара Мәрчан» деген атпен 1982 жылы Валех Мусаевтың тәржімалауымен Баку қаласындағы «Иазычы» баспасынан 10000 данамен жарыққа шыққандығы белгілі. «Қара Маржан» романы да жазушының баға жетпес туындыларының қатарында. Оның ерекшелігі сол – 1978 жылы жазушыға «Қара маржан» романы үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы берілді. Роман туралы батыр Қ.Қайсенов 1987 жылдың 21-ші қыркүйегінде жазушыға тамаша лебізі жазылған хат жолдайды: «Алтай сілемінде айдыны жинақы, тұп-тұнық айналасы аң-құс, бұғы-маралды көрікті таулармен көмкерілген әсем көлдер болады. «Қара маржанды» оқып шығып, сол көлді күн ыстықта сүнгіп өтіп, жағасында рахаттанып тұрғандай сезіндім. Өмірден көргеніңді ойыңа терең ұялата білгенсің. Өзің өскен жеріңнің тамаша табиғатын терең тани алғансың. Жайда адам ойына орала бермейтін теңеулеріңе тамсандым. Шебер шегіністер жасап, оқушыны роман арқауынан адастырмайсың... Адамгершілікті, парасаттылықты, ұлт достығын уағыздайтын бұл дарындылықтан туған дастан!» - дейді. Ұлт достығын уағыздайтын жазушының осы туындысының әзірбайжан тіліне аударылып, көлемді данамен жарыққа шығуы да оның шығармаларының өте құнды дүниелердің қатарында тұрғандығын тағы бір дәлелдеп өтеді. Оның жарыққа шығу мәселесімен де ерекше ден қойып айналысқан жазушының тағы бір әдеби байланыстағы тұлғасы – Эльчин Эфендиев. Ш.Мұртаза Э.Эфендиевпен өзінің тамаша жолдасы Мустафа Эфендиев арқылы

байланыс орнатты. М.Эфендиевтің 1979 жылы 30 карашада Бакуден жіберген хатында Ш.Мұртазаны туысы, мықты әдебиеттанушы Эльчин Эфендиевпен байланыс орнатуға шақырады: «Дорогой, Шерхан! Ты знаешь, наверное Эльчина, моего племянника. Он известный наш писатель и является секретарем Союза писателей Азербайджана.

Ты можешь держать связь с самим Эльчином. И вообще, я был бы рад, если у тебя с Эльчином установились бы дружеские отношения. Оба вы прекрасные писатели, оба секретари и обоих вас я люблю и уважаю».

Бұдан өзге жазушының өзге де татар, башқұрт әдебиеттанушылармен байланыста болғанын аңғаруымызға болады. Мәселен, татар әдебиеттанушысы Фарит Хатипов (1984 жылы, 12 карашада жазған хаты бар), Әбрар Каримуллин (1985 жылы, 17 маусымда жазған хаты бар), Туфан Миннулин (1986 жылы, 16 қыркүйекте жазған хаты бар). Туфан өз хаттарында Ш.Мұртазаның тек шығармашылық жақтарына ғана емес, адами қасиеттеріне де қатты сүйсінетіндігін жеткізіп отырады: «Я вообще удивляюсь тебе: ты всегда находишь душевную теплоту, внимание. В этом отношении я стараюсь учиться у тебя, но не всегда получается. Видимо мы что-то забыли...». Осы тәрізді лебізді Шерхан Мұртаза да досы Туфанға өз хаттарында білдіріп отырады. Осындай тұстарды эпистолярлық жанрға жатқызуға болады: «Здравствуй, Туфан-дос! Видел тебя в «Лит. России» красивым и умным, радовался, читая твои ответы и сам обоготился. Молодец! Работаю там же, работа трудная и неблагодарная. А с книгой сплошные тернии. Говорят, пиши правду. Написал суровую правду – некоторые испугались, а другие быстро начали строчить крикливую клевету /время-то подходящее/. Словом как пишет ваша поэтесса Алсу: Иң йомшак куңелгә, Қадақлар қағылған. Иң изге кешегә, Ғайбатлар тағылған... Братский салем всем дорогим мне друзьям!».

Осындай өзге ел әдебиеттанушыларымен жылы лебіздер мен әдеби байланыстардан өзге жан бірлігі, рухани бірлік құра білуі Ш.Мұртазаның тағы бір жаңа қыры десек артық айтқандығымыз емес.

Әлем әдебиетінің ең ірі, жанды шығармаларына өшпес қуат дарытып келген идеяның бірі – түрлі ел, халық, нәсіл өкілдерінің өзара достық, ынтымағын, ізгі мақсат бірлігін жырлау екені

ежелден мәлім. «Қазақ қаламгерлерінің еңбек, мұралары алыс-жақын шет тілдеріне үстіміздегі ғасырдың алғашқы ширегінен кейін кеңінен насихатталып, достық дәнекері – аударма өнері арқылы жүзеге асырылып, тарай бастады».

Шерхан Мұртаза - негізінен прозашы болғанымен, әдебиеттің публицистика, көркем аударма, драматургия жанрларына бірдей үлес қосып келді дедік. Әдебиетке елуінші жылдардың соңын ала келген жазушы жарты ғасырға жуық шығармашылық жолында ХХ ғасырдың әр алуан аумалы-төкпелі кезеңдеріне сын көзбен қарап, сыншыл еңбектер жазуымен көзге түсті, оқырман ілтипатына бөленді.

Шерхан Мұртазаның шығармаларымен ел-жұрты жақсы таныс. Жазушының шығармаларынан. Ой-идеясынан қаламгердің өзі көрініп тұратынын, өзін тануға болатынын, көзі қарақты оқырман сезінсе керек. Күрескер қаламгердің қайраткерлік, азаматтық іс-әрекеттері де халқының көз алдында.

Жазушының 75 жылдық мерейтойына арнайы дайындалған библиографиялық көрсеткіштің өзінде (Астана, 2007; Қазақстан Республикасының Президенттік мәдениет орталығы) жазушы шығармашылығы бойынша берілген тізімде оның көптеген шығармаларының аудармаларының аттары берілген.

Ш.Мұртаза шығармалары аудармасының алдыңғы шебінде тұрған тұлғалардың бірі – Бақытжан Момышұлы. Жазушының Б.Момышұлы тарапынан аударылған шығармаларын тізетін болсақ: 1966 жылы – «Табылған теңіз»-«Найденное море»; 1970 жылы – «Мылтықсыз майдан» - «Фронт без оружия»; 1979 жылы – «Қара маржан» - «Черное ожерелье». Осымен қатар, Б.Момышұлы Ш.Мұртазаның бірнеше публицистикалық дүниелерін де аударған. Мәселен, 1970 жылы «Ленинская смена» газетіне жас жазушының жол дәптеріндегі «Синие окна Египта», 1971 жылы сол газетте «У порога» әңгімелерін аударып жарыққа шығарған. 1979 жылғы аудармаларының қатарында «Ақсай и Коксай», «Безъязыкий колокол», «Матери и дочери», «Та далекая осень», «Песня цикады», «Золотая заноза» әңгімелері де бар.

Жалпы Ш.Мұртазаның бұдан өзге әңгімелері, публицистикалық дүниелері түрлі елдердің баспасөз беттерінде аударылып жарияланып отырды. Мәселен, Саха АССР-нің «Хотугу Сулус» атты әдеби және қоғамдық-саяси журналының 1983 жылғы № 5 санында оның «Ақсай уонна Коксай» атты («Ақсай, Көксай»)

әңгімесі аударылып берілген. Ш.Мұртазаның шығармашылығын Саха еліне таныстырып, тәржімалаған Василий Николаев еді. «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығының мұрағатынан табылып отырған мұндай журналдардың, газеттердің саны өте көп. Саха елінің бұл журналының осы № 5 саны «Саламатсыздар ма, қазақ ағайындар!» атты айдармен жарыққа шаққан. Мұнда Шерхан Мұртазадан өзге Жұбан Молдағалиев, Әбділда Тәжібаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Ақұштап Бақтыгереева, Сырбай Мәуленов, т.б. сынды қазақ әдебиетінің саңлақ ақын-жазушыларының дүниелерінің аудармалары жинақталған.

Көркем дүниелерінен өзге оның публицистикалық стильдегі дүниелері де түрлі елдердің баспасөз беттерінде аударылып жарияланған. 1961 жылғы 24 маусымдағы «Советтик Кыргызстан» газетінің № 148 (10868) санында Ш.Мұртазаның Теміртаудағы Қазақстан магниткасынан «Шойын ұшқындары» атты мақаласы аударылып берілген: «Балбан билек замандаштар өз колдору менен бапестеп курган домна эрдик менен каармандыктан, достук менен бирдиктин түбөлүкко орнотулган монумент эскерткичиндей болуп, Арканын ар жагынан көрүнөт да, төбөсүн көккө тиреп, чоюндун чокторун салюттун ракеталарындай бүркөт», - деп Шерхан Мұртазаның публицистикасын қырғызша сөйлетеді. Сонымен қатар, «Кыргызстан маданияты» газетінің 1988 жылғы 26 мамырында № 22 санында «Сталинге кат» шығармасының қойылымы туралы Қырғыз ССР-інің мәдениет және әдебиет қайраткері, жазушысы Саткын Сасыкбаев жазған болатын. Ол екі бөлімді драманың қырғыз театрының сахнасындағы қойылымы туралы жазып өтеді: «Турар Рыскуловдун ролун театрдын жаш артиси Айдос Бектемиров, Сталиндин ролун жаш артист Тынымбек Пиримжанов атқарат экен», - дей келе, Шерхан Мұртазаның бұл шығармасына талдау жасап, кесек туындының Райымбек Сейтметовтың сахналауы турасында терең сөз қозғайды.

Бұдан өзге қырғыз елінің баспасөз беттерінде Шерхан Мұртазаның «Сиңерткәлір моңо» (хикәйә) («Ленинсе», 1973 йыл, 20 ноябрь, № 137-138) аудармасы жарияланған.

Шерхан Мұртазаның «41-жылғы келіншек» атты әңгімесінің маңыздылығы болар, ол көптеген елдердің тіліне аударылып танымал болды.

Мәселен, қырғыз елінің «Нарын правдасы» атты 1971 жылғы 22 қазанында шыққан № 122 (6857) санында «41-жылқы келинчек»

(ангеме), ұйғыр тілінде шығатын «Коммунизм туғи» газетінде 1972 жылғы 5 октябріндегі № 118 санында «41-жилқи чокан» (һекәйә), татар елінің қоғамдық-саяси және әдеби «Азат хатын» атты журналдың 1982 жылғы қазан айындағы Туфан Миннуллиннің тәржімасымен берілген «Қырық беренче ел килене» (хикәя), т.б. аудармалары жарияланған.

Ұйғыр тілінде шығатын «Коммунизм туғи» атты республикалық газетте (1982 жыл, 27 сентябрь, № 185 (3863) «Заманимиз күйчиси» (Ш.Муртазаев 50 яшта) атты ұйғыр жазушысы Ж.Босақовтың мақаласы жарияланған. «Биз һәқиқий инсан, коммунист, талантлық язғучинин 50 яшлиқ мәрикисини чин қәлбимиздин тәбрикләп, униңға йәниму зор бәхит, ижадий муваппәқийәтләр тиләймиз», - деп Мұртазаны заманымыздың күйшісіне балап, әдеби және публицистикалық жолына талдау жасайды.

Бұдан өзге неміс тілінде шығатын «Фройншафт» газетінде, 1980 жыл 16 февраль № 34 санында, «Ленин кичи» атты республикааралық корей тіліндегі газетте, «Вечірній Київ» атты 1988 жылғы №207 (13422) санындағы газетінде «Лист до Сталіна» - «Сталинге хат» аудармасы Украинадағы қазақ әдебиетінің күндеріне байланысты жарыққа шығады. Газеттен өзге Шерхан Мұртазаның екі бөлімді тарихи драмасы Украинадан шыққан «Київ» журналының 1988 жылғы № 9 санында жарияланады. «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» бір тақырыпты – халықтық трагедияны екі тарихи тұлғаның өмірлік шындығы арқылы көрсетуге құрылған драма-дилогия», - деп, бағалаған болатын белгілі драматург Қ.Мұхамеджанов. Осы драма-дилогияның қазақы рухы украин тілінде де сөйлегені құптарлық жайт, Шерхан Мұртаза қаламының шынайылығы мен даралығы десек қателеспейміз. (Аудармасы Украина Жазушылар Одағының хатшысы Петро Перебийніс), Молдавияның «Молдова» атты журналының 1982 жылғы № 2 санында Еужения Давидтің аудармасымен «Бэтры-нул солдат» атты («Белгісіз солдаттың баласы») шығармасы жарияланған.

«Алапар мен Динго» әңгімесін 2001 жылы Бақытжан Момышұлы орыс тіліне тәржімалаған.

Шерхан Мұртаза шығармаларының соңғы жылдардағы аударылуының тағы бір табысы – «Ай мен Айшасы». Ол Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігінің бағдарламасы

бойынша 2009 жылы Гүлмахира Нұрбекқызының аудармасымен «Аударма» баспасынан 3000 данамен жарыққа шықты.

«Роман «Луна и Айша» («Ай мен Айша») является библиографическим. Повествование идет от первого лица, от имени мальчика Барсхана. Главная героиня романа – Айша, мать автора. Ее он отождествляет с Луной. Если в мировоззрении маленького ребенка могущественным на небосклоне является луна, то на земле, центром вселенной для него является мать, то есть – Айша. Отсюда и название романа «Луна и Айша». В образе Айши, как в зеркале отражаются образы тысяч казахских женщин, исконно приверженных семье, детям, близким и родным», - дейді аудармашы Г.Нұрбекқызы.

«Роман состоит из двух книг, на русский язык переведен впервые и предназначен для широкого круга читателя», - деп өзінің алғы сөзін қорытындылайды. Қазіргі таңда автордың «Ай мен Айшасы» түрік тіліне тәржімаланып, жарыққа шықты.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетінің әлемдік арнада көрініп, таралуы кең өріс алып келеді. Мұның өзі егемен елдің тәуелсіздік тұғырын рухани салалар арқылы нығайтып, шеңбер-аясын жаңа тақырып, мазмұнмен, соны түр, өлшем-өрнектермен көркем бедерлей түскенінің бір белгісі болса керек.

«Ендеше, достық дәнекері-кітаптың, оның ішінде Қазақ әдебиетінің әлем халықтары тілдеріне аударылып, насихатталуы жоғарыдағы кәделі де құрметті, абыройлы істеріміздің жарасымды жалғасы болып табылады».

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «БІР КЕМ ДҮНИЕ» ТУЫНДЫСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазақтың марғасқасы Шерхан Мұртазаның өмірі мен көркем туындыларының өзі философиялық дүниелердің қымбат тастарға толы қазыналы сандығы іспеттес. Әсіресе, соңғы уақыттағы әлем мен қазақ елінің тынысы мен тіршілігін ұштастыра білген керемет туындысының бірі - «Бір кем дүние» атты ой-толғаныс кітабы. Оқырман қауым іздеп жүріп оқитын, қажетті дүниеге айналған құнды кітап. Адамды салиқалы, сапалы сөзімен, өмірдің ащы мен тұщы кезеңдерін, адамдық болмысты ашатын, жақсыны жақсы деп, жаманды жаман деп танытқан, ашықсаң тойдыратын, сабырлықпен үндескен кітап. Бүгінде қоғамның қорындағы алтын сөзді кітапқа айналды. «Бір кем дүние» бүгінгі заманның азығы, ертеңгі заманның тарихы. Адам баласына үйретері көп. «Бір кем дүние» кітабының мазмұндық құрылымы бірнеше бағытта жазылған. Олар – философиялық толғау, сана-сезім, махаббат, рухани дүние, өнер. Адамға берілген ақыл-ес – құдайдың туындысы, ғаламды ұқсын деуі, алған білімді биік мақсат үшін ұстансын деп берілген дүние. Сана сезімнің тереңдігі – адам үшін көк аспан мен қара жерді айыратын күш жоқ. Адамның жаны, тәні, ойы мен сезімі судай таза болуы керек. Адам санасын тек қана қайырымдылыққа, жоғары мақсатты рухани кемелділікке жұмсауы шарт. Махаббат – адам жанының асыл қасиеті, асқақ мұраты, таным тұғыры, риясыз, ынтық, нәзік сезімі. Батыстық философия тарихында Эмпедокл өзінің космология ілімінде Махаббат бүкіл әлемді ұйымдастырып тұрған бастапқы күш деп білді. Ол достықтан, өзара түсінушіліктен, жалпы мақсаттардан, ұмтылыстардан басталады. Махаббаттан барлығы басталады: өмір, жұмыс, арман, өнер, батырлық. Сондықтан, махаббат – ең жақсы өмір жарығы. Махаббат туған жерге, адамға, жануарға болсын әрқашан жүректі тулататын ыстық сезім. Рухани дүние. Екі жүзділік, тамыр-таныстық, көз бояушылық, озбырлық, ата-ана, ағайын-туыстық бедел, абыройын пайдаланушылық, паракорлық, біреудің құқығын асырап, біреудің құқығын шектеу әдеп жолындағы ізгі ниеттердің жолынан айырылу адамның рухани дүниесінің бұрмалануынан пайда болатын қасиеттер адамды пәктік жолдан тайдыратын қасиеттер. Мұның бәрі әдептілік негіздерін шайқалтып, үлкен

нұқсан келтіреді. Мұндай әділетсіздікті ата-ана, достар тарапынан көріп келген әлі буыны қатпаған, өмір таласына түспеген, сезімі мөлдір жас өркен буын үшін бұл оның бар жан дүниесін дүрліктіріп, төңкеріс жасауы-ықтимал факт.

Шерхан Мұртаза - тек жазушы, қоғам қайраткер ғана емес, көптеген қанатты сөздердің авторы. Оның әрбір шығармасының тәлімдік маңызы өте зор. Ш.Мұртаза бүкіл жазушылық жолында осы өмір туралы жазған. Сондықтан да, тәлім-тәрбиелік ойлар оның барлық шығармашылығын қамтиды. Нақыл сөздерінің тақырыптары өте көп.

Шерхан Мұртазаның нақыл сөздерінің тақырыптары сан алуан. Оларды оқыған оқырман түрлі ойға қалады. Себебі, жазушы ашпаған тақырып қалмаған сияқты. Дәлірек айтсақ, тойымсыздық, мейірімсіздік, нысапсыздық, әділетсіздік, кемдік, санасыздық, сауатсыздық, ғашықтық, жетіспеушілік, достық, өкініш, білімсіздік, сағыныш, еліміздегі демографиялық жағдай, қанағатсыздық, төзімділік, имандылық, заман теңсіздігі, аңдар мен табиғатты қорғау, асыра сілтеушілік, дін мен салт-дәстүрді дәріптеу, репрессия құрбандарын жоқтау, жемқорлық пен парақорлық, билік басындағы басшылардың саяси сауатсыздығы мен жіберген кемшіліктері, жауапсыздық, ақылсыздық, ана тілін қадірлеу, т.б. Бұл аталған тақырыптарды - бүгінгі күннің ең өзекті мәселелері деуге болады. Сол тақырыптарды жазушы ешкімнен тайсалмай жазады. Өзі де жалынды публицист ретінде мәселені дөп басып, дәл айта білді. Солардың ешқайсысынан көпірме қызыл сөзді кездестірмейсіз. Әр сөзінен мірдің оғындай нақтылықты, шешеннің сөзіндей тапқырлықты, сонымен бірге адамның шабытын қамшылайтын, намысын оятатын қанатты ойларды аңғарасыз.

Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүние» кітабының шағын әңгімелерден тұратын бірінші кітабы 2008 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген. Кесек тұлға, кенен дарынның шығармашылығы мен қайраткерлігі турасында аз жазылып, аз айтылып жатқан жоқ. Десек те, осы бір кітаптың орны тым бөлек. Бұдан кейін де «Бір кем дүние» кітабының екінші кітабы баспаға әзірленген. Ол кітап - біздің қолымыздағы тәмсілдердің жалғасы, жазушының әбден кемеліне келген жастағы шығармашылық серпінінің соңғы жолдары болғандықтан да, әрбір жолының айтары терең, оқырмандардың мол сұранысына ие болады деп санаймыз. Әсіресе, өмірдің бұралаңы мен қалтарыс сәттерінен шиырланған

тәмсілдердің еліміздің ертеңіне саналатын жастар тәрбиесіндегі маңызы ерекше.

Шындығында өткен тарих шежіресін, бүгінгі өмір шындығын ұлы ойшылдардың танымы терең тарихи туындылары арқылы біле аламыз. Бұндай туындыларда тарих беттері парақталып қана қоймай әрбір ұлттың тарихымен тікелей үндесіп, болмысымен біте қайнасып жатқан адамгершілік пен парасаттылық, салт-дәстүр, дүниетаным ұғымдары, философиялық ой, көркемдік пен сұлулық, патриотизм, эстетикалық нәр тұнып тұр. Тек соны зерделі пайдалануды қажет етеді. «Бір кем дүниенің» алғашқы кітабы да оқырмандар назарын бірден бұрып, қолдан-қолға өтіп, қайта басылуға ұсынылды. Өйткені, кітаптың жанры да, жазылу мәнері де басқа, айтары да тым терең. Зерттеушілер «өмір философиясы» деп бағалаған кітаптағы әрбір шағын тәмсілдің шынында өскелең ұрпақ үшін ғана емес, әрбір адам баласына шертері соны, ойландырады, рухтандырады, тәрбиелейді.

Бұл шағын әңгімелер жайдан-жай айтыла салған жоқ. Терең мазмұнда, астарлы ой арқылы берілген. Адамдар бойындағы бірнеше кем дүниелер қозғалған. Мәселен: нысандық, құнығушылық, ақымақтық, жалқаулық. Бұл - кем дүниелерді жазушы шеберлікпен синонимдік қатармен әртүрлі сипаттайды.

Бір кем дүние, екі дүниеде де кешірілмес мол кем дүние, орасан кем дүние, өкінішті дүние, орны толмас орасан обал дүние, зор кем дүние, дүниедегі кемдіктің ұлысы, залым дүние, ойсыраған орны толмас бір кем дүние, бүкір дүние, шын кем дүние...

Не деген өкініш, орны толмас кем дүниелер десеңізші. Жазушы өз болашағы үшін емес, халықтың болашағы үшін тереңнен толғайды. Ертеңгі ұрпақтың қамын, қазақ жұртшылығының келешегіне алаңдайды, толғанады. Сонау ертедегі ойшылдардан бастап, билер, шешендер, хандар билік басындағы ел тағдырына немқұрайлы қараған басшылардың әрекеттеріне өкінішке теңесе, жалқау, білімсіз қазақ халқының болашағына алаңдайды. Күні бүгінгі келеңсіз қасиеттер мен Тәуелсіздік жолында аянбай еңбек еткен ұлт жанашырларын тілге тиек ете отырып толғанады, өкінеді, соларды аңсайды, сағынады. Осыдан кейін Шерағанды қайтіп «философ», оның еңбегін ойтолғау деуге болмайды дерсің?!

Кітаптың жазылу табиғаты жөнінде Шерхан аға жақсы көретін жазушы інісі Несіпбек Дәутайұлына былай деген екен:

«Сен кеше «Бір таң дүние» дегенді айтып қалдың. Ойланатын-ақ нәрсе. Менің «Бір кем дүнием» жалпы философиялық толғамдар ғой. Сөйтсе де мен философ емеспін. Бірақ, философ халықтың ұлымын. Пайымдап қарасаң қазақ халқы кім дегенде - «Философ» деу керек. Философия біздің ұлттық болмысымыз» .

Кітаптағы әрбір шағын әңгіменің тақырыптары сан алуан. Кітапты оқыған оқырман түрлі ойға қалады. Себебі, жазушы аспаған тақырып қалмаған сияқты. Бұл ерекшеліктің бәрі де осы кітап ішіндегі кез-келген әңгімеден байқауға болады. Ия, осы «Бір кем дүние» кітабындағы әрбір ой, әрбір әңгіме осындай игі істерге, жаңа бастамаларға арналған сияқты. Негізінен, бұл кітап Жамбыл облысының құрметті азаматы — Өмірбек Байгелдіге арналыпты. Кітаптың бірінші бетінде: «Құмға құлан аунағаныңды емес, жалын болып, лаулағаныңды айт! Осы еңбегімді 99 жирен қасқа әфсанасын айтып, идея берген Өмірбек Байгелдіге арнаймын», - делінген.

Өмірбек Байгелді Қос палаталы Парламент сенатының төрағасы болған төрт жылда адалдық пен адамгершілікті ардақ тұтып, биік парасаттық пайыммен заңдар шығаруға басшылық жасаған. Қазақ елінің тектілігін, адалдығын, тілін, дінін, халық тарихын толық білетін адам. Сол себепті де бұл кітап үлкен құрметпен Өмірбек ағаға арналған сияқты.

Шерхан Мұртазаның адамдардың кешкен өмірі туралы қынжыла жазуы бостан босқа емес. Адам санасының қандай дәрежеде екеніне оның жасаған іс-әрекеті мен сөйлеу мәнері дәлел болады.

«Тіл деген бізге өткен дәуірлерден қалған асыл мұра. Бізді жаратқан ата-бабаларымыз өткен. Олар бізге, өзгесін қойғанда мұралыққа тап-тамаша тіл қалдырған. Ол тіл атамыздың ақылынан, анамыздың сүтінен жаралған», - деген Шерағаң.

Осы бір атадан қалған асыл мұраны көздің қарашығындай сақтау керектігіне Шерағаң баса назар аударады. Біздің рухани байлығымыз да, құндылығымыз да – тіл екендігін терең түйсінеді, халқына түсіндіргісі де келеді.

Жазушының белгілі «Бір кем дүние» атты ойтолғау, жүректен шыққан сөздері жүректерге жетіп жататын кемел шығармасындағы ана тілі туралы толғамдарына тоқталсақ.

Ш. Мұртаза «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп, қашан да өз жұртының мүддесі тұрғысынан биік мінбелерден жасындай

жарқылдап терең ой айтты, ұзақ түндер ұйқысыз отырып толғатқан шығармалары арқылы жұртының ой-өрісін көтеріп, санасына сәуле кұйды.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған сәттен бастап елімізде жаңа қоғамның талаптарына сай кешенді түрде мемлекеттік тіл саясаты жүргізіле бастады. Сөз жоқ, бұл бағытта Қазақстанның ішкі-сыртқы жағдайлары тиісті ескеріліп, толығымен есепке алынды. Елдегі барлық азаматтардың (этностардың, әлеуметтік топтардың) мүдделерін кемсітпейтін, ұстамды да сындарлы тіл саясатын дұрыс жолға қоюға баса көңіл бөлінді.

Алайда, ана тіліміз сонда да көптеген толқулардан өтті. Шерағаң осы тұста да үлкен толғам айтады.

«Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды және ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз бар сезімімізбен, ақыл-ойымызбен, іс-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын біліп қойғанымыз жөн», - деп Ататүріктің сөзін бере келе, Парламент, Сенат, Мәжіліс қатарындағылардың тоқсан пайызға жуығы қазақ тіліне қарсы дауыс бергендігін, біраз уақыттан соң, дәл осы Парламенттің қазақ тілін мемлекеттік тіл деп шешім қабылдағанын жазады.

«Бұл толқу сонда не толқу? Депутаттардың басым көпшілігі кешегі өз шешіміне қарсы шыққаны қалай? Жоғарыда Ататүрік айтқан ұлттық қасиеттердің мүлде ада болғаны ғой...

Міне, бұл нағыз қасірет. Бір кем дүние».

Тіліміздің тазалығы, ана тіліміздің болашағы үшін қиналып, келер ұрпаққа өсиет айтудан жалықпаған Шерағаң тілімізді бар жан-тәнімен қорғады десек артық емес.

Кезінде парламент депутаттары қазақ тілін мемлекеттік тіл, орыс тілін ресми тіл деп дауыс бергенде, тағы да осы Шерағаң: «Екі тіл тек жыланда ғана болады», - деп ызалана айтқан.

Кемел шығармасындағы енді бір ой-толғамын берейік:

«Гегель: «Өз ана тілін менсінбейтіндер - өз ұлтын үш рет өлтіргендер» (орыс. Трижды убивает свою нацию тот, кто игнорирует родной язык») деген. Сол философ Гегель қазір тірі болса, біздің Қазақстанның, өз Отанында, айдың-күннің аманында өмір сүріп жатқан қазақтардың, әсіресе қала қазақтарының, оның ішінде билік басында отырғандардың хал жағдайын білсе, әлгі

айтқаны – айтқан ба!.. Не деп айтарын, не нәрсеге теңерін де білмей қалар еді-ау.

Қайран Гегель! Сенің шәкіртіңбіз деп жүрген философсымақтардың өзі дәл қазір де ана тілін сен сияқты қорғай алмай, көкезу болып жүр-ау», - деп философияның атасы, іспеттес Гегельмен өзінше ойша тілдесіп, үлкен тебіреніске түседі.

Расында, ана тілінің дәрежесін терең түйсінбей, оған салғырт қарау сияқты нәрселер қазіргі қоғамда бас етекпен. Неге екенін ойланып көрейікші.

Ұлы жазушы М.Әуезовтің өзі: «Бесігіңді түзе!» - деді. Расында, ел болу үшін, ұлт болу үшін, ұлы болу үшін ә дегенде бесігіңді түзе.

Бастапқы тәрбиенің анасы – бесік, әрі-беріден соң, бесік ананың құрсағынан басталады.

«Іңгәлап» дүние есігін ашқан шарананы ең әуелі ана туған тілінің нәрімен сусындату қажет. «Қазақша сөйлемейтін қазақтар – анасын буындырып өлтіргендер» (Ж.Ерғалиев «Көкшетау» газетінің бас редакторы). – деп Шерағаң «Бір кем дүниесінде» «Өгей жандар» айдарымен берілген толғанысында мысал келтіреді. Осындай тебіреністердің барлығы да қазақтың қаракөз қыздарының зердесінде берік сақталу қажет-ақ!.. Ана тілінің уыз дәмін ұрпақ бойына дарытуда ана аузынан шығатын бесік жыры, ертегі, батырлар дастандарының алар орны ерекше.

«...Түрік ұлтының мінезі асқақ. Түрік халқы ұлттық тұтастықтың және бірліктің арқасында басқа күштерді жеңе білді. «Мен түрікпін!» деген адам қандай бақытты», – деген екен Ататүрік.

Ал бізде, қазақтар қандай?..

Қазақтардың жартысына жуығы өз ана тілінде сөйлей алмайды деп жазып жүр ғой газеттер...

Президентіміз Нұрсұлтан мырза: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», - деп айтқан. Бірақ... Зор кем дүние. Амал қанша?!», деп қарымды қаламгер тағы бір өкінішін жеткізеді.

Жазушы «Болашақ» бағдарламасымен оқып жатқан жастардың сөйлеу тіліне байланысты да үлкен сын айтады.

«Болашақ» деген шығып, бай балалары шет елде оқып, бірсыпырасы сол жақта қалады. Бірсыпырасы елге қайтады. Білімі жақсы, істі біледі. Бірақ тек орысша, иә ағылшынша сөйлейді. Қазақшасы жоқ. Бір кем дүние».

Шет елде білім алып жатқан қазақтың өрен жастары тілді де терең меңгеріп, қайта ана тілдерін алыс шетелдерде дәріптеп, насихаттаса нұр үстіне нұр болмай ма?

Бізді ғасырдан ғасырға, заманнан заманға аман жеткізген барымыз да, нарымыз да – осы тіл. Тіл саясаты – қазіргі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі.

Шерағаң талайды көрген тарлан, үлкен сыншы. Ол БАҚ-ның барлығына үлкен ден қойып, өзіндік бағасын беріп отырды. БАҚ – қазақ тілінің қазіргі басты тірегі десек, қате айтқандық болмас. БАҚ – ты мемлекеттегі төртінші билік иесі дейміз. Дегенде, дәл осы күндегі Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі қазақ тілінің деңгейі турасында Шерағаң кезекті бір ойтолғауында: «Қазіргі заманда «н» - ға тілі келмейтіндер көбейді. Теледидарды тыңдап, қарап отырсаң, «жанағы, жанағы» деп сөз арасына «арам» сөз қосып сөйлейтіндер жиіледі... Енді қазіргі көсемдердің бірі: «Жанағы, женістен женіске жете берейік!» деп соғады.

Бір кем дүние деген осы».

«Ана тілінен айрылған халық – о да опат болған халық. Ана тілінсіз халық болмайды. Тілінен айрылған ұлт – тарихынан, түп-тамырынан айрылған ұлт», - деп Шерағаң тілін сақтай алмаған халықты – біткен, құрыған халық санатына қосады.

«Тілге, ұлтқа жаным ашиды» деп айтатындар көп, алайда ар мен намысты оятып, тілді, дәстүрді құрметтеуге баулитын нақты іс тындырып жатқандар сирек.

Болашақ туралы Мөңке би баяғыда –ақ айтып кетті:

Құрамалы, жалғамалы үйің болады,
Аумалы-төкпелі биің болады,
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,
Күнде бас қосқан жиын болады...
Ала шұбар тілің болады,
Дүмдамалдау дінің болады, - деді.

«Тіл туралы соңғы он жылдан бері сан-сапалақ жиын өтті. Қаншама заң шықты, қаншама қаулы шықты. Пайдасы шамалы...

Ала шұбар тілден арыла алмадық...

Мұның бірінің басты себебі: ұлттық рухтың азғандығынан. Рух азса, намыс тозады...

Ауыр жолды жеңілдетудің ең пәрменді жолы – көпшілік талап еткендей, Конституцияға өзгеріс енгізу... Ұлттық сананың оянуы, намыстың, рухтың тірілуі...

Жаңа қостілділік туралы айтылып қалды. Қос тіл жыланда ғана болатыны белгілі. Колбиннің жыланы басын қайта көтере бастады.

Абайлаңыздар!» - деп Шерағаң бүкіл қазақ даласын сақтыққа шақырады.

Қазақ халқының белгілі биі: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы - халық», - деп бірнеше сөзбен-ақ ұрпақ тәрбиесінің педагогикалық жүйесін түгел белгілеп берген екен десек, тал бойынан осы қасиеттердің бәрі табылатын Шерхан Мұртаза есімін Қазақстанда бүгінде білмейтін адам жоқ. Ол осы қасиеттердің барлығын қаламгерлік қарымына, қайраткерлік болмысына, кәсіби шеберлігіне жұмылдыра білді.

Қазіргі таңда есімі мақтанышқа айналған Ш.Мұртазаның «Бір кем дүниесіндегі» ана тілі турасындағы жан дүниесінен жарып шыққан терең ойлары болашақ ұрпақты ұлтын сүйеге тәрбиелеп, қоғамдағы ұлттық идеологияның қалыптасуына зор үлесін қосады деп ойлаймыз.

Ұлтымыздың жанын – баға жетпес аяулы тіліміздің шын мәнінде мемлекеттік тіл ретінде тұғырын нығайту, оның бәсекеге қабілеттігін арттыру және ең бастысы, елімізде тұрып жатқан барша қазақстандықтардың еркін, толық қолданатын тіліне айналдыру біздің ұлы мұратымыз. Біз үшін ел тұтастығымен қатар, тіл тұтастығы да өте қымбат. Қазақ тілінің қазақ жерінен, Қазақстанның басқа қанатын кең жайып, еркін тыныстайтын Отаны жоқ.

Философиялық толғау бағытына ойды толғандыратын әңгімелерді, тақырыптық ерекшелігі мен автордың айтқысы келген идеясы туралы тұжырымдама жасай отырып, «Жаңғақтың қабығы қатты», «Мұса пайғамбардың амалы», «Тасбақаның көз жасы», «Жеңешемнің жауабы», «Нысап», «Құнықпа», «Қисық заң» тағыда басқа тақырыптардағы адамдардың шынайы келбеті, өмірдің қисынсыз тұстары, ашкөздік, ысырапшылдық, дүниеқоңыздық, күшті мен әлсіз, жаман мен жақсы, табиғи заңдылықтардың қатыгездігі мен олардың бұзылуы адамның бетпердесіз өмірі философиялық толғаудың ашық нысаны ретінде берілгені карастырылды.

«Жаңғақтың қабығы қатты» әңгімесінің идеясы болашақ пен сана-сезім, кеңпейілділік. Адам баласының кейбіреулері дәл жаңғақ

секілді, қабығы қатты, дәнегі тәтті. Ұрпаққа қатысты міндет-парызын орындау, бүгінгі күнді ертеңгі күнге аманат етіп қалдыру нағыз тәрбие көзі.

«Мұса пайғамбардың амалы» дәл бүгінгі қазақ күйі. 300 жыл Ресейдің құрамында болған қазақтардың әлі күнге дейін ескі көздің сол баяғы құлдық психологиядан арыла алмаған жасқаншақтығы, гауһардан қымбат тілдің бұзылуы негізгі айғақ. «Сөйлеп үйрену үшін екі жыл керек, ал тіліне ие болуға 60 жыл керек», - деген Р.Ғамзатовтың әзіл ретінде айтқан осы сөзі шындыққа ұласа бастады. Тілдегі бұрмалаушылық, өз тілінде сөйлеуді ұят санайтындар емес. Жаңа буын өз құндылықтарын қадір тұтып қорғай білсе, Мұса пайғамбардың жеткен жетістігіне бүгінде қазақ жетсе, тарих жаңа буынды ешкімге жалтақтамай есте қалса деген идеямен жазылған әңгіменің негізгі мәні елдің қамын ойлаймыз деген басшылардың өздері сол күйді кешуі. Дүние кең мен адам ойының саяздығы..

«Тасбақанын көз жасы». Сыртқы келбет алдамшы. Бейқамсыз жүретін тасбақаның да өз мұңы мен азабы бір басына жетіп артыларлық. Кейде болмашы нәрсеге сонша қайғыратын жандардың тасбақа ауыртпашылығының жанында ештеңеге татымайтындығы дәлел ретінде. Арпалыс әлемнің ешкімді де назардан қалдырмайтындығы. Барлық тіршілік иесінің өмірде өз ауыртпашылығы бар, тек соған шыдай білу қажет. Негізгі ой - шыдамдылық. Бұл өмір сынақ, сол сынақтан шыдамдылықпен өту. Ата мен ана алдындағы перзенттік парыз. Қазақ өмірінің көріністерімен ұштастырыла әдемі, сезіммен, терең дүниетаныммен суреттелген.

«Нысап». Нысапты адам белгілі бір идеяға, сенімге адал болады және оларды өзінің іс-қимылы, жүріс-тұрысында бұлжытпай сақтауға тырысады. Қанағаты жоқтық, көзі тоймаушылық адам бойындағы ең кінәратты кесел саналады. Адамның пәктігін, рухани тазалығын мадақтағанда, «нәрестедей күнәсіз» дейтіні содан. Күллі түркі қауымы пір тұтқан Қожа Ахмет бабамыз пайғамбардан артық жасаудың өзі нәпсіге бой алдырғандық деп, 63-тен кейін өмірін жер астында өткізген. Ал әңгіменің басты тақырыбы нысапсыздық. Біреуді өз мүддесіне бағып, кісі ақысын жеп, дүниеге, байлыққа, жақсылыққа көзі тоймай, алдарқатып өтірік айтатынның нысап сөзінің қадірін білмеуі.

«Құнықпа». Ашкөздік кісінің назарын буландырып, рухани дүниені көріп білуге кедергі жасайды, бірақ есіл-дертін тамаққа, дүниеге аударып, жақындарынан, дос-жараннан аулақтатады, осылайша адамшылдықтан аңырып, күйкілікке жетелейді. «Ештеңенің құны жоқ» - деп бекер айтылмайды. Бес күндік фәнидің қонағы болып келіп, қонағы болып кеткен жөн. Адам асыл қасиетінің асылдары тарихта адамды қалдырады, опасыздарын мәңгілікке өшіреді.

«Кімдікі дұрыс». Бабамыздың көзінің қарашығындай қорғаған талай адамның жанын алып, талайға азапты өмір кештіріп, нәзік жандылардың қолына алмас қылыш ұстатқан зар заманның өкілдері босқа қан төкпеді. Елім, жерім, ұрпағым деп өткен бабаларымыздың қорғаған жерін сату, опасыздық жасау. Басшысы осылай деп тұрғанда қарапайым халықтың қамын ойламағандығы, өзінің атақ даңқын шығару, ашкөздік. Билік басындағылардың ағайын-туысқа ойларына келгендерін істеуіне жағдай жасағандығы, халқымызды кедейшілікте күнелттіріп бүкіл әлемде жоқ қазба-байлықтарымыздың талан таражға түсіп, шет елдердің есепсіз байлыққа кенелуіне септік берген басшылардың ісінен қарапайым халықтың қамына күйінер пенде болмаса болашақ кімді қолдап, кімді құздан құлатар.

Философиялық талдау барысында саясат, тағдыр, өмір туралы терең дүниелер қысқа бір мәтін көлемінде толық ашылып, өмірге деген, адамгершілік пен қайырымсыздықтың ортасында тіршілік етіп жатқанымыз жүрекке ашу мен сенімсіздік сыйлайды екен. «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек» деген ойларға тоқтау болғандай.

Бұл бағытта қаралатын әңгіме тақырыптары - «Бір тостаған жасымық», «Наполеон мақтаншақ па», «Оқымайтын бастықтар», «Қорқыттың қобызы».

«Бір тостаған жасымық» атты әңгімесі қиын қыстау кезең мен билік басындағылардың қисапсыз жасаған озбырлығы, сұм соғыстың адам баласына көрсеткен аяусыз қасіреті бір ғана

әңгіменің бөлшегі болып қаланды. Соғыс кезіндегі ашаршылық, елдің бір үзім нанға зар болуы, аштықтың қиыншылығын тартқан жас балалардың көрген азабы туралы жазылады. Негізгі ойы қазіргі заманның адамдары мұндай қиыншылықты көрген емес, сол себепті бабаларымыздың жасаған ерлігін бағалай білу, бұл дүниедегі қолданысқа жүрген заттың барлығы қаншама адамның көз жасы, төккен тер мен аққан қанның арқасында келген байлық екені және бүгінгімізге шүкіршілік жасай отырып, әрбір заттың қанағатын білуді үйрену.

«Наполеон мақтаншақ па». Үстіңгі ернімен көк тіреп, астыңғы ернімен жер тіреп, даңқы әлемді тітірентіп тұрған Наполеонда мәңгі емес. Ол да бір күні жер бесікке бөленерін білген соң, табытын «Мүгедектер үйінде» құдықтың түбіне қойғызған. Табытты көру үшін адамдар бас иіп қарайды. Жарты әлемді жаулаған құдіретті патшаға адамдар мәңгілік тірі болса да, өлі болса да бас иіп өтетінін дәлелдеді. Жасаған істердің әрқашан өз өтемі бар екендігі және олар ешқашан жауапсыз қалмайтыны дәлелденді. Бұл да бір кем дүние.

«Оқымайтын бастықтар». Қазіргі саясат, халықтың күн көрісінің қиындай түсуі, жемқорлық осының барлығы билік басындағылардың жасап отқан саясаты. Төлен Әбдіктің «Көш» атты әңгімесінен байқауға болады. «Көш» - қазақ үшін киелі ұғым. Бірақ, мына әңгімеде, бұл көш ұғымы қоғамдық сатираға айналған. Әңгіме кейіпкері - көсем бейнесі бұлдыр. Кейіпкерлер шартты, тұман басқандай нобайлары беріледі. Абайдың «Бесінші қара сөзі» халықтың тұрмыс-тіршілігі, олардың білім үшін тер төкпей мал үшін тер төгуі туралы айтылады. «Қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бірақ мал үшін қам жейді екен» деп жазылғанындай қазіргі адамдар халықтың қалтасынан жейді. Олар оқымағандар емес, оқығандар, тек оны дәлелдеуді қажет санамай ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргенді жөн көреді. Қазіргі заман өзіншілдердің заманы екенін, қанағатты білмейтін нысапсыздардың заманы екенін Шерхан Мұртаза дәлелдеген.

«Қорқыттың қобызы». Алтынның түйірін тұтас алтын емес деп құммен бірге лақтырып жіберген дұрыс емес. Шын талант иелерінің бағын сынамай сатып алынған таланттарды сынау, қазіргі қоғамның кедей тобы жазушылар мен журналистер, суретшілердің нағыз өнерін дәлелдеуге мұрша қалдырылмады. Негізі мемлекетті

танытатындар нағыз осылар. Кезінде даусы жеті жаһанды кезген әнші Әміре, бір туар ұлы Абай осы топтың бір мүшесі. Олар осы елдің даңқын асқақтатты деп келесі жаңа лекке мүмкіндік берілуі керек. Кезінде әдейі ұйымдастырылған ашаршылықтың миллиондаған қандастарымыз құрбаны болды. Халқымыз өз ата-қонысында отырып, азшылыққа айналып, ұлттық дәстүрінен, бай рухани казынасы мен ана тілінен мүлде айырылып қала жаздады. Тәуелсіздік таңы атқаннан соң бұл күдіктің 90% сейілді. Ана тіліміздің мөлдір бұлағының көзі әлі толық ашылған жоқ. Ал осы тілдің нағыз жанашырлары әдебиетшілер мен журналистер екені бесенеден белгілі. Бірақ сана-сезім бұл қағидалармен шектеліп қалмайды. Егер басқа көзқараспен қарайтын болсақ қыбырлағаннан бастап ұшқан затқа дейін адамның қолынан шыққан дүние. Бұл теория адамның сана-сезімі әрқашан дамып отыратынын дәлелдейді. Қазіргі ХХІ ғасырдың ойлау тәртібі техникалық жабдықтардың, білімнің дамуына байланысты өзгерісте. Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Олардың сана-сезімі мен жүріс-тұрысы, дүниетанымы заман талабына байланысты өзгеруде. Қазіргі заманның экономикасына байланысты жаңғыруда. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бұл - тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық құжатында сана-сезімнің өзіндік бір бөлігі бар. Құжатта жазылғандай сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігі бар.

«Емен» - ең берік ағаш. Өзге ағаштардың жапырағы күзде-ақ, түсіп қалады, ал еменнің жапырағы қыста да бүлк етпейді, тек келесі көктемде - бұтақтарында жаңа жас бүршіктері жарғанда ғана оларға орын босатып, жерге құлайды. Махаббат та осыған ұқсайды - өшсе де орын бермей қоламталанып жатып алады, оны жалынды жаңа махаббат қана тықсырып шығара алады. Махаббат гүл бақшасының жаңа ашылған гүліндей түрлі түсін өзімен бірге ала келіп, бояусыз болған адам өмірін реңді түске боялады. Махаббат жайлы жырламаған жыршы, тебіренбеген ақын жоқ шығар.

«Бір кем дүние» ой-толғауының екінші бағыты - рухани дүние мен өмір. «Багира - қара қабылан», «Ауылды аңсау», «Аңсау»

Шерхан Мұртазаның табиғатқа деген жануарға деген махаббатты жайлы болатындықтан осы бағытқа кірді.

«Багира - қара қабылан». Жануар - адам досы. Адамзаттың өмірінде жануарлардың алар орны ерекше. Жануарлардың берер пайдасы мен сыйлайтын достығы табиғаттың адамға берген сыйындай. Бұл әңгіменің басты кейіпкері мысық. Мысық - Пайғамбардың сүйіктісі, қабылан ұрпағы. Негізгі ой достық пен махаббат. Өмірде қатал Шерхан Мұртазаны басқа қырынан тануға болады. Ол мысықты өзінің кітабына бостан бос арқау еткен жоқ, мысық оның жүрегінің ауыратынын сезгендей кеуде тұсында ұйықтау автор мен мысықтың арасындағы байланыстың ерекшелігін білдіреді. Бірақ мәңгілік ештеңе жоқ, бар мысық жоқ болды. Ол иесінің ауруының жарты бөлігін ала кетті де ерте достықты үзді.

«Ауылды аңсау». Туған жерге деген махаббат адам жүрегіндегі өшпес махаббат. Адам баласы дүние есігін ашып, жарыққа шыққан соң үйі мен бауырларын, түгел айналаны ақырындап тани бастайды. Оның таңда атқан күні мен батқан түніне дейін еске сақтап, жүрегінің ең сенімді жеріне сақтайды. Өсе келе оның тұнық ауасын аңсайтын күйге жетеді. Жүрекке жақын тұрған жерді әр адам баласы өзінің туған жері, атамекені, алтын бесігі деп біледі. Ауылға деген махаббат адамның ең ыстық, ең тәтті сезімі. Жалаң аяқ шөпті де, жерді де, суды да кешетін, жерге аунап, таза ауаны жұтып, жаңбырына шомылып таңнан кешке дейін жүгіріп жүретін ауыл тынысы адамның ерекше естелігі. Осы туған жердің топырағына дейін ыстық тартып, барар жолда сағыныштың жетегінде еріп, асықтыратын ауыл тынысы, ертеден шапса кеште озған, ылдидан шапса түсте озған жазушылар мен ақындардың кітаптары мен өлеңдерінде арқау болған махаббаты. Бабаларымыз осы туған жерді көзінің қарашығындай сақтап біздің бүгінгі жеріміздің кең байтақ екеніне мақтануымызға жағдай жасау үшін талай қан төкті. Жаңғырудың бүгінгі басты бағдарламасы болып табылады. Рухани жаңғыру тұсында «Туған жер» бағдарламасының да маңыздылығы арта түседі. Қазақ елінің әр өңіріндегі сайы мен қыры, тауы мен жотасы, даласы мен қаласы терең тарихтан сыр шертеді. Ал, ел жастары олардың әрбірінен хабардар болуы тиіс. Себебі, өз тарихына терең бойлай алған ұрпақ қана Отанына адал, жауапкершілігі жоғары азамат болып өседі. Балалық шағында көп зардап шегіп, жетім қалған Шерханның әкесі

де, досы да ауылы болған. Сол себепті ауыл Шерхан үшін ерекше ыстық. Сол себепті кейбіреулері ызақор болып өсіп, осындай әділетсіз жолдарды, қатал талаптарды таңдайды.

Сонымен қатар, «Бір кем дүние» кітабы тұшымды ойлардың тізбесі. Бұл бағытта қаралатын әңгімелер - «Тарлан Тахауи», «Шын шығарма», «Оспанханның жауабы». Бұл тамаша нәрсенің аты-өнер. Өнер - әр адамның бойындағы белгілі бір құдірет күші секілді. Кейде өмірден түңілген кездерде немесе көңіл-күй түсіңкі болған жағдайларда, қолыңа гитара алып, бір шерткеннің өзі, сол басыңнан өткен көптеген ауыр кезеңдерді титтей болса да ұмытуға мүмкіндік береді. Ал оның өзі қандай керемет дүние. Адамның бойындағы дарын, талант деген осы. Бірақ өнер ол тек қана белгілі бір аспапты игере білу дегенге шектеліп қалмау керек, өнер - жан-жақты болады. Адамгершілік қасиетті сақтап жүру, адамдармен жақсы қарым-қатынаста болудың өзі, тіпті ауыр хабарды біле тұра, өзге жанға жеткізудің өзі - өнер. Сондықтан да өнер - менің өмірімнің үлкен бір бөлігі.

Талант - бір әрекетті творчестволықпен орындау мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қабілеттердің ерекше қиысып келуі. Көптеген зерттеулер мен тәжірибелер көрсеткендей, дарындылықтың дамуы қандай да болмасын дамудың бір кезеңінде тоқталып қалуы, ал кей жағдайларда тереңдетілетіндігін көрсетеді. Дарынды балаларды тәрбиелеу мәселесінде олардың жаратылыстарына баса назар аудару шарт. Өйткені ұлы Абайдың жетінші қара сөзінде айтылған ойлар адам табиғатының жаратылысы туралы пікірді қуаттай түседі: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Іһәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген».

Абайдың бұл сөздері канада ғалымы Д.Хебб жүргізген зерттеулер нәтижесін қолдай түскендей болады. Конфуцийдің

«Естігенімді - ұмытамын, көргенімді есте сақтаймын, өзім істегенімді меңгеремін» деген ұстанымымен өзара ұштасып жатыр.

Дарын иелерін айқындау, талантты адамдардың білімін жетілдіру, болашағына бағыт беру - тәуелсіз еліміздің көркеюінің кепілі. Өйткені талантты, дарынды адамдардың мемлекетімізге қосар үлесі де орасан зор. Әрбір адамның жүрек түкпірінде бір сиқыр бар секілді. Бұл ғажайып сырға толы сандықта неше түрлі армандар, мақсаттар бар десеңші! Ал бұл сандықтың ең түбінде немесе кейде жарық жұлдыздай алға шоқ етіп шығатын бір нәрсе бар.

«Тарлан Тахауи». Қазақ әдебиетінің дүлділдері сөзге бай, дес бермес шешен. Олар тек өз салаларын жетік біле қоймай, тарихтың нағыз тарихшыларынан кем түспейді. Жазылған очерктер, пьесалар, шығармалар мен кітаптар тұнып жатқан бай әдебиеттің маржан сөздері мен тарих. Тек тарихпен үндесіп қана қоймай саясаттың да нағыз саясаткерлері. Әрбір жазушы өзіндік характеризммен және жазу мәнерімен ерекше көзге түседі. Үлкен өнерде өзіндік үн, өзіндік кескін-кейіпті иелену - қиынның-қиыны. Шығармаларының санымен емес, әсіресе сапасымен қалың оқушының көзіне көп ілініп, жүрегінде ұялап отыратын, коммунист жазушы Т.Ахтанов. Т.Ахтанов әдебиетте өзіндік бетін ашқан, өз тақырыбын, өз машығын тапқан жазушы. Өйткені ол әдебиетке даңғаза дау-дамайды малданып, тұқшаң-тұқшаң қағаз шимайлап, мал табуды мақсат тұтып келген жоқ. Ол әдебиетке қан-қасіреті мол, соғыстың сыз окоптарынан келген ұлы майталман жазушы.

«Шын шығарма». Мұхтар Шаханов нағыз туынды деп тапқан жазушы Короленко. Ол оның «Соқыр музыкант» атты кітабынан алған әсерін қысқа да нұсқа осы әңгімеде баяндайды. Ол өзінің туындысын да бұлай керемет деп тапқан емес. Бұл Шерханның жомарттылығы деп тануға болады. Басқаларды бақытты ете отырып, адамдар өзі де бақыт табады дегендей Шерхан Мұртаза да өзгелердің туындысын ұсына жүріп, өзінің туындысы да керемет екендігін дәлелдеді.

«Құнықпа»

Алтын өзі тотықпайды,

Адамдардың жанын тотықтырады.

Бір кем дүние.

«Оспанханның жауабы». «Тәтті айтқанда, бал тамған, ащы айтқанда, қан тамған» айтқыш ділмарларымыз қазақта көп болғаны,

олардың қанымызда бар болғанына дәлел шешендердің үлкен дауды бір-ақ ауыз сөзбен шешетіндігі. Сөйлеуде ең жақсы қасиет-ой-пікірін қиысқа әрі дәл айтып жеткізушілік. Бұл осы айтылған әңгіменің басты идеясы.

«Адал мен арамның таразысы». Адалдық - адамгершіліктің аса маңызды талаптарының бірін бейнелейтін моральдық қасиет. Ол шыншылдық, әділдік, принциптілік, мойнына алған міндеттемелерінен жалған сөйлеп, жалтармаушылық, уәдесінде тұрушылық сияқты қасиеттерді қамтиды. Арамдық-моральдық қасиеттің адалдыққа қарама-қарсы кесапатты түрі. Оған алдау-арбау, суайттық, жымысқылық, ұрлық, опасыздық, екі жүзділік сияқты жаман қылықтар жатады. Бұл өмірде барлығы қарама-қарсы. Аққа қара, адалдыққа арамдық, күнге түн. Табиғат заңы жаратқан қарама-қарсылықтың таразысы әрқашан болады.

Әр істелген істің өз жауабы болады. Адамның рухани дүниетанымы кең болса дүние тым қатыгез болмас еді, адамдар ашкөздікке бой алдырмас еді.

«Асыранды кірпі» әңгімесінің негізгі идеясы парасат, аяушылық. Парасат - жеке тұлғаның қадір-қасиетін, кісілік кемелділігін білдіретін жиынтық ұғым. Терминологиямызда парасат сөзі орыс сөздіктегі рузум атауының орнынан алынып жүргенімен, олардың мағыналары барлық уақытта бірдей бір-біріне сәйкес келмейді. Парасат сөзін көбінесе оң-солын танитын ересек адамдар қолданады. Бұл парасаттылықты әңгіме барысында байқауға болады. Жан-жануарларды асырап, оларды өзінің баласына кем көрмейтін есті кісілер көптеп кездеседі. Олар парасатты адамдар. Себебі, жануар тұрмақ адамды асырап алмайтын, тіпті оларды көрінген жерге тастап, ата-анасын қарттар үйіне өткізетін адамдардың арасынан қараусыз қалған жануарды да бауырына басқан парасатты адамдар халықтың ішінен кездескені оған аяушылық танытуы тәрбиелі-тәртіптің құлы болған асыл жандар.

Рухани жаңғыруды имандылықтың бастауы ретінде қарау төменде талқыланатын туынды үзіктерінде өзінің өзектілігін, болашақ ұрпаққа деген жанашырлық келбетін көрсететін тарау.

Қайдан...

Кедейді бай, азды көп қылған патша данышпан.

Бір кем дүние.

«Дуананың жирен қасқасы». Қасиетті қарт Қаратаудың қойнында Қарағай деген байдың тоқсан тоғыз (99) жирен қасқа тұлпарлары болыпты. Қанша дәулет бітсе де бай қуанар егізге дегендей, байкем сол сәйгүлік жирен қасқалар жүзге жетсе екен деп армандапты. Бірақ, Құдайдың құдыреті, биелері қайтып жирен қасқа құлын тумай қойыпты.

Сондай күндердің бірінде бай ауылына ел кезген бір дуана келе қалады. Қараса, астындағы аты жирен қасқа! Бай жігіттерін жұмсап, дуананың атын тартып алады. Бұдан асқан қорлық, бұдан асқан сорақылық бола ма?!

Сөйтсе, дуана - жай дуана емес, қызыр шалған әулие кісі екен, таудан арқырап аққан асау өзенді бөгеп тастап, жирен қасқасымен өрге шапшып, бай ауылын қарғап кетіпті. Бай дәулеттен айырылып, қайтып мал-мүлік құтаймай қойыпты.

Тоқсан тоғыз жирен қасқа хикаясы осылай аяқталған деседі. Біреуі-ақ жетпеген,- өмірмен өлшенбейтін дүниенің көлемі емес сапасы, болашақ ұрпаққа сыйлайтын несібесі тек әр адамның өз іс-әрекетінің жемісі. Деген ойлар байлық пен білімді, бақ пен дәулетті қатар қойып таразы басына қойып өлшетеді. Дегенмен әркімнің өз таңдауы, өз жолы бар. Адал жолдан айнымаған абзал.

«Нысап».

Кедей - бай; бай - Құдай болсам дейді.

Нысапсыздық жаман.

Бір кем дүние, - бұл да дүниеқоңыздықтың әдеби көрінісі.

«Құдырет».

Бидайын алып, сабанын қойған Құдай.

Жақсысын алып, жаманын қойған Құдай...

Бір кем дүние, - бұл пенденің бұ дүниеде қонақ, бес күндік фәнидің қызығы мен пәлсапасын үйрену мектебі екенін суреттегендей.

III. Мұртазаның «Бір кем дүние» атты еңбегі елдің рухани жетілуіне, сана-сезімнің дамуына, елдің өмірге деген көзқарасын түзетуге көмектеседі. Санада жаңғырып, селсоқтар мен енжарларды ұйқыдан оятады, бойкүйездерді сілкілейді. «Шерхан Мұртаза қаламынан туған дүниелер - заманға ерекше өтімді, дәлелді, өмір шындығын дөп басатын, алдына қойылған проблемаларды үлкен жауапкершілікпен, терең талдау жолымен көтере білетін, көп кеселді кінәраттарға кінәлілерді бетің бар, жүзің бар демей осып айтатын, ойға бай, сөзге шешен сарала көсем».

Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл - өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі.

Әрбір мүмкіндікті жібермей дәл қолдана білу және сонымен қатар табиғат заңдылықтарын да орындау, өмірдің бар тұстарын қарастыру адамзаттың негізгі міндеті.

Сол аталып отырған жан дүниені тербететін сезімдердің бәрін жас ұрпақ санасына жүйелі ендіру шындыққа рухани сананың ашықтығымен қарауға бағыттау тек көркем туындылардың философиялық ұшқырлығы мен болашақ ел басқарар ірі тұлғаларды буыны қатпаған жас шыбық кезінен әр нәрсеге анық тіке қарап оның алдын алуға болатынын дәлелдегендей осы кітап. Қазақ атамыз «Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны алады» дейді емес пе? Осы тұста Будданың «Бір кірген өзенге екінші рет кіре алмайсың» деген сөзін келтіруге болады. Бауыржан Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деген ұлағатты сөзімен қорытындылауға болады.

Енді тағы да бір-екі әңгімесінен мысал келтіре кетейін:

Бір кем дүние... орны толмас өкініштер... Кітапты оқып отырсақ, жазушы көңілінде олар көп-ақ. Бірін бұрыннан да ептеп білетініңді байқасаң, бірінен мүлде хабарың жоқ екенін сезесің.

«Апырай» дейсің аңтарылып. Осы кітапты естияр ұрпақ қолына алып, ойланып-толғанар ма еді деп ойлайсың. Осыдан келіп бұл шығарманы ойтолғау деуден басқа амал бар ма?! Ойланып-толғанған жас ұрпақ орны толмас өкініштердің орнын толтыруға аянбай қызмет жасар ма еді деп те үміттенесің кейде. Жазушының осы еңбекті жазудағы мақсаты да, үміті де осы ғой. «Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ», - деп өз-өзімізді жұбатқанымен қазақтың жайбасарлығы мен кеңдігі өзіне таяқ боп тиіп жататынын ойланатын кез келген де сияқты. Шерағаңның қуатты ойтолғаулары осыған бастайды.

«Бұл толқу сонда не толқу? Депутаттардың басым көпшілігі кешегі өз шешіміне қарсы шыққаны қалай? Жоғарыда Ататүрк айтқан ұлттық қасиеттердің мүлде адал болғаны ғой... Міне, бұл нағыз қасірет. Бір кем дүние».

Шерағаңның «Бір кем дүниесі» арманға толы, асыл ағалармен бірге өткен күндерін сағынып, қысқа қайырыммен олардың жарқын бейнесін көз алдына келтіреді, қан қақсатқан кешегі заманның кайғысын бүгінгі ұрпақ ұмытпасын, ұлтым сабақ алсын деп зарлап айтады, жұтып қойған асыл тұлғаларын іздейді, олардың басына дұға оқып, ең аяғы бас иетін орынды да бұйыртпаған тотолитарлық жүйенің қаныпезерлігіне күйінеді. Кітапты оқи отырып, мына өмірдің соншалықты аумалы-төкпелі екенін сезесің. Жазушымен бірге мұңаясың, күйінесің. Бірақ қолдан келер шара жоқ.

Қаламгердің әңгімелеріндегі кейіпкерлер, негізінен, оқшау көзге түсе бермейтін қарапайым ғана азаматтар болып келеді де, сосын кесек қимыл мен әрекеттің иесіне айналып кетеді. Жазушы адамның өз бойында, адам мен адам арасындағы болып жататын сезім иірімдері мен шарпылыстарын суретке түсіріп алғандай дәлдікке ие болады. Шынайы жазылған шығармада жазушы өз заманының ой-арманы мен рухани тебіреніспен оқырман көңіліне қозғау саларлықтай етіп, өзінше қырлап та, сырлап та береді. Сондықтан да, оқырман мұндай шығармаларды жазушымен бірге жаңадан ашқандай сезімде қалады. Жаңа ой түйіп, тың байламдарға келеді. Сондай әңгімесінің бірі - «Түйені түгімен» жазушы сұрақ қойды. Оның жауабын іздейтін - оқырманның өзі. Ойландырды - толғандарды. Міне, бұл да жазушының тәлім-тәрбиелік идеяны мазмұндауының жеке ерекшелігі.

Бұл келтірілген мысалдардан Шерхан Мұртаза жазу мәнеріндегі ешкімге ұқсамайтын шеберлік пен ықшамдылық, аз сөзге көп мағына сыйдыра алатын ауқымдылық, ойды қос қабатты астармен әдіптейтін суреткерлікті аңғардық. Бұл да - жазушы шығармаларындағы тәлімдік толғамдардың астарлы берілу ерекшеліктеріне саналады.

Енді келесі бір әңгімелерінен өз оқырманы керек кезінде ойландырады, керек кезінде шамдандырып, намыстандырады, керек кезінде жігерлендіріп, керек кезінде қанағаттандырады. Жалған дүние - Шерағаңның кем дүниесінің бірі. Кейбір шағын әңгімелерінің түйіні халық арасында мақал-мәтел ретінде жиі айтылады. Әңгімелерінің берілу, мазмұндалу ерекшеліктері сан

алуан. Олардың ішінде теңеу де бар, эпитет де бар. Бұнда артық сөзге титімдей де орын жоқ. Автор дәл, шымыр, қысқа қайырып жазуға ұмтылған. Әсіресе, жазушының елдің қамын суреттеуінде екінің бірі біле бермейтін терең дүниетаным мен жалпылық бар.

Бір жақсысы, жазушы кез-келген мәселені ұзақ сонар баяндауға, білгенін тықпалауға айналдырып жібермейді. Сол сәттегі кейіпкер ортасының жанды да көркем бейнесін ашатын деталь ретінде ұтымды қолданады. Міне, осындай нақтылық пен ықшамдылықтың өзі автор қаламының даралық сипатын байқатады.

Әрбір ұлттың генофондының негізі – танымал тұлғалардан тұрады. Ұлттың ақыл-ойын, парасатын құрайтындар да осы топ, яғни тұғырлы тұлғалар. Олар – заманның желінен ықпайтын, шындықтан қашып бұқпайтын, сабыры үгілмейтін, ұсаққа үңілмейтін, көкірегі сыр-сандығын пендешіліктен таза ұстайтын, өнерді өрістетіп, ғылымды өрге сүйрейтін ерекше талант иелері. Тұлғалар – өмір-өзен қалай тулап жатса да, уақыт қандай өзгеріске түссе де арнасынан аумайды, тарихтың тамырын дәл басады. Ел басына күн туып, бағытын таппай жаңылғанда ең алдымен тұлғаларын іздеп табатыны, үлкен үміт артатыны да сондықтан болса керек.

Сындарлы саясатымен еліміздің жарқын болашағын бастаушы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та үнемі руханият ісін алға өрлеткен ұлы тұлғаларымызға тағзым етіп келеді. Жүргізілген мәдени реформалар мен рухани өзгерістер еліміздің тарихи-саяси қайраткерлерінің өмірі мен өнегесін ұлықтап, ұлттық кеңістіктегі дара қызметтерін кейінгі ұрпаққа аманаттауды басты мақсат етуде.

Әрине, ұлы тұлғалар ұлттық болмысымыз бен елдігімізді сақтау жолында қай істе де жанын аямай, жан ынта-ықыластырамен қызмет ете білген. Осындай тұлғалар қатарында абыз жазушы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның да орны өзінше дара, өзінше дана.

Кесек тұлға, кенен дарынның шығармашылығы мен қайраткерлігі турасында аз жазылып, аз айтылып жатқан жоқ. Десек те, осы бір кітаптың орны тым бөлек. Бұған дейін «Бір кем дүние» кітабының бірінші кітабы жарық көрген болатын. Ал, 2016 жылы «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығының даярлауымен жарыққа шыққан 2-кітап – соның жалғасы, жазушының әбден

кемеліне келген жастағы шығармашылық серпінінің соңғы жолдары.

«Бір кем дүниенің» алғашқы кітабы оқырмандар назарын бірден бұрып, қолдан-қолға өтіп, қайта басылуға ұсынылды. Өйткені, кітаптың жанры да, жазылу мәнері де басқа, айтары да тым терең. Зерттеушілер «өмір философиясы» деп бағалаған кітаптағы әрбір шағын тәмсілдің шынында өскелең ұрпақ үшін ғана емес, әрбір адам баласына шертері соны, ойландырады, рухтандырады, тәрбиелейді.

Олай болса, ұлтымыздың бірегей тұлғасы, қазақтың Шерағасы атанған – Шерхан Мұртазаның 2017 жылы жарыққа шыққан «Бір кем дүние» кітабының жалғасы да қызығы мен қиындығы қатар жүретін өмірдің тылсым сырларын шертіп, өз оқырманын баурап алатыны даусыз. Әсіресе, өмірдің бұралаңы мен қалтарыс сәттерінен шиырланған тәмсілдердің еліміздің ертеңіне саналатын жастар тәрбиесіндегі маңызы ерекше деп ойлаймыз.

Сөз соңында «Бір кем дүние» кітабына енген шағын әңгімелерден түйсінген, жалпы жазушының оқыған шығармаларым бойынша жазып алған нақыл сөздерді келтіруді жөн санадық. Бұлардың әрбірі - тәлім-тәрбиенің ең ұясы деуге болады. Жазушы шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік толғамдардың берілу ерекшеліктерін осы бір шағын сөздердің өзінен-ақ түйіндеуге болады, яғни бірде астарлап келтірсе, енді бірде өз басынан өткерген тарихи оқиға желісінде, енді бірде аңыз-әңгімелерді келтіре отырып, енді бірде журналист ретінде қоғамның өзекті мәселесін тілге тиек ете отырып мазмұндайды. Бұған қоса, қазақтың Шерағасы атанған дана тұлға өзінің көркем прозалық туындыларында да негізгі идеялық мазмұнды көбінесе ұрпақ тәрбиесіне қарай бағыттаған.

«БІР КЕМ ДҮНИЕ» ШЫҒАРМАСЫ БОЙЫНША ЖАЗЫП АЛЫНҒАН НАҚЫЛ СӨЗДЕР:

1. Тіршілік деген жақсылық пен жамандықтың арпалысы.
2. Ақиқат - қасиетті сөз.
3. Темірді тат шірітеді, тат темірдің өзінен шығады.
4. Кіндікті ашу - абыройды ашқанмен бірдей.
5. Кітап - өмірсерік.
6. Сөйлеген адам - асыл тұқым сепкен адам, тыңдаған адам - жемісті жинаған адам.

7. Жетімдердің көп болуы - кесепат.
8. Бағындыру - оңбаған, жексұрын сөз.
9. Қылмысты қанша жасырғанмен, шындық шірімейді.
10. Қайғы-қасіретті кәусар жырман жуып кетіру - текті ақынның ғана қолынан келеді.
11. Адалдықтың қазығы - қанағат.
12. Алтын артқан есектің шықпайтын шыңы жоқ.
13. Адамға бала жастан керегі- Ұят. Ол туа бітеді.
14. Ең сорлы адам - имансыз адам.
15. Заң дегеніміз - өрмекшінің торы: әлсіздер тұтылып, әлділер құтылып кете береді.
16. Адамның ашқарақ көзі топыраққа ғана тояды.
17. Өзгенің көлеңкесінде тұрғанның өз көлеңкесі болмайды.
18. Көркем шығарма жүрегіне мұз қатқан адамның өзін жібітеді.
19. Бай баласы байға ұқсайды. Байланбаған тайға ұқсайды.
20. Қылыш шауып қазына кұрайды. Қалам қазына тауып, қайыр сұрайды.
21. Өз пайдаңды ойлама, ел пайдасын ойла. Өз пайдаң соның ішінде.
22. Тұғырына саңғыған сұңқар оңбас.
23. Жер - адамзаттың анасы. Құнарлы қыртысынан айрылған жер - бедеу.
24. Итті майлы сүйекпен ұрсаң, қыңсыламайды.
25. Бір қылмыс келесі қылмысты тудырады.
26. Аз сөйле, көп тыңда.
27. Батырдан - барымташы, Барымташыдан - ұры, Ұрыдан - қары, қарыдан бәрі туады.
28. Жұлдыздар - аспандағы жазулар.
29. Шаңырақ болмаса, шарана да болмайды. Құс ұя салмаса, балапан шығармайды.
30. Талантты сатып ала алмайсың.
31. Уақыт - мәңгілік. Мәңгілік басталмайды да, аяқталмайды да.
32. Өнер, әдебиет - рухани дүниелер тоқтаса, қандай да қоғам болмасын өледі.
33. Талантсыз топастар шошқа тікен сияқты. Гүлдемейді. Сүйкімсіз. Азабы өзгеге. Жамандық солардан.
34. Бетеге кетіп, бел қалар. Бектер кетіп, ел қалар.

35. Өнер - ұзақ, өмір - қысқа.
36. Мектеп қартаймайды.
37. Күран сөзін құрметте.
38. Бір Алладан басқа мәңгі ештеңе жоқ.
39. Өмір бойы өмір бойы әзәзілмен арпалыс. Әзәзілдің ең үлкені - арақ.
40. Құдайға сыйынған құстай ұшады. Адамға сыйынған мұрттай ұшады.

Қаламгер інісінің жазушылық жолын кезінде терең зерделеген аға жазушы Тахауи Ахтанов Шерхан Мұртаза жөнінде былай деп ой түйген: «Әдебиеттегі жолын ірілеу шығармалардан бастаған кейбір жазушылар ұсақ жанрға үйір бола бермейді және оған епсіздеу де болады. Шерхан әңгіме жанрында да жап-жақсы шеберлік танытқан. Бүгін де әңгіме жанрының да керегесі кеңейген заман.

Шерханның өзін ұнататын бір қасиеті - ол әңгіменің классикалық үлгілеріне бейім. Шағын әңгімеге тән шымырлық, оқиғаның қою һәм жинақылығы, ішкі мән, астар, новеллаға тән тосын шешімдер біздің осы ойымызға дәлел болса керек. Қай әңгімесін алсақ та бүгінді әдибиетіміздің көркемдік дәрежесіне көтерілген құнды дүниелер». Ал, ғалым Мұқашев Темірбай жазушының «Бір кем дүние» кітабы турасында: «Қай кезде де өз ұлтына сын көзімен қарау даналықтың белгісі. Бос мақтау, мақтану келешегімізді өрге жетелемейді. Мысалы қытай жұртында мынандай әңгіме бар екен. Қытайдың императоры сырттан келген елшінің шектен тыс мақтағанын көріп, уәзірлерін жинап: - Біз қай жерден мүлт кеттік, - деп сұраған көрінеді. Сонда бір уәзірі тұрып: - Билеушім, оны несіне сұрадыңыз, - депті. Император: - Жаңағы елші шектен тыс мақтап кетті ғой, - деген екен. Тәлімді әңгіме. Заманында небір қазақтың ғұламалары еліміздің сан кемшілігін сынап кетті. Мүмкін сол ғұламаларымыздың әділ сынынан кейін болар ұлттығымызды әлі күнге дейін сақтап келеміз. Ш.Мұртазаның «Бір кем дүниесі» сол ғасырлар бойы ата буын даналарымыздың сыншылдық дәстүрін жалғастыруға септігі тиер шығарма екендігі анық», - деп қорытады.

Жазушы өмірдегі ең басты мәселелерді өзінің өмірі мен басынан өткерген оқиғалары желісінде баяндайды. Тәрбиелік ойлар түйіндейді.

Шерхан Мұртазаның нақыл сөздері шын мәнінде өскелең ұрпақ үшін тәлім-тәрбие мектебі деп санаймыз. Өйткені:

Біріншіден, Ш.Мұртазаның нақыл сөздерінің тәлім-тәрбиелік маңызы зор. Өйткені, әрбір нақыл сөзінің өзі - жазушының өмірлік тәжірибесінен алынған, терең ізденісінің нәтижесі.

Екіншіден, жазушы нақыл сөздері түрлі тақырыптарды қамтиды. Оның әсіресе, ұлттық мәселелер, адамгершілік, өмір туралы сыр шертетін нақыл сөздерінде жазушының кең тынысы, шығармашылық тұлғасы кемелдене түседі.

Үшіншіден, жазушы Ш.Мұртаза нақыл сөздерін түрліше мазмұнда, енді бірде астарлап, енді бірде мақалдап, енді бірде нақты мазмұндап жеткізеді. Әсіресе, ел жайы мен тәуелсіздігімізді сақтау үшін, ел бірлігі мен татулықты насихаттайтын қанатты сөздерінің астары терең, мол сұранысқа ие.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ә.Кекілбаевтың «Ақырып теңдік сұраған» атты мақаласындағы «Неге екенін қайдам, оның даусын естісем болды, есіме Махамбет түседі: «Қарағайға қарсы бұтақ біткенше, еменге бір иір бұтақ бітсейші, қыранға тұғыр қыларға?! Ханнан қырық туғанша, қарадан біреу тусайшы, халықтың кегін қусайшы, артымыздан біздердің ақырып теңдік сұрарға!».

Ақырып теңдік сұрайтын сол «біреу» - осы біздің Шерхан Мұртаза бауырымыз ғой.

Бар бол, батыр-екесі!

Шал бол, Шер-ағасы!», - деген мақаласы бізге үлкен ой салды. Әбіш ағамыздың бұл мақаласы Шерағаның 60-жылдық мерейтойына байланысты жазылған екен.

Осы оқу құралының баспаға ұсынылуына шамалы уақыт қалғанда қаралы хабар алдық. Қазақ әдебиеті ауыр қазаға душар болды. Қараорман қазақтың қамын күйттеп, ұлттың ұлы сөзін сөйлеп өткен намыс найзағайы Шерхан Мұртаза өмірден өтті. Қазан айының қара суығында (9 қазан, 2018 жыл) келген бұл қаралы хабар бәрібір алып бәйтеректі құлата алмайды, мөлдір бұлақты суалта алмайды.

Ш.Мұртаза ақиқаттың алдаспаны, шындықтың шырақшысы болып өтті бұл дүниеден. Оның шығармалары да өзі сияқты тағдырлы еді. Ол дүниеге келген күні ел әдебиетінің басына тәж орнаған. Дүниеден өткен күні де сол талант тәжі тағынан түсе қоймаса керек.

Шерағаның қайсыбір шығармасын алып қарасақ та, ұлтының қамын ойлаған жанашыр жанның болмысы, суреткерлік тұлғасы көз алдыға оралады.

Ш.Мұртазаның ұлттық әдебиетіміздегі орны, суреткерлік тұлғасы айырықша болып қала бермек.

Түйіндей келгенде, қай жерде де – әдебиетте де, баспасөзде де, қиын да жауапты қайраткерлік, қоғамдық жұмыста да Шерхан Мұртазаның өз орны бар, қайталанбас, қайсар үні болды. Біз Шерхан Мұртаза бейнесінен қазақ халқының аяулы перзенті, елі үшін еңіреп өткен, халқы үшін қайраткерлік, күрескерліктің ұлы үлгісін көрсеткен Тұрар Рысқұлов тұлғасын танығандай боламыз. Ерліктер сабақтастығы үзілмесін, лайым...

Иә-ә! «Елге еңбегін сіңірген ер қымбат. Ердің елге бағасы қаны бір болуда емес, жаны бір болуда, қуаныш-қайғысы ортақ болуда. Ердің бағасы елге еткен еңбегінің зор яки кішілігінде емес, ел деген жүрегінің таза болуында, тілегінің елмен ортақ болуында» деген екен ұлы Мағжан. Сол айтқандай, осы замандағы елі дегенде жүрегі таза, тілегі бір азаматтың бірегейі – Шерхан Мұртаза бола білді десек елінің ерге берген лайықты бағасы болмақ.

ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНАН

«Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығының негізгі міндеттерінің бірі зерттеу жұмыстарын жүргізумен қатар, студенттер мен оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу болып табылады. Осыған орай, студенттерге Ш.Мұртазаның шығармалары бойынша курстық, дипломдық, магистрлік жұмыстардың және мектеп оқушыларына жазушы шығармашылығы бойынша ғылыми жоба тақырыптары ұсынылады, белгілі жазушылардың және жергілікті қаламгерлердің қатысуымен студенттерге арналған «Шерхан Мұртаза сабақтары» ұйымдастырылады. Облыстық әдеби «Ш.Мұртаза оқулары» байқауы ұйымдастырылып өткізіледі. Осыған орай, байқау қорытындысы бойынша орталық қызметкерлерінің кеңесімен жазылып, үздік деп танылған ғылыми жобаларды оқулыққа енгізуді жөн көрдік.

Ғылыми жоба тақырыбы: Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы әйелдер бейнесі.

Авторы: Қ.Сұлтанбеков атындағы шағын орталықты орта мектебінің 11 «А» сынып оқушысы Алтынбай Зәйтүн Мұратбекқызы

Мазмұны:

Кіріспе.

Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы әйелдер бейнесі

Негізгі бөлім:

1. Қазақ әйелінің қасиеттері.
2. Қазақ әйелінің есімі.
3. Романдағы «қазақ әйелі» концептісіне қатысты киім атауларының мәдени мәні.
4. «Қазақ әйелі» концептісіне қатысты қолөнер, тамақ атауларын білдіретін мәдени бірліктер.
5. «Қазақ әйелі» концептісіне қатысты зергерлік бұйымдардың мәні.
6. «Қазақ әйелі» концептісіне қатысты топонимдердің ұлттық сипаты.
7. Әйел және ана тілі қарым-қатынасының ұлттық мәні.

8. Қазақ дүниетанымындағы «әйел» концептісінің көрінісі.
 9. «Қазақ әйелі» концептісіне қатысты салт-дәстүрлердің ұлттық сипаты.
 10. Көркем мәтіндегі «қазақ әйелінің» сұлулық бейнесі
 11. Мифтік танымдағы «қазақ әйелі» концептісінің көрінісі.
- Қорытынды.
Пайдаланылған әдебиеттер.

Кіріспе.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Мәңгілік тақырыптардың бірі - әйел мәселесі қазақ әдебиеттануында көркем шығармалардағы әйел бейнесіне қатысты зерттеулерде кездеседі. Шын мәнінде, қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы күресте елдігін ерен еңбегімен, асқан парасатымен, шексіз шыдамдылығымен және сүйіспеншілігімен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына ақ сүті арқылы, бесік жыры мен туған тілі арқылы сіңіре білген әйел-аналар аз емес. Қазіргі таңдағы ана тілінің тағдырында да, бүгінгі мен ертеңінде де бағзы замандардағыдай аналардың алатын орны, атқаратын рөлін көрсету мен жаңғыртудың мәні ерекше. Алайда қазақ халқының ұлттық дүниетанымына сәйкес қазақ мәдениетіндегі әйелдің шынайы орнын тіл арқылы таныту, жаңаша зерттеп-зерделеу міндеті толық шешілген жоқ. Осымен байланысты ұлттың болмыс-бітімі, дүниеге көзқарасы мен рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес әйелдің өзіндік табиғатын, қоғамдағы, отбасындағы әлеуметтік қызметімен сабақтас анықтау мәселесін жазушы Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы әйел концептісі арқылы дәлелдеудің мәні ерекше. Оның өміршеңдік сипатына сәйкес қазіргі қазақ қоғамындағы «қазақ әйелі» концептісінің даму, жаңару үрдісін анықтау зерттеу жұмысының негізгі ұстыны болып табылады, әрі оның өзектілігін де айқындайды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қазақ әйелінің қоғам өміріндегі, ұлттық мәдениеттегі рөлі мен орнын, оны сипаттайтын тілдік деректерді айқындау, *әйел концептісінің* мазмұнын аялық білім деңгейі тұрғысында түсіндіру. Аталған мақсатты орындауда алға қойылатын *міндеттер*:

- «қазақ әйелі» концептісін зерттеудің негіздерін айқындау;
- Қазақ әйелінің концептілік аясын сипаттау;

- романдағы шындық өмірді, мифологиялық жүйедегі, топонимдердегі, т.б. «қазақ әйелі» бейнесін сипаттайтын деректерді концептілік жүйеде жинақтау;
- *қазақ әйеліне* қатысты тұрақты тіркестер, теңеу, метафора, символдардың мазмұнындағы концептілік өрісті анықтау;
- «*қазақ әйелі*» *концептісін* әлеуметтік сипатта көрсету;
- *қазақ әйеліне* қатысты дәстүрдің этномәдени сипатын түсіндіру.

Зерттеу пәні: Жазушы шығармасының көркемдігін, жанрлық сипатын әдеби-теориялық тұрғыда саралап қарастыру.

Тақырыптың зерттелу деңгейі: Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы Ұлы Отан соғысы жылдарында өмір сүрген әйелдер бейнесі арнайы зерттелген емес. Өз уақытының тынысымен ғұмыр кешкен жазушы - роман кейіпкері әрі әйелдер бейнесімен біте қайнасқан тұлға. Романның басты ерекшелігі, негізгі сипаттары «қазақ әйелі» концептісі тұрғысында жан-жақты ашылды.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Халық ауыз әдебиеті мұралары, жазушының көркем туындысы, фразеологиялық, түсіндірме сөздіктер, тарихи-этнографиялық, мифологиялық деректер, мерзімді баспасөзден алынған тілдік деректер.

Зерттеудің ғылыми-практикалық мәнділігі: Зерттеудің нәтижелерін этнос тарихын, ұлттық дүниетанымды, ұлт мәдениетін тіл арқылы танытуға арналған дәрістерде, көркем мәтінді талдауға қатысты арнайы курстарды жүргізуде, вариативтік бөлімдегі пәндерді оқытуда қолдануға болады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Қазақ халқының танымындағы "*әйел*" *концептісіне* қатысты атаулар, қазақ әйелдерінің таным-талғамын, көзқарасын, сезімін, психологиясын, сан иірімді ерекшеліктерін тануға, қазақ мәдениетіндегі орнын айқындауға мүмкіндік беретін тілдік бірліктер, халық ұғымында қалыптасқан ұғым-түсініктер мен жазушы романындағы шындық өмірді, мифологиялық жүйедегі, топонимдердегі, т.б. "*қазақ әйелі*" *концептісін* дәлелдейтін деректер жүйелі түрде сөз етілді, талданды.

Зерттеу кезеңдері: 2016 жыл жазушы шығармасын оқып талдау. 2017 жыл жинақталған пікірлерді тұжырымдау, бір жүйеге келтіру.

Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы қазақ әйелінің бейнесі

Адамзат тарихындағы іргелі түсініктердің қатарында «*әйел-ана*» ұғымының бар екені белгілі. Қазақ халқы біздің дәуірімізге дейін Тәңір дінінде болған дәуірде де ананың, әйелдің орнын жоғары бағалаған бабаларымыз әйелдің пірі - Ұмай ана деп сыйынған. Ұмай ананы күн нұрынан жаратылған деп күнге балаған. Тіршілікті күнсіз болмайтын пәлсафасын ұғынған халық ел басына түскен қиыншылықтарда да мерекелі-тойлы қуаныштарында да Ұмай анасына сыйынуды бірінші орынға қойып отырған. Рухани байлығымызға зор үлес болып қосылған қаламгердің асыл мұрасының тамыры да Ұмай анадан тараған Айша анасының шексіз еңбегін перзенттік тұрғыда бағалай білген жазушы Шерхан Мұртаза шығармашылығының шыңы болып табылады. «*Әйел-ана*» философиялық толғанысы жазушының балалық шағының мұхитынан ойлы да мұңды, сыршыл да міншіл азаматтық пікірі болып отырған «Ай мен Айша» романы жемісті еңбегінің жалғасы іспеттес. Романнан туған халқының арлы азаматтарының, асыл аналарының толқу-толғанысын, қасіретті, қайғылы өмірін, өмір дауылына мойымайтын қайсарлығы мен қайырымдылығын, сезім байлығын, ой ащылығын тануға болады.

Арнайы зерттеу жүргізген ғалымдардың пайымдауынша, ми жасушаларының қызметі ана құрсағының өзінде-ақ біздің ойлау жүйеміз бен мінез-құлқымыздың сипатын айқындайтын етіп ұйымдастырылған. Сол себепті, о баста дүниеге бала әкелу, ана болу үшін жаратылған нәзік жандар қандай жағдайда да өзінің аналық табиғатынан жырақтай алмайды

Қазақ әйеліне тән қасиеттер.

Көркем мәтінде көрініс тапқан ұлттық сипаттағы оқиғалардың мән-мазмұнын саралай келе, тілімізде жиі кездесетін тілдік элементтерді қолдану басымдылығына орай **ер кісілерге, әйелдерге тән және ортақ қасиеттер** деп бөлуге болады. Мысалы, ер адамдар қарым-қатынасында «*малдас құрып отыру*», «*төс қағыстыру*», «*қамшы тастау*», «*мұртынан күлу*», «*сақалын шошайту*», «*сақал-мұртын сипау*» т.б. ишараттары жиі көрініс берсе, ал «*бетін шымшу*», «*шашын жаю*», «*шашын жұлу*», «*орамалын бұлғау*», «*қос бүйірін таяну*», «*ернін сылп еткізу*» т.б. әйелдерге тән қасиеттер болып есептеледі. Ал «*қол бұлғап шақыру*»,

жағасын ұстау, «басын изеу», «мұрнын шүйіру» сияқты ым-ишарат түрлері ортақ болып келетіні анық.

Ері, баласы, жақыны, туысы қайтыс болған әйелдің қара жамылып, жоқтау айтуы - халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрі. Қайғы-қасіреті мен шерлі көңілін жақынын жоғалтқан әйел *бетін жырту, бетін тырнау, шашын жаю, шашын жұлу, қос бүйірін таяну* сияқты амалдар арқылы білдіріп, қайтыс болған ерінің, баласының, туысының жақсы, асыл қасиеттерін жоқтау жырына арқау еткен. Ертеде көптеген халықта қатты қайғырғанда, бетін тырнап, айғыздаумен бірге шашын жұлып немесе тақырлап алып тастайтын дәстүр болған. Кейбір тайпаларда ері қайтыс болған әйел бұрымын кесіп, күйеуіне деген адалдық белгісі ретінде оны күйеуімен бірге жерлеген. Аталған амалдың қазақтың жоқтау жырларын айтқанда қолданылуы сол кезден қалған болуы керек: «*Бұл, сірә, 1940 жылы болар. Алыста, беймәлім Сібірде, Мұртаза қайтыс болды деп қара хабар келген жыл. Айша бетін айғыздап, қара жамылған жыл*» [5.21].

«*Қазақ әйелі*» *концептісіне* қатысты амалдардың ең көп тарағаны – «*ернін сылп еткізу*», «*аузын сылп еткізу*» сияқты тұрақты сөз тіркестеріне сай келетін ым-ишараттар. Олар көркем шығармадағы кейіпкерлердің таңырқау, жақтырмау сияқты эмоционалдық жай-күйлерін білдіру үшін қолданылады. Мысалы, «*Сонда айырбас па - немене өзі? — Айша ернін сылп еткізіп қойды*» [5.31.] Сонымен қатар көркем шығармада жиі қолданылатын «*ернін жымқырды*», «*ернін қымқырды*» ишараттары «*жақтырмау*», «*құптамау*» мағынасын, «*Айша бізге қабағын түйіп, астыңғы ернін жымқырады. «Алмаңдар» дегені*», [5.53.] «*ернін шүйірді*» менсінбеуді білдіреді, ал «*ернін тістеді*» бір жағдайда «*сөйлеме*» деген мағынаны білдірсе, енді бірде аталған мимиканы әйелдер *қиналғанын білдірмеу* үшін қолданады. *Айша астыңғы ернін тістелеп, басын шайқады. Айша басын тектен-текке шайқамайды* [1.170.] Сондай-ақ «*жаулықтарымен көзін сүрту*», «*етегінен сүю*», «*ақ орамалын желпілдетіп қоштасу*» сияқты бейвербалды компоненттер де қазақ әйелдеріне қатысты. Қазақ әйелдеріне ғана тән «*бет шымышу*» ишараты қазақтың ұлттық мәдениетінде ұялудың нышаны, ерсі қылықтан шошыну белгісі болып табылады. Қазақ әйелдері өздерінің қатты таңқалғанын «*сұқ саусағымен бетін бір сызу*» ишаратымен де білдіреді: «*Ойбу, ұяттағы-ай,- деп, Шоқай*

ана бетін шымшыды. - Апталдай бригадирді ұрып қорқытқаныңа қарағанда, мен сені есі кіріп қалған ересек десем, әлі бала екенсің зой.»[1.205]

Қазақ әйелінің көңіл-күйі, сезім әлемі, ішкі дүниесі нәзік болуымен бірге шытырманға толы, аса күрделі. Әйелдерде бейвербалды белгілерді олардың ұсақ-түйегіне дейін бірден байқап, тез арада айтылмақ ой мен емеурін, ишараны шешетін туа бітті қабілет ерекше дамығанын жоғарыдағы деректер де растайды.

Әйелдердің гендерлік сипатына, әйел адамдардың болмысындағы ойлау жүйесіне көбінесе адамгершілік, ізгілік, жылылық, күнделікті күйбең тіршілік жақын да, ер адамдардың болмысындағы ойлау жүйесіне ерлік жасау, батырлық көрсету, кәсіппен шұғылдану т.б. жақын болатыны белгілі.

Қазақ әйелінің есімі

Өмірде адамдардың азан шақырып қойған есімдерімен бірге оның жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, сыртқы кескін-келбетіне, істейтін кәсібіне байланысты жалған атаумен ат қою көп халықта бар. *«Сен мені «Шоқай, Шоқай» дей бересің. Ауылдағы қатындардан естігенің зой. Менің атым - Бибісара. Шоқай менің елімнің, руымның аты. «Шоқай» деме, Бибісара де. Бибі ана десең де болады»[1.208.]* Ономаст ғалымдар лақап аттардың алғашқы қоғамның өзінде-ақ адамдардың дене бітімі мен сыртқы тұлғасына сай таңдалып қолданылғанын айта келіп, мәдениет пен қоғамның дамып, жазудың пайда болып, қалыптасуынан кейін, әсіресе фамилиялардың шығуынан соң олардың сирегенін айтады. Мысалы, *Сақау шешемнің Айымқыз деген әдемі аты бар екенін бұл кезде өзінен басқа ешкім де білмейді. Жарықтық келбеті келісті-ақ [1.136.]* Қолда бар материалдардан байқағанымыз, жағымсыз мағынадағы, әсіресе дене кемістігіне орай қойылатын лақап аттар ерлерге байланысты жиі ұшырасады. Қыздар мен әйелдерге қатысты ондай аттардың сирек қолданылуы қазақ халқының қызды «қонақ», ал әйелді «ана» деп ерекше қадірлегенінің айғағы болса керек.

Романдағы "қазақ әйелі" концептісіне қатысты киім атауларының мәдени мәні. Біз аталған тараушада тек *қазақ әйелі концептісінің* аясына кіретін кейбір киім үлгілеріне ғана қысқаша тоқталуды мақсат тұттық. Мысалы, қазақ қыздары мен тұрмысқа шыққан әйелдерінің бас киімдері мен шаш үлгілері қатты ерекшеленген. Этнографиялық деректерге қарағанда, әйелдер

шашын қос өрім етіп өреді де, ол екеуінің ұштарын біріктіру үшін *шашбау* тағады. Шашты олай өру - әйелдіктің белгісі, бұл - бүтіннің жартысы болғанды білдіреді. Ал қыздар шаштарын бір өрім етіп, ұшына *шолпы* тағады. «*Білектей-білектей қос бұрымы тілерсегіне түсер еді... Айшаның шашын тарасып, бұрымдарын өріп, шолпысын тағып береді екен*» [5.93.].

Киім кию үлгісі мен қимыл арқылы қазақ әйелінің киім кию ерекшелігі ғана емес, Бойжеткен қыз бен тұрмысқа жаңа шыққан жас әйелді, дүниеге сәби әкелген ананы, өмірден көргені мен түйгені мол салиқалы бәйбішені ата-бабаларымыз, ең алдымен олардың бас киімінен ажыратқан. Қыздар бастарына **үкілі тақия, кәмшат бөрік** киген. Қазақ әйелдерінің баскиімдері практикалық қызметінен өзге әйелдердің отбасылық жағдайының көрсеткіші болып табылған. Олар тұңғыш баласы, кейде екінші баласын туғанға дейін желек киген. Қазақ әйелдері тұңғыш баласын туған соң оның басынан **желегі** алынып, **кимешек** кигізіледі. Оның шылауышына төбелдірік, маңдайына бергек, түйреуіштер қадайды. Бірнеше балаға ана болған орта жастағы әйелдер көзге түсерліктей әшекейі жоқ **жалаң кестелі кимешек** киіп, **ақ жаулық (шылауыш)** тартады: «*Басынан дағарадай ақ күндігін алып тастады, кимешегін де шешіп тастады*» [1.123.]

«**Қазақ әйелі**» концептісіне қатысты қолөнер, тамақ атауларын білдіретін мәдени бірліктер. Күн көрісі төрт түлік мал болған соң, оның етін де, сүтін де, терісін де, жүнін де ысырап етпеген қазақтар оларды қалай тиімді пайдаланудың жолдарын білген. *Қазақ әйелдерінің* қолөнер туындыларының ішінде ең кең тарағаны - киім тігу. *Қазақ әйелдері* барды ұқсатып, тұрмысқа қажеттінің бәрін өздері дайындап алатын болған. Қыстың қытымыр аязында жанұясын тоңдырмау үшін қолында бар дүниені ұқсатып киімді тіге білу барша қазақ әйелінің қолынан келген: «*Әбіш атам көнетоз түлкі тымағының құлағын түсіріп бауын байлап алған. Тымақтай көне тоны бар. Аяғында байпақты пұшық калош. Мен де осал емеспін: Басымда Айша өзі тігіп берген ақ қоян құлақшын. Аяғымда Айша сыртын қара матамен сырып тіккен киіз байпақ. Үстімде сырмалы күпәйке. Сол сияқты құрап тігілген мақталы шалбар. Тері қолғабым тағы бар*» [5.70.]

«**Қазақ әйелі**» концептісінің этномәдени сипатын ұлттық тағам атаулары да танытады. Себебі, күн көрісі төрт түлікпен тығыз байланысты болғандықтан, аналарымыз оның сүтінен неше

түрлі дәмі аузыңнан кетпес тағамдар жасаған. Мысалы, уыз көже, құрт, ірімшік, ежігей, құрғақ сүт, көпіршік, ақ лақ, жент, талқан сияқты тағам түрлері қазақ әйелінің қолынан шыққан, қазақтың тұрмыс-тіршілігінен, өмір сүру салтынан, ұлттық болмысынан хабар береді.

Қоржынымда Қалтай апам, Шолпан апам салып берген жүгері нан, ежігей құрт, қауынқақ бар. [1.248.]

Кешке Айша ұрпиген үш балаға уыз пісіріп беріп...[1.72.] «Тары боза ... Әрі тамақ, әрі сусын, әрі шарап орнына жүреді» [1.106.] немесе ... бұрышта тұрған күбіні піспекпен пісіп-пісіп жіберіп, ағаш зерге ашыған көже құйып берді. Ашытқан жүгері көже екен, көзімді жұмып сіміріп салғанда, көзім шырақтай ашылып, қара көлеңкеде үйдің іші жап-жарық болып сала берді» [1.214.]

«Қазақ әйелі» концептісіне қатысты зергерлік бұйымдардың мәні.

Зергерлік бұйымның «қазақ әйелі» концептісіне қатысты зергерлік атаулардың мәнін ашуды ғана мақсат еттік.

Соның бірі ретінде қазақ қыздары мен әйелдері бұрынғы кезде *шолпы* мен *шашбауды* бұрымы тарқатылып кетпеу үшін таққан және ол этномәдени мұра. *«Айша Құрмаш екеуі қос бұрымды өріп болып, ұштарын баяғыдай шолпымен емес, жай көк шүберекпен түйіндеді» [1.95.]* Халық ұғымында «адам жанының бір ұшы шашында» деген түсінік бар. Соған байланысты «тарағанда түсетін шашты кез келген жерге тастауға болмайды, оны адам баспайтын жерге көміп тастау керек» деген ырым-тыйымның бар екені белгілі. Ал енді осы халық санасындағы ақпараттың кілтін ашу үшін белгілі бір білім аясы керек. Біз оның кілтін төмендегі берілген мәтін арқылы ашуға тырыстық: *«Әйел баласы шашын беталды тастамас болар, - деді Айша. - Тарақтан түскен шаш әлдеқалай отқа күйсе, о дүниеде балалары шырылдайды дейді. Анасының шашының отқа күйген исін танып қояды екен де: «Анамыз тозақ отына түсіп кетті- ау!» деп шыр айналып, шырылдайды екен. Тозақ отынан анасын құтқарып алмақ болып, өздері де сол тамұқ өртіне түсіп кете жаздайды екен [5.95.]* Осы түсінікке байланысты аналарымыз шаштарын әр жерге тастамай, түскенінің әрбір талын жинап, мұқият орап, адам баспайтын жерге көміп отырған және аталған ырым-тыйымның мән-мағынасын қыздары

мен келіндерінің құлағына жалаң, құрғақ сөзбен емес, ұлттық ұғымға жақын осындай аңыз-әңгімелермен құйып отырған.

Барлық халықтарда *сырға* әшекейлік зат болуымен бірге оның иесінің қоғамдағы орнының көрсеткіші, магиялық қорғаушы зат ретінде қолданылады. Сондай-ақ, сырғаға қатысты түрлі көзқарас пен бір-біріне кереғар наным-сенімдер де кездесетінін жоққа шығаруға болмайды. Ежелгі Римде бір құлақтағы *сырға* құлдық белгісі саналған. Одан бұрынырақта бойжеткен қыздар мен әйелдердің, сондай-ақ қарақшылардың *сырғасында* айтарлықтай айырмашылық болған. *Сырғаны* бәле-жаладан, ауру-сырқаудан сақтандырушы зат ретінде бағалап, оны көздің көру қабілетін арттырады, теңізшіні суға кетуден сақтайды деген сеніммен таққан. Ал Бирмада тақтан дәмелі король ұрпақтарының құлағы міндетті түрде тесіліп, *сырға* салынатын болған [6]. Қазіргі кезде *сырға* өзінің мифтік маңызынан айрылып, тек әшекей зат, әсемдіктің құрамдас бөлігі болып қалғаны белгілі. Ежелден дененің ашық жерлерін - аяқ-қол, саусақ, мойын, құлақ, мұрын сияқты дене мүшелерін қатты заттардың көмегімен қорғау қалыптасқан. Бұл *жүзік, балдақ, сырға, білезік, моншақ, алқаның* пайда болуына апарып соққан. Олар сыртқы зұлым күштермен күресте жәрдемдесетін магиялық қорған болып есептелген. Қазақ зергерлері әрбір тастың өзіне тән қасиеті, ерекшелігі, кереметі бар екенін білген. Олардың біреуі адамға құт әкелсе, енді бірі тіл-көзден сақтайды, ал кейбірінің тіпті құрғақшылықта жаңбыр шақыратын, т.б. қасиеттері бар екен. Орта ғасырларда емші, дәрігерлер алтын, нефрит, маржан тастарын жұту өмірге қауіп төндірмейді, қайта оны ұзартуға септігін тигізеді деп есептеген. Сонымен бірге әлгі тастарды жұтқан адамның өлгеннен кейін денесі іріп-шірімейді деген сенім болған. Қазіргі таңда мойындалып, сәнге айналған астрология ғылымында да «әрбір жұлдыз иесі өзіне сай келетін тасы бар әшекей тағу керек, қасиеті белгісіз тастан тағылған әшекей адамға бақытсыздық әкеледі, денсаулығына зиян келтіреді» деген түсінік қалыптасқан

«Қазақ әйелі» концептісіне қатысты топонимдердің ұлттық сипаты. Қазақтың еншісіне тиген байтақ даламызды қай бұрышын алсақ та, әйел-анаға арнап тұрғызылған ғажайып кесене, әсем мұнара, өшпес ескерткіштер, тіпті тұтас қаланың аты да бар. Ғалым А. Сейдімбек: «Сырдария бойындағы *Көккесене, Бикем мұнара, Сырлытам, Сарысу бойындағы Белең-ана, Болған-ана, Жұбан-ана,*

Арал түбіндегі *Бегім ана* күмбездері, мұнаралары, мазарлары ғажайып сырлы сымбатымен күні бүгінге дейін қайран қалдырады. Жеке ескерткіштер былай тұрсын, жұмыр жердің орта ғасырлық талғам-түсінігінде тұтас бір қаланың әйел атымен аталғаны дүние жүзінде сирек кездесетін құбылыс. Бұл ретте қазақ даласында *Қатын дала, Қырыққыз қала, Баршынкент* сияқты қалалардың болғаны таң қалдырады. Мұндағы *Баршын сұлу* әйгілі Алпамыстың жұбайы, Қаршымбайдың қызы, Оғыз еліне сөзі жүрген жеті арудың бірі болған» деп жазады [7, 402]. Жамбыл облысының аумағында қыз балаға, әйел-анаға қатысты қойылған топонимді кездестіруге болады: *Айша-Бибі*. «*Айша-Бибі анамыздың мазарына басымызды иіп аттандық. Бибісара ана: —Балам, бұл ауылдан әлі талай өтерсің. Ары өткенде де, бері өткенде де Айша-Бибі анаға тағзым ет. Жамандық көрмейсің, - деді. -Аруағы күшті зой жарықтықтың ... — Иә, әулие ана Айша-Бибі! Менің Айша анама пана бола гөр! - деп тіледім» [5.212]. Айша-Бибінің әрекетіне сүйсінген елдің сауапты іске заты нәзік болғанымен, намысы күшті әйелдің қиындықтан тайсалмай баруы ел-жұртты ерекше таңқалдырғаны анық. Сол себепті кез-келген қиын-қыстау кезеңде жол таба білетін әйелдерге деген айрықша құрметін халық осылайша білдірген тәрізді. Ертеректе халқымыз ел билеген ерлерге лайықты өмірлік серік бола білген ақылы мен сұлулығы үндескен әйелдерді «*хатун-қатын*» деп атағаны белгілі, оған көне түркі жазба ескерткіштеріндегі мысалдар куә.*

Әйел және ана тілі қарым-қатынасының ұлттық мәні. Жазушы, қоғам қайраткері Ә.Кекілбайұлы *ана тілі* мен *әйел-ана* қарым-қатынасын: «Есесі кетіп келген тілімізді мұратына жеткізу үшін, бәрінен бұрын, қай-қайсымыздың да қолымыздан келуге тиісті ***дұрыс ана*** (астын сызған - біз), ***дұрыс ата, дұрыс ұстаз, дұрыс азамат*** бола білуге көбірек көңіл бөлгеніміз дұрыс сияқты». Әбіш Кекілбайұлы ***дұрыс ана бола білуді*** алдымен атап, бірінші жазып отырса, бұл, әрине, тегіннен-тегін емес. Ана тіліміздің тағдыр-талайында аналардың атқарар рөлі айрықша екендігі аян. Әуелгі «*әлдиді*» айтатын да, бесік жыры арқылы ұлттық тілдің уызын сіңіретін де - ***ана***.

Ұлттық тілін «*ана тілі*» деп атаған ойға жүйрік, сөзге шешен халқымыздың біртуар ұлы, заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің «***Ел болам десең, бесігіңді тузе!***» деген сөзінің мән-мағынасы дәл қазіргі кезеңде айқын жол табуға, тілімізде сақталған

Ұлттық рух пен сананы жаңғыртып, жаңа сапаға көтерілуге бағыт алған ұлт болашағын дамытудың өзекті арқауы болмақ. Қазақ халқының таным-түсінігінде «ана-сәби-бесік» ұғымдары - бір-бірінен ажырамас, біртұтас, тығыз байланысты киелі ұғымдар. Ана сүтімен бойға сіңген ана тәрбиесі, үлгі-өнегесі, асыл өсиеті ғана сәбидің көкірегінде жатталып, ұлттық рух болып сіңіріледі. Сол үшін дүниеге әкелген сәбиі жылағанда, қазақша әлдилеп жұбатып, қазақша бесік жырын айтып ұйықтатып, «апа» деген алғашқы сөзді үйретіп, тілін де қазақша шығаруы, қазақ тілінде ертегі айтып, қазақша «құлыным, ботам» деп еркелететін әрбір қазақ әйелінің қоғамдағы, отбасындағы ең қасиетті әлеуметтік қызметін сипаттайтын қағидаты жаңғырып, тәрбиенің ажырамас ережесіне айналғанда ғана ұлттық рух қалыптасады. Мысалы, «*Мойныңа садақ ілесің. Ақ боз атқа мінесің. Құмай тазы жаныңда, Сондай да дәурен сүресің, - деп әндетті Айша*» 5.104. немесе мені әлдилегендей. Қоңыр қаз, үйрек, Қанатын сүйреп. Ұшады Билікәлден, Түйдек-түйдек-ай,- деп ыңылдап басымнан сипады» [1.189.]

Көркем әдебиеттегі аналар бейнесін тілдік дүние суреті аясында «қазақ әйелі» концептісі тұрғысынан қарастырар болсақ, бұл орайда таңғажайып қазыналарға, жақұт-жауһарларға кездесеміз. Ұлттық санада қалыптасқан, тіл арқылы сақталып, этномәдениеттің көрінісі, ұлтымызды біртұтас етіп ұйыстыратын ұйытқы күштің бірі де бірегейі ұлт тәрбиесіндегі ананың рөлін дәлелдейді. Бүгінгі қоғамдағы ананың, әйелдердің қоғамдағы орны мен қызметін арттыру күнделікті тұрмыс пен тәрбиедегі ана тілінің ұлтты ұйымдастырушылық қасиетін, құдіретін күшейтумен тығыз байланысты екенін осы тектес зерттеулер нақты көрсетіп отыр.

Қазақ дүниетанымындағы «әйел» концептісінің көрінісі. Жалпы христиан дінінде әйел туралы «зұлым», «күнәһар», «өтірікші», «кекшіл» т.б. деген сияқты өте төмен көзқарас қалыптасқан. Кезінде католик дінінің ресми геологы болып бекітілген Фома Аквинский: «Әйел тез өсетін арамшөп сияқты. Ол толыққанды адам емес, оның денесінің толық жетілмегенінің өзі оның құндылығының төмендігінен, табиғат онымен азырақ айналысатындықтан... Әйелдер оларды мәңгі билеушінің немесе ұстаздың басқаруымен ұстап отыру үшін туады» деген [9, 27]. Ал ислам дінінде әйелге, әсіресе әйел анаға деген көзқарас бұдан өзгеше. Бұған «*Жұмақ ананың табанының астында*», «*Алдымен*

анаңды, анаңды, тағы да анаңды, одан соң әкеңді сыйла», «Ең қайырлы болғаныңыз, әйелдерге ең жақсы мәміле жасағандарыңыз болмақ», «Балаларды махаббат пен сүйіспеншілікпен бағу, әйелдерге жақсы мәміле жасау - Исламның бармақпен басып көрсеткен ахлақ ережесі» т.с.с. ислам қағидалары дәлел.

Кез келген қоғамның маңызды институттарының бірі - **отбасы**. Ал отбасындағы әйел жағдайы - отбасы мен неке тарихындағы келелі мәселелердің бірі. Көптеген тарихи және тілдік деректер қазақ әйелінің отбасылық мәселелерді шешуге белсенді қатысқанын, ерлеріне шаруашылыққа қатысты істерде көп көмектескенін дәлелдейді. Ал күйеуі жоқ кезде оның орнын жоқтатпай, барлық тіршілікке қатысты мәселелерді өзі шешіп, тіпті қазақы салт-дәстүрге сай қонақ күтіп, оны жөн-жоралғысымен шығарып салуға, күйеуін жаманатқа қалдырмауға міндетті болған. Сондықтан *Айғаным, Бопай, Ұлпан, Зере* сияқты әйелдерді халқымыз жоғары бағалаған. Мысалы: *«Мұртаза болса, Айшаға уайым түспес еді. Баласын сүндеттеу - Әкенің парызы. Бірақ Мұртазаның міндетін Айша өз мойнына жүктеп алған. Тағдыр солай ұйғарды»* [5.39].

Сендерді жат қылмай, отанына жеткізіп, өз үйіріне қоссам деуші едім. Сол тілегіме жетсем болды. Әйтпесе саяқ болып, бөтен болып кететін түрлерің бар [5.442].

Осылайша, ақыл-парасаты сай қазақ әйелдері тек өз отбасында емес, бүкіл ауыл-аймақта зор беделге ие болып, олардың жақсы атағы алысқа тарап отырған.

Қазақ әйелдері туралы сөз болғанда, әсіресе олардың сырты мен іші үйлескен сұлулығы, мінез байлығы, ақыл-парасаты жөнінде әңгімелегенде, ең алдымен батырлар жырындағы әйел кейіпкерлердің көз алдыңызға келері сөзсіз. **Құртқа** - қазақ әйеліне тән ақыл-парасат пен көрегенділіктің, **Жібек** - сұлулық пен сымбаттың, **Айман** мен **Ақжүніс** әйел үшін таптырмайтын қасиет - қулық пен айлакерлік, тапқырлықтың, ал **Баян** - сұлулықпен бірге махаббатқа адалдықтың, сезімге тұрақтылықтың символы.

Қазақта қыз баланың, жалпы әйел затының бойынан төменшектік, именшектік, ұялшақтықтан гөрі өжеттік, еркіндік, ақыл, парасат сияқты қасиеттерді жоғары бағалайды. Мына тектес деректер соның тілдік дәйегі болып табылады: *«Ақыры қоймаған соң, Айша Тасбетті аттың үстінен бір-ақ жұлып түсірген екен. Жағасынан алып»* [5.195]. Қазақ қыздарына қайсарлық, өжеттік,

тәкаппарлық, көрегенділік пен даналық сияқты қасиеттер ғасырлар бойы ел аузындағы аңыз әңгімелерге, батырлар жырына, ән-жырға арқау болған *Тұмар, Зарина, Роксана, Домалақ ене, Айша бибі, Құртқа, Гүлбаршындардан* келгені анық. Қазақ: «Асыл әйел әрі еркек, әрі қатын, - дейді. **«Жақсы әйел»** және **«жаман әйел»** концептісінің көрінісін ақын-жыраулар шығармашылығынан да, шешендік сөздер үлгісінен де көруге болады.

«Қазақ әйелі» концептісіне қатысты салт-дәстүрлердің ұлттық сипаты. Белгілі бір ұлттың дүниеге көзқарасын, өмір сүру ерекшелігін, талғам-танымын, ұлағат-өнегесін оның рухани мәдениет үлгілерінен - салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпынан көруге болады: *«Айша Өскенбаймен өзгеше амандасты» - Өскенбай, қайным, әрі нағашым-ай, Жігіттің жаннат ішік жағасындай. Қияметтің қырғынынан тірі келді, Батыр болып Бауыржан ағасындай [1.134].*

Айшаның жоғарыдағы өлең жолдарында қазақ халқының алыс сапардан келген азаматпен амандасып көрісуі өлеңмен, сөз күдіретімен берілген.

Бұлардан басқа **«құрсақ шашу», «өңір салу», «абысын асы», «бастаңғы», «шарғы салу», «тулақ шашу», «итаяғына салу», «қазанжарыс, шөміш қағу»** сияқты әйелге қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрып түрлері тілімізде көп кездеседі.

Көркем мәтіндегі «қазақ әйелінің» сұлулық бейнесі.

Ұлттық атаулардың жасалуының бір жолы, ұғымды берудің көркемдік амалы - ұқсату. Ол күнделікті өмірде, тұрмыстық тәжірибеде қалыптасады. Себебі, адамдардың табиғаттағы әртүрлі құбылыстарды бақылап салыстыруы, оны өз іс-әрекетімен, тәжірибесімен салыстыруы, бейнелер түрінде әр түрлі нәрселердің ұқсас жақтарын табуы, солардың негізінде танымын кеңейтуі осы қасиетке негізделеді.

Тілден халықтың рухани және материалдық мәдениетінің іздерін байқауға болады. Осымен байланысты қазақ тілінде әйел көркін ғаламның ұлттық тілдік бейнесіне сәйкес сипаттайтын, соған сай танытатын концептілер төмендегіше көрініс тапқан: *«Жұпар сұлу бой жеткенде сұмбіл шашы тірсегіне түсер еді. «Шаптарын он күн тарап, бес күн өргеннің» шын екенін жақындары сонда көрген. Шашын иіс сабындап, гүлқайырдың шайырымен жуған соң,*

қыздар жиналып жан-жағынан отырып алып, мүйіз тарақпен тарап, бұрымын өруші еді» [1.359.]

«**Құлқайыр-гүлқайыр**» сөзіне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «жапырағы шоқтанып орналасқан, гүлі ақ, алқызыл, қоңыр қызыл, сары түсті көпжылдық өсімдік» деген түсінік берілген. Кең далада өсіп, оның шүйгін шөбіне мал жайып, таза, саф ауасымен тыныстаған қазақ баласы құлқайырдың жусан, мыңбас, бетеге сияқты шөптермен бірге қой үшін жұғымды, жағымды болып табылатынын біледі. Сондай-ақ өзі күнде көріп жүрген сансыз шөп пен гүлдің ішінен оны басып танып, ажырата алады. Аталған өсімдіктің гүл ашқан таңғы сәтіндегі сан бояумен құлпырып-құбылған түрін көз алдына келтіру қиындық туғызбайды.

Мойын, алма мойын, ерекше аппақ мойын, аппақ жұмыр мойын, ақ торғындай мойын, қазмойын, т.б.

Сұлу әйел мойнына байланысты тұрақты тіркес, теңеулердің сирек ұшырасуы халқымыздың сұлулықты сырт көзден жасырып, қымтап ұстайтынынан болса керек. Ал **қаз мойын** тіркесі иілген әдемі мойынды білдіреді. Әуелде аттың сипатына байланысты, кейін сұлу қыз, көрікті әйелдің мойнына қатысты айтылатын тұрақты тіркеске айналған. Қаз бен аққудың кейбір ұқсастығы негізінде «кербездік», «сұлулық» *концептісін* бейнелейтін жағымды коннотация туған. Қазақ халқында «қаз» құсы жағымды ассоциация тудырса, көркем шығармада кездесетін мысалдардағы *қазақ әйелінің* сұлулығына қатысты тілдік тұлғаның (автордың) сөздік қолданысы да халқымыздың мәдениетіне, ұлттық болмысына сәйкес келетінін байқатады: Сонымен бірге *"қазақ әйелі"* *концептісіне* қатысты оның бет-жүзін суреттеуде авторлық қолданысқа сай төмендегідей мысалдардың да лингвомәдени мәні талданды: «*Мені құшақтап, бетімнен сүйіп, айналып-толғанған ақ сары, ажарлы әйел - Мұртазаның туған қарындасы, менің әпкем Әдия екен*» [1.110.] «*Бетінің ақтығы ерекше, сірә, мәрмәр тақылеттес, ұшында қызылы бар. Ал сәл түріктеу ерні шиедей қып-қызыл. Көзі еліктің лағының көзіндей жәудіреп тұрады*» [1.146]. Байқап отырғанымыздай, *қазақ әйелінің «сұлулық» концептісін* құрайтын сөздер, тұрақты сөз тіркестері, теңеулерге тірек сөз ретінде халқымыз үшін етене таныс, оның күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, кәсібіне, таным-талғамы мен пайым-парасатына қатысты, тілді тұтынушылар үшін түсінікті, ортақ

мағыналар алынған. Ғасырлар бойы негізгі тіршілігінің өзегі мал шаруашылығы боп танылған ата-бабаларымыз төрт түлік малды ерекше қастерлеп алғашқы орынға қойған. Аңшылық, саятшылық, күсбегілік өнердің қасиетін төл мәдениетіміздің бір белгісі санап, табиғатпен астас өмір сүрген көшпенді ата-бабаларымыз сұлулық пен әсемдікке тән белгі-сипаттарды табиғаттың төл перзенттері ретіндегі оның таңғажайып туындыларын (өсімдіктер мен жануарлар әлемі, т.б.) ерекше сезімталдықпен көре білгенін де «қазақ әйелі» концептілік жүйесін құрайтын тілдік деректер айқындайды. Өзге тіл, мәдениет өкілдері үшін күлкілі, миға сыймайтын, бастапқыда қисынсыз көрінетін «бота көз, тана көз, көген көз, қой көз, құралай көз», «аққудың көгілдіріндей», «ақмаралдай керілген», «жауқазындай», «қызғалдақтай» т.б. тіркестері қазақ үшін етене жақын, аса ыстық, үйреншікті ассоциация тудырып, әрі сұлулық, әдемі-әсемдікті сипаттаудағы дәл, анық және баршаға түсінікті бейнелер болып табылады.

Аталған тіркестерден қазақ халқының сұлулық туралы ұғымына сай мағыналар айқын аңғарылады. Олардың бірқатары халық санасында бұрыннан қалыптасқан етене жақын тұрақты тіркестер болса, енді бірқатары жазушының тілдік тұлғасына сай жасалған сөз. Ш.Мұртазаның әйелдің сұлулығын бейнелейтін жолдарында да табиғат пен адамның нәзік те сұлу құбылысын салыстырмалы түрде теңейді: *Апайдың жұп-жұмыр аппақ алқымы инеліктің қанатындай болар-болмас дірілдейді. ...әп-әдемі, жіп-жіңішке қияқтай қастарының арасы қолдан қойылған көкшіл нүктелермен жалғасқан.* [1.411.]

Көркем сөз шебері Ш.Мұртазаның шығармаларында қазақ әйелінің сыртқы сыр-сымбаты мен ішкі рухани әлемінің сан қатпарлы, мол иірімді ерекшеліктерін, ұлттық-мәдени белгілерін танытатын, жоғарыда аталған мысалдар дәлел бола алатын айрықша лингвомәдени бірліктер жиі кездеседі. Біздіңше, оларды шартты түрде мынадай тіркестер арқылы көрсетуге болады:

1. *Қазақ әйелі сұлу: Айсұлу- ажарлы әйел. Дөңгелек жүзді, ақ құбаша, ерекше шырайлы. Күлгенде аппақ тістері маржандай жарқ-жұрқ ете қалады. Күміс күлкі көмейдің емес, сол маржан тістердің сыңғыры сияқты.* [1.411.]

2. *Қазақ әйелі бауырмал: -Зиба әпке, мен Барсханмын зой, Айшаның... - дей бергенімде, бас салып бауырына қысты. Бірақ сүймеді, күнге қызған пальто бетімді жылытты. Пальто емес,*

жүрегі жылытып тұрғандай, тұла бойым шымырлап, бір аналық, туысқандық сезім менің жанымға шым-шым еніп, адам екенімді, мені де біреу жақсы көріп, аймалайтынын танытып, көзіме жас іркілді [1.230].

3. Қазақ әйелі ақылды, қарапайым: Сонда Баян апамыз тағы бір тапқырлық жасады. — Ал енді бұл адал мал екен. Көнсеңдер, мұны төрт ата Маутан баласы төрт аяғын бөліп алайық. Әр аяғын әр ата өзінше тағы бөліп алады. Сонда қырық жілік болады. Сөйтіп қырық үй бұл сиырдың орнына тұяқ тұрғызайық, - деді. [1.83.]

4. Қазақ әйелі өз ұлтын мақтан тұтады, халқына жанашыр: Күнікей бәйбіше — Жолан Жаныстың қызы еді. Төле бидің ұрпағы. Бердімбет жәкем ерте марқұм болды да, Күнікей бәйбіше осы бүкіл Маутан, Шектібай, Күшпан баласын асырап қалды ғой. Бердімбет бай кісі еді... Сол малды Күнікей бәйбіше осы Мыңбұлақтың бар баласынан аяған жоқ [1.71.].

5. Қазақ әйелі жаңаға үйір: Байғұс-ау, колхоздан түк шықпайды. Одан да өнерің бар ғой, тігін мәшинең де бар. Мына мен құсап тік. Сат. Сөйтіп күн көрмесең - өліп қаласың 1.365.

6. Қазақ әйелі - салт-дәстүрді сақтаушы: Айшаның «Мағымбек» дегені, шынында, Сағымбек. Қайнағаның атын тура атамайтын тәртіп бар. Айша сол әдептен озбайды [1.99]. - Кебенек деген осы шырақ,- деді Айша. Ағаңды мыналар баяғыда-ақ жалмаған,- деп, қайыс тодыларды меңзеді. - Онымен қоймай әлі бізді «халық жсауы» деп қорлайды. Қайда барып күн көреміз, Шырақ? ! [1.62].

Сөз зергері Ш. Мұртаза халықтың рухани және материалдық мәдениетін, салт-дәстүрін, төл тарихын, дүниеге көзқарасын, ұлттық болмысын таныту, ұлттық рухты бойына сіңіру әйел-ананың жан-дүниесінде тұтасып, жинақталғанын шығармаларына алтын арқау етіп өреді. Жазушының әйел туралы туындысы оқырмандарға Айша, Күнікей бәйбіше, Баян, Айсұлу т.б. әйел-аналар бейнесі арқылы қазақ әйеліне тән дүниетанымды танытады.

Мифтік танымдағы «қазақ әйелі» концептісінің көрінісі.

Жайшылықта жайдары, ақ көңіл, аңқылдақ Аққыз кенет өзгеріп, қаһарланып шыға келді. Қолына сылдырмақ таяғын алды. Басынан дағарадай ақ күндігін алып тастады. Бурыл шашы жалбырады. Жұрттың бәріне бас киім кигізіп, жалаң бас қалдырмай, ал өзі шашын жайып жібергені мүлде түсініксіз.

Құдай кешірсін, боранды ұзақ түндерде Айша айтатын ертектегі Жезтырнақ бейнелес боп шыға келді. Айшаны шыр айналып, сылдырмақ таяғымен жер тоқпақтап: «Сұбыхан, Алла, сұбыхан Алла!» дегенде, аузынан жалын атқылады. «Сұбыхан Алла!» деген жеріне Дошанай мен Әбіш қосылып қайталайды.

Аққыз ақырып адпанға шапшығанда, біздің үйдің төбесіне дейін қарғиды. Үйіміз биік, еңселі-ақ еді. Соның өзін місе тұтпай, тамның төбесін тесіп шығып, Иса пайғамбардың соңынан аспанға ұшатындай қарғиды[1.123.]

Қазақ ертегілерінде, аңыз-әңгімелерінде мифтік танымдағы «*әйел*» *концептісін* танытатын мәтіндер жиі кездеседі. Ондай ертегілерде әйел немесе қыз шашын жайып, қолына таяқ ұстап зікір салады. Шаш - байланыс, үйлесімділік, жоғарғы тылсым күштердің символы. Жоғарғы, орта және төменгі әлемді байланыстыратын күш символы. Ежелгі тайпалардың көпшілігінде біреудің шашын қырқу оны жазалау түрі болып есептелген. Тайлықтар адамның киелі жері оның шашы деп санаған. Бірқатар халықтарда оларды көрсетуге, оларды ұстауға тыйым салынған. Шашынан ұстау «дұшпаныңды жеңу» деген мағынаны білдірген.

Біздің тақырыбымызға қатысты, яғни күрделі концептілік құрылым ретінде ұғынылатын «*қазақ әйелі*» *концептісі* ғылыми негізді құрап, сипаттайды. А.Вежбицкаяның *концептіге* берген анықтамасы: «*концепт* - бұл ақиқат әлемі туралы адамның мәдени-шартты түсінігін бейнелейтін «идеалды әлемнің объектісі» [11, 85]; Р.М.Фрумкина *концептіні* мәдени категориялардың әсерінен туған вербалды ұғым ретінде түсінеді [12, 25]. В.Н.Телияның пікірінше, *концепт* - бұл адамзаттың ақыл-ой жемісі және ондағы идеалды құбылыстар мен болмыстар. Ол тек тілге ғана емес, адам санасына тікелей қатысты» [13]. Демек, *концепт* адам санасында танылған, бейнеленген білімді айқындайды.

Қазақ тіл білімін зерттеушілер арасында да *концепт* мәселесін тереңінен зерттеп, анықтама ұсынған зерттеулер жүргізілуде. Дүниенің *тілдік бейнесін* ұлттық мәдениет контекстінде қарастырған А.Исламның пікірінше: «*Концепт* дегеніміз - ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік» [14, 12]. Біздің ойымызша, қазақ тіл біліміндегі «*шаңырақ*», «*тары*», «*от*», «*қамшы*» т.б. *концептілер* ұлттық мәдени түсінік ретінде зерттеліп, дәлелденді. Біз «*концептілік жүйе*» деген

ғалымдардың пікіріне сүйеніп, осы терминді пайдаландық. Себебі, біздің ойымызша, *«қазақ әйелі»* концептісіне қатысты - тілге дейінгі және тіл деңгейіндегі адамның танымдық тәжірибесін бейнелейтін оның білімі мен ой-пікірлерінің жүйесі. Соның нәтижесінде әр этностың ерекше *этноөзектік концептілері* туындайды және тіл сонау бастан дүние бейнесінің белгілі деңгейдегі көрінісі болады. Яғни ұлттық менталитет және рухани мәдениет ең алдымен бейнелі мазмұн арқылы тіл бірліктерінде көрінеді. Осымен байланысты қазақ мәдениетіндегі қазақ әйеліне қатысты ұлттық сананың кілтін ашатын жарқын бейнелі құралдар - тұрақты теңеулер, фразеологизмдер, метафоралар дүниенің ұлттық бейнесін танытады. Демек, ұлттық мазмұнға, құрметке ие болған әлеуметтік таным жүйесі тілдің ұлттық жүйесінде таңбалық көрініс табады және дүниенің тілдік бейнесін құруға қатысады. Мұның нақты дәйегін жоғарыда *«қазақ әйелі»* концептісін нақты талдау барысында байқауға болады.

Қазақ әйелінің ойлау қабілеті, зейін-зерде ерекшелігі, парасатпайым деңгейінің, мінезінің, еңбекқорлық, төзімділік, махаббат, сұлулық т.б. тілдік көрінісі этностың ерекше *этноөзектік концептілерін* құрайды; *«қазақ әйелінің»* концептілік бейнесі көркем мәтіндерде, мифологияда, топонимдік, т.б. жүйеде жасала отырып, оны символдық деңгейге көтереді. Ұлттық санада қалыптасқан, тіл арқылы сақталып, этномәдениеттің көрінісі ретіндегі, ұлтымызды біртұтас етіп ұйыстыратын ұйытқы күштің бірі де бірегейі ұлт тәрбиесіндегі ананың рөлін дәлелдейді. Бүгінгі қоғамдағы *ананың, әйелдердің* қоғамдағы орны мен қызметін арттыру күнделікті тұрмыс пен тәрбиедегі ана тілінің ұлтты ұйыстырушылық қасиетін, құдіретін күшейтумен тығыз байланысты екенін зерттеулер нақты көрсетіп отыр.

Қорытынды

Өз балалық шағының басты мәселелерін көтеріп, халыққа адамгершілік ақыл-ғибрат береді. Жазушы шығармашылығы әдебиеттің әлеуметтік сырын айқындап, оның халықтық ұғымын нығайтты. Әдеби тіл мен көркемдік тәсілдің ілгерілей түсуіне өз үлесін қосты. Ш.Мұртаза өз замандас қаламгерлеріне тән прозалық шығарма жазудың қыр-сырын кеңінен қолданған және өзіндік өрнегімен танымал талант. Оның шығармасы адамдық қасиеттен бастау алып, өмірдің қатпарлы қыр-сырына кеңінен шолу жасаған.

Жазушының шығармасы мазмұн байлығымен қатар көркемдік түрді қолдану жарастығымен де ерекше көңіл аударады. Шығармадағы мазмұн мен кейіпкерлердің өзара табиғи үйлесімі шынайы шығармашылық жетістікке айналған. Жазушы романының өзегіндегі қазақ әйелінің бейнесі арқылы халықтық мән мен мағына барынша жарқырап көрініп, әсіресе, ел өмірінен, тілінен алатын орны айрықша. Автор шығармалары ой мен сезімнің, үн мен оқиғаның, мазмұн мен түрдің жарасып, тас бұлақтың суындай өзара сұлу үндесуімен ерекшеленеді. Әйел бейнесінің сұлулығы, өзіне тән қасиеттері, есімі, қолөнер, тамақ атаулары шығармада нақты әрі келісті баяндалған. Ана тілін ұрпағының бойына сіңіре білген қазақ әйелі салт-дәстүрдің ұлттық сипатын да ұмытпайды.

Өзі жасаған қоғамды, қоғам қайшылықтарын батыл сынаған жазушы шығармалары оның өз дәуірінің қыр-сырын тануға талаптанған ойлы туындысы. Оның романы адамгершілік, ізгілік тұрғысында әйел бейнесімен тұтаса шынайылықпен айтылған. Ш.Мұртаза азамат ерге тән жақсы қасиеттерді термелеп, реалистік көркемдегіш құралдарды барынша мол пайдаланған.

Түйіндеп айтар болсақ, Ш.Мұртазаның қазақ әйелінің өмірі, көзқарастары, ойы, дүниетанымы қазақ деген халықтың сана-сезімінің қалыптасуына, қоғамдық ойдың дамуына үлкен әсерін тигізді. Қазақ халқының басындағы жағдайды тағдырды ашық суреттеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Мұртаза Ш. «Ай мен Айша» А., 2008
2. Алпысбаев «Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік» А., 1985.
 3. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясы А., 1998
 4. Жұмалиев А. А., 1974
 5. Қабдолов З. «Сөз өнері» А., 1983
 6. Ысмайылов Е. «Әдебиет теориясының мәселелері» А., 1968
 7. Ахметов З. «Әдебиеттану терминдер сөздігі» А., 1978
 8. «Қазақ әйелі» концептісіне қатысты антропонимдердің гендерлік сипаты // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2007, №8, 115-118-б.
 9. «Қазақ әйелі» концептісіне қатысты киім атауларының лингвомәдени сипаты А., 2007, №8, 73-78-б.

10. «Қазақ әйелі» концептісіне қатысты зергерлік бұйым атаулары А., 2006, №8-9, 42-45 б.
11. Вежбицкая А. Тіл. Мәдениет. М., 1996.
12. Фрумкина Е. М., 2000
13. Телия В.Н. Орыс фразеологиясы. М., 1996.
14. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті. А., 2004. - 340 б.

Ғылыми жоба тақырыбы: Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» шығармасындағы топонимдердің лингвистикалық сипаты
Авторы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Тараз қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының 10 сынып оқушысы Мыңжанқызы Еңлік

Мазмұны:

Кіріспе.

1.Көркем шығармада кездесетін топонимдердің географиялық орналасу ерекшелігіне қарай түрлеріне жіктелуі

1.1. «Қызыл жебе» шығармасындағы топонимдердің тарихи және географиялық принциптері

2.Көркем шығармадағы топонимдердің сөзжасамы

2.1.Шығармадағы лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер

2.1.1 Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған түбір топонимдер

2.1.2.Шығармадағы орографиялық терминдер арқылы жасалған түбір оронимдер

2.1.3.Шығармадағы гидрографиялық терминдерден жасалған түбір гидронимдер

2.1.4. Метафора арқылы жасалған түбір топонимдер

2.1.5. Синедохалық атаулар арқылы жасалған топонимдер

2.1.6. Түбір және туынды зоотопонимдер

2.1.7. Түбір және туынды фитотопонимдер

2.1.8. Түбір және туынды анротопонимдер

2.1.9. Түбір және туынды этнотопонимдер

2.2. «Қызыл жебе» шығармасындағы аналитика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер

2.2.1. Сын + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер

2.2.2.Сапа белгісін білдіретін сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен атулар

2.2.3.Зат есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер

2.3.Топонимжасамның синтетика-семантикалық тәсілі

2.3.1.Топонимжасамның өнімді қосымшалары

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады дей келе, таяу жылдардағы міндеттердің бірі ретінде «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруды ұсынады. Бұл бағдарламаның жалпы мәні неде? Бағдарлама білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі ол мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс табары сөзсіз екендігін атап көрсетеді. Сонымен қатар «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар» [17,3] дей келе, осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс деп нақты мақсаттар қояды. Демек жер-су атауларын зерттеудің ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде үлкен рөл атқаратындығын айқын көруге болады.

Әр атаудың өзіндік тарихы, дүниеге келу себептері болады. Белгілі орыс ономаст-ғалымы А.В. Суперанскаяның пікірінше, әрбір атау – жеке зерттеуді қажет ететін тарих, ал топонимиканы түгелдей тарихтың айнасы деуге толықтай болады[3,348]. Ал, географиялық көне атаулар тарихи ескерткіштер іспетті, себебі олар өткен кезеңдердің мұралары ретінде мемлекеттер мен халықтардың тарихынан, материалдық және рухани мәдениеттерінің белгілі бір тарихи кезеңдердегі келбетінен сыр шертеді. Қазіргі таңда ономастиканың маңызды бөліктерінің бірі - топонимдердің лингвистикалық сипатын жан-жақты зерттеп, ғылыми тұрғыдан зерделей білу – тарихи тұрғыдан алғанда үлкен қажеттілік. Сондықтан топонимдерді диахрондық бағытта зерттеп, зерделеудің маңызы мол.

Жоғарыда аталған Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын негізге ала отырып, топонимдердің этимологиясы мен олардың лингвистикалық сипатын зерттеу арқылы ұлттық бірегейлікке қол жеткіземіз. Себебі, жер-су аттары ол ұлттық мәдениеттің мәйегі. Ғасырлар бойғы тарихтың түп-төркіні. Елбасымыз айтқандай ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Топонимдерді зерттеу

тек ұлттық сананың жаңғыруы ғана емес, ол – білімділіктің салтанат құруы. Топонимдерді зерттей отырып біз ең алдымен география ғылымын, өлкетану, тарих секілді ауқымды салаларындың басын біріктіре аламыз. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді биік қоятын ұлт қана жетістікке жетеді.

Тақырыптың өзектілігі:

Топонимдер белгілі бір географиялық аймақтың атауы қызметін атқарып қана қоймай және де сол нысанға байланысты бірқатар ақпарат қоры болып табылады. Мысалы, нысанның тарихы, географиялық орналасу жағдайы, жер байлығы және т.б. Кез келген белгілі бір географиялық орынға тиесілі топоним тарих толқынында қалыптасады. Сондықтан топонимдерді көбіне қоныстанған халық пен ұлт тарихына қатысты ақпараттар сақтаушы қорға теңейді. Топонимикалық атаулардың шығу тегіне тек зерттеуші ғалымдар ғана емес, көркем әдеби шығармалардың авторлары яғни ақын, жазушылар да септігін тигізеді. Себебі, көркем шығармалардағы топонимдердің қызметі жалпы жалқы есімдерге қарағанда ерекше, ол тек жекелеуіштік, атауыштық қызметтерді атқарып қана қоймай, сонымен қатар шығармада ономастикалық кеңістік құрап, стильдік, мәтінтүзушілік, танымдық-тәрбиелік қызметтерді де атқарады. Ономастикалық кеңістік жазушы тілі сөздігінің құрылымды бөлігін қамтиды және де оның авторлық жекелігін, шеберлік деңгейін көрсетеді.

Алайда, көркем әдебиет шығармаларының мазмұнында кездесетін топонимдердің қолданысы зерттеуге түскенімен, оның ашылмаған және зерттелмеген нысандары көптеп саналады. Қазақстанда жалпы ономастикалық зерттеулер бойынша соңғы жарты ғасырдың ішінде елуден аса ғылыми еңбек қорғалған болса, соның ішінде тек санаулысы ғана көркем шығармалардың мазмұнында кездесетін топонимдерге арналған. Мысалы, К.Жаппар «О.Сүлейменовтің поэзиясындағы жалқы есімдердің эстетикалық қызметі» атты зерттеу жұмысын қорғаса, Г.Оразғалиева «А.С. Пушкин прозасындағы түркі тілді жалқы есімдер» атты кандидаттық диссертациясын қорғаған. Сонымен қатар З.Құламанованың да «Б.Момышұлы шығармаларындағы топонимдер» атты еңбегі осы тақырыптағы қарымды зерттеу жұмыстардың бірі[6,280].

Жоғарыда атап өткен ғылыми еңбектердің қатарын толтыратын, топонимикалық сөздіктер санын молайтып, қазақ

елінің географиясы, әдебиеті мен тарихын байланыстыратын Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» шығармасының мазмұнында кедесетін топонимдерді зерттеу жұмысы – тіл білімі ғылымына жаңа серпіліс әкелетін туынды болып табылады. Ғылыми зерттеу жұмысының нысаны – қазақ елінің елу жылға жуық тарихын бес кітапқа сыйдырған Ш.Мұртазаның «Қызыл Жебе» шығармасы. Шығармада барлығы 400 жуық топоним кездеседі. Олардың ішкі мазмұнына үнілсек, олардың әрқайсысының шығу тегі тарихпен байланыс табады. Яғни әрбір атаудың тарихи оқиғамен байланысы бар екендігін көруге болады және де әр атаудың өзіне тән қолданыс мақсаты мен сипаты бар. Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» шығармасының мазмұнында кездесетін топонимдердің қолданыс мақсаты мен сипатын зерттеудің тақырыптық өзектілігіне тоқталсам, біріншіден, шығарма мазмұнында кездесетін топонимдердің қалыптасуына көптеген тарихи, географиялық факторлар әсер етеді. Екіншіден, автор топонимдердің шығарма мазмұнында қолдануда асқан шеберлік танытқан. Қолданылған топонимдердің әрқайсысының өзіне тән типтік үлгісі мен лингвистикалық сипаты бар.

Ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттері:

Зерттеудің негізгі мақсаты - Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» роман-эпопеясына кешенді талдау жасау арқылы топонимдердің түрлеріне қарай жіктеу және лингвистикалық сипатын айқындау. Осы мақсатты орындау үшін мынандай міндеттер қойылып, оларды шешуге ұмтылыс жасалды.

1. Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» роман-эпопеясындағы кездесетін топонимдерді анықтап, талдау жасау;
2. Көркем шығармада кездесетін топонимдердің өзіндік ерекшеліктерін айқындай отырып, түрлерін арнайы топтарға жіктеу; (ороним, гидроним, хороним және т.б)
3. Қазақ топонимдерінің қолданыс кеңістігін зерттеу арқылы негізгі типтік үлгілерін анықтау және шығармадағы топонимдерді анықталған типтік үлгілерге сай топтастыру;
4. Топтастырылған топоним жиынтықтарды қолдануда қиындық тудырмас үшін оларды арнайы сызба нұсқалар арқылы көрсету; (диаграмма, карта, кесте т.б)
5. Қазақ тіліндегі сөздіктердің қатарын молайту мақсатында «Қызыл жебе» шығармасы негізінде анықтамалық сөздік жинағын шығару;

6. Шығармада кездесетін топонимдердің лингвистикалық сипатын ашып көрсету;

Зерттеу жұмысының әдістері:

Зерттеу жұмысында тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиеттер сараланып талданды. Сонымен қатар топонимдердің этимологиясын айқындауда дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қоса кешенді, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, құрылымдық-морфологиялық, семантикалық, компоненттік талдау әдістерін қолдану арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Зерттеу жұмысын жазу барысында жоғарыда айтылған әдістердің ішінде сипаттамалы әдіс басымырақ қолданылды: түйіндеу, жіктеу. Зерттеу барысында таза лингвистикалық зерттеу әдістерімен қатар өзге ғылымдардың зерттеу құралдары да кеңінен қолданылды, олар: сипаттама жасау, жүйелеп салыстыру, карта, диаграмма және де кесте құру.

Зерттеу бөлімі

1. Көркем шығармада кездесетін топонимдердің географиялық орналасу ерекшелігіне қарай түрлеріне жіктелуі

Жалқы есімдер – тілдің лексикалық қорының негізгі қабатын құрайды. Адамзат қарым-қатынасын жалқы есімдерсіз елестету мүмкін емес. Яғни жалқы есімдер адамзат арасындағы қарым-қатынастың басты құралы.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жер-су аттарына көптеген зерттеулер жүргізіліп, біраз ауқымды жұмыстар атқарылды. Қазақстан Республикасында елді мекен, жер атауларының ұлттық негізде бастапқы халықтық атауларын зерттеу әрекеті қызу жүргізілуде. Осы зерттеулер нәтижесінде бұрын белгісіз болған, тіпті мүлде ұмытылған тарихи мұраларымыз жарық көріп, одан әрі зерттелу үстінде. Жер-су атаулары еліміздің тарихынан мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Сол себептен де ономастиканы, соның ішінде топонимиканы зерттеу өте қажет.

Жер-су атауларының, яғни топонимикалық атаулардың жалпыға ортақ белгісі ол – кез келген географиялық объектті атау [4,185]. Ал, ғылыми тұрғыда, ономастика- заттарды жекелеп атайтын жалқы есімді зерттейтін тіл білімінің саласы.

Ономастикалық зерттеулердің мақсаты – лексиканың басқа салаларымен салыстырғанда ономастиканың өзіндік белгілерін

анықтау, онимдердің әртүрлі топтарын зерттеу, ономастикалық атаулар мен жалқы есімнің қызмет ерекшеліктерін талдап, мән-мағынасын ашу.

Филология ғылымының докторы Т.Жанұзақов «Қазақ есімдерінің тарихы» атты еңбегінде ономастиканың негізгі бес саласын атап көрсетеді. [2,255]. Олар: топонимика, антропонимика, зоонимика, этнонимика және астропонимика.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жер-су аттарына қатысты көптеген зерттеулер жүргізіліп, ауқымды жұмыстар атқарылды. Қазақстан Республикасында елді мекен, жер атауларының ұлттық негізде бастапқы халықтық атауларын зерттеу әрекеті қызу жүргізілуде. Осы зерттеулер нәтижесінде бұрын белгісіз болған, тіпті мүлде ұмытылған тарихи мұраларымыз жарық көріп, одан әрі зерттелу үстінде. Жер-су атаулары еліміздің тарихынан мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Сол себептен де ономастиканы, соның ішінде топонимиканы зерттеу өте қажет. Топонимдер – жер бедеріндегі кез-келген табиғи немесе адам қолымен жасалған объектілер атауынан тұратын жалқы есім түрі. Ол өзен, су, құдық, бұлақ, көл, теңіз аттарын (гидронимдерді); тау, сай-сала, қырат, жоталар, асулар, орман-тоғай, жайлау аттарын (оронимдерді); елді мекендердің аттарын (ойконимдерді) жан-жақты зерттейді.

Топонимдердің барлық түрлері бір-бірімен белгілі бір жүйелі байланысқан және өзінің семантикалық, сөзжасамдық, морфологиялық құрылымы жағынан сол тілдік жүйеге сай келеді. Сонымен бірге географиялық атаулар ұлттық таным бойынша ерекшеленеді. Осыған орай топонимдер келесі белгілерге ие:

- Әр халықтың географиялық атау жасауында тілдік жүйеге сай келетін белгілі бір заңдылық сақталады;
- Адамның құндылықтарына сай ақпарат топонимде көрсетіледі;
- Топоним мазмұны тарихи, әлеуметтік, географиялық факторларға байланысты;
- Топонимдер тілдің ұлттық-таңбаланушы белгілері болып табылады;
- Топонимдер антропонимдерден кейінгі ономастикалық кеңістіктің өзегін құрайды ;
- Ұлттық топонимиканың негізгі қорын көбінесе ана тіліндегі атаулар құрайды;
- Топонимдер макротопонимдер (кеңінен танымал) және микротопонимдер (бір аймақ, бір ауыл көлемінде белгілі) болып


бөлінеді[1,320]. «Қызыл жебе» шығармасында кездесетін топонимдерді географиялық орналасу ерекшеліктеріне қарай түрлерін жүйелі түрде 10 топқа топтастыруға (ороним, спелеоним, хороним, агроним, дромоним, некроним, ойконим, дримоним, эक्лезеоним, гидроним) болады. Берілген кестеде «Қызыл жебе» шығармасының алғашқы екі кітабы «Рысқұл» мен «Тұрар»-да кездесетін топонимдердің географиялық орналасу ерекшеліктеріне қарай жіктелуінің кестесі мен салыстырмалы диаграммасы ұсынылып отыр. (Кесте 1-2, диаграмма 1-2)

Кесте 1. «Қызыл жебе» шығармасының бірінші кітабы «Рысқұл»-да кездесетін топонимдердің жіктелуі

Топоним	Ороним (жер үсті нысандар атауы) кітапта жалпы саны – 17 ороним кездеседі. Олар: <i>Қаратау, Талғар, Іле Алатауы, Мұзарт тауы, Богатырь, Жаңғырық, Ешкіқорған, Аспара, Шыбынсай, Алпамса т.б.</i>
	Спелоним (жер асты қабаты нысандары атауы) кітапта спелонимдер кездеспейді.
	Хороним (аймақ атауы) кітапта жалпы саны – 27 хороним кездеседі. Олар: <i>Түлкібас, Жуалы, Қоқан хандығы, Шығыс Талғар, Қытай, Жетісу, Жайылма т.б.</i>
	Агроним (жер бөлімшелері атауы) кітапта жалпы саны – 8 агроним кездеседі. Олар: <i>Ақсу – Жабағылы, Медеу, Мыңжылқы, Қарқара, Мақнал, Есік алқабы т.б.</i>
	Дромоним (кез-келген байланыс жолының атауы) кітапта жалпы саны – 1 дромоним кездеседі. Ол – <i>Софийск станциясы.</i>
	Некроним (жерлеу орындарының атауы) кітапта жалпы саны – 3 некроним кездеседі. Олар: <i>Байдібек баба күмбезі, Домалақ ана кесенесі, Дәу-Баба күмбезі;</i>
	Ойконим (елді мекен атауы) А) Астионим (қала атауы) кітапта жалпы саны – 19 астионим кездеседі. Олар: <i>Петербург, Алматы, Шымкент, Мерке, Мекке, Сібір, Құлан, Сайрам т.б.</i> Ә) Урбаноним (көше атауы) кітапта жалпы саны – 1 урбаноним кездеседі. Ол – <i>Староклаббиченская көшесі</i> Б) Комоним (ауыл атауы) кітапта жалпы саны – 11 комоним кездеседі. Олар: <i>Бесағаш, Тау-Шілмембет, Шеле, Сазтөбе,</i>

<i>Саймасай, Саты, Күмісбастау т.б.</i>
Дримоним (орман, тоғай, алқап атауы) кітапта жалпы саны – 1 дримоним кездеседі. Ол – <i>Рысқұл алқабы</i> .
Экклезионим (діни орындар атауы) кітапта экклезионим кездеспейді.
Гидроним (су нысандарның атауы) А) Потамоним (өзен атауы) кітапта жалпы саны – 8 потамоним кездеседі. Олар: <i>Бала-Бөген, Есік, Иірсу, Нарын, Шарын т.б.</i> Ә) Лимоним (көл атауы) кітапта жалпы саны – 6 лимоним кездеседі. Олар: <i>Есік, Ақкөл, Қарақойын, Қаракөл, Ыстықкөл т.б.</i> Б) Гелоним (саз атауы) кітапта гелоним кездеспейді. В) Океаноним (мұхит атауы) кітапта океаноним кездеспейді. Г) Пелагоним (теңіз атауы) кітапта пелагоним кездеспейді. Д) Пегоним (бұлақ атауы) кітапта пегоним кездеспейді.

Диаграмма 1.



Кесте 2. «Қызыл жебе» роман-эпопеясының екінші кітабы «Тұрар» бөлімінде кездесетін топонимдердің географиялық орналасы ерекшеліктеріне қарайтүрлеріне жіктелуі

Ороним (жер үсті нысандар атауы), кітапта жалпы саны – 9 ороним кездеседі. Олар: <i>Талас Алатауы, Алатау, Аспара, Талғар, Орал, Шақнақ, Боралбай т.б.</i>
Спелоним (жер асты қабаты нысандары атауы) кітапта спелонимдер кездеспейді.
Хороним (аймақ атауы), кітапта жалпы саны – 27 хороним

кездеседі. Олар:
Агроним (жер бөлімшелері атауы), кітапта жалпы саны –5 агроним кездеседі. Олар: <i>Жартас кеніші, Ақсу-Жабағылы қорығы т.б.</i>
Дромоним (кез-келген байланыс жолының атауы) кітапта жалпы саны –1 дромоним кездеседі. Ол – <i>Керуен Сарай</i>
Некроним (жерлеу орындарының атауы) Кітапта жалпы саны –4 некроним кездеседі. Олар: <i>Қарахан әулие күмбезі, Тек-Тұрмас т.б.</i>
Ойконим (елді мекен атауы) А) Астионим (қала атауы), кітапта жалпы саны –40 астионим кездеседі. Олар: <i>Алматы, Сахалин, Бодойбо, Семей, Алдан, Аягөз, Сібір, Мерке, Әулие-Ата т.б.</i> Ә) Урбаноним (көше атауы), кітапта жалпы саны –3 урбаноним кездеседі. Ол – <i>Нева проспектісі, Кауфман көшесі, Бұрыл көшесі.</i> Б) Комоним (ауыл атауы), кітапта жалпы саны –20 комоним кездеседі. Олар: <i>Шелек, Маңырақ, Тай-Шілмембет, Қорағаты, Ойтал, Кузьминка, Қошқар-Ата т.б.</i>
Дримоним (орман, тоғай, алқап атауы), дримоним кездеспейді.
Экклезионим (діни орындар атауы), экклезионим кездеспейді.
Гидроним (су нысандарның атауы) А) Потамоним (өзен атауы), 16 потамоним кездеседі. Олар: <i>Лена, Іле, Ақсу-Қапал, Енесей, Обь, Сырдария және т.б.</i> Ә) Лимоним (көл атауы), 2 лимоним кездеседі. Олар: <i>Балқаш, Байқал</i> Б) Гелоним (саз атауы), кітапта гелоним кездеспейді. В) Океаноним (мұхит атауы), 1 океаноним кездеседі. Ол: <i>Солтүстік Мұзды Мұхиты.</i> Г) Пелагоним (теңіз атауы), 2 пелагоним кездеседі. Олар: <i>Охот теңізі, Балтық</i> Д) Пегоним (бұлақ атауы), пегоним кездеспейді.

Диаграмма 2.



1.1 «Қызыл жебе» шығармасындағы топонимдердің тарихи және географиялық принциптері

Ғылымның барлық саласы тарихпен тығыз байланысты десек те, олардың ішінде тіл білімінің тарихпен байланысы ерекше орын алады. «Адамзат мәдениеттің барлық өкілі сияқты, тіл – тарихи тұрғыдан қаралатын пән»[10,201], дейді белгілі немістің филолог ғалымы Г.Пауль.

Көптеген ғалымдар тіл көне тарихты, яғни жазуға дейінгі тарихты қалпына келтіруге таптырмайтын дереккөз деп біледі. Белгілі аумақтағы диахрониялық кезеңдерді анықтауда тіл археологиямен бірдей маңызға ие болады. Тілшілер арасында қалыптасқан «топонимика-күрексіз археология»[14,4] деген теңеуді «тіл – күрексіз археология» деп кеңейтіп айтса да болады. Тілдің кумулятивті қасиеті деп жүргеніміздің өзі осы – оның өз бойына жинақтаған тарихи ақпараты. Мәселен, шығармада кездесетін топонимдердің бірі *Баласағұн* қаласының қай жерде қай жерде болғанын анықтау үшін, ойконимнің өзін зерттеп, алу қажет. *Бала* «кіші, жас» мағынасын беретін болса, *сағұн/сеғун* шығыс халықтарында «патша, әскербасы» мағынасын беретіні дәлелденген. *Баласағұн* «жас қаған салған немесе жас қаған билеп тұрған қала» деген ұғым береді. Ал ол жас патша кім және қай дәуірде өмір сүрген Сонымен бірге *сағұн* «қамал» [12] сөзі болса, «Баласағұн», «Атасағұн» ойконимдерінің арасында қандай байланыс бар? Мұндай деректерді тарихшылардың көмегімен ғана анықтау мүмкін болмақ. Шынында да, жеріміздегі әрбір атау еліміздің өткен тарихынан сыр шертіп тұратыны рас, бірақ біз оны үнемі байқай

бермейміз. Себебі біз күнделікті тіршілікте қарбалас сәттерде жер-су аттарын бағыт-бағдар беретін таңба ретінде пайдаланумен ғана шектелеміз. Ал сәл ойланып, байыбына барса, әр топонимнің кумулятивтік ақпараты жетіп артылады. Академик Я.К.Грот: «Топографиялық атау ешқашан кездейсоқ және мағынасыз болмайды» [16,509], дейді. Байырғы атаулардың құндылығы да сонда, оларды қандай атақты адамның атына, қандай әдемі сөзге де айырбастауға болмайды. Демек, топонимжасам процесінде тарихи атауларды жоғалтып алмау мақсаты алға қойылады. Атаудың пайда болуы, мағынасының тұлғасының өзгеруі тілдің даму заңдылығының нәтижесі десек, атаудың белсенді қолданылуы немесе қолданыстан қалуы, ауысып кетуі қоғамның даму заңдылығына байланысты. Шығарма топонимдерін типтерге бөліп, сол типтерге сай тың топонимдер қалыптастыру жолдарын қарастырудың өзі қазіргі қоғам дамуының талабынан туып отыр.

Е.П.Поспеловтың «Топонимика – географиялық атаулар туралы ғылым» деген анықтаманың өзі бұл екі саланың ажырамас бірлікте болатынын көрсетеді [7,420]. Топонимика қазіргі кезде дербес ғылым саласы ретінде қалыптасып қалғанымен, ол әуел бастан тіл білімі, тарих және география ғылымдарына тәуелді болып келеді. Жер-су аттары осы аталған үш саланың да зерттеу нысаны болып табылады. Соның ішінде география – жаратылыстану ғылымына жататындықтан, атау мен нақты реалийді бірге қарауға мүмкіндік береді. Бір ғана топонимнің этимологиясын ашып көрсету барысында үш сала жарыса араласып отырады. Яғни географиялық нысан болмаса, онда оның атауыда болмас еді деген қорытынды шығады.

2 Көркем шығармадағы топонимдердің сөзжасамы

2.1. Шығармадағы лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер

Жер-су аттары – әр халықтың басынан кешкен тарихынан ақпарат беріп қана қоймайды, сонымен қатар халықтың тіршілігінен, өмір сүру дәстүрі мен жердің табиғаты туралы да мәлімет беретін мәдени кодты атаулар. Әрбір географиялық атау тарихи бола тұра, оның мағыналық өрісі де кең болып келеді. Топонимдердің құрамына енетін апеллятивтер нысанның табиғи

ерекшеліктерін (жер бедері, өсімдіктер, топырақ т.б.) білдіреді[7,380]. Этноним мен антропонимдерден жасалған топонимдер де бар. Олардың барлығы тіліміздегі сөзжасамдық заңдылықтар негізінде жасалған. Сондықтан да топонимжасамды айтпас бұрын сөзжасам мәселелеріне тоқталуымыз шарт.

Сөзжасам лексикамыздағы барлық сөздерді қамтитындықтан, ол жалқы есімдердің де жасалуын қамтамасыз етеді. Яғни, жалқы есімдер тіліміздегі сөзжасам үрдісінен тыс қала алмайды. Сөз болсын немесе атау болсын қоғамдағы қажеттіліктен туады. Әр атау жоқтан бар болмайтындықтан, заттың қандай да бір ерекше қасиет я құбылысына байланысты туындайды. Және әр атаудың өзіне тән өзіндік жасалу тәсілі болады. Топонимдер негізінен туынды сөздерге соның ішінде заттық атаулар қатарына жатады, Себебі жер-су атаулары белгілі бір географиялық нысанға беріледі. Мысалға: *Ақ+көл=Ақкөл; Қара+кемер=Қаракемер; Ақ+су=Ақсу; Шым+кент=Шымкент; Саз+төбе=Сазтөбе; Ешкі+қорған=Ешкіқорған; Ала+тау=Алатау; Шыбын+сай=Шыбынсай; Ине+тау=Инет ау; Көл+сай=Көлсай; Қар+қара=Қарқара және т.б.*

2.1.1 Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған түбір топонимдер

Қазақ топонимиясында түбір топонимдер саны қалған түрлерге қарағанда саны жағынан ең азы. Түбір топонимдердің құрамы әр түрлі болып келетіндіктен, олардың нақты жүйелі модельдерін жасау мүмкін емес[14,4]. Оларды лексика-семантикалық топтарға жіктеп бөлуге болады. Топонимжасам тұрғысынан алып қарағанда, түбір топонимдер жаңа атауға негіз болу арқылы белсенділік танытқанымен, жеке тұрып атау жасауда өнімсіз болып келеді. Апеллятив атаулар өзіндік топонимикалық категория құрайды және жер бедерінің типтерін белгілейді. (Адыр, Жота, Дала т.б). мұндай атау жасауға қатысқан сөздердің көбі лексикамызда бар сөздерден алынып, лексика-семантикалық тәсіл арқылы жалқы есімге яғни, топонимге айналған. Шығармада кездесетін апеллятив атауларының көбісі зат есімдерден жасалған (*Арал, Есік, Шелек, Іле, Ұлар, Ойық т.б*), ал енді біразы басқа сөз таптарынан заттану арқылы жасалған (*Ащы, Тұйық т.б*). Жалпыатаулардың пайда болуы белгілі бір талаптардан туған. Яғни, нысанға түбірлі атау беру үшін қойылатын жалғыз шарт – Бұлақ атауын мысалға алатын болсақ, ол бұлақ осы маңайдағы жалғыз бұлақ болуға тиіс. Тау, арна, айдын осыларда дәл солай.

Демек, географиялық терминдер ең алдымен тілде пайда болып, түбір топонимдер жасалады, ал кейінірек олардан күрделі, қосымшасы бар атаулар пайда болады.

2.1.2 Шығармадағы орографиялық терминдер арқылы жасалған түбір оронимдер

Топоним түрлерінің бірі – ороним, ол жер бедерінің төмен және көтеріңкі келетін оң және теріс пішіндерін айқындайтын термин. Мысалға: Іле жоталары, Қаратау тауы, Талғар тауы, Мұзарт мұздығы, Ешкіқорған шатқалы, Шақпақ-ата асуы т.б. Ороним термині құрғақ жердің барлығын қамтып аталғанымен, негізінен, жер бетінен көтеріңкі орналасқан нысандарды атауға аталған[15,382]. Мысалы, «Кемер» топонимі – тау. Павлодар облысы, Екібастұз ауданы. Кемер географиялық термины әрі оронимдік, әрі гидронимдік нысанды атай береді. Оған себеп – оның «бір нәрсенің жиегін, шетін, жағалауын» білдіретін семантикасы. Мысалы, *кемер* «өзен, көл, су арнасының жағалауы, жиегі болса, енді бірде «таулардың аспанмен ұштасқан көкжиегі» деген мағынаны білдіреді. Шыққан топоним: Кемербастау. келесі бір мысал «Тау», айналасындағы жерден едәуір биік жер деген түсініктеме береді. «Тау» термині таңбалайтын географиялық нысандар салыстырмалы түрде әр түрлі болып келеді: жазық жерлерде төбе немесе төбешікті тау деп атайтын болса, таулы өңірлерде тұтас тау тізбектерін, тау жоталарын қамтиды. Бұл термин жалқы есім ретінде көп қолданылмайды, себебі айдалада жалғыз таудың тұруы сирек кездеседі. Ал күрделі топонимдер жасауда белсенді қолданылады. Мысалға шығармада кездесетін оронимдер: *Алатау, Мұзтау, Таутүрген, Қаратау, Таушелек, Тауқұм, Күмісбастау*;[16]

2.1.3 Шығармадағы гидрографиялық терминдерден жасалған түбір гидронимдер

Топонимдердің тағы бір түрі – гидронимдер, ол – кез келген су объектісін білдіретін жалқы есім. Гидрографиялық терминдер күрделі топонимдер құрамына кіреді, және құрамына еніп қана қоймай, түбір күйінде жалқы есімге өтіп, жалпы атаулар жасайды. Топонимикада гидронимдер ең көне атаулар деп есептеледі, сондықтан мағыналық қоры, аша білген адамға, мол ақпарат береді. Мысалы романда кездесетін гидронимдер: *Арал* – теңіз. Қызылорда

облысы, Арал ауданында орналасқан. Арал сөзі жан-жағы сумен қоршалған кішкентай құрлық дегенді білдіреді. Алайда, бұл гидронимде керісінше, жан-жағы құрлықпен қоршалған су дегенді білдіріп тұр. *Балқаш* – көл. Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарымен шектеседі. Қазіргі кездегі жалқы есім ретінде сақталған көне гидрографиялық термин болып табылады. Мағынасы: Балқаш < бал+қаш, «батпақты, сулы, тартпа жер», бал+шық, бал+жыр сөздерімен түбірлес. Топоним жасамда белсенді емес[13,350].

Түрген – өзен. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ облысында оранласқан. Түргэн>түрген моңғол тілінен енген сөз, «шапшаң», «жылдам», «тез» деген мағыналарды білдіреді. Тілімізге ертерек еніп, бейімделіп кеткендіктен, түрген географиялық терминін топонимжасауда кеңінен пайдалануға болады. Романда кездесетін «түрген» сөзіне құралған гидроним: Таутүрген;

2.1.4. Метафора арқылы жасалған түбір топонимдер

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы бір сөз мағыналық жақтан өзгеріп, жаңа сөз туындайды. Жаңа сөз өзі бөлініп шыққын сөзге омонимдік қатынас құрайды. Өткен тараушада қарастырған апеллятивті атаулар негізінен, омонимдер болып табылады (жалпы есім есік, жалқы есім Есік). Алайда бұл кезде сөздің бір табына екінші сөз табына үнемі ескере бермейтінін ескеру керек.

Сөзжасамдық мағына жасаудың тағы бір қайнар көзі – метафора. Топонимжасамда да, дәл сөзжасамдағыдай, метафора арқылы жасалған түбір топонимдер көптеп кездеседі. Мәселен, біз қарастырып отырған түбір топонимдердің ішінен көлемі жағынан апеллятив атаулардан кейін екінші орынды метафоралық атаулар алады. Романда кездесетін метафоралық атаулар: *Шелек* –Ең алдымен шелек сөзі сұйық зат құйып бір жерден екінші жерге тасымалдау үшін пайдаланатын тұтқасы бар үлкен ыдыстың аты. Ал топоним ретінде Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан өзен[16].

2.1.5. Синекдохалық атаулар арқылы жасалған топонимдер

Синекдоха – сөздерді ауыстырып қолдану жағынан метонимияға жақын, бірақ синекдоханың басты ерекшелігі «бүтіннің орнына бөлшек, көпшенің орнына жекеше, жалпының орнына жалқы немесе керісінше алмасып айтылуында. Топонимикада

синекдохалық топонимдер әлі қарастырылмаған, бірақ бар құбылыс[7,412]. Мұнда көбінесе ойконимдердің жасалуына сол елді мекен ішіндегі мекеме, көпшілік орны т.б. себепші болады. Романда кездесетін синекдоха арқылы жасалған атауларға:

Қазан - тамақ пісіруге арналған шойыннан немесе басқа металдан құйылып жасалған ыдыс. Ал топонимдік түрі Ресей Федерациясындағы қала. Татарстан Республикасының астанасы. Еділ өзенінің сол өзенінің сол жағалауында орналасқан.

Шақпақ- бір жақ ұшына оңай жанатын қоспа жағылған жіңішке ағаш таяқша (шырпы). Ал топонимдік мағынасы жағын жота. Шығыстан шыққан Ұлы Жібек жолының керуені ізі қалған жер.

Қорыта келгенде, сөз мағыналарының ауысуы арқылы жер-су аттары жасалады және топонимжасамның негізгі көздерінің бірі болып саналады.

2.1.6. Түбір және туынды зоотопонимдер

Зоотопонимдер ономастиканың тағы бір саласы болып табылатын зоонимдерден жасалады. Зоотопонимдер топонимнің елді мүшелері ороним және гидрониммен тең дәрежеде тұрады. Себебі, үнемі көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан түркілер жылқы, қой, ешкі, түйе, сиыр түліктерін үздіксіз бағып, малдың өрісіне қарай көшіп-қонып отырғандықтан, өз кезегінде, жер – су аттарының мол және алуан түрлілігін туғызған. Қазақстанның жануарлар әлемін зерттеген А.Н. Форназов былай дейді: «Қазақстан картасындағы өзен-су және ежелгі мекен атаулары жабайы аңдар атымен байланысты»[4,205]. Өйткені Қазақстанның ландшафтық өмірінде жануарлар дүниесі үлкен рөл атқарған. Топонимжасамда аң-құс аттарынан жасалған түбір зоотопонимдерді орынды қолдана білсе, олар туынды топонимдер жасауға да атсалысады. Романда кездесетін түбір және туынды зоотопонимдер мен олардың семантикалық мағынасына тоқталсам:

Түлкібас – Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан аудан. Аудан Сырдария округіне қарасты, Шымкент уезі, Майлықент болысының аумағында, орталығы Түлкібас станциясы болып, 1928 жылы 17-ші қаңтарда құрылғандығын мұрағат құжаттары растайды. Түлкібас сөзі *түлкі+бас* сөздерінің қосындысынан туындаған туынды топоним. Бұл жерде «түлкі» сөзі зооним болып

түр. Түлкі дегеніміз – жыртқыштар отрядының иттер тұқымдасына жасатын жабайы аң[12].

Жабағылы – Арыс алабындағы өзен. Оңтүстік Қазақстан облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы жерімен ағады. Бұл топоним түбірі «жабағы» сөзінен шыққан. Жабағы деп 6 ай мен 1 жас аралығындағы жылқы төлін атайды.

Құлан – Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданының орталығы. Облыс орталығы Тараз қаласынан шығысқа қарай 120 км жерде, Қырғыз Алатауының бойында орналасқан. Солтүстігінде Луговой кенті орналасқан. Бұл жерде «құлан» сөзі зооним. Құлан сөзінің түпті мағынасы тақтұяқтылар тұқымына жататын жабайы жылқы.

Торғай – Қостанай облысының Жангелді ауданындағы ауыл, аудан және Торғай ауылдық округінің орталығы. Облыс орталығы – Қостанай қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 550 км жерде, Торғай өзенінің оң жағасында орналасқан. «Торғай» сөзі зооним болып саналады, және оның негізгі мағынасы торғайтәрізділер отрядына жататын құстар тобы.

2.1.7. Түбір және туынды фитотопонимдер

Фитотопоним – топонимнің құрамы өсімдік атауынан тұратын жер-су атаулары. Түбір өсімдік атауларынан трансонимденіп барып жасалған топонимдер шығармада көп емес, бірақ бар. Өсімдік атаулары түлғасын өзгертпей топонимге айналғанда, зоотопонимдер сияқты әр түрлі мағыналық жолмен ауыспайды. Олар бір ғана уәжді білдіреді: ол – өсімдіктің бар және мол екенін атап көрсету[11,450].

Бесағаш – Жамбыл облысы, Жамбыл ауданына қарасты ауыл. БЕСАҒАШ ауылдық округінің орталығы. Аудан орталығы – Аса ауылының оңтүстік шығысында 37 км жерде. Бесағаш топонимы *бес+ағаш* сөздерінің бірігуінен жасалған. *Сан есім+зат есім*. Бұл жердегі зат есім фитоним болып табылады. Ағаш сөзінің негізгі мағынасы ол - сабақтары мен тамырлары сүректеніп біткен, өте жақсы жетілген діңі бар, биіктігі 2 метрден кем болмайтын көп жылдық өсімдік.

Ойтал – Жамбыл облысы, Меркі ауданындағы ауыл, өзімен аттас ауылдық округі. Аудан орталығы - Меркі ауылынан солтүстік шығысқа қарай, Ойтал өзені аңғарында орналасқан. Топоним *ой+тал* сөздерінің бірігуінен жасалған. *Зат есім+зат*

есім. Бұл жердегі екінші зат есім «тал» сөзі фитоним болып табылады. Тал сөзінің негізгі мағынасы – талдар тұқымдасындағы көп жылдық өсімдіктер туысы.

Ұзынағаш – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы ауыл және Ұзынағаш ауылдық округінің орталығы. Облыс орталығы Талдықорған қаласынан оңтүстік – батысқа қарай 314 км, ал Алматы қаласынан батысқа қарай 44 км жерде, Қарасу жіне Ұзынағаш өзендері аралығында, Іле Алатауының сайлы-жыралы келген солтүстік етегінде, бұта, ши аралас бетеге, қау, селеу өскен тауалдының сұр, сортаңды сұр топырақты шөлейтті белдемінде орналасқан. Топоним *ұзын+ағаш* сөздерінің бірігуінен жасалған, яғни *сын есім+зат есім*. Топоним құрамындағы зат есім «ағаш» сөзі фитоним болып табылады.

Ағаш сөзінің негізгі мағынасы ол - сабақтары мен тамырлары сүректеніп біткен, өте жақсы жетілген діңі бар, биіктігі 2 метрден кем болмайтын көп жылдық өсімдік[12].

2.1.8. Түбір және туынды анротопонимдер

Анротопонимдер – ғылыми тілде жекелеген немесе топтанған дам есімдерінен жасалған топонимдердің бір түрі. Анротопонимдер мынандай уәждер мен себептер арқылы пайда болады.

1. Сол жерді иемденген, қоныс еткен «феодал, байлардың атынан жасалған микротопонимдер». Шығармада кездесетіндері: *Тұқымбай ауылы, Саймасай ауылы, Иваново-Вознесенкі, Дауылбай ауылы, Кузьминка, Бектен ауылы, Кауфман көшесі;*
2. Атақты хан, сұлтан, батыр, би, ақын, белді тұлғалардың туған және қайтыс болған жерлерге есімдерін мәңгілеу үшін аты беріледі. Ондай топонимдерге: *Байдібек баба, Домалақ-ана, Рысқұл алқабы, Ойық, Шақпақ-ата, Лена өзені, Дәу-Баба, Қошқар ата, Айша-Бибі күмбезі;*

2.1.9. Түбір және туынды этнотопонимдер

Ономастиканың теориялық мәселелерін жан-жақты қарастырған профессор А.В.Суперанская этнонимді «ономастикалық кеңістікке енбейтін лексикологиялық категория»-ға жатқызады[10,201]. Оның басты себебі, этнонимдер коннотацияға бай, бірақ денотаты анық болмағандықтан, «тілдік

сипаты жағынан олар жалпы есімдер» дейді ғалымдар. Этноним аты айтып тұрғандай кәдімгі жалқы есім. Алайда, этнонимдер топонимге айналғанда антропонимдер тәрізді бірнеше мағынада жұмсалмайды, тек «белгілі бір этноним мекені» деген бір ғана мінге ие болады.

Шығармада кездесетін этнотопонимдер: *Қазақстан, Үндістан, Қытай, Моңғолстан;*

2.2.«Қызыл жебе» шығармасындағы аналитика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер

Сөзжасам теориясы туралы барлық еңбекте аналитика-семантикалық тәсілмен жасалынатын туынды сөздерге бір ауыздан біріккен, кіріккен, қосарланған, қайталанған, тіркесті сөздері жатқызады. Ал қысқарған сөздерді кейбір авторлар бұл топқа жатқызбайды, себебі «сөздерді қысқартып алуда сөзжасмдық сипат жоқ» [9,257] екенін ескертеді. Айтылып өткен аналитика-семантикалық тәсілдің қағидасы топонимжасамда толығымен сәйкес келеді. Тіліміздегі туынды сөздер секілді топонимдерде бірігу тәсілі арқылы жасала алады. Екі, үш сөздің мағыналары бірігіп, жаңа, тың сонымен бірге күрделі мағынаға ие топонимдер пайда болады.

Шығармада кездесетін топонимдерді жіктей келе оларды төменде кездесетін модельдерге топтастыруға болады.

1-ші модель: сын есім + зат есім. Бұл үлгісі бойынша сөздердің бірігуі сөзжасамның өзінде ең өнімді тәсіл болып саналса, топонимжасамда тіпті жемісті тәсіл болып саналады.

2-ші модель: Зат есім+зат есім (Күмісбастау, Түлкібас, т.б)

3-ші модель: Сан есім + зат есім (Бесағаш, Мыңжылқы т.б)

4-ші модель: сын есім + зат есім (Ұзынағаш, Алатау, Қаратау, т.б)

Қорыта келгенде, топонимжасамның аналитика-семантикалық тәсілмен пайда болатын туынды топонимдерінің ішінде біріккен жер-су аттары қомақты орын алады. Кіріккен, тіркесіп, қосарланып, қысқарып жасалған атаулар да кездеседі бірақ, олар мардымсыз.


2.2.1.Сын + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер.

Сын есім + зат есім үлгісі бойынша сөздердің бірігуі топонимжасамда кеңінен пайдаланылады. Мұндай бірігуде екі немесе одан да көп түбірлердің бірігуі арқылы мағынасы да,

тұлғасы да біртұтас туынды атау пайда болады және оның мағынасы құрамындағы компоненттерінің мағынасы арқылы уәжделенеді. Мысалы:

Қаратау (қара+тау), Алатау (ала+тау), Ақкөл (ақ+көл), Ақсу (ақ+су), Қаракемер (қара+кемер), Қарақол (қара+қол), Қарақойын (қара+қойын), Қаракөл (қара+көл), Ыстықкөл (ыстық+көл), Қарасу (қара+су), Ұзынағаш (ұзын+ағаш), Күмісбастау (күміс+бастау), Майлыкент (майлы+кент), Сарытау (сары+тау), Сарыарқа (сары+арқа);

Сын есім + зат есім бірігуі арқылы жасалған атаулардың үлгісі:



Сын есім + зат есім үлгісімен жасалған топонимдердің бірінші сыңары топонимжасамда ерекше маңызды (*екінші сыңарының негізгі екенін жоққа жоққа шығармаймыз*) міндет атқаратынын атап өту керек. Оның себебі, екінші (*негізгі*) компонент географиялық термин, зат есім, заттанған басқа сөз таптары болып келеді де, географиялық нысанды жәй ғана атайды, ал бірінші сыңар ол нысанның ерекше белгісін белгілеп, ол нысанды басқалардан ажыратады, өзіндік тип құрайды.

Екінші компонент географиялық аймақтың яғни бірінші компоненттің ерекшеліктеріне байланысты туындайды. Түр-түсіне, сапасына, көлеміне байланысты.

Біріккен атаулардың екінші сыңары кез-келген сөзден бола береді дегенде, олар шексіз деген ұғым тумау керек. Қандай бай тіл болса да шектеулі. Атақты ғалым Э.Сепир: "Бірде-бір тіл әрбір нақты идеяны немесе нақты элементті жеке жеке сөзбен білдіре алмақ емес. Тәжірбиенің нақтылығы шексіз, ал ең бай тіл қорының өзі қатаң шектелген",- дейді[15,385]. Сондықтан жер-суға ат қойған беймалым ата-бабаларымыз екі түбірмен ғана шектелмей, үш, төрт түбірді біріктіруге мәжбүр болған. Мысалы:*Күмісбастау (күміс+бас+тау);*

2.2.2. Сапа белгісін білдіретін сын есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен атаулар

Сын есімнің негізгі қызметі заттың түр-түсін білдірімен шектелмейді, оған қоса "заттың сапалық белгі сипатын (әдемі, надан, асыл, мықты т.б.); заттың көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін (мол, ауыр, жүйрік т.б.) сындарын да анықтайды.

Мысалы: *Қаратау* (қара+тау), *Алатау* (ала+тау), *Ақкөл* (ақ+көл), *Ақсу* (ақ+су), *Қаракемер* (қара+кемер), *Қарақол* (қара+қол), *Қарақойын* (қара+қойын), *Қаракөл* (қара+көл);

2.2.3. Зат есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер

Зат есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен атаулар топожүйемізде біршама мол кездеседі. Ауқымы кең топонимдер тудырады. Мысалы: *Түлкібас* (түлкі+бас), *Мұзарт* (мұз+арт), *Шымкент* (шым+кент), *Сазтөбе* (саз+төбе), *Кесіктөбе* (кесік+төбе), *Ешкіқорған* (ешкі+қорған), *Шыбынсай* (шыбын+сай), *Инетау* (ине+тау), *Көлсай* (көл+сай), *Тауқұм* (тау+құм), *Арасан* (ара+сан), *Кемербастау* (кемер+бас+тау), *Дауылбай* (дауыл+бай), *Аспара* (ас+пара), *Орынбор* (орын+бор), *Ойтал* (ой+тал), *Сырдария* (сыр+дария), *Жартаc* (жар+тас), *Сусамыр* (су+самыр), *Тойтөбе* (той+төбе), *Саудакент* (сауда+кент), *Құмкент* (құм+кент), *Тастөбе* (тас+төбе);

А) Сан есім+зат есім үлгісімен жасалған біріккен топонимдер

Біріккен топонимдердің келесі бір тобы *сан есім+зат есім* үлгісі бойынша жасалады. Алдыңғы сыңары сан есім, лексика-семантикалық жағынан сандық ұғымды білдіретін сөздер де, соңғы сыңары негізінен, географиялық терминдер, басқа да зат есімдер болып келетін күрделі топонимдер ауқымы жағынан алдыңғы үлгілерден кейінгі орындарды иемденеді. Топонимжасамда сан есімдер әдетте морфологиялық өзгерістерге түспей қолданылады[13,355]. Бірақ кей жағдайларда сан есімдердің өзіне тән шектеулі қосымшаларының кейбірі жер-су атауларын жасауда қолданылады. Шығармада кездесетін сан есім + зат есім үлгісімен жасалған топонимдер:

Жетісу (жеті+су), *Төрткүл* (төрт+күл), *Үшмарал* (үш+марал), *Үшқорған* (үш+қорған), *Бесағаш* (бес+ағаш), *Мыңжылқы* (мың+жылқы) [19,20];

Ә) Қосарлы күрделі топонимдер (атаулар)

Тілімізде қосарлану тәсілі арқылы жасалған топонимдер көптеп кездеседі. Шығармада кездесетін қосарлы туынды топонимдерді құрылымдық және мағыналық жағынан үш топта бөлінеді:

1. Мағыналары жақын, мәндес себепші негіздерден құралған қосарлы туынды топонимдер
2. Мағыналары қарама-қайшы себепші негіздерден тұратын қосарлы туынды топонимдер.
3. Сандық және сапалық жағынан бір-бірімен ыңғайлас, мәндес себепші негіздерден тұратын қосарлы туынды топонимдер.
4. Қимыл-қозғалыстық мәнді сөздер бір-бірімен қосарланып жасалған қосарлы туынды топонимдер.

2.3. Топонимжасамның синтетика-семантикалық тәсілі

Қазақ тілі сөзжасамын зерттеуге қатысқан ғалымдардың барлығы (А.Ысқақов, С.Исаев, Н.Оралбаев, Ғ.Қалиев, А.Салқынбай т.б) бірауыздан синтетикалық тәсілді сөзжасамның ең өнімді тәсілі деп таниды.[6,215]. Оның себебін тілші-ғалым, профессор Қ.Шаяхметов былайша атап көрсетеді: «Сөзжасам мен сөзөзгерімнің басқа да аамал-тәсілдері бар болғанмен, солардың ішінде ең пәрменді, төтенше шара ретінде қазіргі сөздің құрылымдық құбылыстарында өзгеше оқшауланады. Бұл жағдайдың ақиқат-шындық екендігі түркі тілдерін бүтіндей типологиялық беті бойынша аглютанивті (жалғамалы) деп танудан басталса керек. Демек, қосымшаларды т.ркі тілдерінің дериватологиялық және морфологиялық бейне-бітімін жан-жақты ашып білу үшін қажетті басты тетік, кілт десе де болғандай»[7,509]. Синтетика–семантикалық тәсіл арқылы сөз жасау *лексикалық мағыналы сөз+ сөзжасамдық жұрнақ* үлгісі бойынша жүреді. Топонимжасамда негіз сөзді – топонегіз, сөзтудырушы жұрнақты – топоформант деп атау қалыптасқан. Топонегізге түбір атау мен күрделі атаулар бірдей қатыса береді, өйткені негіз сөздің тұлғасы емес, оның лексикалық мағынасы маңызды болып келеді.

2.3.1. Топонимжасамның өнімді қосымшалары

-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті жұрнақтары

Сөзжасамда бұл жұрнақтар «бір заттың я басқа құбылыстың бар екенін немесе мол екенін білдіретін туынды сын есімдер жасайды. Ал топонимжасамда да бұл жұрнақтардың қызметі өзгеріссіз қалады. Сын есім сөзжасамының аса өнімді жұрнақтарының біріне жатқазатын *-лы, -лі* жұрнақтары топонимжасамда да тым белсенді.

Белгілі бір заттың, не құбылыстың атына жалғана отырып «сол заттың, не құбылыстың белгілі бір жерде бар, мол екенін» атап көрсетеді[7,516]. Мысалы: Алма+лы, Бақбақ+ты, Бүрген+ді, Жар+лы+су, Күде+лі және т.б.

-ған, -ген, -қан, -кен, -ар, -ер, -р жұрнақтары

-ған, -ген, -қан, -кен, -ар, -ер, -р жұрнақтары сөзжасамда *есімше жұрнақтары* деп аталады. Топонимжасамда есімше жұрнақтары белсене қатысады. Алдымен олар атрибуттық мағынаға ие болып, одан соң заттану арқылы жалқы есімге айналады. Шығармада кездесетін *есімше жұрнақтар* арқылы жасалған топонимдер: Сыз+ған, Түр+ген, Тес+кен+су және т.б.

Біздің бірінші қарастыратын есімшенің –ған, -ген жұрнақтары. Олар топонимжасамда табиғи нысанның болып өткен өз әрекетін немесе табиғи нысанда өткен басқа бір оқиғаны негізгі белгі ету арқылы жер-су аттарын жасайды. Шығармада топонимжасамның басқа да өнімді қосымшалары арқылы жасалған туынды топонимдер көптеп кездеседі.

Негізгі сөзжасам заңдылықтары арқылы кейбір топонимдердің жасалу үлгісін тануға болады. Тарихи туынды сөздер ретінде және экстралингвистикалық (этникалық, қоғамдық-тарихи, әлеуметтік, географиялық және басқа да факторларды тілді қалыптастыру) жағдайлар негізінде пайда болған жасанды топонимдер (дара, күрделі құрамда) кешенді зерттеуді қажет ететіндігін байқауға болады.

Зат есім, сын есім, сан есім, етістік сөз таптары топонимжасамда белсенді қызмет атқарып, өте өнімді қолданылады. Басқа сөз таптары үстеу, есімдік, еліктеу сөздері топонимжасамда өнімсіз деп саналады. Себебі, аталған сөз таптарымен жасалған жер-су аттары сирек кездеседі. Ол сол сөз табының өзіндік сөзжасамдық, топонимжасамдық ерекшеліктеріне байланысты.

Күрделі топонимдердің (біріккен) өздеріне тән құрылымдық ерекшеліктері бар. Кіріккен түбірлі топонимдер – тарихи атаулар. Олардың құрамындағы дыбыстар өзгеріске ұшыраған. Мағына көмескілігі де бар. Ол негізінен қазақ тіл білімінде этимология, тарихи сөзжасам, тарихи грамматика тұрғысынан зерттелген. Әлі де зерттеуді қажет етеді. Бүгінгі ғылым жетістіктері негізінде топонимдер жан-жақты зерттелген. Олардың когнитивтік, этимологиялық, географиялық мәселелері кең түрде

қарастырылған. Біз топонимдердің сөзжасамдық заңдылықтар жүйесі негізінде жасалуын қарастырдық.

Қорытынды

Зерттеу барысында Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» шығармасында кездесетін топонимдердің этимологиясы мен сөзжасадық жүйесі зерттеліп талданды. Атап айтқанда, шығармада кездесетін топонимдердің жасалуының лексика-семантикалық тәсілі мен аналитика-семантикалық тәсілдері қарастырылды. Негізгі сөзжасам заңдылықтары арқылы кейбір топонимдердің жасалу үлгісін тануға болады. Тарихи туынды сөздер ретінде және экстралингвистикалық (этникалық, қоғамдық-тарихи, әлеуметтік, географиялық және басқа да факторларды тілді қалыптастыру) жағдайлар негізінде пайда болған жасанды топонимдер (дара, күрделі құрамда) кешенді зерттеуді қажет ететіндігін байқауға болады. Зат есім, сын есім, сан есім, етістік сөз таптары топонимжасамда белсенді қызмет атқарып, өте өнімді қолданылады. Басқа сөз таптары үстеу, есімдік, еліктеу сөздері топонимжасамда өнімсіз деп саналады. Себебі, аталған сөз таптарымен жасалған жер-су аттары сирек кездеседі.

Жалпы алғанда топонимдер тіл білімінде ғылыми негізі қаланған сөзжасам заңдылықтары бойынша жасалынып, соның негізінде сараланды. Сөзжасам заңдылықтарын басшылыққа алатын топонимжасамның жер-су аттарын жасауда өзіне тән ерекшеліктері бар. Ол біріншіден, таныммен байланысты болса, екіншіден экстралингвистикалық факторлармен байланыстылығы. Топонимжасамға белгілі бір мағыналық топтағы сөздер ғана қатысты, қосымша морфемалардың да өзіндік қолданылу ерекшеліктері бар. Зерттеу барысында топонимжасамның синтетика-семантикалық тәсіліне қарағанда аналитика-семантикалық тәсілде жасалған топонимдер шығармада көптеп кездесті. Осыған сүйене отыра, топонимжасамда аналитика – семантикалық тәсіл ең өнімді тәсіл деп қорытынды шығара аламыз.

Сонымен қатар зерттеу нәтижесінде тарихи тұлғалар Тұрар мен Рысқұлдың жүріп өткен жолдары топонимдер арқылы қартаға салынды. «Қызыл жебе» шығармасының 1-4 кітаптары бойынша қазақ тілі біліміне тағы бір сөздік, «Қызыл жебе» шығармасындағы топонимдер сөздігі» құрастырылды. Аталмыш сөздікті тәжірибе барысында 7-12 сынып оқушылары шығарма тілін және мәтін тілін сөз деңгейінде талдауда көмекші құрал ретінде пайдаланып келеді.

Талдауға түскен Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» роман-эпопеясының мазмұнында кездесетін жалпы саны 400 жуық топоним түрлеріне, құрамына, мазмұнына, географиялық аймағына, қарай жіктеліп талданды. Нақтылай кетсек, шығарманың бірінші томы «Рысқұл» кітабында жалпы саны - 102 топоним кездеседі. Ал, екінші кітапта жалпы саны – 135 топоним кездеседі.

Шығармада кездесетін топонимдердің барлық сөзжасамдық үлгілерін анықтап шығуымыздың себебі екі түрлі қажеттіліктен туындады: біріншісі - қазақ топонимдер жүйесінің топонимжасамдық үлгісін толық көрсету. Екіншісі, көрсетілген топонимжасамның типтік үлгісіне сүйене отырып топонимдерді талдап көрсету арқылы тарихын, шығу тегін, этимологиясын ұтымды көрсету. Себебі, әр атауда сол халықтың дүниетанымы, ұлттық айрықша бейнесі жинақталатыны сөзсіз. Қазіргі таңда зерттеу нәтижесіне жарық көрген зерттеу өнімдері Қазақстан географиясында жер-су атаулармен жұмыс жасауда, «Өлкетану» элективті курсына Жамбыл облысының жер-су атауларының қырсырын зерттеуде, 9-сыныптың Қазақстан тарихы пәнінде мемлекет қайраткері, тарихи тұлға Тұрар Рысқұловтың өмірі туралы деректер мен зерттеулер жасау мақсатында, қазақ тілі мен әдебиет пәндерінде мәтін тілін талдау үшін пайдалауға ұсынылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні, Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010. -320 бет.
2. Жанұзақ Т. Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық) – Алматы: «Өнер», 2011 – 255 б.
3. Иманбердиева С. Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштері негізінде). Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010. -348 б.
4. Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 185 б.
5. Байгабулова К., Антохина Л. Топномика Казахстана: Энциклопедический справочник. – Алматы: Аруна, 2010. – 175-250 бб.
6. Құламанова З., Жаңақұлов Т. Бауыржан Момышұлы шығармашылығындағы топонимикалық атаулар (Оқу құралы). – Алматы: «Арыс», 2015. – 280 б.

7. Бияров Б., Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері/ Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013.-420 бет.
8. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. –Астана: Астана полиграфия ЖАҚ,2002.- 385 бет.
9. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 257 бет.
10. М.Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2005. -201 бет.
11. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Прес, 2007. – 450 бет.
12. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі
13. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы: Мектеп, 1974. – 350-358 бб.
14. Серікбайұлы М. Жамбыл облысы: Ұлы дала атаулары//Ана тілі. 2014. -28 наурыз – 2 сәуір (№12). 4б.
15. Топонимика Казахстана: Энциклопедический справочник – Алматы: Аруна, 2010. – 385 бет.(Мәдени мұра)
16. Құламанова З. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы. – Алматы: Арыс, 2014. – 508-510 бб.
17. <http://www.akorda.kz/>. Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 12 сәуір 2017.
18. Шерхан Мұртаза. I кітап «Рысқұл». Шерхан баспасы. 2012
29. Шерхан Мұртаза. II кітап «Тұрар». Шерхан баспасы. 2012
20. Шерхан Мұртаза. III кітап «Жұлдыз көпір». Шерхан баспасы. 2012

Тест сұрақтары:

- 1.«Қызыл жебе» кітабындағы негізгі тартыстың бастауы болған оқиға:
А) «Қызыл жебенің» ұрлануы
Б) күміс ер-тоқым
В) Бердікұлдың соққыға жығылуы
Г) Тұрардың сүзекпен ауыруы
2. Тұрардың алдында әке беделінің асқақтаған шағы:
А) түрмеде бірге болған уақыт
Б) Қызыл жебеге мініп, көкпар шапқанда
В) хаттарында
Г) жазықсыз тұтқынға түсіп, тамұққа түскенде
3. А.Бронниковты түрме бастығы неліктен саяси тұтқындар камерасына қайта ауыстырды?
А) қашуды ойластырғаны үшін
Б) Рысқұлмен төбелескені үшін
В) Тұрарды оқытқаны үшін
Г) Рысқұлға арыз жазып бергені үшін
4. Тұрардың ең алғаш түрмеге түскендегі көрген қорлығы:
А) басынан тамшы сорғалатты
Б) аяусыз ұрып соқты
В) қолын қайыспен таңып тастады
Г) Ескендірді қинады
5. Тұрардың революционер ұстазы кім?
А) Ақкөз
Б) Хмелевский
В) Бронников
Г) Грач
6. Ескендір Тұрардың қай әйелінен туған?
А) Әзиза
Б) Арифа
В) Надежда
Г) Наташа
7. Т.Рысқұловтың аузымен «Ұлт мәселесінің білімпазы, теоретигі Сталиннің өзі де «автономизация» дегенді ойлап тауып, бүкіл халықты РСФСР-ға бағындырып, бүкіл ұлттарды жалғыз кнопкамен басқарған. Сөйтіп, Сталиннің өзі де оңбай қателескен. Оны дер кезінде Ленин түзетпегенде осы күнгі Одақ дегеніміз болар ма еді, жоқ па еді, Құдай білсін!», - деген сөздер айтылды ма?
А) айтылды, Т.Рысқұловтың айыпталуына себепші болды
Б) айтылған жоқ
В) айтылып, Сталиннің мысқылына қалды
Г) іштей айтылды
8. Сталиннің Т.Рысқұловты арбап, бопсалауы неден басталды?
А) мысқылдап сөйлеуінен

- Б) түнде телефон соғуынан
- В) кабинетіне жиі шақыруынан
- Г) әр түрлі айыптаулар тағуынан

9. Шығармадағы Мұхсина кім?

- А) Жаншаның әйелі
- Б) кеңседегі әйел
- В) Қайын енесі
- Г) Әзизаның шешесі

10. Өз халқының салт-санасынан, әдет-ғұрпынан, төл мәдениетінен айрылған қазақ Сталиннің ұйғаруынша кім болады?

- А) интернационалист
- Б) мәңгүрт
- В) таза жауыз
- Г) ұлтшыл

11. Сталин Т.Рысқұловтың өтініші бойынша Голощекинді Орталыққа қайтаратынын айтқанда, Т.Рысқұлов орнына кімді ұсынды?

- А) Калинин
- Б) Нұрмақов
- В) Исаев
- Г) Жондосов

12. Жасына ажал тұзағы киілгенде Т.Рысқұлов неше жаста еді?

- А) 41
- Б) 42
- В) 43
- Г) 44

13. Т.Рысқұловтың айыптау қорытындысы неше тармақтан тұрды?

- А) 5
- Б) 11
- В) 7
- Г) 9

14. «Айыпталушының мойындауы - әділеттің салтанаты» жаңа теориясының авторы

- а) Глебов
- б) Нейман
- в) Вышинский
- г) Сталин

15. Ескендірді түрме ауруханасынан кім шығарып алды?

- А) Надежда
- Б) Арифа
- В) Ольга Константиновна
- Г) Әзиза

16. «Жұлдыз көпір» қай жылы жарық көрді?

- А) 1978
- Б) 1980

- В) 1984
- Г) 1994

17. Тұрар кім?

- А) акын
- Б) қоғам қайраткері
- В) жазушы
- Г) драматург

18. Рысқұлдың Тұрарды қасына алдыруының себебі неде?

- А) сағыну
- Б) жаң кегінен сақтану
- В) наукастану
- Г) сескену

19. Тұрар оқу мен жазуды кімнен үйренеді?

- А) әкесінен
- Б) Иван Владимировичтен
- В) Наташалан
- Г) көршісінен

20. Тұрарлын ләптерге жазған алғашқы сөздері?

- А) көке. асыл. сағыныш
- Б) кызыл жебе. Аспара. әке
- В) кызыл жебе. көке. Аспара
- Г) ана, бауыр, сағыныш

21. Тұрар кімге көмекші болды?

- А) Семашко
- Б) Айбаров
- В) Бронников
- Г) Нейман

22. Шығармалағы Салиха кім?

- А) Тұрарлын анасы
- Б) Қырғызбайдың кемпірі
- В) Мұғалім
- Г) Көршісі

23. Шығармалағы ұнамсыз кейіпкерлерді ата?

- А) Атамырза. Аркаша. Налзиратель
- Б) Қырғызбай. Бронников. Рысқұл
- В) Рысқұл. Семашко. Атамырза
- Г) Айбаров, Нейман, Рысқұл

24. Тұрар мен әкесі Рысқұл туралы жазылған шығарманы көрсет?

- А) «Жана лостар»
- Б) «Қарап- қарап оқиғасы»
- В) «Ақырғы бәйге»
- Г) «Қара маржан»

25. Мектепте барғанда Тұрардың фамилиясы?

- А) Рыскулов
- Б) Айларов
- В) Кырғызбаев
- Г) Атамырза

26. «Ноктаға басы сыймаған» драмасы кімге арналған?

- А) Тұрар Рыскулов
- Б) Ғабит Мүсірепов
- В) Бавыржан Момышұлы
- Г) Қаратай Тұрысов

27. Ш.Мұртазаның ойшылдық тұлғасын танытқан еңбегі:

- А) «Елім саған айтам, Елбасы сен де тыңда»
- Б) «Бір кем луние»
- В) «Қара маржан»
- Г) «Камалға хат»

28. Ш.Мұртазаның Хадиша кемпір туралы жазылған әңгімесін көрсетіңіз?

- А) Бұлтсыз күнгі найзағай
- Б) Табылған теңіз
- В) Жүз жылдық жара
- Г) 41-жылғы келіншек

29. Ш.Мұртазаның «Қазақ әдебиетін» басқарған жылдары:

- А) 1980-1989
- Б) 1954-1956
- В) 1978-1980
- Г) 1963-1971

30. Ш.Мұртаза қай жылдары Мәскеу мемлекеттік университетінің студенті болды?

- А) 1980-1989
- Б) 1950-1955
- В) 1978-1980
- Г) 1963-1971

31. «Ай мен Айша» романындағы кейіпкерді көрсетіңіз?

- А) Тұрар
- Б) Мырзагеллі
- В) Нұрлан бала
- Г) Қабылбек

32. Айша абырғанла кім жазды?

- А) Әбіш шал мен Аққыз кемпір
- Б) Аккыз кемпір
- В) Дошанай карт
- Г) Тасбет бригадир

33. Сойдақтіс деп ат қойылған Барсханның сыныптасы?

- А) Уәли Ланаев
- Б) Гүлнар Тасымбекова
- В) Ертай Естаев
- Г) Ақтай

34. Ш.Мұртазаның қай әңгімесінде Барсхан қадақ майға кітап алады?

- А) Айыпбас
- Б) Жүз жыллық жара
- В) Сүлігерле изен ызынлайды
- Г) Шекшек шырылдайды

35. Ш.Мұртазаның төвелсіздік жылдар еншісіндегі әңгімесін көрсет:

- А) Ұзақ команливровка
- Б) Көкемапал гүлдегенде
- В) Жанбырлы той
- Г) Тәуекел той

36. Ш.Мұртазаның «Жалғызүйлік зілзала» пьесасының басты кейіпкерін көрсет:

- А) Санлуғаш
- Б) Періштелер
- В) Серкеш
- Г) Нұрила

37. Ш.Мұртазаның драмалық шығармасын көрсет?

- А) Есек саудасы
- Б) Әпке
- В) Ескерткіш
- Г) Көңіл толқыны

38. Ш.Мұртазаның публицистикалық шығармасын көрсет?

- А) Көңіл толқыны
- Б) Акындар мен әкімдер
- В) Зау тұлға
- Г) Кесек тұлға, кенен дарын

39. Ш.Мұртаза туралы жазылған ғұмырнамалық кітапты атаңыз?

- А) С.Жұмабек «Жұллызы нұрлы суреткер»
- Б) Ә.Каллыбаев «Зау тұлға»
- В) «Не жетпейлі»
- Г) «Камалға хат»

40. Ш.Мұртазаның повесть жанрындағы сүбелі табысына саналған, таза ұлттық сипаттағы шығармасы:

- А) «Бұлтсыз күнгі найзағай»
- Б) «Табылған теңіз»
- В) «Мылтыксыз майдан»
- Г) «Қара маржан»

41. Шерхан Мұртаза қай жылы дүниеге келген?

- А) 1932 жылы 28 қыркүйек

- Б) 1845 жылы 18 ақпан
- В) 1938 жылы 16 қазан
- Г) 1925 жылы 7 қараша

42. Шерхан кім?

- А) ақын, журналист
- Б) жазушы
- В) жазушы, ақын
- Г) журналист, жазушы

43. Шерхан Мұртазаның әке мен бала арасындағы сүйіспеншілікті көрсететін шығармасын көрсетіңіз.

- А) «Жалғыз жалау»
- Б) «Қызыл жебе»
- В) «Қырық бірінші жылғы келіншек»
- Г) «Белгісіз солдаттың баласы»

44. Тұрардың өмір сүрген жылдары?

- А) 1894- 1938 ж.
- Б) 1890- 1941 ж.
- В) 1896- 1930 ж.
- Г) 1892-1926 ж.

Бақылау сұрақтары:

1. Жазушы Ш.Мұртазаның «Бір кем дүние» туындысының тақырыптық-жанрлық ерекшелігі
2. Ш.Мұртаза туындыларындағы Б.Момышұлы бейнесі
3. Ш.Мұртаза – публицист
4. Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» шығармасындағы тұрақты тіркестердің лингвистикалық сипаты
5. Ш.Мұртаза әңгімелерінің көркемдік-тақырыптық ерекшелігі
6. Ш.Мұртаза шығармаларындағы аналар бейнесі
7. Ш.Мұртазаның аудармалары
8. Ш.Мұртазаның тәуелсіздіктің алғашқы он жылында дүниеге келген шығармалары, олардың тақырыптық ерекшеліктері
9. Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы терминдік элементтер
10. Халық жазушысы Ш.Мұртаза публицистикасында көтерілген әлеуметтік мәселелер
11. Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» туындысындағы тарихи кезең көрінісі
12. Ш.Мұртазаның драматургиясы
13. Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» роман-эпопеясындағы Тұрар Рысқұлов бейнесі
14. Ш.Мұртаза повестерінің тақырыптық-идеялық көркемдік ерекшеліктері
15. Ш.Мұртазаның жазушылық шеберлігі
16. Ш.Мұртазаның өмір жолы
17. «Жүз жылдық жара» әңгімесінің тақырыбы мен идеясы. Жазушы ізденісі.
18. «Қызыл жебе» романындағы Тайтақай образы. Тайтақай образының берілу жолдары
19. Ш.Мұртаза – шебер журналист.
20. «Ноқтаға басы сыймаған» драмасындағы тартыстың берілу жолдары
21. Ш.Мұртаза шығармашылығындағы ішкі монологтың көркемдік қызметі
22. Ш.Мұртаза публицистикасындағы тәуелсіздік толғамдары
23. «Жүрекке әжім түспейді» әңгімесіндегі авторлық ізденістер
24. «Ай мен Айша» романының мемуарлық сипаты. Өмір шындығынан көркемдік шешім қорыту тәсілдері

25. «Менің қаруым – қалам мен газет». Ш.Мұртазаның қоғамдық қызметі.
26. «Мылтықсыз майдан» повесінің идеялық-тақырыптық ерекшеліктері
27. «Қызыл жебе» романындағы Тұрар бейнесі. Авторлық ізденістер
28. Ш.Мұртаза драматургиясы.
29. «Жүз жылдық жара» әңгімесіндегі Жуанқұл бейнесі
30. Ш.Мұртаза шығармашылығының зерттелу жайы
31. Ш.Мұртаза шығармашылығындағы тәуелсіздік тақырыбы
32. «Мылтықсыз майдан» повесіндегі Тотия бейнесінің берілу ерекшеліктері
33. «Ай мен Айша» романының көркемдік ерекшеліктері. Образдар жүйесі
34. Ш.Мұртаза аудармалары
35. «Бесеудің хаты» драмасындағы негізгі тартыс және оның берілу сипаты
36. Ш.Мұртаза шығармашылығының зерттелу жайы. Сайлаубек Жұмабек «Жұлдызы нұрлы суреткер» роман-монологы бойынша
37. Ш.Мұртаза шығармашылығының тақырыптық арналары.
38. «41жылғы келіншек» әңгімесіндегі Хадиша образы. Ұлттық менталитет көріністері.
39. Ш.Мұртаза және ана тіл тағдыры.
40. Ш.Мұртазаның шығармашылық қалыптасу кезеңдері
41. «Қызыл жебе» романдар топтамасының жазылу тарихы. Тарихи дерек пен көркемдік таным, жинақтау, ізденіс арналары.
42. «Ноқтаға басы сыймаған» драмасындағы Бауыржан бейнесі
43. Ш.Мұртаза шығармашылығындағы соғыс тақырыбы.
44. «Бір кем дүние» кітабының жанрлық ерекшелігі
45. «Қызыл жебе» романындағы ұстаздар бейнесі
46. Ш.Мұртаза повестерінің тақырыптық-идеялық ерекшеліктері
47. «Ай мен Айша» романындағы Қамқа кемпір образы.
48. «Жалғыз үйлік зілзала» драмасындағы жазушы ізденістері
49. Ш.Мұртаза және роман жанры
50. Журналистика – Ш. Мұртаза үшін өмірді, қоғам шындығын, оның өзекті жайларын танудың жолы.
51. Ш.Мұртаза шығармашылығының зерттелу жайы
Ә.Дүйсенбектің «Менің Шерағам» кітабы бойынша
52. Ш.Мұртазаның қайраткерлік тұлғасы

53. Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы басты образдар сипаты, адам тағдыры, әлеуметтік күрес заман шындығын бейнелеудің жолы, романдағы тартыс арналары.
54. Ш. Мұртаза шығармашылығы әріптестер зерделеуінде
55. Ш. Мұртазаның дарынды жастар қамқоршысы
56. «Қызыл жебе» романындағы сталиндік заман шындығының көрінісі және қазақ қоғамының бейнесі.
57. Ш. Мұртазаның «Бір кем дүние» кітабындағы тақырыптық арналар
58. Ш. Мұртаза публицистикасындағы ұлттық мәселелер
59. «Қызыл жебе» роман-эпопеясының қазақ әдебиетіндегі орны және бүгінгі ұрпақтың өткен заман шындығын тану-бағалаудағы тарихи маңызы
60. Ш. Мұртаза «Ай мен Айша» романындағы айдың символдық қызметі
61. Ш. Мұртаза прозасының жанрлық ерекшеліктері
62. Ш. Мұртазаның шығармашылық зертханасының тылсым сырлары
63. Көркем әдебиет – ауыр артиллерия болса, публицистика – кавалерия. Ш. Мұртаза толғамдарының әдеби маңызы
64. Ш. Мұртаза шығармашылығындағы өмір шындығы және көркемдік шешім
65. Халықтың ой-санасын оятудағы, билікке елдің, ұлттың көкейкесті мәселелерін жеткіздегі публицистикалық мақалаларының маңызы.
66. «Бір кем дүние» кітабының тәрбиелік маңызы.
67. Ш. Мұртаза – шебер аудармашы.
68. Ұлтсыздық – опасыздықтың белгісі. Ш. Мұртазаның қайраткерлік тұлғасының негізі
69. «Қызыл жебе» романындағы диалогтардың көркемдік қызметі
70. Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы образдар жүйесі.
71. «Мылтықсыз майдан» повесіндегі авторлық баяндаулардың көркемдік қызметі
72. «Бір кем дүние» кітабы - өмір философиясы
73. Жазушы және қоғам. Тәуелсіздік алу кезеңі және Ш. Мұртазаның қоғамның түрлі
74. жайларына белсенді араласуы.
75. «Ай мен Айша» романындағы Айша образы. Өмір шындығы және көркемдік

76. шешім
77. Ш.Мұртаза шығармашылығының зерттелу жайы
78. Ш.Мұртазаның прозалық туындылары мен драмалық шығармаларының
79. байланысы.
80. Қоғамның өзекті жайлары және жазушы көзқарастары.
81. «Ай мен Айша» романындағы образдар жүйесі
82. Ш.Мұртаза шығармашылығының тұғырнамасы – Т.Рысқұлов
83. «Қызыл жебе» романындағы монологтық қолданыстардың идеялық-көркемдік
84. қызметі
85. Ш. Мұртаза шығармашылығының бүгінгі зерттелу жайы.
86. Ш.Мұртаза «Қызыл жебе» романындағы Т.Рысқұловтың әйелдері бейнесі
87. «Елім, саған айтам, Елбасы сен де тыңда» кітабының әдеби-саяси маңызы
88. Ш. Мұртаза туындыларының қазақ прозасындағы орны, көркемдік ізденістері мен
89. дәстүр жалғастығының көрінісі.
90. Ш.Мұртаза көркем туындыларындағы өмір шындығының берілу жолдары. Жазушы ізденістері
91. «Қызыл жебе» романындағы мүсіндеу мен мінездеу
92. «Ай мен Айша» романындағы аңыз әңгімелердің көркемдік-идеялық маңызы

ОҚУ ҚҰРАЛЫНДА ТАЛДАНҒАН ЖӘНЕ БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Дәдебаев Ж. Қазіргі кезеңдегі қазақ тарихи прозасының дамуындағы М.Әуезов дәстүрі. – Алматы, 1981. - 47 б.
2. Лизунова В. Современный казахский роман. – Алматы: Изд-во АН Каз ССР, 1964. -360 с.
3. Сайлаубек Ж. Жұлдызы нұрлы суреткер, Алматы: Қазығұрт, 2002. - 152 б.
4. Мамесейіт Т. Ғибраты мол ғұмыр, Астана: Елорда, 2002. - 276 б.
5. Дүйсенбек Ә. Шерағамның шеруі, Алматы: Қазығұрт, 2007.
6. «Жамбыл» журналы, № 3, 2009.
7. Қазақтың Шерағасы (көптомды шығармалар жинағы) - 6 том: 100 б.
8. Мұртаза Ш. Ақындар мен әкімдер. - Астана: Елорда, 2002. - 808 б.
9. Көпбаева М.Өмірлік деректің шығармашылыққа әсері /М.Көпбаева/ /Қазақ тілі мен әдебиеті,- 2002.
10. Жамбыл ғылыми-көпшілік журналы, №3, 2009, 129 б.
11. Мұртаза Ш. Бір кем дүние.- Алматы: Жазушы, 2008.- 176б.
12. «Ақ жол» газеті, 2012. - 29 қыркүйек
13. Мұртаза Ш. « Ай мен Айша» А., 2008
14. Қабдолов З. «Сөз өнері» А., 1983
15. Ысмайылов Е. «Әдебиет теориясының мәселелері» А., 1968
16. Шерхан Мұртаза. Алты томдық шығармалар жинағы, Алматы, Қазығұрт, 2002. 41 жылғы келіншек. 301 б.
17. Ш. Мұртаза. Соғыстың соңғы жесірі. Алматы, 2003.
18. Елеукенов Ш. Шерхан шері /Ш.Елеукенов/ /Жас Алаш.-2002.- 28 қыркүйек. - 7 бет.
19. Мұртаза Ш. Не жетпейді?/ Ш. Мұртаза.-Алматы: Жазушы, 1990.-372 бет.
20. Мұртаза Ш. Мен Әбілқайыр емеспін /Ш.Мұртаза// Егемен Қазақстан - 1992,- 14.
21. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы - Алматы: Санат
22. Мұртаза Ш. Елім, саған, айтам елбасы, сен де тыңда! /Ш.Мұртаза, К.Смайлов.-Алматы: Қазақстан, - 1998. -176 бет.
23. Лепесова А. Шамырқанып Шерағаң шындықты айтса //Түркістан.- 2017. -28 қыркүйек.- 4 бет.

24. Мархабат Байғұт. Шыңдағы Шерағаң //Қазақ әдебиеті.- 2017.- 15-21 қыркүйек,- 1 бет.
25. Ахметжанұлы А. Шерағаң 85 жаста //Қазақ әдебиеті.- 2017.- 5 қазан. - 1 бет.
26. Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005
27. Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005
28. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Нысанбаев Ә. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998
29. Қазақтың Шерағасы. 7-том. - Тәуелсіздік жылдарындағы драматургия. – Тараз, 2014
30. Ш.Мұртаза және тәуелсіз ел руханияты. Жазушының 85 жылдығына орай өткізілген республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 16-қазан, 2017. – Тараз
31. Қазақтың Шерағасы. 6-том. – Ш.Мұртаза 80 жаста. – Тараз, 2013
32. Әдебиеттану терминдер сөздігі. - Алматы, 1996.
33. Шалғайдан сәлем жолдаймын. Қазақтың Шерағасы. 3-кітап. - Тараз, 2012
34. Қазақтың Шерағасы. 1-кітап. - Түркістан, 2010
35. Тәуелсіздіктің жолы қатты, дәмі тәтті. 2-кітап. -Тараз, 2011
36. Сәттібайұлы К. Шамаң келсе, шындықты айт- Алматы, 2017.
37. Р.Тұрысбек. «Ұлт мұраты және руханият». Астана – 2008 ж. 628б.
38. «Советтик Кыргызстан» 1961 ж., 24 маусым, № 148 (10868)
39. «Коммунизм туғи» 1982 ж., 27 сентябрь, № 185 (3863)
40. Ш.Муртаза. «Луна и Айша» (роман-эссе). (перевод с казахского Г.Нурбеккызы) Астана: «Аударма», 2009. -488 стр.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Шерхан Мұртаза - қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі.....	5
Ш.Мұртазаның прозасы.....	16
«Қызыл жебе» романы – қазақ прозасының табысы.....	40
Ш.Мұртаза драматургиясы.....	82
Ш.Мұртаза публицистикасы.....	108
Ш.Мұртаза – эпистолярлық жанр шебері.....	141
Ш.Мұртаза және аударма.....	153
Жазушы Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүние» туындысының тақырыптық-жанрлық ерекшелігі.....	162
Қорытынды.....	186
Жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарынан	188
Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы әйелдер бейнесі.....	188
Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» шығармасындағы топонимдердің лингвистикалық сипаты.....	208
Тест сұрақтары.....	233
Бақылау сұрақтары	239
Әдебиеттер тізімі.....	243

ШЕРХАНТАНУ

Оқу құралы

Компьютерде беттеген:	Жадыра Байсақалова
Баспа директоры Техникалық редакторлар	Ғани Байлыбеков Жанбосынов Бағлан Қырықбаев Бауыржан

Шартты б.т.15,7
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 500 дана
Тапсырыс №88

ТИГУ баспаханасы,
080000, Тараз қ., Рысбек батыр көшесі, 136 үй
E-mail: tigu.kz.